



Берік
БЕЙСЕНҰЛЫ



ҚАЛАМ МЕН ҒАЛАМ

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ

ҚАЛАМ МЕН ҒАЛАМ

– Мен Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы
Мошнарлық елді мекенінде дүниеге келдім.
Туған жерім болмағандықтан да өлес шығар, мен
өскен ауылдың табиғатын бөлек еді. Мақын, бір
сарымен алып қататын Сыр өзенінің қаласы
өттім. Балық ауладым. Атқа міндік, өріске
сыр айдадым, қозы-лақ бақтым. Сыр өзенін
бастау алатын «Сунақ ата» мен «Қау
қанапаның арасындағы біздің ауыл шын
қатта да, шалға да қайым еді. Маңгер
нанға сары майды қатып алып, ойнақта
лақтың созынан кететін біз өрісте қор
бозторғайдың құйқылыққан дауыс
құйғымы айыр қарымаштың шы
сулығын көріп, сөзінің өстік.



Берік БЕЙСЕНҰЛЫ

Қалам мен ғалам

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Б 38

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық
мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске
асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды
түрлерін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Бейсенұлы Б.

Б 38 **«Қалам мен ғалам»** / Берік Бейсенұлы. – Алматы: «BAViS
systems» ЖШС, 2016. – 324 бет.

ISBN 978-601-7459-33-8

*Қазақстанның Мәдениет қайраткері, «Ақпарат саласының үздігі»
медалінің иегері, Қазақстан Журналистер Одағы Баубек Бұлқышев
атындағы сыйлығының лауреаты Берік БЕЙСЕНҰЛЫНЫҢ «Қалам
мен ғалам» атты жинағында әр жылдарда «Айқын» газетінде
жарияланған тарихи-танымдық мақалалары, ой-толғаулары мен
жолсапар жазбалары берілген.*

*Жинақта автор он сегіз мың ғаламның тылсым құпия сырларын
қаламына арқау еткен, оқырман қауым тосын құбылыстарға терең
үңіліп, кітапта тың деректерге молынан кезігеді.*

*Жинақ «Пікір мен пайым», «Аңыз бен ақиқат», «Ел мен жер»
атты бірнеше бөлімнен тұрады. Шұрайлы тілмен жазылған топта-
мада қызғылықты материал өте мол.*

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

ISBN 978-601-7459-33-8

©Берік Бейсенұлы, 2016
©«BAViS systems», 2016



Пікір мен пайымы



15 ЖЫЛДА ӘЛЕМДІК ГЕОСАЯСАТ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН?

«Орталық Азияны кім басқарса, оның бүкіл Азияға үстемдігі жүреді, ал Азияда кімнің ықпалы мықты болса, сол мемлекет бүкіләлемді билейтін болады». Ағылшын саясаттанушысы Хелфорд Макиндердің бұл пікірі ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында бұрынғыдан да айқындала түскені байқалып келеді.

Расында, бүгінгі таңда «15 жылдан кейін саясатта не өзгеріс болады?» деген мәселе өзекті болып тұр. Қазір бүкіләлемге ықпалы жүріп тұрған АҚШ-тың гегемондығы қанша уақытқа созылмақ? Қазіргі кезде сарапшыларды мазалаған саяси сауал да осыған келіп тіреледі. КСРО құлағалы бері әлемде бірден-бір супердержава ретінде калып, төрт құрлыққа үстемдігін жүргізіп келе жатқан Ақ үй саясатына шындығы керек, қазір қарсы тұрар күш табылмай тұр. Десек те, соңғы кезде саясаттанушылар алдағы он бес жылда АҚШ-тың бір полярлы саясаты қатты қарсылыққа тап болатынын айтуда. Ал бұл қаншалықты дәлелді?

Өткенде «Еуропа реформалар орталығының» сарапшысы Марк Леонард бұрыннан айтылып келе жатқан осы тектес болжамдардың алдағы 15 жылда ақиқатқа айналатынын айтты. Оның зерттеулеріне қарағанда, «әлем төрт полюсті лагерьге бөлінеді және бұл болжам сөзсіз орын алады. Өйткені күн санап өсіп келе жатқан Қытай экономикасы қалған қуатты елдерге қауіпін төндіріп тұр. 15 жылда АҚШ супердержавалық сипатынан айрылады да, оны мүдделері жақындасып келе жатқан Қытай мен Ресей ықпал ету арқылы саяси сахнадан ығыстырып шығарады. Ал Еуроодақ елдері де көпполярлық саясат ұстанып, демократиялық дамуға бет алған елдермен ынтымақтастық орнату-



ды алдына мақсат етіп қояды. Бір жақта АҚШ, екінші жақты құрайтын Ресей – Қытай және өз алдына жеке саясат ұстануға тырысатын кейбір Еуроодақ елдерінің ұстанған бағыты әлемде төрт полності лагерьдің құрылуына әкеп соғады». Лондон сарапшысы Марк Леонардтың бұл болжамы басқа да саясаттанушылардың назарын аударып, қызықтырып отырғаны рас.

«2020 жылы Қытай экономикалық өсімі және тұтыну қабілеті бойынша, АҚШ-ты басып озып, әлемде бірінші – орынға шығады. Екінші орынға – АҚШ, ал үшінші орынға – Жапония мен Еуроодақ елдерін артқа қалдырып, Үндістан көтеріледі. Ал Ресейге келетін болсақ, ресми Мәскеу мұнайдан зор табыс тапқанымен, елдің экономикасы қазіргі Франция мемлекетінің дәрежесіндей деңгейде болады. Әйтсе де, Америка 15 жылдан кейін экономикасы, әскери қуаты күшті елдердің қатарында тұрады, бірақ Қытай, Еуроодақ елдерінің ұстанған саясатымен келісіп отырып, мәміле жасайтын болады. Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында Берлин қабырғасы құлағаннан кейін Батыс елдері өз мәдениеті мен идеяларын жүргізіп келсе, енді бұл басымдық жойылады. Азия елдері, атап айтқанда Қытай мен Ресей өздерінің «ойын ережелерін» жүргізіп, оны құбылтып отыру мүмкіндігіне ие болады. 15 жылда Ресейде демократиялық құндылықтар артпауы мүмкін, бірақ Кремль өздерін әлемдегі «саяси-әскери державалық мықты ел» ретінде сипаттауға көшеді.

Алдағы 15 жылда Таяу Шығыс елдері геосаяси және идеологиялық тартыс пен бәсекенің аренасына айнала түседі. Бұл аймақта Үндістан мен Ресейдің ықпалы артады, әсіресе, Қытай бұл құрылықта басымдық саясатын жүргізе бастайды. Бірқатар араб елдері АҚШ-қа адалдығын сақтап қалады, ал қалған мұсылман мемлекеттерінің бүйрегі Қытай ұстанған саясатқа қарай бұрылады».

Ағылшын сарапшысы, Марк Леонард «бұл құрылықта



түбегейлі бетбұрыстардың орын алуы мүмкін сценарийдің бірі ретінде Сауд Арабиясының радикалды саясат ұстануын» айтады. Сарапшының пікірінше, Сауд Арабиясы АҚШ-пен одақтастықтан бас тартып, Қытайға жақындайды. Бұл арада Азия аймағында Үндістанның саяси ықпалы артып, бірінші кезекте өз мүддесін күшейтуге ұмтылады.

Алайда қазіргі уақытта саяси-әскери доминанттығын танытып отырған АҚШ әлемде өзіне тікелей қатысты болып жатқан процестердің алдында жауапкершілікті мойнына алып отыр ма? Әрине, бұл өте маңызды мәселе.

Десек те, Қытайдың «катал ойындағы жұмсақ экспансиясынан» қорқып отырған елдерге Пекин университетінің профессоры, тарихшы Чжан Цзылян былай деп басу айтады: «Бұл ғасыр Қытай ғасыры» болады деуге әлі ерте, өйткені елде шешілмеген проблемалар бар, ал Қытайдың супер-держав болуы үшін кемінде 50 жыл керек».

Рас, Қытайдың өз ішінде әлеуметтік проблемалар жетерлік. «Ең алдымен, Қытай коммунистік жүйеде өмір сүріп келе жатқанмен, ол қоғам өте нәзік. Өйткені қоғамға демократия элементтерін енгізсе, «болашақ ұлықытайлық супер-державалық сипатынан» мемлекет аяқ астынан айырылып қалуы мүмкін. Демократиялық қайта құру алып Кеңес одағын да осылай құртты. Сондықтан қытайлық билік өз қоғамына жаңа өзгерістер енгізуден қауіптенеді» дейді Орта Азияны зерттеу орталығының сарапшысы, пәкстандық Имтияз Шах.

...Расында, кез келген саяси ойын жасырын келісім арқылы жүргізіледі. Қазірдің өзінде Қытай мен Ресей билігі экономикалық интеграциялық жағынан бір-біріне жақындай түсті. Демек, мұның саяси мәні бар деген сөз. Бірақ Қытай қандай да ойынға ашық араласпайды. Сондықтан алдағы уақытта саяси сахнадан АҚШ-ты ығыстырады деу әлі ертерек сияқты.

17 маусым 2011 жыл



ТМД-ға АРНАЛҒАН ТҮЙТКІЛДІ БАП

9 мамыр Жеңіс күні жақындаған сайын «соғыс киімдерін» киіп, өткенді еске алып, Ардагерлер алаңына тағзым етіп қайтатын қарттар бір қуанып, бір мұңаяр. Оның себебі бар. Өйткені соғысқа қатысқандардың қатары жыл сайын сиреп келеді. Мақтанышы сол, қарттардың кеудесінде «Жеңіске жеттік» деген сенім бар. Бірақ...

Уақыт өте келе көзқарас өзгереді. Зұлмат соғыс сан миллиондаған азаматты құрбандыққа шалса да, бүгінгі буын оны ескеріп отырмаған сияқты. Әсіресе, қанқұйлы майданның өтінде болған ТМД-ның еуропалық аумағы кешегі «күркіреп күндей өткен соғысқа» бүгін тосырқай қарайды. Оның ішінде Балтық жағалауы мемлекеттері, Украина мен Грузия бар. «1941-1945 жылдардағы соғыс бізге шығыннан басқа ешнәрсе әкелген жоқ» дейтіндер жетерлік. Мұндай пікірлер қазір антиресейлік бағыт ұстанған бұрынғы посткеңестік кейбір мемлекеттерге тән болып отыр. Тіпті Латвияда «кеңес оккупациядан» келген шығынды есептейтін арнайы комиссия да құрылды. Латвиялық сарапшылардың болжамынша, бүгінгі таңда елге Кеңес одағынан келген шығын 18,5 миллиард доллар шамасында, ал қоршаған ортаға келген зиянның көлемі 675 миллион долларға бағаланып отыр. Бұл есеп 1950 жыл мен 1990 жылдар арасында келтірілген шығын көлемі. Тіпті комиссия сарапшылары мынандай да деректер беріп отыр: егер соғыс болмаған жағдайда Латвия қосымша 185 миллиард долларға тең жалпы ішкі өнімге ие болар еді....

Бұл бұл ма, Украина мен Грузияда да «1941-1945 жылдарғы соғыстан ұтқан ештеңеміз жоқ» деп біржақты баға берушілер көбейді. Аталған елдерде соғыс жеңімпаз-



дарына арналған ескерткіштер қиратылды. Мұндай кереметтердің барлығы Кремльге ұнап отырған жоқ. Сондықтан ба, бәлкім, осы жылдың ақпан айында Ресейдің Төтенше жағдайлар министрі Сергей Шойгу орыстар үшін игі болып табылатын бастама көтерді. КСРО-ның Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне күмән келтіріп, оған жағымсыз сипат бергендерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы Шойгудың бастамасы ең алдымен Жоғары сот тарапынан қолдау тапты. Ресейдің Қылмыстық кодексіне арнайы бап ретінде енгізілейін деп отырған бұл жоба бойынша, егер посткеңестік елдеріндегі кез келген азамат «КСРО-ның соғыстағы рөлін жоққа шығарса», 3-5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Сонымен қатар ондай пиғылды азаматтарға 100-500 мың рубль аралығында айыппұл салынады. Шойгудың «Сталинград майданы» мұражайында соғыс ардагерлерімен болған кездесуде айтқан бұл бастамасын билік партиясы да қолдап отыр. «Біз ешкімге өзіміздің өткен тарихымызды қаралауға жол бермейміз. Құрбандықпен, қанмен келген тарих қашан да құнды» деген Шойгудың пікірін Ресейдің бас прокуроры Юрий Чайка да жыл басында бірден қолдаған.

– ТМД-ның бірқатар президенттері КСРО-ның Ұлы Отан соғысындағы жеңісін жоққа шығарып әңгіме айтады да, түк болмағандай біздің елімізге аяқ басады. Енді елдерінде жеңімпаз қаһарман рөлінде тұрған кеңес сарбаздарының ескерткіштерін орнынан құлатарда, алдымен ойланатын болады, – дейді Төтенше жағдайлар министрі (қазір Қорғаныс министрі) Сергей Шойгу.

Ойланатын-ақ жағдай. Ресейдегі ең сыйлы, сүйкімді министр осылай деп жатқанда, партия жетекшілері үнсіз қалсын ба?! ЛДПР басшысы Владимир Жириновский «бұл, әсіресе, Таллин қаласының мэрі мен Украина президентіне қатысты» деп айтып салды. «Орыстың миллиондаған сар-



базы соғыста опат болды, ал КСРО соғысқа қатысқан жоқ деп айту – жындылық» дейді ол.

– Бізге соғыстағы жеңісімізді заңдастырмасақ болмайды. Кез келген жеңістің құқықтық негізі бар». Бұл Ресей Федерациясы сот-құқық жүйесін реформалау және құқық қорғау органдары қызметін бақылау қоғамдық палата комиссиясының басшысы Анатолий Кучереннің сөзі.

Міне, орыстар осылай КСРО-ның заңды мұрагері ретінде Ұлы Отан соғысындағы жеңісін заңдастырғалы жатыр. Мұның саяси астары да жоқ емес. Тарихқа құрметпен карауды орыстардан үйренсе артық емес. Ол үшін алдымен Ресейдей алып империя болудың қажеті де жоқ шығар. Десек те, ТМД елдеріне арналған түйткілді баптың астарында қайбір елдің болсын, «Мәскеуден санасу қажеттілігі» жатқанын аңғару қиын емес. Ресейдің шамына тимей қайтсін, Украина билігі президент Ющенконың нұсқауымен Тираспольда орыстарға қарсы соғысқан «СС» дивизиясына ескерткіш орнатып жатса?! Бұдан шығатын қорытынды...

Бір тарихқа екі түрлі көзқарас мемлекет ұстанған позицияға да байланысты.

Тілеу КӨЛБАЕВ,

тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– Ресей Федерациясының мемлекеттік Думасы кезекті бір заң қабылдамақ ниетте. Онда бұқаралық ақпарат құралдарында Ұлы Отан соғысының тарихын бұрмалаушылыққа, оның мәні мен маңызын кемсітуге жол берілмейтіндігіне басты назар аударылған сияқты. Сондай-ақ сын көзбен қарап, соғыс тарихына өзінің көзқарасын білдіріп, авторлық қиғаш жорамалдар жасауға, соғыстың қиын-қыстау кезеңдеріндегі Сталин басқарған Мемлекеттік қорғаныс комитетінің жұмысына теріс баға беруге, оның жіберген кемшіліктерін ашық айтуға тыйым салынған секілді. Сонда «бұл заңнамалық құжаттың пайда болуының себеп-салдары қан-



дай?» деген сауал туады. Біріншіден, КСРО-ның фашизмді жеңгеніне 65 жыл болып қалды. Содан бері екі ұрпақ ауысты. Бүгінгі адамзат баласы Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын тек аңыз ретінде көз алдына елестетеді. Бүгінгі әлеумет фашизмді жеңген құдіреті күшті кеңес империясының болғанын ұмытып бара жатқан сияқты. Екіншіден, Кеңес одағы ыдырады, Коммунистік партия таратылды. Ресей тоталитарлық коммунистік жүйеден бас тартты. Демократиялық даму жолына түсті. Әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізіліп жатыр. Үшіншіден, Шешенстандағы ұзаққа созылған азаматтық соғыс Оңтүстік Осетия мен Абхазиядағы соғыс қимылдары да Ресейге көп абырой әкелмегені белгілі. Мұны Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуроодақ қатты сынға алғаны белгілі. Төртіншіден, Ресейде 1991 жылдан бастап әртүрлі қоғамдық ұйымдар сталиндік саяси репрессияларды жан-жақты әшкереледі. Ұлы Отан соғысы тарихына әртүрлі көзқарастар пайда бола бастады. КГБ-ның бұрынғы полковнигі Англияға эмиграцияға кеткен В.Суворов «Редакол» атты үлкен кітабын жазды. Ол кітап Англияда шықты. Кітапта КСРО-ның соғысқа дейінгі тарихы жазылып, Сталиннің тоталитарлық жүйесінің қырсырлары, сондай-ақ Ұлы Отан соғысында Сталиннің миллиондаған кеңес адамдарының қанын төгіп жеңіске жеткенін ашық айтады. Ресейдің Мәскеу және басқа да қалаларында фашистік крест таққан жастар ұйымдары құрылып, олар қазір ашықтан-ашық шерулерге шығып, фашизмді насихаттауға дейін барып отыр. Соның жалғасы ретінде скинхед ұйымдары да пайда болды. Олардың көсемі болған кейбір ақын-жазушылар да бар. Мысалы, Проханов, Лисенцев, Минкин, тағы басқалары. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысының дәрежесін кемітуге өзінің үлесін қосқан тағы бір мысал, Шевернадзенің басқару кезіндегі Грузия Жеңіс күнін тойлаудан бас тартты. Сондай-ақ Балтық жағалауындағы елдерде Ұлы Отан соғысының



батырларына арналған ескерткіштер қиратылып тасталды. Демек, осылардың барлығының негізгі мақсаты – Ұлы Отан соғысының тарихын бұрмалау, «Ұлы Отан соғысы халықтар алдында үлкен қателік болды» деу. «Сталин Гитлерді емес, Гитлер Сталинді жеңіп, сталинизмді жою керек еді» дегенді айтушылар бар. Ал бұларға қатал шектеу қоймаса, іс насырға шабуы мүмкін. Сөйтіп, Ресейде осындай келеңсіз көріністер одан әрі өршіп бара жатқанын байқаған Мемлекеттік Дума Ұлы Отан соғысының тарихын, мән-маңызын мансұқтауға жол бермеу үшін осындай заң қабылдамақ болғаны дұрыс болған шығар деп ойлаймын...

Әзімбай ҒАЛИ,

саясаттанушы:

– Бұл заңның пәрмені болады. Менің ойымша, ТМД мемлекеттеріне аталған заңның салқыны тиеді. Ұлы Отан соғысы Екінші дүниежүзілік соғыстың бір бөлігі деген көзқарастарды да айтып жүрміз. Бірақ бұл пиғыл түрлі технологиялар арқылы ішкі істерге араласу, Ресейдегі шовинистік пиғылдарды қоздыру десе де, болады. Бұл заң ТМД-ның соғысты басынан кешірген мемлекеттердің ішкі істеріне араласуға мүмкіндік беру болып табылады деп ойлаймын.

26 маусым 2011 жыл





АҚ КЕБІН. АҚ БОЗ АТ. АҚ АРБА

поп-музыка королінің аяқасты өлімі туралы ақиқат

Аяқасты, күтпеген өлім. Бүкіләлемдік БАҚ пен теледидар поп-музыканың королі Майкл Джексон туралы әлі жазуда. Соңғы 30-40 жылдан бері тегі қара нәсілді жігіттің сахна өнеріндегі беделінің өскені соншалық, оған табынушылардың саны миллиондап артты. Бірақ 50 жасында жасындай жарқылдап барып, аяқастынан сан соқтырған өлім ойлантарлық. Өйткені сыртқы әлем үшін құпия нәрселер аз болмай тұр.

Бүкіл өн бойын пластикалық операция арқылы өзгерткен поп-музыка королінің өмірін дәрігерлер сақтап қала алмады. Жансақтау бөлімінде 40 минут бойы оның өмірін қайтару жолында алысқан ақ халаттылардың қолынан алайда ешнәрсе келмеді.

«Майкл поп-музыка саласындағы қайталанбас тұлға еді. Оның шығармашылығында шекара болған жоқ. Ол – өз өмірінде кездескен кейбір қайшылықтарға қарамастан, қайталанбас тұлға. Өкінішті». Бұл – Калифорния штатының губернаторы, атақты артист Арнольд Шварценеггердің сөзі.

«Мен Майкл Джексонға таңғалумен келе жатырмын. Әлем өзінің ұлы адамынан айырылды, бірақ оның музыкасы шексіз өмір сүреді. Қазір мені әкесінен айырылған оның үш баласының тағдыры ойландырады. Құдай бізді ерте келген қазадан сақтасын!». Бұл – танымал әнші Мадоннаның сөзі.

«Мен үшін бұдан асқан өкініш жоқ. Енді балаларым үшін қиналамын». Бұл – атақты әншінің зайыбының пікірі.

Мұндай пікірлерді мыңдап келтіруге болар. Бірақ оның өнері бағаланғанымен, өмірі қайтып келмейді. Джексонның екінші ғұмыры басталды. Десек те, сенсациялық хабар таратуға әуес шетелдік БАҚ атақты әнші қайтыс болғалы



бері жағымды-жағымсыз ақпаратты мұқым дүниеге таратып-ақ жатыр. Бірі екіншісіне қайшы келетін пікірлер.

Лос-Анджелестегі байлар мен ауқаттылар тұратын Вествуд ауданында өмір сүрген Майклдың соңғы жылдары денсаулығы күрт нашарлай бастағаны туралы бәрі жазды. Біліп және білмей жазды. Кейбіреулер әнші туберкулез, екіншілері сирек кездесетін генетикалық сырқатқа шалдыққан, үшіншілері тері рагына ұшыраған деп те жіберді. Анығы, пластикалық операция арқылы түр-түсін, дене бітімін түгел өзгерткен Джексон соңғы бес-алты жылда үнемі бетіне маска киіп, жұртшылықтан жүзін қалқалап жүрді. Бірақ қалқаланған өмірдің ақыры ақиқаты көрінді.

Майкл Джексонның өлімін оның жеке дәрігерінен де көріп жатқандар да бар. Әншінің бұрынғы продюсері Тарек бен Амар «Еуропа-1» радиостансасына берген сұхбатында былай дейді: «Майклдың өліміне оның жеке дәрігерлері кінәлі. Ол әншінің бойындағы сырқатты жеңілдету үшін үнемі қатты әсер ететін дәрі ішкізіп келді. Соңы өлімге әкеліп соқты. Сондықтан оның жеке дәрігерін мен қылмыскер ретінде атаймын. Күш-қуатын арттыру үшін беріп келген дәрілер оның жүрек соғуын тоқтатты».

Екінші бір жақ Майкл Джексон шектен тыс есірткі қолданғандықтан қайтыс болды деп жатыр. Бұл қаншалықты ақиқат? «Ол ешқашан есірткіге әуес болған емес» дейді Тарек бен Амар. Алайда сарапшылардың айтуына қарағанда, Майкл ешқашан салауатты өмір салтын қалыптастырған емес, спортпен де айналыспаған. Тіпті дұрыстап тамақ та ішпеген. Осының бәрі оның денсаулығының нашарлай беруіне әкеліп соққан.

2006 жылы Лондонда өткен World Music Awards әлемдік музыка сыйлығын тапсыру салтанатында ән айтқан Майкл Джексон содан бері сахнаға шыққан жоқ. Онда да екі-ақ ән айтуға шамасы жеткен Майкл бұдан соң бұйығы ғұмыр кешті десе де, болады.



2005 жылы АҚШ соты «сәбилерге зорлық-зомбылық жасаумен айналысты» деген айыпты алып тастағаннан кейін ол елді тастап кетті. Екі жылдай Бахрейн мен Ирландияда тұрған ол 2006 жылдың аяғында ғана Америкаға қайта оралды. «Пластикалық операция жасалған соң, Майклдың мұрнына өте қауіпті микроб түсіп, бұл дерт оның денесіндегі терілерді біртіндеп зақымдай бастады. Сонымен қатар онда созылмалы тұрақты асқазан-ішек ауруы бар». Дәрігерлер қойған диагнозды ары қарай да жалғастыра беруге болар. Анығы созылмалы сырқатына қатысты ол күніне бір-ақ рет тамақ ішуге мәжбүр болған.

Үш жылдық үзілістен соң Англияда 50 күн концерт қоймақ болған Майкл Джексонның жорығы басталмай қалды. Ал алдын ала жоспарланған болжам бойынша, бұл концерттен 400 миллион доллар пайда таппақ болған. Мамыр және маусым айларында 4-5 сағат бойы атақты әншіні медкомиссиядан өткізіп, зерттеген сарапшылар мен дәрігерлер тобы оның Англиядан табысты ораларына да сенген. Бірақ...

Өзінің музыкалық карьерасында 13 хит әндерді өмірге әкеліп, әлемдік музыка өнерінде «Триллер», «Билли Джин» секілді атақты «блокбастерлерді» қалдырған Джексонның тағдырын сарапқа салсақ, 2003 жылдан кейін ауырлай бастаған сияқты. Осы жылы Британияның телеарнасы «Майкл Джексонның өмірі туралы» деректі фильмін түсіреді. Мұнда Гэвин Арвизо атты 12 жастағы бала көрсетіледі. Онда екеуі қол ұстасып жүреді. Майклдың иығына басын қойып, демалып отырған Арвизо кадрдан көрсетіледі. Бұл көріністің бәрі баланың ата-анасының күмәнін туғызады да, олар атақты әншіні сотқа береді. 2005 жылдың көктемінде сот шешімімен Джексон ақталып шығады. Алайда өміріндегі ең ауыр кезенді бастан кешкенін мойындаған әнші артынша балаларын алып Бахрейнге кетіп қалады. Бірақ сотқа қатысқан алқа мүшелері Рей



Халтман мен Элеонор Кук кейіннен «шын мәнінде, әншінің кінәсі бар, алайда дәлел жеткіліксіз болды» дегенді айтты. Сот үкімі шыққаннан бір жылғы үзілістен кейін 2006 жылдың мамыр айында Жапонияда «Аңызға айналған поп-музыкант» номинациясын жеңіп алған әнші «Менің арманым бар» атты ән жазды. Бірақ ол да белгісіз себептермен жарыққа шықпай қалды. 2008 жылдың тамызында 50-ге толған әнші «Поп-музыка королі» автобиографиялық альбомын жарыққа шығарды.

Өмірінде 13 пластикалық операцияны бастан өткерген атақты әншінің өлі денесін осы аптаның басында ағайын-туыстарының қалауымен, дәрігерлер тағы тексерді. Оның асқазанынан ерімей қалған, қуаты күшті дәрілер табылған. Бойы 178 сантиметр болса да, салмағы бар-жоғы 57 келі тартқан Майкл Джексонның, шындығында, соңғы жылдары жағдайы өте қиын болғанын осыдан-ақ сезуге болар. 13 операция жасату оңай ма? Әсіресе, оның бет-жүзі адам қарай алмайтындай жағдайға жетті. Кейде бетін жұрттан жасырып, қолымен қалқалап жүретін әншінің өлген соң тағы бір құпиясының сыры ашылды. Майкл Джексон тақырбас болып шықты. Шашы түсіп қалған тақырбас әнші басына үнемі парик киіп жүргенге ұқсайды. «Бұл – теріге түскен қауіпті миктиробтың әсері» деседі дәрігерлер. Сондай-ақ әншінің мұрын сүйегі мен бес қабырғасы сынған. Бұл әншінің өмірін алып қалу барысында жанталасқан дәрігерлердің жүрекке жасалған жасанды массажының әсерінен орын алған сияқты. Дәрігерлер оның денесін жарып көргенмен, туысқандары әлі де көп күмәннің қалып отырғанын жасырмайды. Кейінгі кезде әнші өз денесін игере алмай, кенеттен құлап қала беретін болған. Қалай айтқанда да, поп-музыка королінің соңғы жылдары жағдайының күрт нашарлағаны туралы дәлелдер көп. Оның үстіне Майклге тағылған айып оған психологиялық жағынан да соққы болып тиген сияқты. Бұл – бір, екіншіден,



соңғы үш жылда сахнаға шықпаған әншінің де материалдық тұрмысы төмендей бастаған. Осының бәрі де поп-корольге оңайға соқпаған тәрізді. 2001 жылы Америка банкінен алынған 200 миллион доллар несиеге ол зәулім үй сатып алған. Әрине, жылына өзінің тапқан табысынан артық 30-40 миллион доллар жұмсайтын әншіге мұның бәрі қиындық әкелгенін жасыруға болмайды. Барлық шығынды жабу үшін Лондонда 50 концерт бермек болған әншінің жағдайын да түсінуге болар. Аталған концерттен 400 миллион доллар табыс таппақ болған әншінің алайда арманы орындалмай қалды.

Wall Street Journal газеті атақты әншінің осыдан жеті жыл бұрын мұрагерлікке қалдырған байлығының тізімін жариялады. Онда өз иелігіндегі 567 миллион доллардың 331 миллионы несиелерді өтеуге жұмсалады да, қалған ақшаларды үш баласы мен әйеліне қалдыратыны айтылған.

Сондай-ақ бірқатар әлемдік БАҚ «Майкл Джексон өмірінің соңғы апталарында құны 50 мың доллар тұратын күшті 8 дәріні күніне екі реттен ішіп келген» деген ақпарат таратты. Ақиқат па, жоқ па? Қалай десек те...

Сахнада «қалқып билеу» жүрісімен есте қалған әншіні жұртшылық жер қойнына тапсырды. Соңғы кезде ислам дінін қабылдап, мұсылмандыққа бет бұрған оны АҚШ-тың атқарушы билігі ақ кебінге орап, ақбозат жегілген ақ арбаға салып, бақилыққа шығарып салды.

...Бірақ әртүрлі болжамдар айтылғанымен, поп музыка королінің өлімі әлі құпия күйінде қалып отыр.

29 маусым 2011 жыл





ҰТЫСЫН ҰМЫТАТЫНДАР ДА БАР

Қазір бәрі де лотерея ойнайды. Бірақ оның тарихы V ғасырдан бастау алатынын ешкім біле бермес. Лотерея түп төркінін Белгиядан алады. Шаһардың қорғанысын бекіту үшін және кедейлерге көмектесу үшін алғаш рет лотерея ойнатылып, одан қомақты қаржы түскен. Ал 1530 – 1532 жылдары Франция королі Франциск I елдің бірнеше қалаларында мемлекетке және өз қалтасына қаржы түсіру үшін арнайы жарлық шығарып, лотерея ойнатқан. Әйтсе де, одан гөрі Флоренцияда өткен De Lotto de Firenze ойынында алғаш рет ұтысқа ірі көлемде ақша шыққан. Мұнан кейін бұл ойын Италияда кең өріс алып, ұлттық сипат ала бастады. Жалпы, Италиядан кейін лотерея бүкіл төрткүл құрлыққа жайылды десе де, болады. 1566 жылы Ұлыбритания ханшайымы Елизавета I лотерея ойынын өткізу жөнінде арнайы жарлық шығарып, порттарды жөндеу және қоғамдық мұқтаждықтар үшін қаржы жинады. Осыдан басталған заңды ойын төрткүл дүниені шарлап кетті десе де, болады...

Әлемде талай қызық бар. Әсіресе, лотерея ойынында. Неге екені белгісіз, жеңімпаз атанғандар өз ұтыстарын алуға асықпайды немесе кездейсоқ жағдайда алынған билеттерге көп жағдайда ақша шығады. Әлемдік лотерея тарихын тереңірек зерттеп көрсеңіз солай. Неге? Жалпы, бұл жерде ешқандай да кілтипан немесе бір түйткіл де жоқ сияқты. Өйткені адамдар үмітпен билетті сатып алады. Бірақ... оны алуға асықпайды. Бір ғана мысал...

Үстіміздегі жылдың шілде айында лотерея ойынынан 3,9 миллион евро ұтып алған неміс азаматы оны екі айдан кейін естіген. Германияда бүкіл БАҚ шулап, ұтыс жеңімпазын іздегеннен кейін барып, бір кездері билет алғаны есіне



түскен. Тексере келгенде, жеңімпаз екендігін сезген. Онда да ойлануға екі апта уақытын жіберген көрінеді. Сөйтсе.. әншейінде асығыс және уақытысында жүретін тәртіпті неміс «егер ақшаны алсам, оған не алуға болады?» деп ойлануға екі апта уақыт жіберген көрінеді. Бұл бір ғана емес, осылайша, ұтысын ұмытып кететіндер де көп. АҚШ-тың Огайо штатының тұрғыны биыл мамыр айында селолық жердегі арақ-шарап дүкенінен лотерея сатып алады. Жеңімпазға 196 миллион доллар шығады. Алайда «бақытты билеттің» иесі әлі күнге дейін табылған жоқ. «Кінәліні» іздестіруге АҚШ-тың федералдық қызметі кірісті. Әйтсе де, жеңімпаз табылмай отыр. Жалпы, АҚШ-тың Огайо штаты ең үлкен ұтыстар шықса да, иелері оңайлықпен табыла қоймайтын аймақ ретінде саналады. Өткен жылы 100 миллион доллар ұтқан жергілікті тұрғынды федералдық қызмет орындары бір ай өткен соң барып, іздеп тапқан. Ал керісінше, Аризона штатының тұрғындары лотерея ойынында жиі жеңімпаз танылатын көрінеді.

Алайда, сан соқтыратын жағдайлар да кездеседі. Әрине, бәрі салақтықтан. Мысалы, АҚШ-та тұратын парагвайлық Мартинес деген азамат 2007 жылдың маусым айында Lotto лотереясын сатып алып, жеңімпаз болған. Алайда, ол ұтыс ақшасын бір жыл бойы күтуге тура келді. Себеп... жолда келе жатып, ол лотерея билетін қоқыс төгетін жәшікке тастай салған. Нөмірі есінде қалған ол ұтыс шыққан күні жүгіріп, лотерея ойнатқан компанияның есігін қағады. Өкінішке қарай, оған тиесілі 65 миллион доллар ақша берілмейді. Екінші бір адам әлгі билетті тауып алған жағдайда заңдылыққа сәйкес ұтыс соныкі болып шығар еді. Сондықтан парагвайлық «бақытты азаматқа» бір жыл бойы күтуге тура келген. Міне, ол жақында ғана бақытты билетінің нөмірін айтып, ақшалай сыйлығын алды. Бірақ бәрін емес, әртүрлі салықтарға ұсталғаннан кейінгі қолына тиген қаржысы – 22 миллион доллар.



Тіпті ұтыс шыққан бақытты билеттердің иесі табылмаған оқиғалар да баршылық. Ағылшынның Девон қаласындағы ойында жеңімпазға 7 миллион фунт-стерлинг шыққан. Оны иесі 180 күннің ішінде алып кетуге тиіс болған. Алайда бұл қаржының иесі табылмағандықтан компания аталған ақшаны қайырымдылық қорына сол күйінде аударып жіберген көрінеді.

Жалпы, лотерея ойынын бәрі ойнайды, байлар да, кедейлер де. Әйтсе де, арасалмақ қай жаққа қарай ауысады? Әлемдік сарапшылар зерттеуі мынаны көрсетті: лотерея билетін алуға байларға қарағанда, тұрмысы төмен кедейлер көп ақша жұмсайды екен. Карнеги университеті ғалымдарының зерттеулеріне сенсек, «кедейлер әл-ауқатын түзеу үшін лотерея билетін жиі сатып алуға ұмтылады. Өкініштісі оның бәріне ұтыс шыға бермейді».

Бұрынғы КСРО көлемінде лотерея ойынынан ең ірі ұтыс алғандар жетерлік. Соңғы 15 жылдың ішінде ең ірі көлемде қаржылай сыйлық алған ойын Украина жерінде тіркелді, сыйлық көлемі – 60 миллион рубль. Ең аз ұтыс Молдовада десе де, болады, соңғы он жылда өз қожайындарын тапқан қаржы бар-жоғы 7 миллион рубльді құрайды. Ал Белоруссияда ең үлкен сыйлық ақшалай емес, машина, алтын немесе пәтер.

Ресей

1999 жылдың 6 маусымында Пушкиннің 200 жылдық мерейтойы қарсаңында Самара қаласының тұрғыны «Русское лото» ойынында 5,3 миллион рубль ұтып алды.

2001 жылы 47 жастағы Уфа қаласының тұрғыны Надежда Мухаметзянова «Бинго-шоуда» 1 миллион доллардың иесі атанды. «Алайда бұл қомақты ақша оны бай-қуатты ете алмады. Кедей күйінде өмірден өтті» деп жазады ресейлік БАҚ.

Сондай-ақ «Русское лото» ойынында Ярославль тұрғыны 1 миллион доллар ұтып алған.



Украина

Ел тарихындағы ең ірі ұтыс – 10 миллион гривен, бұл шамамен, 60 миллион рубльдей.

Белоруссия

Тиісті заңдылықтарға сәйкес аталған елде ұтысқа негізінен пәтер, машина және алтын шығады. Ең қомақты ұтыстың иесі 7 келі алтын алған көрінеді.

Молдова

Соңғы 10 жылдағы ең қомақты қаржы – 7 миллион рубль.

Қазақстан

Ал «Бинго» ойынынан қазақстандық азамат 2005 жылы 73,6 миллион теңге ұтып алғаны белгілі.

Эстония

Эстониялық Сирье отбасы достары сыйлаған лотерея билетінен 4,5 миллион крон алған, бұл шамамен, 345 мың доллардай.

Латвия

2003 жылы ригалық Петерис деген азамат төрт билет сатып алып, оны бірдей сандармен толтырған, қорытындысында 203 мың доллар сый алған. Бұл – аталған елдегі ең жоғарғы көрсеткіш.

Литва

Вильнюс тұрғыны Арнис 230 мың долларлық ұтыстың жеңімпазы деп танылған.

17 шілде 2011 жыл





XXI ҒАСЫР – ӘЙЕЛДЕР ҒАСЫРЫ МА?

Ананың саулығы тұрмыс әлеуетінен, одан қалса, мемлекеттің жүргізген сауатты, сапалы реформасының нәтижелігінен көрінеді. Ал жыл сайын өркениеттік бәсекелестік артып келе жатқан жағдайда «қай елдің әйелдерінің отбасылық кірісі жоғары?» деген сауалдың да маңызы артып отырғаны сөзсіз. Олай болса, «қай елдің тұрмысы жақсы?» дегеннен гөрі, «қай мемлекетте аналар бақыттырақ тұрады?» деп сауал қою орынды. Ендеше...

Дамушы ел ретінде өркениет жолына енді түскен посткеңестік елдер үшін алпауыт мемлекеттермен бәсекеге түсу қиындау шығар. Салыстырмалы түрде қарағанда, әлі де бұрынғы посткеңестік елдердің жағдайы мәз емес екенін байқауға болады. Оған біріншіден, экономика қуатының әлжуаздығы себеп. Десек те, «Балаларды құтқарыңдар!» қоғамдық ұйымының зерттеуінше, бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттерінің ішінен әйел-аналары жақсы тұратын мемлекеттердің қатарында алдыңғы орындарды Белоруссия мен Молдова алады. Адыңғы орын дегеннің өзінде олардың рейтингтік көрсеткіші – 21-орынды көрсетіп тұр. Одан кейінгі орын (24) Ресейде. Ал Қазақстан мемлекеті – 26-орында. Әйелдердің жақсы тұру көрсеткіші жөнінен Қырғызстан, Өзбекстан және Украина 32-орында тұр. Ал посткеңестіктегі басқа мемлекеттердің рейтингі, тіпті төмен, Грузия – 44, Әзірбайжан – 47, ал Тәжікстанның көрсеткіші – 56. Бұл бүкіләлемдегі мемлекеттердің барлығын салыстырмалы түрде қарағандағы жағдай. Ал алғашқы ондықты әйелдерге ең жақсы жағдай жасалған мемлекеттер алады. Олар: Швеция, Дания, Норвегия, Швейцария, Финляндия, Канада, Нидерланды, Австралия, Австрия және



Ұлыбритания. Ал ең соңғы орындарда – Нигера, Буркино-Фасо, Эфиопия, Гвинея-Бисау, Иемен, Сьерра-Леоне, Гвинея, Мали, Чад және Ангола. Аталған елдерде бір жасқа толмаған сәбилердің қайтыс болу көрсеткіші алғашқы ондықтағы мемлекеттерден 27 есе жоғары. Соңғы ондықтағы елдерде әрбір он әйелдің төртеуі оқып, жаза білмейді. Мысалы, әйелдердің босану кезінде қайтыс болу жағдайлары бірінші орында тұрған Швециямен салыстырмалы түрде қарағанда Нигерада 600 есе жоғары.

Ал экономикасы қуатты АҚШ-тың өзі әйелдерге жағдай жасау жөнінен 11-орында тұр. Бұл ең алдымен елде аналар мен сәби өлімінің көптігіне байланысты. Бұл көрсеткіш бойынша, Куба – 15, Қытай – 38, Иран – 56, Түркия – 69, ал Үндістан – 89-орында.

Әлем – еркектердің қолында. Бірақ... Статистика бойынша, оқу тәртібі мен үлгерімі бойынша, қыздар-әйелдер бозбалалардан көш ілгері. Ал америкалық зерттеушілерінің пікірінше, «XXI ғасыр – әйелдердің ғасыры» болмақ.

БҰҰ сарапшыларының бағалауынша, әлемдегі бүкіл жұмыстардың 60-75 процентін әйелдер атқарады. Олардың қолымен әлемдегі өндіріс пен өнімнің 45 проценті өндіріледі. Алайда ең өкініштісі, әлемдік табыстың 10-ақ проценті нәзік жандарға тиесілі. Ал әлемдік зерттеулердің орташа көрсеткішіне назар аударсақ, еркектерге қарағанда әйелдер 6-7 жас ұзағырақ өмір сүреді. Оның да өз себептері бар. Өйткені әйелдердің ұйқысы қатты, олар уайымсыз ұйқыға беріледі. Еркектер болса, мазасыз, демек, олардыкі тынышсыз ұйқы, оның үстіне ерлер жиі ауырады. АҚШ зерттеушісі Александрос Вгонтцастың пікірінше, кеш жататын, тез ұйықтай қоймайтын, ұйқысы жиі бұзылатын еркектер кант диабеті, жүрек-қан тамырлары ауруымен тез ауырады.



ҰЗАҚ ЖАСАЙТЫН АНАЛАР ҚАЙ ЕЛДЕ?

№	Елдер	Әйелдердің орташа жасы
1	Ресей	72 жыл 4 ай 16 күн
2	Грузия	76 жыл
3	Түрікменстан	70 жыл 5 ай
4	Франция	82 жыл 4 ай
5	Германия	80 жыл 7 ай
6	Жапония	84 жыл 1 ай
7	Қазақстан	71 жас

Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Раушан Сәрсембаеваның пікірінше, біздің елдегі әйелдерді үшке бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа ұлттық дәстүрді берік ұстайтын аналар жатады. Олар отбасылық жағдайдағы салт-сана, дәстүрді берік ұстап, өздерін «ошақты сақтаушы» ретінде көрсетеді. Олар үшін күйеу – отбасын асыраушы. Бірінші топтағы әйелдердің көбісінің жоғары білімі жоқ. Олар көп жағдайда ауылдық жерлерде тұрады.

Екінші топты орта және егде жастағы аналар құрайды. Олар жаңа қоғамдық формацияға өкпелі, өйткені нарықтық қатынастардың келуі бұл топтағыларды жұмыссыз қалдырған. Бұл топтағылар төмен жалақы алып жұмыс істегеннен гөрі, мемлекеттік жәрдемақы алғанды тәуір көреді. Аталған топқа жататындар қосымша білім алып, қайта даярлықтан өтудің болашағы жоқ деп ойлайды.

Үшінші топқа жататындар жоғары жалақы беретін жерлерде жалданып жұмыс істейтіндер. Бұл топтағылар жас және орта жастағы әйелдер. Олар нарықтың қыр-сырын білетін, соған орай арнайы білім алғандар. Бұл категорияға жататын аналар мен арулар қоғамдағы отбасылық әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзіне қатысты болып тұрғанын айқын аңғарған жандар. Олардың ішінде саяси карьерасын биліктен іздейтін жастар көп.

Үшінші топтың қосымша бөлігін құрайтындар – кәсіпкер



әйелдер. Олардың басты мақсаты – нарықтан қалмау. Сол үшін өмір сүреді. Олар бір алаңдатарлығы, тәуекел жасап, үлкен бизнеске баруға қорқады. Бұл топтағылардың бизнесі «бір күндік ас» және бірсыдырғы кәсіпті сақтап қалу.

Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасында 3,5 миллион қыз-келіншектер жұмыста, бұл жұмыс жалпы жұмыс істеушілердің 48 пайызы. Жыл сайын әйелдер арасында жұмыссыздардың да көрсеткіші төмендеп келеді. 1999 жылы әйелдердің 13,5 пайызы жұмыссыз болса, 2004 жылы бұл 8,4 пайызға төмендеп, өткен жылы бұл көрсеткіш 8,1 пайызды құрады. Десек те, Үкімет кәсіпке бет бұрған аруаналарға жыл сайын көмектесіп келеді. Мысалы, өткен жылы шағын және орта бизнесті дамытуға бөлінген 300 миллион теңгенің жартысы әйелдердің нарыққа бейімделуіне жұмсалды. Мамандар әйелдердің ерлерге қарағанда үш есеге дейін аз жалақы алатын білім беру, денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету секілді салаларында қызмет атқаратынын айтады. Қазақстан тұрғындарының 51,8 пайызы әйел адамдар болғанымен, олардың билікке араласу деңгейі тым төмен. Мәселен, Парламенттегі орынның 10 пайызы, мәслихаттардағы орынның 17 пайызы, Үкіметтегі жайлы креслоның 1 пайызы ғана әйел-аналардың еншісіне тиеді.

«НьюзОук» журналының мәліметінше, америкалық отбасылардың 54 пайызы билікте еркекке қарағанда, әйелдердің қызметте жоғарылағаны тиімді деп санайды. Жалпы, АҚШ нарығында жұмыс істейтін әйелдердің 34 проценті күйеулеріне қарағанда жоғары жалақы алады. АҚШ әйелдерінің көбісі қаржысы жоғары мұнай-газ және қаржы компанияларында жұмыс істейді.

АҚШ үкіметінде қызмет істейтін әйелдердің үлесі – 14 пайыз, Швециядағы қыз-келіншектердің 45 пайызы билікте, Данияда бұл көрсеткіш – 38 пайыз, ал Финляндияның лауазымды қызметі – 37 пайыз әйелдерден тұрады.

25 шлде 2011 жыл



ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР МЕКЕНІ ҚАЙ ЖЕРДЕ?

Ресей бұқаралық ақпарат құралдары елдегі ең кішкентай адамның қайтыс болғаны туралы ақпарат таратты. Ол – 73 жастағы Константин Морозов. Бір таңғаларлығы, Костя өте сирек кездесетін хондродистрофиямен ауырған. Ол ол ма, Костяда сүйек жоқ, оның орнына денесін қатты сіңір ұстап тұр. Ал бойының ұзындығы – 63 сантиметр ғана.

Әлемде сирек кездесетін аурумен сырқаттанған Константин Морозовтың туғандағы салмағы бар-жоғы 300-ақ грамм болған. Әйтсе де, ол өмір сүрді, дәрігерлер оған күмәнмен қарағанымен, 73 жасқа келіп, өмірден өтті. Жалпы, Морозовтар отбасында үш бала дүниеге келген, оның екеуі ұзын бойлы да, тек Костя ғана ергежейлі қалпында қалды. «Өмірге кемтар болып келгенмен, ол өте көңілді жүрді, – дейді достары. 21 жасында үйінен кеткен ол бір қызға ғашық болады. Ұзамай екеуі өмір сүрді, бірақ балалары болған жоқ. Балалар үйінде тәрбиеленген Костяның нақ-сүйерінің бойы 1 метр 55 см болды. Ұзынды-қысқалы. Өзіңіз ойлап қараңыз, бірінің бойы – 1,55, екіншісі – 63 сантиметр. Екеуі отыз жылдан аса бірге тұрды. Өмірдің ыстық-суығын бірге татты. Костяның әйелі бірақ өзінен бұрын қайтты. 2002 жылдары. Әдетте қыздарға жігіттер сөз айтады. Бірақ екеуінің арасындағы махаббатта Лида тізгінді өз қолына алған. Костя Мәскеуде 8 жыл емделіп, отаны Ульяновскіге қайтты. Ертеңінде есік алдына келген Лиданы көрді. «Мен сені күттім, үйленейік». Бұл – қыздың сөзі. Ресейлік БАҚ отыз жылға жуық дені сау адаммен отбасылық өмір сүріп, 73 жасында өмірден өткен Константин Морозов туралы осылай жазып жатыр. Таңғажайып өмір. Өзін-өзі асырап, өмір бойы сағат жөндеуші болып жұмыс



істеген «кішкентай адамның» үлкен тірлігі бұл. Тіпті кезінде ВЛКСМ-ның тарихы туралы жас лекторларға дәріс оқыған ергежейлінің тағдыры кісі қызығарлықтай. Костяның саусақтары иілгіш, 360 градусқа дейін бұрыла береді. Оның болмысын тексерген танымал неміс және орыс ғалымдары «20 миллион адамның ішінен кездесетін таңғажайып біреу» деп баға берген. Қазіргідей «Лимузин» мінетін уақыт емес, соғыстан кейінгі мезгіл, Костя мен Лида Неке сарайына велосипед мініп барған. Онда да болашақ күйеуін великтің алдына мінгізіп, Лида Неке сарайының есігін ашқан. Солай. Негізі, Костяға аяғы ауыр кезінде анасы «төменнен картоп, сәбіз аламын» деп жертөлеге құлап түскен. Іштегі қызылшақа осыдан зардап шегіп, өспей қалған. Тіпті 300 грамм болып туған баланы алғашқыда дәрігерлер үш литрлік банкке сақтап қоймақшы да болған. Эксперимент үшін. Болашақ дәрігерлер практика кезінде қызықтап қарап, танысу үшін. Алайда ергежейлінің әке-шешесі «жүрегі соғып тұрғанда, баламды банкіге тығып өлтіре алмаймын» деп алып кеткен. Перзентханадан келген немересін көрген әжесі «мынау сәби емес, бақа ғой» талып қалған екен. Бар-жоғы 24 келі ғана тартқан Константин Морозов сөйтіп, 73 жыл өмір сүрді.

Ауыр тағдыр, аңызға бергісіз ақиқат. Әйтсе де, мұндай азаматтар әлемде бар, аз да болса кездеседі. Соның бірі – Хэ Пинпин. Хэ Пинпин қытайлық азаматты бұрнағырақта тек елі ғана біліп келсе, өткен жылы бүкіләлем таныды десек болады. Қалай дейсіз ғой. 2008 жылдың 16 қыркүйегінде Ұлыбританияның астанасы Лондондағы Трафальгарск алаңында бұрын-соңды көз көрмеген тарихи оқиға болды. Атап айтар болсақ, осы жерде «Гиннес рекордтар кітабының» тұсаукесер рәсімі өтті. Тарихи деуіміздің мәні бар, өйткені әлемдегі ең кішкентай адам мен планетадағы ең ұзын аяқты бойжеткеннің кездесуі өтті. Қытайлық Хэ Пинпиннің бойы 73 сантиметр болса, ал аяғы ұзын орыс



аруының бойы 1 метр 96 сантиметр. Светлана Панкратова Хэ Пинпиннен үш есеге жуық ұзын. Қазір Испанияның тұрғын үй операцияларын сатумен айналысатын бір фирмасында менеджер болып қызмет істейтін ресейлік Панкратованың ұзын да тік аяғының ұзындығы 1 метр 32 сантиметр. Сөйтіп, ергежейлі мен ұзын сирақты сұлудың бірге түскен суреті осылай әлемді шарлап кетті. Құдай беріп тұрған мүмкіндіктен фотожурналистер құралақан қалсын ба, «Гиннестің рекордтар кітабына» енген екеу алаң ортасында тұрып та, жатып та түсті десе де, болады. Бойы 73 см, жасы 20-дағы Хэ Пинпинді алдына алған Светлана сұлу қазақша қайтарғанда, үш мүшелдік жаста, нақты айтар болсақ 37-де. Әрине, сұңғақ бойлы Светланаға өз болмыс-бітімі ұнайды, өзінің айтуынша, «тек шалбар табу қиындау». Ал біз сөз етіп отырған Хэ Пинпин ішкі Қытайда дүниеге келген. Туғаннан кемтар болған сәбиден өмірге келгенде дәрігерлердің өзі шошынған. Әкесінің айтуынша, оның бойының ұзындығы алақанның көлеміндей-ақ болған. Бойының аса қысқалығына қарамастан, Пинпин мырза пысық, анда-санда Қытай телеарнасында бой көрсетіп, телехабарлар жүргізіп қоятын көрінеді.

Бір қызығы, әлемдегі ең қысқа адам мен ең ұзын адам да Қытайда тұрады екен. Өткен жылы қытайлық Бао Ксишун мен Хэ Пинпиннің кездесуі өтті. Қой бағатын Бао Ксишунның бойының ұзындығы 2 метр 36 сантиметр, ал оның жанында Хэ Пинпиннің қандай екенін елестете беріңіз. Жалпы, әлемдегі ең қысқа адамдар басқа құрлыққа қарағанда, Азия аймағында көбірек кездеседі екен. Салыстырмалы түрде қарағанда. Соның бірі 14 жасар непальдық бала – Кхагендр Тхара Магар. Оның бойының ұзындығы 50,8 сантиметр, ал салмағы – 4,5 келі. Әзірге ол әлемдегі ең бойы кіші адам ретінде ол «Гиннестің рекордтар кітабына» тіркелген жоқ. Өйткені алдымен ол 18 жасқа жету керек. Мұндай кішкентай адам Үндістанда да бар. Аты-жөні – Гүл



Мұхаммед. 1957 жылы дүниеге келген азаматтың бойының ұзындығы – 57 см, ал салмағы – 17 келі.

Жалпы, мұндай азаматтардың өсуіне не кедергі? Бұл туа біткен кемістік пе, жоқ әлде, ұрпақтан қалған ағзадағы «ақаулық па?» Әлемдік сынықшылардың мәліметтеріне қарағанда, «бұл сирек кездесетін сырқат және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын кемістік. Бұл кемтарлықтан сауығу қиын. Медицина тілімен айтқанда, бұл сырқат «хондродистрофия» деп аталады. Бірақ мұндай жағдайда туылған адамдар өте талантты және интеллектуалдық деңгейі жоғары болып келеді екен.

Десек те, соңғы ондаған жылдан бері әлем ғалымдарының назарын аударып отырған бір нәрсе бар: Қытайдың Сычуань провинциясындағы Янсы селосы тұрғындарының 40 пайызы ергежейлілер болып шықты. Бір селода мұндай қызықты жайт неліктен жиі кездесіп отыр? Мұның себебі неде?

Олардың бойының ең ұзыны – 1 метр 17 сантиметр, ал ең қысқасы – 64 сантиметр. Бұл мәселені ешкім әлі күнге дейін анықтай алған жоқ. Әртүрлі болжамдар айтылып жатыр, бірақ толыққанды тұжырымға келу қиынға айналып отыр. Аласа бойлы адамдар мұнда көп тұратындықтан бұл аймақты қазір «ергежейлілер мекені» деп атайды. Янсыға бұл тажал қайдан келді, жергілікті қарттардың айтуына қарағанда, бәрі осыдан 60 жылдан астам уақыт бұрын бас-талған. Оқыс келген ауру 5-7 жастағы балаларға қатты әсер еткен, жалпы, бұл жастағы сәбилер өсімтал келеді емес пе?! Ал олар өсімін тоқтатқан, сырын білдірмеген ауру ақыры осы елді мекендегі ұлттың физикалық өсуін тоқтатқан. Қытай ғалымдары мұның себеп-салдарын іздеген: сарапшылар от пен суды, жейтін тағамдарды да тексеріп көрген. Алайда, қолға ілінер, көзге көрінер еш дәлел мен дәйек таппаған. Десек те, қытай билігі бұл жерге шетелдік зерттеушілердің баруына рұқсат бере бермейді. Алғашқыда



қоршаған ортаның, экологияның әсерінен мұндағы адамдардың бүйрек пен бауырында сынап деңгейі көп, сондықтан бұл улы зат адамдардың қалыпты өсуіне мүмкіндік бермейді деп болжам айтылған. Бірақ бұл да ақиқатқа сай келмеді. Анығы, бұл жерде бойы аласа адамдардың пайда болуы 1951 жылдан байқала бастаған. Енді міне, тосын құбылыс ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатыр.

Бірақ Янсының қарттары ел аузында қалған мына бір аңызды тілге тиек етеді. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын деревняның Ван есімді қарты таңғажайып аяғы бар қара тасбақаны ұстап алады, мұны босатып жіберудің орнына оны қуырып жеп қояды. «Бәленің бәрі осы қара тасбақадан келді» деп уайымдайды село тұрғындары. Ал екіншілері кезінде Қытай аумағына баса көктеп кірген жапондық армияның қолданған улы газы тұрғындардың ағзасына ауыр зардабын тигізді деп отыр. Бірақ жергілікті тарихшылар Янсы аймағына ешқандай жапондардың аяқ баспағанын айтады.

Қалай айтқанда да, бір зауалдың келгені анық, зерттеп карағанда Янсыдағы ергежейлілер негізінен, орта жастан асқандарды құрап отыр. Мұндағы қарттардың бойының ұзындығы 80 сантиметрден сәл ғана асады. Бұл белгі кейінгі ондаған жылда туылған жастарда байқалмайды. Кезінде тосын келген құбылыстан шошынған жұртшылық уақыт өте келе байырғы елді мекеніне қайта оралып жатыр.

Википедияға назар аударсақ, ергежейлілік адам бойының қалыпты деңгейден төмен болуы. Егер ер адамның бойы 130 сантиметрден, әйел 120 сантиметрден төмен болса, ол ергежейлі болып есептеледі. Ергежейлілік туралы алғашқы ғылыми тұжырымды 1902 жылы неміс ғалымы В.Ганземанн ұсынған. Ергежейлілік гипофиз, қалқанша, бүйрек үсті, ұйқы, жыныс бездерінің қызметінің бұзылуынан; мешел ауруының салдарынан; аяқ-қол, мойын, кеуде сүйектерінің өспеуінен (іштен туа біткен); сапасыз тамақ-



танудың әсерінен өсу гормонының (соматотропин) аз бөлінуінен болады. Сондай-ақ ергежейліліктің тұқым қуалайтын да түрі бар. Адамның шашы түсіп, бет әлпеті кішкентай баланыкіндей болады. Кейде науқас адамның сан етіне, ішіне, әсіресе, кеудесіне (алдамшы сүт бездерінің пайда болуы) май жиналады. Ергежейлі адамның жыныс бездері жетілмеуі салдарынан ұрпақ қалдыра алмайды. Ергежейлілік жалпы, ой-өрістің дамуына онша әсер ете қоймайды. Дегенмен, орталық жүйке жүйесі зақымданса немесе ағзаның эндокриндік және хромосомдық жүйелерінде ауытқулар байқалса, онда науқас адамның мінез-құлқында айтарлықтай өзгерістер (мысалы, ақыл-есінен айырылуы) пайда болуы мүмкін.

Десек те, дүниедегі ең аласа бойлы адамдар қытайдың Янчы аймағын ғана мекен етпейді. Мысалы, 72 жастағы Непал тұрғыны Чандра Бахадур Данги тарихтағы Жер шарының бойы ең қысқа ергежейлі ересек тұрғыны деп танылған. Оның бойы – 54 сантиметр. Данги 1955 жылдан бергі рекордтар кітабы тіркеген ең кішкентай адам.

Бүгінде бойының қысқалығымен елді елең еткізген ергежейлілер өте көп. Солардың бірі – Верн Тройер. Оның бойы – 82 см. бірнеше фильмге түскен. Ал непалдық Хагендра Тапа Магардың бойы – 67,08 см, салмағы – 5,5 келі. Бойы 1,07 метр болатын Тони Кокс «Нашар Санта», «Жұлдызды соғыс», «Мен, тағы да мен және Ирэн», «Уиллоу», «Өте эпикалық кино» фильмдері арқылы көпшілікке танымал болды. Бойы 1,07 сантиметр болатын ұлыбританиялық Уорвик Дэвистің де актер ретінде көпшілікке аты таныс. Уорвик «Жұлдызды соғыс», «Нарнии хроникасы», «Гарри Поттер» фильмдеріне түскен. Әлемдегі ең қысқа әйел – Полин Мастерс. Ол 1857 жылы туған кезде бойы 30 см болған. Ал 9 жасында оның бойы – 55 см, салмағы – 15 келіге жеткен. Кейіннен 58 сантиметр бойымен рекордтар кітабына енді.



Әлемде дәулеті өзіне және жұртқа да жететін ергейлілер де бар. Олардың ойлау қабілеті кәдімгі адамдардан еш кем емес. Демек, мәселе бойдың аласалығында емес, ойдың тереңдігінде болып тұр ғой.

10 тамыз 2011 жыл





ТҮЙТКІЛІ КӨП ТЕЛЕСЮЖЕТ КІМГЕ КЕРЕК?

Боливияның жекеменшік РАТ телеарнасы жұрттың жағасын ұстатарлық сюжет көрсетіп, елдің назарын өзіне бір аударды. Ақиқатын айтқанда, Рио-де Жанейродан ұшып шыққан француз ұшағы Атлант мұхитының үстінде жарылып, тосын жағдай орын алғаны белгілі. Апаттың салдарынан 228 адам қайтыс болды.

Бразилияның Кабо-Верде жағалауының үстінде ұшақта кетіп бара жатқан жолаушылар оқыс оқиғадан шошынып, алыстағы туған-туыстарына ұялы телефон арқылы «мен қорқамын», «мен сені жақсы көремін», «енді не істейміз?» деген сарында хабарламалар жіберген. Дәл осы қауіп төнген сәтті РАТ телеарнасының тілшілері тауып алған сияқты, нақты айтқанда, тележурналистер телеарна арқылы көрермендерге екі кадр көрсеткен. Бірінші кадрде жолаушылардың бірі – оттегі ауасы бар масканы киіп жанталасып жатса, екіншісінде – жарылған ұшақтан құлап бара жатқан адамның жантәсілім әрекеті көрсетілген. Шын мәнінде, бұл кісі шошынарлық кадрды телетілшілер қайдан алды? Тележурналистердің айтуынша, бұл сюжеттер ұшақ бортында отырған жолаушылардың сандық фотоаппараты арқылы түсіріліп, сақталып қалған. Іздеушілер тобы мұны тауып алғаннан кейін экранға шығарған. Алайда көрерменге көрсетілген бұл екі кадрдың арты үлкен дауға апарып соқтырарын олар білген жоқ, негізі, білмеді деу артық болар. Ал ақиқатында, көрермендердің үрейін ұшырған бұл сюжет америкалық «Тірі қалуы тиіс!» телесериалынан алынған екен. Ертеңіне плагиаттық әрекеті үшін РАТ телеарнасынанан басшысы Эдди Луис Франко жұртшылықтан кешірім сұрауға мәжбүр болды.



Ал америкалық атақты «Тірі қалуы тиіс!» телефильмінің алғашқы сериясы 2004 жылы экранға шыққаны белгілі. 5 кезеңге бөлініп түсірілген бұл киноның әрқайсысы 16-25 сериядан тұрады. Қазіргі уақытта оның АҚШ-та 5-кезеңі көрсетіліп жатыр, енді 6-сы түсірілуде. Ал Ресей телеарнасының көрермендері оның 4 кезеңдік сериалдарын көріп үлгерді. Алғашқы кезеңдік сериясында-ақ 19 миллион көрерменді жинаған бұл кино талай бәйгелерді жеңіп алды. Оның ішінде ең атақтысы – «Эмми» және «Алтын глобус».

Мұндағы оқиғаның мән-жайы француз ұшағының апатымен тағдырлас. Австралиядан Лос-Анджелеске ұшып келе жатқан ұшақ апатқа ұшырайды да, оның тірі қалғандары белгісіз тропикалық аралда адасады. Олардың тағдыры мен өмір сүру үшін жанталасқан әрекеті көрерменді қызықтырмай қоймайды. Міне, осы кинодағы ұшақ құлаған сәттегі жантәсілім әрекетті РАТ телеарнасы «1 маусым күні орын алған апаттан алынған» деп көрермендерге көрсеткен. Алайда мұндай қиыннан қиыстырылған монтаждау сәтті шыға бермейді. Ақыры арна басшысы оғаш қылықтары үшін кешірім сұрауға мәжбүр болды.

Жалпы, мұндай жайттар көп. Қарапайым жұртшылық тосын оқиғаны берудің сан түрлі тәсілі барын біле бермеуі мүмкін. Олар негізінен, болған ақпаратты ғана қабылдайды, соған үйренген, ал мамандар ше? Олардың көзқарасы басқа. Десек те, көзіқарақты адам сюжетті беру сәтіндегі тележурналистердің пайдаланылған кадрларында кемшілік пен қателік барын бірден аңғара алады. Оған бір дәлел, 13 жастағы фин баласы Ресей телеарналарында жалпақ жұртқа сүйінші сұрап көрсетілген бір репортаждың қатесін тапты. Нақты айтқанда, Ресейдің Солтүстік мұзды мұхитынан кен іздеген барлаушылары, яғни ресмилеп айтқанда, «геосаяси экспедициясы» адам аяғы сирек тиетін мұзды жерге орыстың туын қадады. Бұл қуанышты мұқым дүниеге жеткізіп, орыс тележурналистері сүйінші сұрауға дейін барды. Тіпті



Солтүстік мұзды мұхиттың астына «Мир» екі батискафы түсірілгеніне дейін Жер шары көрді. Reuters агенттігі арқылы аталған сүйінші хабар бүкіл интернетке тарады. Алайда оқиға болған жерден таралған тележурналистің телерепортажы күмәнді күйінде қала берді. Мұны финдер тыңғылықты зерттемей-ақ тұрып, Джеймс Кэмеронның «Титаник» фильмінің бүге-шігесіне дейін жатқа білетін 13 жастағы бала жұрт құлақтанып кеткен хабардың құпиясын ашты. Ал ақиқаты, анығы төмендегідей болып шыққан: орыс телеарнасы арқылы көрсетіліп, Reuters агенттігі арқылы әлем баспасөздеріне жарияланып кеткен Солтүстік мұзды мұхитына түсірілген батискаф «Титаник» киносынан алынған үзінді болып шыққан. Атақты фильмнен алынған үзіндіні өз сюжетіне шебер пайдаланған кадрды 13 жастағы фин баласы білмегенде, орыс сенсациясы әшкере болмайтын еді. Солтүстік мұзды мұхиттан репортаж жасалған екі күннен соң, орыс телеарнасының редакциясына Вальтер Серетининнен электронды нұсқада жазылған хат келеді. Мәңгілік мұзды аймаққа орыс түренін салған экспедицияның сүйіншісін сұраймын деп ақыры оны дүниеге таратқан Reuters агенттігі амалсыздан кешірім сұрауға мәжбүр болады. Ал анығына келсек, «Титаник» фильмінің режиссері батискафты бассейн түбіне түсірген көрінеді. Мұны кейін тексерген фин мамандары да орыс тележурналистері «киноплагиаттықпен» айналысқанын дәлелдеп берді. Басқа емес, мұны финдердің зерттеуінде мән бар. Өйткені екі батискаф «Мир-1», «Мир-2» де Финляндияның Rauma-Repola Oceanics фирмасында жасалған. Оның үстіне екі батискафты да фильм режиссері Джеймс Кэмерон атақты «Титаникті» түсіру кезінде пайдаланған. Алайда «Ресей» телеарнасының баспасөз қызметі мұны жоққа шығаруға тырысқанымен, финдер өз пікірлерінде қалды.

Жалпы, мұқым дүние кез келген оқиғаны өз мүдделеріне қарап бұрып сөйлейтін орыс журналистерінің әрекетін әр



уақытта да әшкере етіп келе жатса да, олар «орманға қарап ұлуын қоймайды». Жалпы, өз көзқарастарын басқаларға таңу арқылы орыс рухы мүддесін көтеруге ұмтылатын ресейлік әріптестерден үйренеріміз көп-ақ. Мәселе плагиаттық іске келіп тірелсе, әңгіме басқа. Бірақ әртүрлі кинолардағы кадрларды монтаждау арқылы репортаждарға пайдалану әр уақытта ұпай әкеле бармейді. Десек те, репортаж берудің сан түрлі тәсілдеріне еттері үйренген тележурналистер мен режиссерлердің тапқырлығына шындығында таңғаласың. Бұл бұл ма?..

Осыдан екі-үш жылдай бұрын ТМД кеңістігінде, атап айтқанда, Қырғызстан, Грузия және Украинада «түрлі-түсті төңкерістер» орын алып, алпауыт елдер осы аймаққа көз тіге бастағанда, тағы бір назар аударарлық деректі фильм жарыққа шықты. «Революция.com. АҚШ. Шығысты жаулау» деп аталатын фильмді түсіргендер – француз журналистері. Бірақ «Ресей» телеарнасында көрсетілген деректі фильм түпнұсқасынан басқалау болып шыққан. Шындығында, орыс телеарнасы бұл фильмді америкалық билікке карсы насихат құралы ретінде телеэкраннан беріп жіберген. Фильмді түсірудегі мақсат – ТМД көлемінде демократияның өрістеуін қолдау. Бірақ «Ресей» телеарнасы өз мүдделеріне лайықтап, оның авторларын титрден алып тастаған. Француздың «Капа» телекомпаниясының бас директоры Эрве Шабалье «аз дегенде фильмнің 6 минуты алынып тасталған. Сөйтіп, ТМД көлемінде болып жатқан «түрлі-түсті төңкерістер» шетелдік алпауыт елдердің сұранысы бойынша, жасалынып отыр» деп тұжырым жасалған. Француз телеарнасының бас директоры Эрве Шабалье «орыс журналистикасы кәсіби деңгейге көтерілді ме десем, әлі төмен екен» деп баға бергенін масс-медианың төңірегінде жүргендер мен интернет сығалағандардың бәрі ұмыта қойған жоқ. Сөйтіп, оны «Ресей» телеарнасы «француз журналистерінің сенсациялық зерттеуі» деп бүкіл ТМД



көрермендеріне монтаждап барып ұсынған көрінеді. «Қырғызстандағы «қызғалдақ», Украинадағы «қызғылт-сарылар», Грузиядағы «раушан гүлі» төңкерісіне АҚШ-тың ықпалы болды» деп тұжырым жасаған. Алайда телеарнадағы сюжеттердің бәрі осы тақылеттес тұрғыда өмірге келеді деген ой тумау керек.

...Біздің айтпағымыз, қиыннан қиыстырылған, көрерменнің көзін жеткізіп, сендіретін осындай телесюжеттер де болады дегенді айту ғана.

20 қараша 2011 жыл





ТІЛ МЕН ТІРЛІК

Ойды ой қуады. Көкейдегі пікірді өлтіре беруге болмайды. Нәрлі сөз болса көкіректен шығу керек. Өзің үшін, ел үшін, ұлт үшін. Мәселе сонда.

Мемлекет біреу. Бірақ біз екі тілде сөйлейміз. Кейінгі кезде үш тілде сөйлеуге дағдыланып барамыз. Қазақтың баласының миы мықты. Бірақ қаракөз баланың миына салмақ түсті. Көптілде сөйлей береді. Ал тұрақты тілі қайсы?

Кавказдың даңқты ұлы Расул Ғамзатов «Тілім егер болса ертең құрымақ, Өлуге мен дайын едім бүгін-ақ» деген. Кешегі кеңестік жүйеде Кремльге қарата айтылған жанайқай сөз бұл!

Ал Астанада қызмет істейтін, кезінде ақпараттық саланы да басқарып, саяси кеңесші болған, кейін елші болып кеткен бір шенеунік кезекті сұхбатында «Қазақ тілі үшін қолымды шауып беруге даярмын» деді. Тілінің мүкістігін жасыру үшін өзін мүгедектікке ұшырату абырой әпере ме?

Осы күнге дейін ақсаңдап басып келе жатқан мемлекеттік тілдің тағдырына кім кінәлі? Халық па, билік пе?

Бәріміз де жауаптымыз!

Мемлекеттің бір тілде сөйлеуі үшін елдің бір ұлтты болуы міндетті ме? Жоқ!

«Қазақ баспасөзі ұлттық партияның рөлін атқарып отыр». Ерлан Қариннің бұл пікірі алтын әріппен жазылатын бүгінгі қоғамның нақты шындығы.

Шымкентте өткен қазақтілді журналистердің басқосу кеңе-



сінде бірқатар жергілікті орыс журналистер жиынның соңына дейін отырды. Олар үшін мемлекеттік тіл мәселесі проблема емес. Ешкімнен ештеңе сұраған жоқ, тыңдады, түсінді, жазып алды, шығып кетті.

Өткенде теледидарда Жапонияның экономикалық саласын басқаратын министрлерінің бірі жапон тілінің ұлылығы туралы қызу әңгімелеп жатты.

Ал бізде...

Бізде мемлекеттік тіл Мәдениет және ақпарат министрлігіне ғана керек сияқты.

Бір жылдары еліміздегі жетекші партия «Нұр Отан» «Қазақша сөйлесейік» атты акция өткізді. Қажет-ақ акция! Қазақша сөйлеуді өзіміздің санамызға орнықтырып, өзгені ұғындыру үшін керек шара.

Грузин балалары екі-ақ тілде сөйлейді. Грузин және ағылшын тілі. Тбилиси көшесінде жолай кетіп бара жатып олардан орысша жөн сұрадық, жастары бетіңе бажырая қарайды, басын шайқайды. Түсінбейді. Мемлекет қандай саясат жүргізсе, халық соған қарай икемделеді.

Ананың тілі – қуатым менің! Сәби дүниеге келгенде тілін тандап тумады. Оны тілбұзар ететін өзіміз. Сәби қай тілмен тәрбиеленсе, сол елдің тілімен өмір сүреді. Бесік жырын қазақша тыңдаған бала оның әуенін ешқашан ұмытпайды.

Тіл туралы талмай айтуға болар. Бірақ тірлік керек қой.

20 желтоқсан 2011 жыл



АЛДАМШЫ ЖОЛМЕН АҚША ТАБАТЫН АЛАЯҚТАР

Жыл өткен сайын интернет құрбанына айналған азаматтардың саны артып барады.

Халықаралық MarkMonitor зерттеу агенттігі елдің назарын аударарлық мәлімет жариялады. Атап айтқанда, компьютердің тілін жақсы білетін жұртшылықтың құлағына алтын сырға, интернет арқылы сауда жасайтын қылмыстық топтың кәсібі жылдан-жылға өрістеп бара жатқаны мәлім болды. Әрине, қазақ халқы үшін интернетпен сауда жасау енді өркен жайып келеді, бірақ әлемде бұл қарақшылық кәсіппен күресу қиындап кетті.

Ал MarkMonitor зерттеу агенттігінің мәліметіне келер болсақ, әлемдегі мықты сауда фирмалары мен сауда орындарының брендин жарнамалайтын жасанды жалған электронды сайттардың 70 проценті АҚШ-қа тиесілі көрінеді. Одан кейінгі орында 9 пайызбен Германия және 4 пайызбен Ұлыбритания тұр.

Рас, алдамшы жолмен ақша табушыларға қарсы күресті өрістеткенмен, оларды ұстау қиын. Өйткені олар басқа мемлекеттің аумағында отырып-ақ, дүниежүзілік интернет нарығына шығу арқылы пайда табады. Бір – ақ мысал, өткен аптада Петербургтің криминалдық полициясы «В контакте ру» сайтының желісіне кіріп, өзін «Ленинград және Петербург облысы Ішкі істер басқармасының бастығы Владислав Пиотровскийдің өкілімін» деп таныстырған Артем Кополевты ұстады. Анықтай келгенде, Кополевтің кесапаты талай адамға тиген көрінеді. Қалай дейсіз ғой? Ол аталған сайтқа жалған жарнама беру арқылы бірқатар адамдарды Ресейдің Ішкі істер министрлігіне және басқа да лауазымды қызметтерге орналастырмақ болған. Өзіне хабарласқан



адамдармен оңашада жолығып, олардан пара алған. Айналдырған үш күннің ішінде оған «қызмет» сұрап, 15 адам хабарласқан көрінеді. Тіпті бір учаскелік полиция қызметкері ҰҚК-не қызметке орналасуы қажеттігін айтып, жолыққан. Үш күнде 15 адамның 30 мың долларын жан қалтасына басып, тайып тұрған Артем Кополев апта өтпей жатып ұсталды. Айта берсек, интернет арқылы жарнама беріп немесе өзін таныстырып талайды тақырға отырғызатындар Ресейде ғана емес. Ең қызығы, бүгінгі таңда жасанды жарнамамен ақша табудың «нигериялық тәсілі» ғаламторда күшейіп отыр. Ал ол қандай әдіс дейсіз ғой? Атап айтар болсақ, «нигериялық тәсілдің» жолы қарапайым ғана. Олар мынандай мазмұнда сіздің электрондық поштаңызға хат жолдайды

– «Менің әкем – бұрынғы мемлекет басшысы. Қазір біздің қолымызда ешкім білмейтін қыруар мұнай қаржысы тұр. Сондықтан мен үкімет атынан кепілдік бере отырып, мәлімдеймін. Сіз өз еліңіздегі банктен арнайы есепшот ашып, маған мәлім етіңіз. Өз кезегімде мен есепшотымдағы барлық қаржыны сіздің атыңызға аударамын. Бірақ сіздің осы жерде көмегіңіз керек. Өйткені аударылатын қыруар қаржыға салық ұсталатындықтан сіздің тарапыңыздан аздаған ақша керек. Атап айтқанда, 2 мың доллардай. Осы ақшаны бізге аударғаннан кейін есепшотымдағы мұнай долларларын толықтай сізге аударатынымды мәлімдеймін. Артынша үш күннен кейін келіп, сізге тиесілі ақшаны өзіңізде қалдырамыз». Міне, осы, көз алдына миллиардтаған доллар елестеген ақкөңіл адам бұл қамқорлыққа сеніп қалар... Өмірде ондайлар да бар ғой. Оған бір мысал...

Мадридте ұйымдасқан қылмыстық топ интернеттен арнайы сайт ашып, халықаралық деңгейде лотерея ойнатылатынын айтып, жаһанға жар салады. Бұл ойынға үн қатқандарға белгілі бір уақыт өткеннен кейін әдейі хат жолдап, оның жеңімпаз атанғанын айтады. Осыған орай,



арнайы құжаттарды рәсімдеуге ақша қажеттігін айтады. Испанияда ойналған халықаралық лотереяның құрбаны болған оңтүстік корейлық Ки Хон Лидің ойына, тіпті мұның жалған екендігі де байқалмапты. Оған хат жолдаған қылмыстық топ Лидің 1,5 миллион евро ұтқанын айтып, сүйінші сұраған. Аңқылдаған бейбақ кәріс Испанияның белгілі банкіне 50 мың доллар аударған, ұзамай оның атына «сіз тағы да джек-поттың жеңімпазы атандыңыз, ұсталылатын салық үшін 32 мың евро керек» деген жеделхат келген. Бұған имандай сенген Ки Хон Ли тағы осы қаржыны қысылмай аударған. Лотереядан түскен сыйлықты екі ай күткен кәріс ақыры Оңтүстік Кореядағы испан елшілігіне хабарласқанда, алданып қалғанын бір-ақ білген. Испандық құқық қорғау органдары қазір Хон Лиді «қонжытып» кеткен интернет қарақшыларын іздестіріп жатқанымен, нәтиже жоқ.

Шындығын айтсақ, әлемдік деректер жеке тұлғалардан гөрі, бизнес өкілдерінің интернет алаяқтарынан көп зардап шегіп жатқанын дәлелдеп отыр. Бұл бір. Екіншіден, құрбан болатындар негізінен орта жастан асқан еркектер мен қарт адамдар. Интернет алаяқтарын зерттеу орталығының мәліметтеріне қарағанда, ғаламтор арқылы берілетін жарнама мен өткізілетін аукциондардың 43 пайыздан астамы жасанды, жалған болып шыққан. Ал тауар шығаратын іргелі кәсіпорындардың 1,4 пайызы осындай әрекеттің құрбаны болған. Интернеттегі қарақшылықтың күшейіп кеткендегі соншалық, бүгінде Интерпол мамандары оған қарсы күресте дәрменсіздік танытып отырғанын жасырмайды. Қазіргі таңда тиісті орындарға шағым жасау жөнінен Американың тұрғындары алда. АҚШ-тағы 50-ден асқан азаматтардың 41 пайызы «интернеттік ойын-аукционның» құрбанына айналған. Олар соңғы 10 жылда жеке есеп-шотындағы 152 миллион долларынан айрылған көрінеді.

«Аңқау елге – арамза молда» деп қазекен тегін айтпа-



ғанын осыдан-ақ аңғаруға болар. Қалай айтсақ та, адалдық та, арамдық та, аңқаулық та, алаяқтық та адам баласының өзінен шығып отырғанына көзіміз жетіп отыр. Тіпті интернет қарақшыларының ішінде аса таланттылары да барын білгенде еріксіз бас шайқайсыз. Сондай-ақ мықтылардың бірі – Виктор Люстиг. Ол бес тіл білген және оның 45 лақап аты бар. Алып АҚШ-тың өзі оны 50 рет тұтқындап, дәлелді дерек таба алмаған соң қайта-қайта босатып жіберіп отырған. Өткен ғасырдың басында және орта тұсында өмір сүрген ол 1920 жылы айналдырған екі жылдың ішінде ондаған банкті тақырға отырғызып кеткен. АҚШ полициясы тұртпектеп қоймаған соң, Виктор Люстиг 1925 жылы тағы табыс іздеп Парижге келеді. Бір күні француз газеттерінің бірінен әйгілі Эйфель мұнарасына күрделі жөндеу қажеттілігі туралы хабарландыру оқиды да, дереу іске кіріседі. Ол Францияның телеграф және пошта министрлігі басшысының орынбасары деген лауазымдағы сенім грамотасын қолдан жасап алады да, әр тілде шет мемлекеттерге үкімет атынан ресми хат жібереді. Бұл хатқа жауап қатқан бай кәсіпкерлермен қымбат қонақ үйлерде кездеседі де, Эйфель мұнарасының металын жабық аукционда сату туралы келісімге қол қояды. Қоғамның дүр-дараздығы туындамас үшін «бұл келісім жұртшылықтан жасырын болуы қажет», деп бай кәсіпкерден тіс жармау туралы қолхат алады. Сөйтіп, Андре Пуассо деген бай бизнесменге Эйфель мұнарасының металын сату құқығын береді де, өзі бір шабадан қаржымен елден тайып тұрады. Аяқ астынан байыған алаяқ Виктор Люстиг араға үш ай салып барып, қайтадан Парижге келеді. Осы схема бойынша, ол интернетке жарнама беріп, әр елге тағы да хабарландырулар жібере бастайды. Бірақ «оның бұл жолы жолы болған жоқ. Оның қарақшылық әрекетін кейіннен сезген бизнесмен Андре Пуассо дереу Виктор Люстигті сотқа береді. Алаяқ дереу жиналып, АҚШ-қа қашып кетеді.



Бірақ 1935 жылдың желтоқсан айында тұтқындалып, ісі сотқа тапсырылады. 5 жыл қашып жүргені үшін және алаяқтығы үшін Виктор Люстиг 15 жылға сотталады. Ақырында танымал интернет қарақшысы – хакер 1947 жылы Сан-Францисконың атақты Алькатрас түрмесінде өкпесіне суық тиіп, қайтыс болды.

Әрине, арам жолмен оңай ақша тапқысы келетін интернет баукеспелері өте көп. Басы қатты істейтіндер ғана мұндай әрекетке барады. Алайда жұртты сорлатқандар жұмаққа бармайды. Виктор Люстигтің өлімі осының нақты дәлелі...

Тақырыпқа орай:

Дүниежүзілік форумға келген жас хакер тәжірибелі әріптесінен былай деп сұрапты:

- Интернет арқылы қалай табыс табуға болады?*
- Оның еш қиындығы жоқ, сіз маған 20 доллар аударыңыз.*
- Аудардым.*
- Міне, табыс осылай келеді.*

27 желтоқсан 2011 жыл





БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ҚАРАҚШЫЛАРЫ БІРІГІНДЕР!

Әлемде қарақшылықпен аты шыққан ел көп. Солардың бірі – Сомали мемлекеті. Өйткені мұндағы теңіз қарақшылары жағалаудан өткен жүк кемелерін торуылдайды, тонайды. Қазіргі таңда олармен күресу мүмкін болмай тұр. Тіпті олармен күрес айға, жылдарға созылуы ықтимал. Бірақ күрес нәтиже бермесе ше? 2010 жылғы аталған елде болған тосын жайды жұрт әлі ұмыта қойған жоқ.

Сомали үкіметінің басшысы бірқатар елдердің лидерлеріне мәлімдеме жасап, өз елінің жағалауына әскери корабльдер мен кемелер жіберуді ұсынды. Неге? Қайтсін енді, бір айдан бері (25 қыркүйек) Сомали жағалауында бір топ теңіз қарақшылары Украинаның алып «Файна» кемесін жібермей торуылдап тұр. 25 қыркүйек күні теңіз қарақшыларының жасаған шабуылынан кейін жүрісін тоқтатқан «Фаинаға» назар аудармай-ақ қоюға болатын еді. Десек те...

Мәселенің халықаралық маңызы бар. Украинаның Николаев қаласынан шыққан кеменің Кенияның Момбасу қаласына ың-шыңсыз-ақ жететін мүмкіндігі бар еді. Алайда теңіз қарақшыларының ұстаған кеменің қазіргі жайы халықаралық сипат алып кетіп отыр. Өйткені «Фаина» кемесінің ішінде 1979-1983 жылы өндірістен шыққан украиндық 33 танк пен сондай-ақ басқа да қарулар бар деседі. Алғашқыда 30 миллион доллар сұраған қарақшылар, бұрынғы талабынан айнып, оның құнын 8 миллион долларға дейін төмендетті. Қарақшылардың қысымына шыдамай, кеме капитаны ресейлік азамат жүректен қайтыс болды, ал қалған 17 адам Украина азаматтары. Теңізді торуылдаушы топпен қаншама рет келіссөз жүргізіліп жатса да, мәселенің тығырыққа тіреліп отырған жайы бар. Әйтсе де, бандиттік



топ райынан қайтар емес. Тығырыққа тіреліп отырған жағдайдың қалай аяқталары белгісіз. Әйтсе де, теңіз жағасында және мұхит үстінде қам-қарекетсіз келе жатқан кемелерді күрт басып алып, кепілдікке адам ұстап, ақша табуды кәсіпке айналдырған қарақшылардан қалай құтылудың амалын таппай отырған Сомали үкіметінің де жайын түсінуге болар. Бүгінде «Фаина» кемесінің маңайында НАТО, АҚШ және Ресейдің жеті кемесі тұр. Олар ақша талап етіп, өз әрекеттерінен бас тартпай отырған сомалилік қарақшылардан тұтқындағы азаматтарды азат ете ала ма? Мәселе мынада, теңіз жағалауында тұтқында қалған тек «Фаина» ғана емес, жыл сайын Сомали қылмыстық тобынан зардап шегетіндердің қатары көбейіп келеді. «Кемедегінің жаны бір», Сомали жағалауында теңіз қарақшыларынан жыл сайын жүк тиеген 60-қа жуық корабльдер мен кемелердің байлығын талан-таражға салады. Батыс сарапшыларының мәліметтеріне қарағанда, сомалиліктердің теңізден тапқан табыстары биылғы жылы 30 миллион долларды құраған көрінеді. Жалпы, теңіз торуылдауға басқа емес, неге Сомали қарақшылары әуес. Оның бірден-бір себебі елдегі қалыптасқан саяси жағдай. 1991 жылдан бері елде бас-талған азаматтық соғыс 300-500 мың адамның өмірін жалмап кетті. Уақытша үкімет дағдарысты жағдайдан шығудың амалын таппай келеді. Халықтың тұрмысы өте төмен болғандықтан, осылай қарақшылық жолмен байып, пайда табуға дағдыланып алды.

Сомали қарақшыларының теңіз кемелерін ең ұзақ уақыт ұстаған кезеңі 2005 жыл екені әлі ұмытыла қойылған жоқ. 2005 жылдың 27 маусымында Германия мен Жапониядан тиелген 850 тонна күрішті теңіз қарақшылары жағалаудан 60 шақырым жерде қолға түсіріп, 3 айдан астам уақыт ұстады. Ақырында қарақшылар 500 мың долларды алғаннан кейін олар бір-ақ түнде тайып тұрған. Тіпті қарақшыларды күзетіп тұрған тиісті арнаулы қызмет өкілдерінің



өзі оларды ұстай алмай қалған. Мұндай мысалдар өте көп. Ең алаңдатары сол, әлемдік қауымдастық, алпауыт державалардың өзі Сомалидегі кәсіби қарақшылардың жолын кесе алмай отыр. Өйткені теңіз шығанағына таяу орналасқан ел қарақшылық жасауға таптырмас мекен.

Жалпы, жұртшылық арасында қарақшылар ешкімге бағынбайды деген пікір қалыптасқан. Алайда бұл жалған, өйткені олардың өз жазылмаған заңы бар, бәрі соған бағынады, соған көнеді. Ал егер қарақшылық қағидасы бұзылса, олар сол тәртіппен қатаң жазаланады. Бандиттік топтың өз басшысы-капитаны болады. Бүкіл қауіпсіздігі мен өмірін қалғандары соған сеніп тапсырады. Қарақшылардың жазылмаған заңын барлық команда мүшелері бұлжытпай орындауы тиіс. Атап айтқанда:

1. Команданың әрбір мүшесінің құқы бірдей. Егер олар қиын жағдайға тап болса, өз араларынан сеніп тапсырылған капитан барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, бандалық топты тығырықтан алып шығуға тиіс.

2. Кез келген қарақшы табысты ортақ бөліске салады. Егер байқаусызда біреуі алаяқтық жасап, алынған тауарды ешкімге білдіртпей иемденетін болса, ол белгілі бір уақытқа дейін адам тұрмайтын аралға жіберіледі.

3. Кемеде құмар ойындарға ақша салуға тыйым салынады.

4. Егер топ мүшелерінің бірі корабльге әйел әкелетін болса, сол заматында өлтіріледі.

5. Командадан бас тартқан мүшелерді өлім жазасы күтіп тұр.

6. Кемеде төбелес шығаруға болмайды.

Теңіз қарақшыларының арнайы сайты, туы, елтаңбасы бар. Онда «қарақшылық қай кезден бастау алды?» деген сұрақтан бастап, бүгінгі күнге дейінгі «баукеспе-батырлардың» жорығына дейінгі өмірі суреттелген. Теңіз баукеспелерінің туы – қара, тудың бетінде адам басының қаңқасы



мен айқасқан сүйек немесе қос қылыш бейнеленген. Бұл сенім мен серттен танбау әрекетін білдіреді.

Десек те, әр дәуірдің өз қарақшылары болған. Әсіресе, солардың ішіндегі бізге аңыз болып жеткендері бес-алтау. Олардың ең атақтылары – Эдвард Тич. «Қара сақал» деген лақап атпен өмір сүрген оның түрі шын мәнінде, өте қорқынышты болған. Өте қатал, талапшыл азаматтың өз кораблі бар. Теңіздегі шайқаста үлкен әскери кемелердің өзін жойып, бар байлығын иемденген оған ешкім шақ келмеген. Тіпті ағылшын ханшайымы Анна Тичтің басына алтын тіккен көрінеді. Оның белгісіз бір аралда есепсіз байлығы көмулі жатыр деген де ақпар тараған. 1718 жылы теңіз үстінде лейтенант Мейнардпен шайқаста басына оқ тиген ол заматта тіл тартпай кетеді. Сондай-ақ орта ғасырда өмір сүрген Френсис Дрейк, Генри Морган, А.Экскувемелин сынды қарақшылар да аңызға айналған, «теңіз батырлары».

Ақиқатына келер болсақ, қарақшылықтың да өз тарихы бар. Жалпы, теңіз торуылдаушылардың тарихы Рим империясы тұсынан бастау алады. Қалай айтқанда да, қарақшылық саудамен қатар дамыды. Өртүрлі тауарлар артып, алып теңізге шыққан корабльдердің жолын аңдығандар алдымен аяқ астынан баюды көздегені сөзсіз. Қарақшылық пайда болғаннан бастап, оларға қарсы күрес те басталды. Мысалы, Жерорта теңізінде мекен еткен халықтардың ішіндегі ержүрек финикиялықтардың даңқы сауда кемелері қауіпсіздігін қорғаумен ғана емес, сонымен қатар теңіз қарақшыларымен күресте де аты шықты. Ал шын мәніндегі, ашық теңіздегі айқас орта ғасырлардың тұсында дамыды. Өйткені мұхиттың архы жағынан жаңа құрлықтың ашылуы мен оған қарай ағылған кемелер мен корабльдер сауда жолын өрістетті. Әлі қарулы техника жоқ, жеткілікті дамымаған тұста теңізде бір-бірін тонау жеңілдеу болған шығар, десек те, қарақшылықтың классикалық түрі XVII ғасырда Кариб теңізінде қатты дамыды. Христофор Колумб



ашқан Жаңа жерден кейін, испандықтар Орталық және Оңтүстік Америка территориясына қарай ағылды. Ақыр аяғында теңіз аумағында испандықтарға қарсы бәсекелес Англия, Франция және Голландия флоттары пайда болды. Ақыр аяғында аталған елдердің қарулы күштері испан империясын теңіз аумағынан ығыстырды. Одан кейін біршама уақыт өткен-кеткендерді тонап, Мадагаскар аралында португальдық теңізшілер үстемдік құрды. Алайда олардың әрекеті қылмыстық сипат қана алғандықтан, әмірлік мерзімі де уақытша болды десе болады. Әлемдік ақпарат XVIII ғасырдың ортасында Жерорта теңізінде Хайрадин Барборосса тобы толық билік етті дегенді айтады. Алайда осы ғасырдың соңына қарай барлық Еуропа мемлекеттері бірлесе қимылдап жүріп Жерорта теңізінде үстемдік еткен қарақшылар билігін келмеске жіберді. Жалпылама айтқанда, теңіз қарақшыларының тарихы осындай.

Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс кезінде теңізде неміс әскери флоты билік құрса, XX ғасырдың соңына қарай ақиқаты керек, теңізді торуылдау басқаша сипат ала бастады. Атап айтқанда, рейдерлік әрекет, топ болып тонау пайда болды. Әсіресе, бұл кедей, тұрмысы дамымаған немесе елдің қоғамдық саяси жағдайы тұрақсыз мемлекеттерге тән болып отыр. Сомалилік қарақшылардың да теңізде жолы болып тұрғанында осындай астар жатыр. Оның үстіне алыста жатқан елдің қарақшыларымен күресу де қай елге тиімді дейсің?..».

10 қаңтар 2012 жыл





ҒАСЫР ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРІ

Немістің ZDF TV телеарнасы «Өлім докторы» деген атпен мұқым дүниеге мәлім болған Альберт Хаймнің шын мәнінде, 1992 жылы Египетте тоқ ішек рагынан қайтыс болғанын хабарлады. Оның қара портфелінен біраз жыл бұрын ислам дінін қабылдап, Тарик Фарид Хусейн деген есіммен жүрген төлқұжаты табылды. Ал Симон Визентальдың орталығы «ғасыр қылмыскерлері» деп таныған он адамның көш басында тұрған Альберт Хайм кім? Ол туралы әңгіме кейінірек... Әйтсе де, бүгінгі күнде төрткүл әлемде қызметін өрістетіп жатқан бұл ұйымның басты қызметі не? Жалпы, Симон Визенталь деген кім?

Анығын айтсақ Симон Визенталь орталығы – тәуелсіз ұйым. Орталықтың мақсаты – Холокост құрбандарын еске алып отыру, антисемитизмге қарсы күрес және кезінде нацистік озбырлық пен зорлық-зомбылық жасағандарды заңдық тұрғыдан жазаға тарту. Қазіргі кезде Симон Визенталь орталығының қызметі Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Нидерланды, Австрия мемлекеттерінің жоғары наградаларына ие болды. Орталық АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында орналасқан. Төтесінен айтқанда, ең алдымен еврейлердің құқын қорғайтын халықаралық ұйым. 1977 жылы дүниеге келген бұл орталықтың бүгін 440 000 мүшесі бар және БҰҰ-ның жанынан құрылған консультативтік мәртебесі бар. Ал ұйымды мұндай халықаралық деңгейге көтерген Симон Визенталь кім? Ол 1908 жылы Львов қаласында дүниеге келген, кейін «нацистердің тыңшысы» деген атпен бүкіл дүниеге мәлім болған азамат. Бірінші дүниежүлік соғыс кезінде оның отбасы Венаға көшіп келеді де, кейінірек қайтадан Украинаға қоныс аударады. Ол Львов политехникалық институтына құжат тапсырғанымен, оны оқуға алмайды. Сөйтіп, 1932 жылы Прагадағы техникалық университетті бітіріп, архитектуралық



инженер мамандығын алып шығады. 1939 жылы Германия мен КСРО шабуыл жасаспау туралы келісімге қол қойған тұста, украиналық буржуазияға тиісу басталады. Симон Визенталдың әке-шешесіне тиесілі кейбір кәсіпорындар мемлекет қарамағына өткізіліп, оның туған-туыскандарын Сібірге жер аударады. Симон болса, чекистерге ақша беріп, аман қалады. Бірақ соғыс кезінде ол немістерге тұтқынға түседі де, Польшада азаптау лагерінде өмір сүреді. Олар теміржол салумен айналысады. Бірақ немістер Кеңес армиясы жақындап келе жатқан сәтте Янвск концлагерінде қамалған тұтқындардың 149 мыңын өлтіреді де, 34-ін аман қалдырады. Аман қалғандар Плашов – Гросс – Розен – Бухенвальд – Маутхаузен бағытына жіберіледі. 1945 жылдың 5 мамырында тұтқын Симон Визенталь денсаулығынан ажырап, 45 келі салмақпен азаттыққа шығады.

Бостандыққа шыққаннан соң, Симон тұтқындарды азаптауға қатысқан азаматтарды іздестіре бастайды. АҚШ-тың әскери тұтқындарды іздестіру бюросымен біріге отырып, 1100 қылмыскерді сот залына алып келеді. Сөйтіп, бейбіт тұрғындарды айуандықпен азаптаған осыншама жендет екі жыл өтпей, жатып-ақ жауапқа тартылады. Содан кейін Симонның жұмысы жанданып жүре берді десе болады. Ол 1961 жылы Аргентинада бой тасалап жүрген Адольф Эйхманды, соғыс уақытында гестопалық қызмет атқарған жендет, кейін Австрия полициясы болған Зильбербауэрді қолға түсіреді. Ал Польшада тұтқындар лагерінің бастығы болып, екі жыл Амстердамда бір үйдің шатырында тығылып жүрген Франц Штангті тауып алады, соттайды. Мұндай оқиғалар өте көп. Десек те, орталықтың мәліметі бойынша, іздеуде жүрген нацистік қылмыскерлердің саны 90 мыңға жетіп жығылады. Бірақ осы уақытқа дейін олардың жартысынан астамына ғана сот үкімі шығарылып, олар соттан әділ жазасын алып қойған. Соңғы кезде Симон Визенталь орталығы «Соңғы мүмкіндік» жобасын іске асырып жатыр. Қазір орталыққа Эфраим Зурофф жетекшілік етеді. «Біз соғыс кезінде бейбіт тұтқындарға



жантүршігерлік азап көрсеткен жендеттердің әлі де жер басып жүргенін қаламаймыз. Оларды бүгін ұстамасақ, кеш болады, – дейді Эфраим Зурофф. Қазір Эфраим Зурофф әлемнің әртүрлі басылымдарына жарнама беріп, лагерлердегі тұтқындарды азаптаған СС-терді іздестіру ісін жалғастыруда. Оларды тапқан адамға 10 мың доллардан беретінін де айтып отыр. Тіпті Симон Визенталь орталығы 90 мың қылмыскердің ішінен «ғасырдың аса қатал 10 жендетін» де анықтап қойғанға ұқсайды. Сонда олар кімдер? Шын мәнінде, орталық атап өткендей, олар «ғасырлық мәні» бар қылмыскерлер ме?

Ал «атақты 10 бауқеспенің» көшбасында кім тұр?

1. Ариберт Хайм. Австрия және неміс дәрігері, әскери қылмыскер. «Өлім докторы» деген атпен саяси сахнада аты қалған. Ол 1940 жылға дейін Венада дәрігерлік қызмет атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыс тұсында Австрияның территориясында орналасқан Маутхаузен концлагерінде 1941-1942 жылдары жұмыс істеді. Симон Визенталь орталығының мәліметтеріне қарағанда, Ариберт Хайм осы жерде тұтқындағыларға эксперимент жасады деген дерек бар. Әрине, естіген адамның жаны түршігетін оқиға. Атап айтар болсақ, «адамдар наркозсыз операцияға шыдас бере ала ма, сырқаттар улы дәрі бергеннен кейін қанша минуттан кейін өледі, оны ауру қалай қабылдайды, адамның жаны мұндай қысымға қаншалықты шыдайды?» деген сықылды сынақтарды жүргізген. Мұндай қысымдар, әсіресе, еврейлерге көбірек жасалған көрінеді. Мұны Ариберт Хаймның жазған күнделіктерінің өзі растаған сияқты. 1945 жылы әскерилер «Өлім докторын» тұтқынға алғанмен, дәлел жеткіліксіз болып, бостандыққа жіберіледі. Ол 1962 жылға дейін немістің Баден-Баден курортында гинеколог қызметін атқарады. Ариберт Хаймның кейінгі тағдыры белгісіз. Ол жасырынып жүрді. Бірде Чилиде, бірде Нидерландыда тұрады деген де ақпарат шықты. Оның өлгені туралы дерек өткен аптада ғана анық болды. Альберт Хейм 1992 жылы Египетте тоқ ішек рагынан қайтыс болыпты. Оны Хеймнің қызы да, ұлы да растаған.



2. Иван Демьянюк. Украин азаматы, кейін АҚШ-та тұрған. Концлагерьлердің бірінде күзетші болып жұмыс істеген. Треблинк лагерінде 80 мың еврейді өлтірген деген дерек бар. Лақап аты – Иван Грозный. 1993 жылы АҚШ азаматтығын алған, 2002 жылы оған қарсы қылмыстық іс қозғалғаннан кейін Америка одан азаматтықты алып тастады. Иван Грозный тұтқындардың басын кесіп, азаптап, аяғы ауыр әйелдердің ішіне қылыш тығып, оларды қатты қорлаумен айналысқан деген деректі келтіреді орталық сарапшылары.

3. Сандор Кепиро. Венгрия жандармы, соғыс кезінде 1000 серб азаматын өлтірді деген ақпар бар. 1944-1945 жылдары оны сот айыпты деп тапқанымен, кейін ақталған. Көп жыл Аргентинада тұрып, кейін Венгрияға қайта оралған. Әйтсе де, ол өзін «жазықсызбын» деп есептейді. Қазір венгр соты тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

4. Миливой Аснер. Хорватия полициясының бастығы. Оған мыңдаған сыған, еврей, сербті азаптап өлтірді айып тағылған. 2005 жылы Хорватия билігі Австриядан елге қайтару туралы нота тапсырғанымен, оны беруден Венадағы билік бас тартты.

5. Сойрен Кам. СС қызметкері. Сойрен Кам 1943 жылы журналист әйелді айуандықпен азаптап өлтірген. Германияда тұрады. Дания билігі Сойрен Камды экстрадициялау туралы мәселе көтергенмен, ол орындалған жоқ. Сот оны айыптауға жеткілікті дәлел таппай отыр.

6. Генрих Бойре. СС-тің офицері. Нидерландының үш офицерін өлтірген. 1949 жылы сырттай өлім жазасына кесілген. Кейін өмір бойы абақтыда отыруға үкім шығарылды. Неміс билігі оны беруге бас тартты. 2008 жылы Дортмунд соты оған қарсы қайтадан тергеу ісін бастағанымен, ол аяқсыз қалды.

7. Чарльз Зентай. Бұрынғы венгр сарбазы. Соғыс кезінде концлагерьде ондаған азаматтардың қанын жүктеген. Бірақ осы күнге дейін өзін жазықсыз санайды. Австралия үкіметі оны қолға түсіре алмай отыр.



8. Михаил Горшков. Түп төркіні – эстониялық. Ол соғыс кезінде беларусь жерінде гестапалық қызметте болған. Жүздеген бейбіт тұрғынның өліміне себепші болған. Соғыстың аяғында қызметін тастап, Германияның оңтүстігінде тұрған. Кейін АҚШ-қа қашқан. АҚШ және Израиль билігі оны айыпты деп тапқанымен, эстон билігі оны бермей отыр.

9. Алгимантас Дайлиде. 2006 жылы Литва билігі оны соғыс кезіндегі нацистік қылмыстары үшін айыпты деп тауып, бес жылға сотталған. Бірақ денсаулығына байланысты түрмеден көп ұзамай босады. Қазір Германияда тұрады.

10. Харри Мяннил. Соғыс уақытында мыңдаған еврейдің өліміне себепші болған. АҚШ билігі оны айыпты деп тапқанымен, 2005 жылы эстон билігі оны қайтадан ақтап алды.

Симон Визентальдың орталығы атап отырған он қылмыскер осылар. Кісі өліміне себепші болғандар шын мәнінде, қатал заңның жазасын тартқаны дұрыс. Олар қайда тұрса да... Еврейлік мүдде тұрғысынан құрылған бұл орталық бүгінде бақилық болып кеткен 6 миллион қандасын азаптағандарды осылай іздестіріп жатыр. Ал 6 миллион саны ақиқат дерек пе? Иранның президенті Ахмединежаб алты миллионның алдамшы цифр екенін айтып, бүкіл дүниені өзіне бір қаратқан. Қалай айтқанда да, өз мүддесі тұрғысынан қандастарын жоқтаған әлемде бір ұйым бар екенін білдік. Ал бір жүйенің құрбаны болып, ашаршылықта 4 миллион адамынан айырылған қазақтың құнын кім сұрайды? Оларды ажал құштырғандар да «ғасыр қылмыскерлері» емес пе?

...Бізді мазалаған ой осы еді...

15 қаңтар 2012 жыл





ЯПОНЧИК – ОРЫС МАФИЯСЫНЫҢ АТАСЫ

Ол 1940 жылы Грузияда туды. Мәскеуде өсті. Еркін күрестен бірнеше рет чемпиондық атақты жеңіп алды. Алғаш рет 26 жасында қара базарда ұрлық жасағаны үшін сотталды. Ұзамай бостандыққа шықты.

Ол... ол деп отырғанымыз қылмыс әлемі серкелерінің бірі – Вячеслав Иванович. Лақап аты – Япончик. Япончик туралы жүздеген мақала жазылды. Оның даңқы Америка, Канада асты, Еуропа елдеріне жетті. Қандайда бір қылмыстың тарихын алып қарасаңыз, онда міндетті түрде Япончиктің аты жүрді.

14 жасынан бастап қалтаға түсудің сан қырлы амал-тәсілдерін меңгерген Япончик негізі, ешқайда жұмыс істемеген. Қашанда қаржысыз жүрмейтін Япончик 60-жылдардың аяғында сол кездегі атынан адам баласы қорқатын, атышулы Моңғолдың (Геннадий Корьков) бандасына мүше болды. Корьковтың бандасында 30 баскесер жұмыс істеді. Япончик бастықтың тапсырмаларын адал орындады және кез келген іске бас тігіп бара беретін. Бұл қасиет серік-тестерінің арасында оның абыройын күрт арттырды.

1972 жылы жылы Кеңес Одағында қылмыстық топтарды тазалау операциясы жүзеге асты. Соның нәтижесінде, құқық қорғау органдары қылмыстық топ серкелерінің бірі Моңғол мен Балды 14 жылға соттап жіберді. Бұл операциядан Япончик әуірімдеп жүріп аман қалды. Қылмыстық топтың басшысы түрмеге қамалғаннан кейін Япончик өз бандасын құрды. Япончик тобының мүшелері әр жерден қылаң бере бастады. Ригада, Свердловск мен Қазанда, бүкіл Кеңес Одағы территориясы аумағында оның атағы дүркіреп тұрды. Топ мүшелерінің барған жерінде адам өлімі көбейді.



1974 жылы Мәскеудегі «Русь» ресторанында ақша бөлісе алмаған Япончик пен Ясаф тобының арасында атыс болады, Нәтижесінде, Япончик қамауға алынады. Алайда атысты көрген куәгерлердің бәрі ақырында алғашқы айтқан сөздерінен айнып кетеді де, Япончик ақталып шығады. Кейбір мәліметтерге қарағанда, қамауда жатқан Япончик бостандықтағы өз адамдары арқылы куәгерлерге қысым жасаған. Тіпті істі тергеген тергеушілердің өзіне үлкен көлемде ақша беріп, аман шыққан деген де сыбыс бар.

1980 жылдың аяғында Кеңес Одағының мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Япончик бандасының ізіне түсіп, олардың бірқатарын қамауға алды. Бірнеше ай бойы қылмыстық топ мінетін 30 автокөліктің түр-түсі мен номері және олар қонып, түстеніп жүретін үйлер мен мейманханалар бақылауға алынды. Ақырында 1981 жылдың мамыр айында қылмыстық топ Қара теңізге демалуға бара жатқан тұста ұсталды. Қаумалаған полиция көлігінен қашпақ болған Япончикті құқық қорғау қызметкерлері машина дөңгелегін атып тоқтатады. Тексеру барысында оның көлігінен өз атына жазылған үш жалған жүргізуші куәлігі, әртүрлі фамилиядағы төрт төлқұжат және екінші топтағы мүгедек деген медициналық анықтама қағазын алады.

Тергеу жұмыстары аса тиянақты және құпия жағдайда жүргізіледі. Тіпті Япончикті тергеу изоляторынан сот залына алып келер күні маршрут бірнеше рет өзгертіліп отырады. Тіпті айыпталушыны аман сақтап қалу үшін арнаулы сақшылармен қатар, алғаш рет ОМОН да пайдаланылады. Мұндай қатаң жағдай неліктен орын алды? Кейбір мәліметтерге қарағанда, Япончиктің бәсекелестері жол бойында оған қастандық жасамақшы болған. Бұл ретте рецидивист Бецтің аты айрықша аталады. Өйткені атағы дүркіреп тұрған Япончиктің көзін құртқанда ғана оның ықпалы жойылатын еді. Алайда Кеңестік Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне Иванов-Япончиктің өлгені керегі жоқ-ты. Бұл



туралы кейінірек. Сонымен, ақырында Япончик «қару қолдану арқылы бопсалау әрекетін жүзеге асырды» деген айыппен 14 жылға сотталды. Магаданға жер аударылған атышулы қылмыстық топтың жетекшісі ол жерде де тыныш жатпады. 26 рет колония режимін бұзып, 16 рет айып изоляторына қамалып, екі рет карцерге түсті. Екі рет түрмедегі серіктестерінің денесіне жеңіл жарақат түсіргені үшін жергілікті халықтық соттың үкімімен сотталды. Не керек, Магаданда жүріп, негізгі мерзіміне тағы екі жыл қосты.

Алайда Япончиктің алыс Сібірде қамауда жатуы базбіреулерге ұнай қойған жоқ. Оны құтқарудың сан түрлі амал-тәсілдері қарастырылды. Ол «әділетсіз жағдайда сотталды» деген ақпарлар жоғары жаққа жетіп жатты. Оның үстіне қылмыс әлемінің серкесі өзі де қарап жатпай арыздана бастады, ойда жоқта жоғары мемлекеттік органдардан Япончикке жаны ашитындар табыла бастады. Ақыры не керек, 1989 жылдың күз айында РСФСР Жоғарғы сотының арнайы хаты келіп түседі. Бұған жауап ретінде колония басшылығы Япончикке жағымды мінездеме береді. Сөйтіп, қылмыс әлемінің серкесі «сүттен ақ, судан таза, дұрыс жолға баяғыда түскен азамат» болып шыға келеді. Мәскеуде бірнеше депутаттармен қатар, атакты әнші Иосиф Кобзон да қылмыскердің жазықсыз қамалғаны туралы кепілдеме береді. Сонымен, «кеңестік қоғамдық пікірдің» өзектілігі ескеріле отырып, Вячеслав Иванович-Япончик бостандыққа шықты. 10 жылдан кейін. Алайда Кеңес Одағы құлап, халықтың хал-жағдайы нашарлап, қара базарда рәкетерлік әрекет асқынып тұрған шақта қылмыс әлемінің серкесі – «вор в законе» Япончикті абақтыдан шығарудың өз есебі мен себебі бар-тын. Бұл ретте криминологтар мен МҚК қызметкерлерінің мынандай ішкі есебі болған деседі: Мәскеуде, бүкіл Ресей аумағын билеген шешен және грузин қылмыстық тобын елден ығыстыру үшін Япончиктің



бостандыққа шығуы керек болды. Шын мәнінде де, түрмеден босанғаннан кейін Япончик «славян авторитеттерін» жинап, кавказдық топтардың ықпалын жою үшін күрес жүргізді. Ресей қылмыстық нарығын жұдырығында ұстап тұрған грузин және шешендерге «күресуші боец ретінде» Андрей Исаев (лақап аты – Роспись) таңдап алынады. Ал Япончиктің бұл операцияға сырттай, жасырын бас-көз болуының себебі бар. Өйткені Япончик бірқатар грузин серкелерімен тығыз қарым-қатынас ұстанды, атап айтқанда Отари Квантришвилимен. Бұл бір. Екіншіден, Иванов Магаданда итжеккенде жүргенде Отари Квантришвили оның отбасын асырады, бала-шағасына қаржылай көмектесіп отырды. Бұл тазалау осылай аяқталды. Алайда түрмеден шықса да қылмыстық әрекеттерін тоқтатпаған Япончиктің соңында КГБ тыңшылары жүрді.

Өмірінің соңғы он жылын түрмеде өткізген Япончик ақырында Кеңес Одағынан кетуді ұйғарады. Түбі ТМД-лық кәсіпкер Леонард Лев жалған рәсімделген Ресей – АҚШ біріккен кинокомпаниясын құрып, АҚШ-қа аттанатын кинотобының директоры ретінде Вячеслав Иванов тағайындалады. 1992 жылдың наурыз айында Америка жеріне аяғы тиісімен екіжақты құрылған кинокомпания құрдымға кетеді.

АҚШ-қа келіп грузин, шешен және орыс авторитеттерінің басын қосқан Япончик қайтадан белсенділік таныта бастайды. Жерлікті мафиямен де тығыз байланыс орнатады. Алайда Ресей Ішкі істер министрлігі АҚШ-тың Федералды барлау орталығына арнаулы хат жібереді. Мұнда не деп жазылған еді? ФБР-дің арнаулы агенті Лестер Р. Макналтидің мәлімдеуінше, «Япончик орыстың ұйымдасқан қылмыстық тобын үйлестіру үшін АҚШ-қа келген». Өз кезегінде Ресей қауіпсіздік қызметі АҚШ-тың арнаулы органдарына Япончик – Ивановтың басқалармен байланысуы мүмкін барлық телефондарын береді. Содан



бастап ФБР атақты баукеспенің ізін аңдиды. Япончиктің қылмыстық тобы Еуропаның бірқатар қалаларында, Канада, Лондон мен Венада, Будапештте қызметін жандандырады. Ол АҚШ-та жүріп қылмыстық жолмен табылған ақшаны заңдастыру үшін «Славик инк» фирмасын құрады. Тәуелсіз сарапшыларының мәліметтеріне қарасак, Япончик америкалық серіктестерінің арқасында Ресей аумағы арқылы Батыс Еуропаға өтетін героин мен кокоинге қатысты барлық іске бас-көз болып отырған. Ресей ІІМ министрлігінің мәліметінше, 1995 жылдары Япончиктің жақтастары ретінде «вор в законе», 12 жылға сотталып, кейін босаған В. Слива (бүркеншек аты – Слива), А.Исаев, Австриядағы қылмыстық топтың басшысы А. Тохтахунов (Тайванчик), Владивосток авторитеті С.Бауло (Баул), Женевада тұтқынға алынған қылмыстық топтың серкесі Борис Антонов, (Боря-Антон), барлығы он шақты адам болған.

Алайда Япончик және оның жақтастарының ізін аңдып отырған АҚШ федералды барлау қызметі ақыры атақты баукеспені қолға түсіреді. Япончик бірнеше серіктесімен «Тройка» орыс ресторанында «Саммит интерншнл» фирмасының иесі, кәсіпкерлер Волошин мен Волковтан 3,5 миллион долларды тартып алу үшін еріксіз қол қойдырады. Нәтижесінде, қос кәсіпкер арызданып, бір аптадан соң АҚШ соты Япончикті ұстап түрмеге жабады. Қылмыс әлемінің серкесі сөйтіп, 10 жылға сотталып кете барады. «Орыс мафиясының атасына» АҚШ-та сот жүріп жатқан тұста оның әлемдегі серіктері 3 миллион доллардай ақша жинап, құтқарып алмақ та болады. Алайда бұл жоспар жүзеге аспай қалды. Ақыры америкалық сот Иванков-Япончикті кінәлі деп тауып, 1997 жылдың шілдесінде соттады.

Бірақ Япончик жаза мерзімін аяғына дейін өтеген жоқ. 2004 жылы ол АҚШ түрмесінен мерзімінен бұрын босады. Атақты баукеспені америкалықтар қайтсін?! Япончикті арнаулы рейспен Мәскеуге жеткізді. Алайда оны Ресейдің



құқық қорғау органдары қызметкерлері «1992 жылы ресторандағы атыста екі грузин азаматын атып өлтірді» деген айыппен Шереметьево әуежайында күтіп тұр еді. 2004 жылдың 11 шілдесі күні «Матросская тишина» түрмесіне қамалған ол бір жылдан кейін ғана ақталып шықты.

Түрмеде «пахан» болған Япончик сөйтіп, Ресейде бес-ақ жыл өмір сүрді. Мәскеудегі «Тайский слон» мейманханасынан шыққан сәтте 28 шілде күні оны атып кетті. Ауыр тиген оқ жарақатынан жазыла алмай, ауруханада жатып, 9 қазан күні дүниеден өтті. Иванов-Япончикті грузин және армян мафиялық тобы бәсекелестіктен ығыстыру үшін мылтықтың қарауылына алды деген дерек бар. Сөйтіп, «орыс мафиясының атасы» атанған жігіт жетпіске қараған шағында тапсырыспен атылған оқтан өз елінде көз жұмды. Ал оны атқан кім? Бұл осы күнге дейін жұмбақ күйінде қалып отыр.

20 қаңтар 2012 жыл





ХАКЕРДЕН КЕЛГЕН ҚАТЕР

Балаға бала деп қарауға болмайды. Әсіресе, бүгінгінің балаларының білмейтіні жоқ. Өткенде Жаңа Зеландияның Гамильтон қаласының соты 13 жастағы Оуэн Уокерді қылмысқа еш қатысы жоқ деп тауып, оны ақтап алды. Қазір елдің құқық қорғау органдары мен ұлттық қауіпсіздік жүйесі Уокерді өз қызметіне пайдалану туралы мәселе көтеріп отыр. Сонда арнаулы білімі жоқ, 13 жасында мектепті тастап кеткен жасөспірімге тағылған айып қандай?

Қазір өркениетке аяқ басқан, технологияның дәуірі жүріп тұрған тұста ешнәрсеге таңғала алмайсың. Қазіргі жасөспірім компьютердің «құлағында» ойнайды. Оуэн Уокер де сондай болған. Компьютерге құштарлығы ауғаны соншалық, сабаққа баруды қойған. Күні-түні бойы көк кобдишаның алдынан шықпайтын ол әлемнің әр түкпіріндегі компьютер қарақшылары тобымен де байланысқа түсіп отырған. Ақырында ол банк есептері мен ірі компаниялардың компьютерлік желісін бұзып кіретін бағдарлама ойлап табады. Бұл жөнінде қарақшыларға құлаққағыс етеді. Содан не болды дейсіз ғой. Әлемнің әр түкпірінен байланысқа шыққан хакерлер Оуэн Уокердің бағдарламасын пайдаланады. Сөйтіп, әр елден құралған 13 хакерлік топ банктегі шоттан 26 миллион долларды ұрлау операциясы процесін жүзеге асырып жатқан сәтте бұл әрекет мәлім болып қалады. Істі зерттеген елдің қауіпсіздік жүйесі мен құқық қорғау органдары Оуэн Уокерді айыпты деп табады. Бір жылдан астам уақытқа созылған тергеу ісі ақырында 13 жастағы жасөспірімнің жазықсыз екенін дәлелдейді. Мәселе мынада: Оуэн Уокердің бағдарламасын пайдалану арқылы хакерлер банкке залал келтірмек болған. Бұл жерде Оуэн өзі процеске қатыспаған. Десек те, сот одан 10 мың доллар өндіріп алу жөнінде



шешім шығарды. Мұның дұрыс-бұрыстығы бізге қызықты емес, назар аударарлығы, жас баланың таланттылығында. Оуэннің бағдарламасын пайдалану арқылы банктің құпия есепшоттарын ақтарған 13 адам қазір қамауда. Оуэн Уокерді Жаңа Зеландияның полициясы жұмысқа алар-алмас, бірақ енді ол өмір бойы қауіпсіздің жүйесі қызметкерлерінің назарынан тыс қалмайды.

Рас, қазіргі таңда компьютер қарақшылары жасарып келеді. Хакерлер бүгінде ақыл-ойы пісіп жетілген 30 – 50 жас аралығындағылардан емес, жасөспірімдерден шығып отыр. Мұның себебі неде? Ал шын мәнінде, хакерлік қылмыс па, жоқ әлде олардың қарақшылықпен астасқан әрекеттері шын мәнінде, бағалауға тұрарлық па? Ойланарлық іс десек те, бір мүшелге толған жасында қауіпсіздігі мықтап қорғалған әлемнің алпауыт компанияларының компьютерлік желісін бұзып кіретін «тентектердің» ақылдылығы мойындауға тұрарлық. Алайда хакерлік тарихқа көз жіберсек, ірі банктер мен корпорацияларға орасан зор залал келтірген компьютер қарақшыларының ұзақ мерзімге сотталған бірі жоқ. Соған қарағанда, хакерлердің түрмеде күнін босқа өткізгенін мемлекеттің тиісті органдары да қаламайтын сияқты. Әлемдегі ең атақты хакердің жазасын өтеген ең ұзақ мерзімінің өзі 4-5 жылдан әрі аспайды.

Тағы бір мысал, 15 жасар жігіт Том Вуд Австралия үкіметі 70 миллион доллар жұмсап жасаған мемлекеттің порнофильтр қорғанысы бар интернетін 30 минутта-ақ бұзып-жарып кірген. «Қайдағы бір шетелдік программистерге 70 миллион доллар беріп жасатқан мемлекеттік қорғаныс бағдарламасы түкке тұрғысыз екен». Өзінің жасаған әрекетіне масаттанған Том бала Австралия үкіметінің әрекетін сынға алып, БАҚ-қа осылай пікірін білдіріп жіберген. Шындығында, қазіргі таңда қандай да бір сайт та, мекеме мен компаниялардың компьютерлік желісі мен банктердің есепшоттары аса құпиялы, оған көк қобдиша арқылы ешкім



ене алмайды деу қисынсыз пікір болып қалды. Өткен жылы хакерлер АҚШ-тың коммерциялық банкінен 20 клиенттің ақпараттық мәліметтерін ұрлаған. Аталған банк АҚШ-тың төрт штатының азаматтарына қызмет көрсетеді. Жалпы алғанда, 20 клиенттің құпия мәліметтерімен қоса, тағы банктің 3 мыңға жазбалары да қолды болған. Хакерлер ұсталған жоқ, бірақ амалдың жоғынан банк қолды болған клиенттердің есепшоттарын, кредиттік карточка мен басқа да ақпараттарын дереу қайта өзгертуге мәжбүр болған.

Бір байқалғаны, компьютер қарақшыларының әрекеттері компания мен банк қызметтерінің есепшоттарын ұрлау ғана емес, кейінгі кезде басқа реңк бере бастағандай. Атап айтқанда, хакерлердің жұмысы соңғы уақытта саяси сипат ала бастады. Мысалы, Ливан-Израиль соғысы кезінде Ресейдегі немістің BMW автоконцерні сайтына «басып кірген» хакерлер мынадай сипатта өз пікірлерін жіберген: «АҚШ, Израиль! Балаларды өлтірмеңдер, жауыздық әрекеттеріңді тоқтатыңдар! Бейбітшілік – мәңгілік, ал соғысқа жол жоқ!». Бұл әрекетті түрік хакерлері өз мойнына алған, жалпы әлемде, түрік «тентектері» өте белсенділердің бірінен саналады. Тіпті олар 2007 жылдың 3 мамырында премьер-министр Реджеп Ердоғанның жеке сайтына шабуыл жасап, елде жастар арасында жұмыссыздық өрістеп бара жатқанына налып, үкімет басшысына наразылықтарын білдірген. «Ел басшылығының исламдық бағыт ұстануы мемлекеттің дамуын тежеп отыр» деген сипатта пікірлерін білдірген. «Қымбатты премьер-министр! Сіз біздің мұңымызды тыңдағыңыз келмейді, сондықтан осындай жолмен үнімізді білдіруге тура келіп отыр. Сіздің құрған мемлекеттік жүйеңіз халыққа қызмет етіп отырған жоқ. Жастар арасында жұмыссыздық пен бұзақылық өрістеп барады. Премьер ретінде Реджеп Ердоған ислам құндылықтарын насихаттаумен айналысып кетті. Елді осындай жолмен тығырықтан шығару жақсылыққа апармайды».



Негізі, мұсылмандық пен еуропашыл сипатты қатар ұстанғандықтан болса керек, түрік хакерлерінің саяси белсенділігі жоғарырақ дейді сарапшылар. Израиль-Ливан соғысы кезінде БҰҰ-ның сайтына да шабуыл жасаған «түрік тентектері» Таяу Шығыстағы соғысты дереу тоқтатуға шақырған. Ал ТМД көлемінде хакерлік әрекеттер дәл шетелдегідей белсенді емес. Мұны компьютердің өмірімізге дендеп енгеніне 15-20 жылдың көлемі ғана болғанымен өлшеу дұрыс сияқты. Әйтсе де, өткен жылы түбі қазақстандық екі орыс азаматының АҚШ банкіне электрондық шабуыл жасап, құпия құжаттар ұрламақ болғанынан жұртшылық хабардар.

Десек те, мамандардың бағалауынша, әлемде шабуылға ең көп ұшырайтын Microsoft.com сайты. Жыл сайын хакерлер сайтқа 100 мыңға жуық шабуыл жасап отырады екен.

Ағылшын полицейлерінің есептеуінше, хакерлердің қарақшылық әрекетінен Ұлыбритания экономикасы 3 миллиард доллар зиян шегеді. Өткен жылы елде жалған банк сайттары 160 есеге өскен. Қарақшылар электрондық пошта арқылы жасанды сайтқа жалған хат жібереді. Клиенттер оған сеніп, өздерінің жеке шоттары мен нөмірлерін көрсетеді. Қылмыскер құпия мәліметтерді иесінен осылай алады да, шоттағы есепті өз атына аударады.

Әлемде интернеттегі қарақшылық жөнінен АҚШ бірінші – орында, екінші – Қытай, ал үшінші – орында интернет арқылы қаржылық айла-шарғы жасау жөнінен неміс хакерлері тұр.

Әлемнің атақты 10 хакері

1. Кевин Метник. Ол – нағыз хакер. Ең алғашқы жұмысын қоғамдық көліктердегі аппараттарға сым қыстыру арқылы тегін билет алудан бастаған. Кейін телефон жүйесін терең зерттеп, халықаралық байланыста тегін сөйлесу процесін жүзеге асырған. Артынан оны місе тұтпай, елдің



корпоративтік құпияларына еркін кіріп, АҚШ-тың қорғаныс жүйесіне шабуыл жасаған. Атақты операцияларынан кейін 5 жыл түрмеде отырып, қазір компьютерлік қауіпсіздік жөніндегі кеңесші қызметінде.

2. Адриан Ламо. Ламо Microsoft компаниясы мен және «Нью-Йорк таймс» газетіне зор шығын келтірген адам. Бір қызығы, ол қандай да бір компанияның сайтына бұзып кірсе де, «хакерліктен қалай қорғануға болады?» деген сауалдың жауабын сол залал шеккен сайтқа қалдырып, қателерін көрсетіп отырған.

3. Джонатан Джеймс. 16 жасында хакерлік операциясы үшін аз уақыт түрмеде отырып шыққан. Джеймстің ең үлкен табысы, АҚШ Ұлттық ғарыш агенттігінің сайтына шабуыл жасап, 1,5 миллион долларға татитын құпия мәліметтерді алған.

4. Роберт Таппан Моррис. Ол университетте оқып жүргенде, компьютер вирусын ойлап тауып, үлкен жылдамдықпен оны әлемнің бірқатар компьютерлік желілеріне жіберген. Соның салдарынан 6000 компьютер істен шыққан. Роберт одан кейін 6 жылға сотталып, 10 мың АҚШ долларын айып ретінде төледі. Қазір Роберт Массачусетск технологиялық университетінде – профессор.

5. Кевин Полсен. Ол телефон стансаларын істен шығарумен аты шыққан. Полсен телефон әңгімелерін тыңдаумен айналысқан. АҚШ-тағы Лос-Анжелес радиостансаның жиілігін бұзғаннан кейін, 5 жыл түрмеге қамалды. Қазір журналист, Wired News журналының бас редакторы.

6. Ричард Столмэн. Ол хакерлерге тегін бағдарлама жасап берудің шебері ретінде тиісті органдардың назарын аударған.

7. Джон Дрейпер. Ол өзінің ысқырық аспабы арқылы телефон желісін бұзып отырған. Қазір хакерлер шабуылынан қорғанатын бағдарлама жасайтын өз компаниясы бар.

8. Владимир Левин. Атақты орыс хакері. «Ситибанктің»



желісін бұзып, банктен 10 миллион доллар ұрлаған. Ол 1995 жылы Ұлыбританияда қолға түсті. Левин 24 мың АҚШ долларын төлеп, 3 жылға сотталған.

9. Цутому Симамура. Атақты хакер Кевин Метник Сандигодағы суперкомпьютерлік орталықтың желісін бұзып, құпия құжаттарды ұрлап алғанда, Цутому оның ізіне түсіп, полицияға ұстап берген.

10. Джастин Питерсен. Ол кредиттік карталарды ұрлаудың шебері. Питерсен де тиісті органдардың тапсырысымен атақты хакер Кевин Метниктің ізіне түскен. Ол телефондар мен компаниялардың құпия құжаттары тұратын желісіне түсіп, қандай қымбат сыйлықтардың ойналатыны және оның нөмірлері қандай екенін алдын ала біліп, оларды ұтып алып отырған. Ақырында оны ФБР біліп қойып, 3,5 жылға соттаған.

25 қаңтар 2012 жыл





ТҰҢҒЫС ОРМАНЫНДАҒЫ ТОСЫН ҚҰБЫЛЫС

Әлемде әлі сыры ашылмаған құпия нәрселер өте көп. Сан жылдар өтсе де. Тіпті жұмбағын ғасырларға жасырған жайттардың құпиясын ашуға ақылды бастардың да шамасы жетер емес. Адамзаттың ең өркениетті ғасырына аяқ бассак та, ғаламшар құпиясы өз қойнауында беймәлім сырды әлі жасырып келеді.

Сол жұмбақтың бірі – Тұңғыс апаты. Аталған апатқа 2008 жылы 100 жыл толды. Бүкілресейлік БАҚ бұдан бір ғасыр бұрын болған оқиғаға тағы бір қайта оралып, бәрі дерлік жазды. Жыл сайын осы күні орыс баспасөзі өткенді бір еске алып қояды. Ұмытпау үшін де, еске алып, зерттеп отыру үшін де шығар. Бірақ ең ақиқаты мынада: Тұңғыс (Тунгус) апатының сыры ашылмай келеді. Әлі күнге дейін, 100 жыл өтсе де...

...1908 жылы 30 маусым күні қазіргі Эвенкийск авто-молиялық округі Тунгус-Чунск ауданы Ванавара поселкесінің маңындағы қалың орманда ғаламат бір жарылыс болды. Таңғы сағат жетілер шамасында Енисей бассейні маңайына аспаннан көз қарықтырар асқан жылдамдықпен от-сәулемен келіп, бір үлкен дене-шар құлаған. Тіпті көріну қашықтығы 600 шақырымды құраған отты шар орыс орманына құлаған сәтте Транссібір магистралі бойымен кетіп бара жатқан пойыздың машинисі жылдамдығын күрт азайтып, амалсыз тоқтауға мәжбүр болған. Орасан зор гүріл мен жарылыстан соң ормандағы мыңдаған бұғылар өліп, жақын маңдағы үйлердің терезесі қираған. Сұмдық жарылыс орманның күлін көкке ұшырып, өрт пен шаң, топырақ 7-10 шақырым биіктікке көтерілген. Жарылыс, тіпті жер сілкінісін тудырған. Сутегі бомбасының қуатына пара-пар



болған бұл апат қазіргі Мәскеудің аумағындай жерге зала-лын келтірген. Жарылыс болған сәтте, орыс-жапон соғысынан қалжыраған халық түк түсінген де, ешнәрсені аңғарған да жоқ. Тіпті «соғыстың соңғы жарылысы шығар» деген де қойған. Бұл жаңсақ ұғым еді. Алайда жергілікті ғана емес, аталған аймақтан 100 шақырым жерде тұратын тұрғындардың денелерін күйік шалдырған бұл ғаламат отты шар не нәрсе? Жарылыс болған күннің түні жап-жарық болып, тіпті газет оқуға болатындай жағдай орнаған. Аспаннан төгілген сәуледен адамдар ұйықтай алмай, түнде сең сокқан балықтай күй кешуге мәжбүр болған. Бұл не сонда? Ненің салдары? Метеорит пе, бөгде планеталықтардың құлаған ұшқыш тарелкасы ма, жоқ әлде комета ма? Адамзатты толғандырған бұл сұрақтың жауабы әлі күнге дейін құпия күйінде қалып келеді. Болжамдар әртүрлі. Пікір бір арнаға тоғысқан емес. Десек те, апат болған жерге уақыт өте келе орыс зерттеушілері ат ізін салды. 21 жылдан кейін.

1927 жылы Ресей ғылым академиясының делегациясынан құралған бір топ экспедиция метеорит жөнінде ақпар жинау үшін Красноярскіге, Тұңғыс орманына келді. Әрине, соншама уақыт өткеннен кейін дерек жинау оңайға сокқан жоқ. Экспедицияны басқарған Леонид Кулик ең алдымен сол кездегі газет қиындыларын ақтарды, куәгерлермен сөйлесті. Сөйтіп, өрт шалған аймаққа алғаш рет аяқ басты. Шын мәнінде, алып метеоритің Енисей бойымен ұшып келіп, төменгі Тұңғысқа құлағанын анықтады. Алып аймақты өртке душар етіп, табиғатқа орасан зор зардабын тигізген беймәлім денеден алайда ешқандай белгі қалмаған. Кулик экспедициясы ешқандай қомақты дерек таппай кері қайтты.

Алайда Тұңғыс апаты адамзаттың назарын одан әрі аудара берді. Әсіресе, атом қаруы пайда болғаннан кейін Тайгаға түскен тосын құбылысты зерттеушілер жаңа бір



болжамдар айта бастады. 1946 жылы Кеңес Одағының фантаст жазушысы Александр Казанцев бірінші рет «апат ядролық энергетикалық қондырғысы бар бөгде планеталықтардың ғарыштық кемесінің құлауынан орын алуы мүмкін» деген пікір айтты. Алайда кейіннен ғалымдар бұл пікірді жоққа шығарды. Бір топ мамандар апат «ғарыштық дененің ішкі жарылысынан болуы ықтимал» деген болжамға арқа сүйеді. Көптеген фантаст-ғалымдар «бұл қалай айтқанда да бөгде планеталықтар өркениетінен келген зардап» деген болжамнан қайтпай отыр. Ал ғалымдардың бірқатары аталған зардап жер қойнауы жағдайларына қатысты дейді. Нақты айтқанда, бұл – вулканның жарылысы. Бірақ бұл пікірлер де нақты дерек және шынайы ақпарат болып табылмайды.

Десек те, 1982 жылы «Ұшқыш тарелкалар және ашық космостың құпиялары» атты кітап жазған америкалық жазушы Джеймс Оберг «Тұңғыс феноменінің» төркінін ғарыш кемесіндегі атом бомбасының жарылысынан іздеді. Алайда бұл да болжанған пікір күйінде қалды. Бірақ апаттан себеп іздеген фантаст жазушылардың бәрі айналып келіп, негізінен оқиғаға «ұшқыш тарелкалардың қатысы бар» дерекке амалсыз арқа сүйейді.

Алайда «Тұңғыс дағдарысын» шешу оңайға соққан жоқ. Тек оны зерттеушілердің ішінен ғалым Юрий Лабвиннің ғана ақпары шындықтың бетін ашқандай болды. Ол да орасан зор апаттың болғанын жоққа шығармайды. Құрамында 12 зерттеушісі мен геологтары бар Лабвиннің экспедициясы апат болған аймақтан екі металл стержн тапты. Зерттей келгенде екі металл ракета шлюздеріне пайдаланатындығы анықталды. Табылған бұл олжа техногендік блок-қондырғылар 100 жыл өтсе де, сапалылығын сақтап қалған.

Табылған құнды заттарды елеп-екшей келе инженер-ғалым мынандай қорытынды шығарды: «Тайганың ну қалың



орманында шын мәнінде, метеорит жарылған. Сонымен бірге бөгде планеталықтардың ғарыш кемесі де құлаған. Екеуінің соғысуы салдарынан апат орын алуы мүмкін».

Лабвиннің зерттеулері ғалымдардың да ерекше назарын аударды. Ғалымның айтуынша, апат болған аймақтан әртүрлі кезеңде табылған металдардың бірінің шын мәнінде, кометалық сипаты бар. Ол жерден бір жарым метр тереңдікте табылған. Алайда аталған металдарды зерттеу барысында, инженер таңғаларлық жағдайларға кезіккенін жасырмайды. Табылған металдың құрамында не бар? Мұны білу Лабвинге оңайға соқпады. Өйткені мықты деген арнайы құрал – прибордың өзі металдың неден жасалғанын анықтауда дәрменсіз болып шықты. Сөйтіп, ақырында Юрий Лабвин Жерге жақын қашықтықта бөгде планеталықтардың ғарыш кемесі мен Жерге зор қауіп төндіргелі келе жатқан алып комета соқтығысқан» деген тұжырымға келді.

Бұл ғана емес, 1994 жылы инженер Юрий Лабвин апат болған аймақтың маңайынан салмағы 5 тонналық метеориттік сипаты бар үлкен кесек затты тапты. Кейбір ғалымдар мұның ғарыштық дене екенін дәлелдегісі келгенімен, алайда 5 тонналық тастың кейіннен метеорит еместігі анықталды.

Алайда адам аяғы жерге тимеген Тайгадағы ну орманының 2100 шаршыметрі, яғни радиусы 35 шақырымды құрайтын алқабы ғана неге өртке оранды? Бұл сұраққа да сарапшылардың берер жауабы әртүрлі. Егер төніп келе жатқан алып дене жерге 1 шақырым қалғанда жарылған болса, оның аумағының зардабы 70-80 шақырымды алып, шығын да орасан зор болатын еді. Ғалымдардың зерттеуінше, жарылыс 6 шақырым биіктікте болып барып жерге түскен.

Сонымен, «Тұңғыс апатының» астарында не жатыр? Ол шын мәнінде, метеорит пе? Ресей академигі, лазерлік меди-



цинаның білгірі Николай Василиевтің пікірі мынандай: «бұл метеорит емес. «Тұңғыс дағдарысын» зерттеген 80 жылғы зерттеулерге назар аударсақ, ол жерден бірде-бір метеориттің бөлшегі табылған жоқ. Менің ойымша, комета немесе астероид болуы ықтимал. Бірақ бұл жерде онымен бірге орын алған мына бір оқиғаларды да заңдастыра қарастыру керек. 1908 жылы апаттан бірнеше күн бұрын, яғни 27-28 маусым күндері әлемнің бірқатар нүктелерінде «ақ түн» пайда болды. Еуропа мен Орта Азияның бірқатар қалаларында түн өте жарық болып тұрды. Демек, бұл жайттардың бәрі аспанасти кеңістігінде жерге жақын жерде аяқ астынан бір тосын оқиғаның орын алғанын көрсетеді. Ақырында екі күннен кейін 30 маусым күні төменгі Тұңғыста орасан зор жарылыс болды».

Бірақ әлем және орыс зерттеушілерінің басын ауыртқан Тайгаға түскен тосын құбылыстың жауабы әлі шешімін таппайды. Оның себебі оқиға өркениетке әлі аяқ баса қоймаған өткен ғасырдың басында болды. Екіншіден, одан бері көп уақыт өтіп кетті және ақылды бастардың «үшінші дүние» туралы ізденістері әлі нәтижесін берген жоқ. Ал нақты тұжырым болмаған жерде пікір болжамдарға ғана арқа сүйейді.

...Бірақ ақиқаты, осыдан 100 жылдан аса уақыт бұрын, яғни 30 маусым күні болған «Тұңғыс феномені» бүгін әлемдік туристердің жиі баратын мекеніне айналды.

4 ақпан 2012 жыл





СУ АСТЫНДА ҚАЛҒАН СҰҢГУІР ҚАЙЫҚТАР

«Швеция жағалауының суынан кеңестік С-2 деп аталатын суасты сұңгуір қайығы табылды». Шетелдік БАҚ жарыса жазған бұл неғылған қайық?

Аталған кеме атап айтқанда, 1940 жылы 3 қаңтарда, Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Финляндия қарулы күштерімен болған қақтығыста жарылып, су астында қалған болатын. Жалпы, қақтығыста теңіз табанында қалған кемелердің саны көп. Әрине, оның бәрі әртүрлі тосын жағдайлардан кейін барып, су астында қалған. Оны уақытында көтеріп шығу мүмкін болмағандықтан, «теңіз мұражайына» айналып қала берген. Ал швед теңіз із кесушілері соңғы ондаған жылдан бері теңіз табанында қалған кемелерді зерттеп, тексеріп келеді. С-2-де – соның бірі.

– Анығын айтқанда, біздің көзмайымыз таусылды. Теңіз түбінен қанша рет із кезсек те, ешқандай нәтижеге жете алмадық. Әйтеуір күндердің күнінде С-2 кемесінің қаңқасын тапқандай болдық. Біздің болжауымызша, кеңестік сұңгуір қайығы су астындағы минаға кезігіп, бірден жарылған, – дейді су астының із кесуші шебері, шведтік Бьорн Русенлеф.

Рас, сол кезеңмен салыстырмалы түрде қарағанда, Седра Кваркен шығанағында орын алған С-2 сұңгуір қайығының апаты ең үлкен қайғылы оқиғаның бірі болып саналды. Флот құрамындағы 50 теңізші іс-түзсіз жоғалып кетті. Ленинградтағы Серго Орджоникидзе зауытының өндірісінен шыққан бұл корабль әлемдегі ең қуатты флоттың бірі болып есептелді. Сарапшылардың айтуынша, С-2



сүңгуір кемесі туралы дерек Ресей мұрағаттарында көп емес. Аталған соғыс кемесі, яғни оның ұрыс қимылдары жайлы да дерек аз. Барлық құжаттар суасты кемесімен бірге жоғалған. Бірақ С-2 неге жарылды? Болжамдар да әртүрлі. Швед және фин кемелерімен бетпе-бет келіп қалып, бір-бірін барлап келе жатқанда, кеңестік су асты кемесі қаңғыған минаға соқтығысып, жарылған деген де дерек бар. Балтық теңізі табанындағы тереңдікті білмей, «мина алқабына» байқамай кезіккен» деп жорамал жасалынған кеңестік теңізшілердің өмірі осылай құрбандыққа шалынды.

Жалпы, өткен дәуір әлемдік теңіз флотында суасты апаттарының молдығымен есте қалды десек, артық айтқандық емес. Онан кейінгі ең ауыр апат 1968 жылдың наурыз айында орын алғанын айта кету керек. Атап айтар болсақ, Тынық мұхитында осы жылы АҚШ-тың «Скорпион» субмарины мен кеңестік К-129 суасты сүңгуір қайығы жарылды. Деректер де әртүрлі. Теңіздегі ұрыс қимылдарын зерттеуші журналист, америкалық Эда Оффлидің жазуынша, екі суасты сүңгуір флоты соқтығыспаған, ұрыс қимылдарының салдарынан бір-бірін істен шығарған. Алайда бұрын Кеңес Одағының Солтүстік флотының қолбасшысы болған, адмирал Вячеслав Попов АҚШ пен КСРО суасты атом кемелері арасында «теңіз дуэлі» орын алғанын жоққа шығарады. «Бұл – журналистің ойдан шығарған болжамы. Бір-біріне торпедолық шабуыл жасалғаны жайлы ешқандай нақты құжаттық дерек жоқ. Бүгінгі күнге дейін екі атом сүңгуір қайығының бір мезетте істен шығуы жайлы ақиқат әңгіме айтылмай келеді».

Ал анығында, кеңестік К-129 суасты торпедосы наурыз айында жарылып, 5 мың тереңдіктегі теңіз табанында қалса, ал америкалық «Скорпион» сол жылдың мамыр айында Тынық мұхитының түбінде мәңгілік орынға қоныс тепті. Қалай айтқанда да, екі алып державаның екі ірі сүңгуір торпедоларының араға екі ай салып апатқа ұшырауында



үлкен сыр бар. Оны мына деректер жоққа шығармайды. «Скорпион» апатқа ұшырағаннан кейін, бірнеше ай өткеннен кейін, кеңестік және америкалық теңіз адмиралдары өзара уағдаласып, К-129 бен «Скорпион» суасты ракеталық кемелері апатының жайын ешқашан жария етпеу туралы келісімге қол қояды. Сөйтіп, қос оқиға сырын бүккен бойы шамамен 200-дей теңізшінің өмірін жалмап, теңіз және тарих қойнауында қала берді.

Ал шын мәнінде, алып екі елдің екі суасты кемесіне не болды? Шынайы әңгіме тек болжам күйінде ғана қалды. Бұл ретте кеңестік сарапшылар «Анығында қазірге дейін екі жорамал ғана айтылады: бірі – екеуінің соқтығысуы болса, екіншісі – аяқ астынан қос кемеңіз істен шығуы» дегенді айтады. Бірақ америкалық та, кеңестік теңіз қарулы күштерінің өкілдері де сол кезде суасты теңіз соғысының болғанын жоққа шығарып отыр.

Десек те, теңіздегі ең үлкен апат 2000 жылдың 12 тамызында Баренц теңізінде болды. Нақты айтар болсақ, «Курск» суасты атом сүңгуір қайығының сынағы жүріп жатқан тұста аталған алып кеме жарылып, 118 теңізші теңіз табанында қалды. Оның жарты бөлігін су бетіне кейін көтергенмен, апатқа қатысты әңгімелер легі осы уақытқа дейін толастаған жоқ. Кейбір әңгімелерге қарағанда, Ресейдің «Курск» суасты кемесі америкалық торпедолармен соқтығысқан деген де болжам бар. Алайда бұл болжам қаншалықты ақиқат? Анығында америкалық әскерилер нақ сол күні АҚШ-тың екі суасты қайығы орыстардың «Курск» кемесі жүрген аймақта барлау жасағанын жасырмайды. «АҚШ-тың Memphis және Toledo атом торпедосы оқиға орын алғаннан бірнеше күн өткеннен кейін Норвегияның теңіз жағалауына ұрылған, соғылған күйі келіп тоқтады, сөйтіп, күрделі жөндеуге берілді» деп жазды осы елдің газеті. Тіпті бірнеше ай өткен соң, New York Times басылымы тосын апаттың сырын жария еткендей де болды.



Бірақ АҚШ Қорғаныс министрлігі Ресей жағына аталған теңіз суасты кемелерін көрсетуден бас тартты. Алайда норвегтік басылымдар америкалық екі кемең сынған, соққы алған жерлерін суретке түсіріп, ел газеттеріне жариялап жіберген. «Ресей – АҚШ қатынастарына сына қаға жаздаған бұл тосын оқиға ақыры қос президент Путин мен Клинтонның араласуымен барып тыншыды» дейді осы күнге дейін сарапшылар. Ұзынқұлақтың бұлай деуіне де себеп бар: «оқиға орын алғаннан кейін, ұзамай-ақ Клинтон мен Путин телефон арқылы «жағдайды теңіз табанында тұншықтыру» туралы құпия сөйлескен, артынша Мәскеуге АҚШ Барлау қызметі орталығының директоры Джордж Тенет суыт келген, сонан соң Ресейге иліге отырып, Билл Клинтон әуе ракетасы қорғанысы жүйесін Еуропаға орналастырудан аяқ астынан бас тарту туралы шешім қабылдаған». Ақиқаты қайсы? Алайда Ресей флоты бас штабының өкілі Владимир Куроедов, Солтүстік теңіз флотының бұрынғы қолбасшысы Вячеслав Попов және осы флоттың қазіргі бастығы Михаил Моцак «Курск» атом сүңгуір кемесінің америкалық суасты қайығымен соқтығысқанын жоққа шығармайды.

Өкініштісі су астында болған тосын апаттар туралы дерек аз. Белгілі болса да, көп жария етілмейді. Мұны ең алдымен теңіз қойнауында жүріп жатқан текетірес, мемлекеттер арасындағы «мылтықсыз майдан» мен «қырғи-қабақ» қатынастардан іздеген жөн. Сондықтан көп жағдайда мемлекет басшылары жағдайды ушықтырмау үшін мәмілеге келетін сияқты.



Елу жылдағы ең ірі суасты апаттары

1. 1952 жыл 15 желтоқсан. Тынық мұхиты флотының Щ-117 суасты қайығы 600 метр тереңдікте істен шықты. Себеп-салдары белгісіз.

2. 1956 жыл 12 тамыз. Балтық теңізінде М-259 суасты қайығында аяқ астынан қуат беру жүйесі жұмыс істемей қалып, апат болды. Экипаждың 4 мүшесі хабарсыз кетті.

3. 1956 жыл 21 қараша. Балтық теңізінде М-200 кемесі суасты кораблімен соқтығысты. Экипаждың 26 мүшесі қаза тапты.

4. 1957 жыл 26 қыркүйек. Балтық теңізінде М-256 кораблінің жылу-қуат беретін жүйесі жұмыс істемей, кеме суға батып кетті. 35 теңізші қаза тапты.

5. 1961 жыл 27 қазан. Баренц теңізінде орын алған апаттан ДПЛ С-80 кемесінің 68 адамы қайтыс болды.

6. 1961 жыл 4 маусым. К-19 Солтүстік Атлант мұхитында АПЛ-19 кемесінің ядролық реакторы істен шығып, 8 теңізші қаза тапты. Ал қалған экипаж мүшелері ауыр жағдайда елге жеткізілді.

7. 1963 жыл 8 тамыз. Норвежск теңізінде Кеңес Одағының К-3 су асты атом қайығынан өрт шығуының салдарынан экипаждың 39 адамы қаза тапты.

8. 1968 жыл 8 наурыз. Тынық мұхиты флотының К-129 суасты атом қайығы апатқа ұшырап, экипаждың барлық мүшелері (98 адам) іс-түзсіз кетті. Апаттың салдары белгісіз.

9. 1989 жыл 7 сәуір. Норвежск теңізінде «Комсомолец» суасты қайығынан өрт шығып, кеме 1650 метр тереңдікте қалды. Экипаждың 42 мүшесінің өлі денелерін табу мүмкін болмады.



10. К-141 2000 жыл 12 тамыз. Баренц теңізінде 118 теңізші қаза тапты. Суасты «Курск» кемесі бөлшек-бөлшек күйінде әскери базаға әкелінді.

7 ақпан 2012 жыл





ӘЛЕМ ПАРЛАМЕНТІНДЕГІ ТӨБЕЛЕСТЕР

Парламент – ең қызуқанды орын. Әртүрлі саяси күштер жиналған жер болғандықтан мұнда қайшыласқан пікірлер толас таппайды. Сөзге, уәжге тоқтамағандар мәселенің мәнісін жұдырықпен шешеді. Мұндай көріністер әлемнің барлық парламентіне тән. Әйтсе де, сарапшылардың айтуына қарағанда, «ең бұзықтар» Оңтүстік-шығыс Азия елдері парламентінің өкілдері көрінеді.

Парламент тарихында ең жағымсыз көрініс 2001 жылдың 30 наурызында Тайваньда орын алды. Депутат Ло өзінің әріптесінің бетіне стаканмен су шашып жіберіп, оны шашынан сүйрелеп жүріп сабаған. Сонда таяқ жеген кім дейсіз ғой. Әйел депутат. Депутат Лоның бұл жағымсыз әрекеті Тайваньда зор қоғамдық пікір тудырған.

Тіпті мұндай төбелестер депутаттар арасында ғана емес, парламентке келген мемлекеттік шенеуніктермен де болып тұрады. Шри – Ланка парламентінде тікелей трансляция жүріп жатқан сәтте «премьердің өліміне мемлекет басшысының кінәсы бар» деген Сауда министрінің таққан айыбынан кейін парламентте екі партия өкілдері арасында төбелес болып, таяқтың бір ұшы министрге де тиген. Ал 2001 жылдың 13 мамырында Иорданияда ел тікелей эфир арқылы Тайсон-Холифилд жекпе-жегін тамашалаған. Парламент қабырғасында жұдырықтасып жатқан екі депутат біреуінің құлағын оңдырмай қыршып, тістеп алған. Жарақат алған депутаттың құлағына операция жасағаннан кейін ол бір айдан соң қатарға қосылған.

Әлем парламентіндегі ең қайғылы оқиға Түркияда орын алды. 2001 жылдың 1 ақпанында ұлтшылдар мен оппози-



ция өкілдері арасында төбелес болып, депутаттардың бірі екіншісін жүрек тұсынан қатты ұрған. Нәтижесінде, соққы алған депутат бір сағаттан соң жүрек талмасынан ауруханада көз жұмды. Ал «боксшы-депутат» Түркия заңы бойынша, айыпты деп қамауға алынып, 2 жыл 9 айға бас бостандығынан айырылды.

Ал Грузия парламентіндегі ең бұзық депутат ретінде Петр Цискаришвилидің есімі жиі аталады. Осы уақытқа дейін грузин парламентінде мұрын қанатқан үш төбелес болса, оның екеуін қайтпайтын қызуқанды Петр ұйымдастырған екен. 2000 жылдың 1 желтоқсанында ол Давид Кареселидземен айқасқа шықса, екі аптадан соң ол тағы да «ежелгі жауымен» төбелес кезінде кастет пайдаланып, оны беттен ұрып құлатқан. Бір қызығы, неге екені белгісіз, Грузия парламентіндегі төбелестер тек 5 қараша күні болып тұрады екен. Бұл кездейсоқтық па, жоқ әлде, күтпеген сәйкестіктер ме, оны ешкім ашып айта алмайды.

Мұндай жекпе-жектер Еуропа парламентінде де болып тұрады. Бірақ басқа құрлыққа қарағанда мұнда «айыз қандыратын» бейнекөріністер сирек. 2002 жылдың 11 қарашасында Италия парламентінде Маурицио Бертуччи мен Джанлуиджи Скальтритти арасында бес минуттық жекпе-жек өткен. Төбелестің шығу төркіні де қызғылықты, олар бір-бірін «бандиттер партиясының өкілісін» деп кінәлаған көрінеді. Сөз көтере алмайтын депутаттар Солтүстік Ирландияда да бар. 2001 жылдың 7 қарашасында баспасөз мәслихаты кезінде болған депутаттар арасындағы айқасты ағылшын көрермендері әлі ұмыта қойған жоқ. Десек те, әлем парламентінде жиі болып тұратын төбелестердің төркінін көп ретте сарапшылар сол елдегі қоғамдық саяси жағдаймен байланыстырады.

Бұл ретте ТМД көлемінде аты шыққан қызуқанды адам – Ресей мемлекеттік думасының депутаты Владимир Жи-



риновский. Соңғы он жылда Ресей парламентінде орын алған тосын оқиғалардың бәрі осы Жириновскийдің есімімен байланысты. Жириновский қатысқан ең соңғы төбелес 2005 жылдың наурыз айында болды. Мемлекеттің думаның күн тәртібінде Ямало-Ненец автономиялық округіндегі сайлау қорытындысы қаралған. Сайлау қорытындысында «Единая Россия» партиясының мүшесі 60 пайыз дауыс алып, ЛДПР партиясының атынан түскен үміткер ұтылып қалған. Алайда мұны «қолдан жасалған нәтиже» деп байбалам салған Жириновский наразылық ретінде думадағы бір топ нөкерлерімен залды тастап шыққан. Шығып бара жатып, «Родина» партияның мүшесі, депутат Андрей Севельевпен сөзге келіп қалған ЛДПР көсемі оның бетіне былш етіп түкіріп жіберген. Папкасын бетіне қойып үлгермеген Севельев жауап ретінде Жириновскийді жуан жұдырығымен ұрып түсіріп, үстіне қонжыған сәтте жақтастары жүгіріп келіп атышулы депутатты сойқаннан ажыратып алып кеткен. Аталған оқиғаға байланысты мемлекеттік дума Жириновскийдің тәртібін қарап, оны бір ай бойы парламентте дауыс беру құқынан айырғаны белгілі.

Жалпы, мұндай сойқан көріністер парламенттегі әлсіз саяси күштер тарапынан орын алатынын сарапшылар жиі айтады. Өйткені қалай айтқанда да олардың мүмкіндігін билік партиялары дауысқа салғанда жеңіп кетеді. Сондықтан әлсіз жақ осындай тосын әрекеттер жасау арқылы елдің назарын да аудартуға тырысады. Мысалы, Эквадор парламентіндегі оқиға трагедиялық жағдаймен аяқтала жаздағаны белгілі. Кезекті тартыс кезінде бір депутат екіншісіне пистолет кезеніп тұрған сәтте, іске күзет қызметі араласып, оқиға ойдағыдай аяқталды. Бірақ бұл жақтайтын нәрсе емес.

Бұл жағынан алғанда қазақ парламенті тыныш, мамы-



ражай қалыпта өмір сүріп жатыр. Өйткені Қазақстан парламентінің қабырғасында қайшыласқан пікірлер мен текетірескен саяси күштер жоқ. Парламентте әртүрлі бағыттағы саяси күштердің салмағы тепе-тең болса, көп ретте шешім қабылдауда да шиеленіс артатыны түсінікті.

12 ақпан 2012 жыл





ЖАҢА ЖЫЛДА ЖАҢАЛЫҚ БАР МА?

Жаңа жыл жақындаған сайын жаңалық та молаяды. Келер жылдан әрине, жақсылық күтетініміз ақиқат. Әрине, биылғы Жылан жылы да қуанышын мол ала келді. Қызықты оқиғалар да аз болған жоқ. Жыл соңында қорытынды жасалады.

Әлемді таңғалдырған оқиғалалар тізбегі де жинақталады. Тіпті жұртты таңғалдыратын жаңажылдық оқиғалар орын алып, Гиннестің рекордтар кітабына еніп жатқан жайлар да бар. Бір ғана мысал. Австралияның Форрест қаласының тұрғыны Дэвид пен Жанин Ричард өз ауласын ғаламат қызылды-жасылды көз қарықтыратын, жанып-өшіп тұратын жарыққа бөлеген. Олар ауланы жарықтандыруға 331,038 лампочка пайдаланған екен. Мұны жасауға олар 4 жыл уақыт жұмсаған көрінеді. Бұл бұл ма, қаржың болса, қиналмай жұмсай беруге болады. Токио қаласында әлемдегі ең қымбат шырша тұрғызылған, 2002 жылдың 7 желтоқсанында жапонның Piaget бөлімшесі 83 зергерлік бұйымдармен безендірілген шырша тұрғызды. Ал шыршаның құны 1 миллион тұрады. Міне, ақшасы бардың ісі мен әрекеті. Бар болған соң жасайтын шығар. Десек те, Гиннестің рекордтар кітабы үшін дәулеті асып, «мал шашып» жатқандар баршылық. Мысалы, 2007 жылы Рио-де-Жанейрода биіктігі 85 метрлік Рождество шыршасы орнатылған. Оның демеушісі – Бразилияның Bradesco Seguros e Previdência сақтандыру компаниясы. Мұндай биік, жан-жақты безендірілген шырша 2009 жылдың 31 желтоқсанында Үндістанның Кочи қаласында да тұрғызылған, оның биіктігі – 35 метр. Мұндай алып шырша Қазақстанның Павлодар қаласында да орнатылды, бірақ оны тұрғызу кезінде сатымен шығып жүрген екі адам жазым болып,



жарақат алды. Жалпы, үлкен шыршаларды орнату кезінде компаниялардың сақтандыру қызметі қоса-қабат жүргізіледі. Бізде ше? Жазым болған екі азаматтың өмірі сақтандырылған жоқ.

Өңгіме шыршада ғана емес, ел, әлем күткен жаңажылдық мерекеде адам баласы күтпеген сыйлықтар жасалынады. Ұлыбританияның балалар құқын қорғау ұйымы жаңа жылдың алдында сәбилерге ерекше сый жасаған. Ерекше екенін мынадан-ақ білуге болады: олар ұзындығы 32,56 метрлік, ені 14 метр болатын шұлық жасап, балаларға сыйлық үлестірген.

Дүниенің Батысында осындай сыйлық беріп жатқанда Шығыстағы елдер де қарап қалсын ба? Сингапурдың Tanglin Mall сауда орталығында әлемдегі ең үлкен Санта Клаус жасалған. Металдан істелінген бұл шалыңыздың бойының ұзындығы 15,6, ал ені 4 метр болған. Әрине, бойы 15 метр Санта Клаустың жанында шат-шадыман күйде көңіл көтерудің жөні бөлек қой. Тіпті 2009 жылы ағылшынның үкіметтік емес ұйымдары Аяз аталардың жарысын өткізген көрінеді. 2 сағат 55 минут 50 секундта жүгіріп өткен Пол Симонс бірінші орынды жеңіп алған көрінеді. Жалпы, Гиннестің рекордтар кітабына ену үшін елді елеңдеткен оқиғалар жетіп-артылады. 2007 жылы ағылшынның St Panc теміржол вокзалында биіктігі 71 метрлік, ені 23 метрлік күнтізбе орнатылып, ел-жұрттың назарын аудартқан. Әрине, қызықты оқиғаларға толы болатын және жұртшылық ерекше көңіл күймен асыға күтетін жаңа жылдың өз тарихы бар. Тіпті «Аяз ата біздің ауылдан шыққан» дейтін пікірталас кейінгі кезде әлемдік БАҚ пен интернетте өрістеп кетті. Қалай айтқанда да жаңажылдық мереке – адамзат баласы үлкен үмітпен күтетін мейрам. Әр нәрсенің шығу тарихы бар. Қазір мейрам болса, оның соңы лапылдаған қызылды-жасылды отшашумен аяқталатыны белгілі. Бірақ сол отшашу ежелгі наным-сенімде қара ниеттілерді шо-



шыту үшін және оны адам бойынан аластату үшін пайдаланатын болған.

Десек те, жаңа жылды қарсы алу дәстүрі әр елде әртүрлі. Мысалы, Микронезия аралының тұрғындары жаңа жылда бір-біріне жаңадан ат қояды. Оны бір-бірінің құлағына ешкімге естіртпей, сыбырлап айтады. Ал Италияда жаңа жылды қарсы алудың жөні бөлек. Сағат түнгі он екіні соққанда, италиялықтар ескі заттарын дереу терезеден лақтыра бастайды. Олардың ойынша, терезеден неғұрлым зат көбірек лақтырылса, соғұрлым бақ та, дәулет те, байлық та үйге тезірек келеді. Ал Тибетте жаңа жылдың сын сағаты соққан сәтте, үй иесі самса пісіріп, көшеде өтіп бара жатқан адамдарға біртіндеп тарата бастайды. Әлемде қызық мысалдар да жеткілікті, ал қар жаумайтын елдің тұрғындары не істемек? Мәселен, Комбоджа балаларына Аяз атаның орнына «Ыстық ата» сыйлық үлестіреді. Тіпті ел мен елдің арасын жақындастыратын іс-шаралар да өтеді. Атап айтар болсақ, 2001 жылы Финляндия мен Ресейдің шекарасында Йолупукки мен Аяз атаның кездесуі болған. Әрине, бұл кездесу қос мемлекетті бұрынғыдан да жақындастыра түсті деу артық шығар, бірақ мұндай шара халық үшін керек. Әрине, еріккеннен істелді деуге болмас. Жаңа жыл келгенде, ағылшындар кетіп бара жатқан жыл үшін үйдің артқы есігін ашып қоятын көрінеді, ал алдыңғы есік келер жыл үшін ашық тұрады.

Жаңа жылды қарсы алуда кубалықтардың дәстүрі ала-бөтен. Олар шелек пен шылапшынға су толтырып қояды. Сағат тілі он екіні соққан кезде, суды далаға алып шығып, қолдарын жуады. Олар сөйтіп, күнәдан арылатын көрінеді. Ал Эквадор тұрғындары ақ қағазға өтіп бара жатқан жылы орын алған барлық жағымсыз әрекеттерді жазып қояды екен де, мереке келген кезде оны жағып жіберетін болған. Олар жамандықпен осылай қоштасады. Чехия мен Словакия балаларына Аяз ата іспеттес басына биік баскиім



киген Микулаш келіп, сыйлық таратады. Ал мәңгі жасыл ел Австралияда Санта Клаус үйді-үйге мотоцикл мініп келіп, халықты құттықтайды. Шотландияда жаңа жылдың алғашқы күні жүрекке қолын қоймайды және сыртқа кешеден қалған қалдықты шығармайды.

Қалай айтқанда да әр мерекені қарсы алудың дәстүрі әртүрлі. Бірақ бәрінің ниеті ортақ. Жаңа жылда адамзат шат-шадыман күйде бір-біріне қуаныш, бақыт, береке тілейді...





КЕДЕЙ БАРЫН ЖЕЙДІ, БАЙ НӘРІН ЖЕЙДІ

Халықаралық Oxfam ұйымы жақында қызықты зерттеу қорытындысын шығарды. Мәселе мынада: әлемде тамақты талғап және дұрыс ішуден қай ел алда тұр?

Шындығына келсек, бұл мәселе әлемде өткір тұр деп айтсақ, қателеспеспіз. Ал зерттеулерге назар аударсақ, бәрінен бұрын Нидерланды мемлекетіндегі халықтың жағдайы жақсы көрінеді. Ал ең нашар тамақтанатын ел Чад елінің тұрғындары болып шықты. Адамдардың тамақ ішу талғамын саралаған кезде, мына мәселелер алға шығатыны белгілі. Олар ең алдымен нені жейді, қандай тағамды қалайды және тамақ ішу мөлшері қандай? Бұл мәселе біріншіден, кез келген мемлекеттегі халықтың өмір сүру мөлшерімен байланысты екені сөзсіз. Ал Нидерланды халқының шын мәнінде, жағдайы жақсы ма? Олардың өмір сүру деңгейі жоғары болса, бұл қандай мәселеге қатысты болып отыр? Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Нидерландыда азық-түлік тағамдары мен көкөністің бағасы басқа елдермен салыстырмалы түрде қарағанда өте төмен. Бірақ бұл елде де алаңдатарлық жағдай бар. Ел халқы кейінгі кезде тым семіріп барады. Егер белгіленген норма индексі 18-25 аралығын көрсетсе, Нидерландыда бұл 30-ға жетіп тұрғанға ұқсайды. Тамақты дұрыс ішу жөнінен қалған орындарды Франция, Швейцария, Дания, Швеция, Австрия, Бельгия, Ирландия, Италия, Португалия мемлекеттері алған.

Ал Чадтың елінің жағдайы неге шатақ? Зерттеу барысы көрсеткендей, Чад елінде күнкөріс қамы төменгі деңгейде, өйткені айлық жалақы аз да, азық-түліктің бағасы жоғары. Кедейліктің қамытын киген елде салмағы аз балалар өте көп. Өйткені тойып тамақ ішпеген бала қалай семіз болсын?! Чадпен қатар тұрған ел – Эфиопия мен Ангола. Одан кейін Йемен мен Африка елдері тұр.

Ал қай елдің халқы тойымды тамақ ішеді? АҚШ-та бар тағамды сатып алуға тұрғындардың мүмкіндігі мол. Қолжетімді



баға Исландияда, ал Мадагаскар мен Анголада жағдай нашар, көкөністің бағасы жоғары. Осындай қарама-қайшылықтар халықтың тұрмыс деңгейін төмендетіп отыр. Африка елдері осылай кедейлікпен өмір сүріп, күнкөріс қамы үшін жанталасып жатса, мұнайлы елдердің мұны басқа. Мысалы, Сауд Арабиясында халықтың 18 пайызы семіздік пен диабетпен ауырады, Кувейтте тұрғындардың 42 пайызы толық. Мұндай жағдай АҚШ пен Египетке де тиесілі. Мұнда тұратындардың үштен бірі семіздік сырқатына шалдыққан.

Жалпы, семіздік мәселесі әлемде өте өзекті болып тұр. Әрине, мұның бәрі тамақтанудан екені сөзсіз. Сонымен қатар қимыл-қозғалыстың аздығы да семіздікке апарып соғуда. Өмір сүру деңгейі орта дәрежеге жататын Мексика мен Венесуэллада толық адамдар көп. Десек те, Бангладеш, Непаль және Эфиопия халқы мұндай сырқаттан ада. Мұндағы қала көшелері мен ауыл, деревниларда семіздер жоқтың қасы. Жалпы, тегінен бе, жоқ тұмысынан сондай ма, ол жағы белгісіз. Ал белгілісі, соңғы үш елдің өмір сүру деңгейі өте жоғары деуге келмейді. Тойып тамақ ішпеген адам қалай толық болсын?! Ең бір қызығы, Науру аралында тұратын халықтың 71 пайызы семіз. Аралда тұрып та арық жүруге болады. Мұндай жарты арал мемлекеттің барын өзге жұрт білмесе де, қозғалысы ауырлау елдің тұрғындары өз өмірлеріне разы. Дүниеде қарны тоймағанның қадірі болмайды. Әрине, бұл жағынан Үндістан елінің жағдайы өте нашар. Мысалы, Үндістандағы балалардың 44 пайызы тоя тамақ ішпейді, олардың салмағы тиісті деңгейінен өте төмен. Қазіргі таңда бұл әлемдегі ең төменгі нәтиже болып отыр.

Әлемдегі тұрмыс деңгейінің төмендігін ең алдымен жұмыссыздық мәселесінен іздеу керек. Халықаралық еңбек ұйымы мамандарының мәліметтеріне қарағанда, қазір әлемде 10 миллионнан астам жұмыссыз бар. Алдағы онжылдықта төрткүл дүниедегі жұмыссыздар саны 50 миллионға жетуі мүмкін. Күніне 2 доллар айлық алатын отбасы мүшелерінің саны жақын уақытта 1,4 миллиард адамға жетпек.

Демек, бұдан шығатын қорытынды, кедей адам үйіндегі барын жейді. Ал байлар таңдап, талғап, тамақтың нәрін жейді.



БАЛАҢЫЗ ТЫМ ТОМПАҚ ЕМЕС ПЕ?

Біз балаға қалай қараймыз? Осы жөнінде ойландық па? Баланы үйге, яғни «тыныш отырсын» деп теледидар алдына жиі қалдырып кетеміз. Ал соның зардабына үңілдік пе? «Телетәрбиешіге» қозғалыссыз қарап отырған балаға тиер зиян көп. Бірақ оған мән бермейміз. Осы әрекетіміз өкінішті.

«Қазіргі уақытта телеарналардан беріліп жатқан балалар тағамдарының үштен екісінің калориялық қуаты аса жоғары және олар денсаулыққа өте зиянды». Мұндай мәлімдемені әлемнің 11 елінде зерттеу жұмыстарын жүргізген Австралия маманы Бриджет Келли «Семіздікті қалай тоқтатуға болады?» деген тақырыпта өткен Еуропа конгресінде жасады. Балалардың денсаулығына зиянды тағамдарды телеарнадан жарнамалау жөнінен Германия мен АҚШ, ал соңғы орындарды Австралия мен Ұлыбритания алады екен. Семіздікті арттыратын тағамдар аталған елдер нарығының 90 пайызын құрайды. Келли құнарлығы жоғары тағамдардың жарнамасын тез арада шектеу жөнінде ұсыныс айтып отыр. «Сәбилер жылына телеарналардан 4-6 мың аралығында жарнамалық роликтер көреді, оның ішінде 2 мыңнан астамы денсаулыққа зиянды тағамдар екенін олар білмейді» дейді маман.

Шындығында әлемдік мәліметтерге назар аударсақ, жағдай алаңдатарлықтай. Дүниежүзінде қазіргі таңда 177 миллион бала мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер семіздіктің зардабын тартып отыр. Оның ішінде 5 жасқа дейінгі 22 миллион баланың артық салмағы бар. Сәбилер арасындағы семіздік бүгінгі таңда жүрек-қан тамырлары мен диабет ауруының артуына соғып отыр.



Әрине, Қазақстан билігі балалар арасындағы семіздікке әлі назар аудара қойған жоқ. Өйткені бізде жағдай керісінше ғой. Балалар тоя тамақ ішпеуі мүмкін. Ал өркениетті елдерде артық салмақты балалардың шектен тыс көбеюі дабыл қағарлық деңгейге жетті. Мысалы, Ұлыбританияда сәбилердің 30 пайыздан астамы семіздіктен зардап шегеді. Кейбір зерттеулерге қарағанда, 2050 жылдары аталған елде семіз балалар саны 50 пайызға жетуі мүмкін деген болжам айтылады.

Ақиқатында, әлемнің бірқатар елдеріндегі 9 мың сәбиді зерттеп көргенде, сарапшылар мынадай қорытындыға келген. Сәбилердің семіздігін арттыратын алты себеп бар, олар: артық салмақпен туылу, ата-аналарында семіздік, 10 сағаттан артық ұйықтау, алғашқы жылы және содан кейінгі екі жылда салмақтың артық болуы, мектеп жасына жетпей тері астында майдың пайда болуы. Таяуда мамандар сәбилер арасында семіздіктің тағы бір себебін анықтады. Ол – теледидарды тапжылмай отырып, ұзақ көру.

Мысалы, 90 жылдары 2-4 жастағы сәбилер арасында салмақтан ауытқу екі есеге дейін өссе, бұл көрсеткіш қазір төрт есеге өскенін көрсетіп отыр. Мамандар атап көрсеткендей, теледидар көріп отырып, тамақ жеу баланың тәбетін күрт арттыратын көрінеді. Тойғанын білмей, теледидар көріп отырып, тамақ жей беру бала үшін әдетке айналады да, оның ағзасында өзгеріс пайда бола бастайды. Рас, тұрақты түрде және ұзақ уақыт қозғалыссыз отырып, құнарлылығы жоғары тағамдарды өзіңіз де жеп көріңізші, сіз де семіресіз. Баланы теледидарға «алдансын» деп қалдырып кету арқылы осының жағымсыз салдарын ойламайтынымыз өте өкінішті.

Тіпті сәбилердің шектен тыс семіріп бара жатқаны Ұлыбританияның парламент қабырғасында сөз болғаннан кейін-ақ мұның шын мәнінде, күрделі екенін аңғаруға болады. Ал Швецияда соңғы 20 жылдың ішінде 20 жасқа



дейінгі жастар мен балалар арасында артық салмағы барлардың саны 6 есе өскен. Швед статистикасы мынадай деректерді келтіреді: елдегі әрбір оныншы баланың артық салмағы бар. Жалпы, семіздік Еуропа елдері үшін алаңдатарлықтай дәрежеге жетті. 2006 жылы, тіпті қарт құрлықтың Денсаулық сақтау министрлері Ыстамбұлда бас қосып, «Семіздікке қарсы күрес» атты Еуропалық балалар хартиясын қабылдады.

Тіпті кейбір телеарналардың бейнероликтерінде сәбилердің сүйіп көретін мультфильмдеріндегі кейіпкерлер арқылы балалардың тәтті тағамдарын жарнамалау өріс алып барады. Балалардың жағымды кейіпкерлері арқылы тәтті тағамдарды жарнамалауға болмайды. Жоғарыда аты аталған Австралия маманы Бриджет Келли мұндай көріністердің де көбейіп бара жатқанын жасырмайды.

Жалпы, әлемді толғанып отырған мәселенің мәнісі мынада: жуырда америкалық ғалымдар назар аударарлық мәліметтер шоғырын жариялады. Жер шарында тоя тамақ ішпейтіндердің санынан салмағы артық, семіз адамдардың қатары артып барады. Қазір төрткүл дүниенің 800 миллионға жуық тұрғыны ашаршылық жағдайында өмір сүріп жатса, ал керісінше, семіздердің саны 1 миллиардқа жетті. Ойланатын жағдай, десек те, біз көтеріп отырған мәселеге қайта назар аударайық. Бұрын АҚШ, Еуропа елдерінде семіз балалардың саны көп болса, бұл құбылыс енді Азия аймағына ауа бастады.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне карағанда, әлемде 155 миллион салмағы артық балалар бар, оның ішінде 45 миллионы 5-17 жас аралығындағылар. Бұрын «томпақ» балалардың көрсеткіші жөнінен АҚШ алдыңғы орынды бермей келсе, соңғы онжылдықта бұл өзгерді. Оңтүстік және Солтүстік Еуропада бұл көрсеткіш 15-30 пайыз аралығында, ал Оңтүстік Африкадағы мектеп жасындағы сәбилердің 25 пайызының тиісті нормадан



салмағы артық. Тіпті Италияда осы деңгей 36 пайызға жеткен көрінеді. Ал Ресейде соңғы екі жылда сәбилердің салмағы 2 келіге артқан. Ал Қазақстанға келсек, әлем елдерінде орын алып отырған жағдаймен салыстырмалы түрде қарағанда, бізде толыққанды зерттеу жасала қойған жоқ. Сондықтан қандай да бір көрсеткіш туралы айту орынсыз.

Қазір бүкіл әлем елдерінің билігі мектептерде тәтті тағамдар мен қоспасы бар сусындарды мектепте сатуға тыйым салды. Қазақстанда да осындай шектеу бар. Бірақ оның орындалуын кім бақылауға алып жатыр?! Ауыл баласы айранын ішіп, сары майын нанға жағып алып, мектепке кете берер томпаңдап, ал қаланың «тентектерінің» қалтасына ақша салып беріп жіберуің керек. Мектепке жаяу емес, әкесінің немесе қоғамдық көлікпен баратын ол бала жолда тәтті алып жемегенде, не жейді?!.

«Бар, далаға шығып, ойнап келіңдер!». Бұл ауылдағы ата-ананың айқайы. Дегенмен, қазір көше-көше болып, команда құрып, доп қуудың өзі арман болып барады. Өйткені әлемдік қызу футбол додасы үйдегі «көк қобдиша» – теледидарда, одан қалды, компьютер-ғаламторындағы әртүрлі ойындар мен атыс-тартыс пен шабыстар бала санасын шырмап үйге қамап қойды. Енді сәби семірмегенде қайтсін, қозғалыс жоқ, теледидар көріп отырып, чипси мен «сникерске» тойған баланың жүрісінде әрине, ауырлық болады.

...Байқаңызшы, сіздің де балаңыз тым томпақ емес пе?!





Аңыз бен ақиқат



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ

Алматыда «Әлем арт» қоғамдық қоры «Қазақстанның жеті кереметі» интерактивті қоғамдық жобасын қолдау мақсатында www.alemart.kz веб-порталын іске қосты. Ал мұндағы мақсат не?

Өнертанушы Маргарита Амвросованың айтуынша, «Қазақстанның жеті кереметі» қоғамдық жобасының мақсаты – ел аумағында тарихи-мәдени, табиғаты шырайлы жерлерді елге және одан тыс шет аймақтарға кеңінен таныту. Сайттың барлық қолданушылары Қазақстанның ең шырайлы табиғаты мен тарихын таңдап дауыс береді, сонымен қатар Қазақстанның керемет жерлерінің бірі деген аталым бойынша, байқауға қатыса алады.

Әрине, біз «Әлем арт» қоғамдық қорының «Қазақстанның жеті кереметі» интерактивті қоғамдық жобасын қолдаймыз, мұндай үрдіс әлемнің бірқатар елдерінде бар. Ресейде де осы тақылеттес жоба іске асты. Қазірдің өзінде қазақстандық жобаға дауыс берушілердің саны күрт артып келеді.

Рас, Қазақстан территориясында таңғажайып нәрселер өте көп. Оның бәрі алайда жеті санының аясына сыймайды. Бірақ бізді алаңдатқан бір нәрсе бар, қазір «Әлем арт» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Қазақстанның жеті кереметі» акциясына ерсілеу тілмен айтсақ, кім көрінген дауыс беруде. Соның салдарынан тау да, көл де, ағаш та, өзен де, тіпті су үстіне салынған көпір де «жеті кереметтің» санатына еніп жатыр. Сенбейсіз бе, онда сіз де alemart.kz веб-порталының терезесін ашыңыз, көзіңіз анық жетеді. Бірақ мұндай жобаны бастағанда, бір нәрсені терең ойланған абзал еді, біз шын мәнінде, өз жерімізден жеті кереметті іздедік пе, онда бұл акцияны бүкілхалықтық дауыс беруге



ұластыру керек-ті. Ал оның жолдары көп. Ниет қылған адамға. Екінші мәселе, қазақтың таңғажайып жеті құнды қазынасын анықтауға тек қана интернеті бардың таңдауын салудың өзі артық. Неге? Ақиқаты, сайтқа кіріп өз таңдауын жасаған адамның барлығының ой-өрісі, ақыл ойы мен интеллектуалдық деңгейі қазақтың тарихи құндылықтарын анықтауға лайық па? Шын мәнінде, бүгінгі дауыс беру процесінде шынайылық болып тұрса, біз бұлай демес едік. Өкінішке қарай, олай болмай тұр. Өйткені аталған жобаға негізінен, қалалықтар ғана қатысып жатқан сияқты. Ал ауылда интернетті былай қойғанда, күнкөрістің төмендігінен халық компьютердің өзіне мұқтаж болып отыр ғой. Сондықтан ауыл халқы «Қазақстанның жеті кереметін» анықтаудан қалыс қалып отыр десек те, болады. Ал мұндай жағдайда бүкіл халықтың дауысын алмаған жоба қалай ресми атауға ие бола алады? Дәл қазіргі уақытта қазақстандық кереметтерді анықтауға шамамен 17 мыңнан аса адам дауыс берген. Қанша адам қатысады, мәселе онда емес. Мәселе мынада, қазір 2068 дауыс алып, бірінші орында келе жатқан Қасиетті Воснесенский шіркеуі мен күллі мұсылман үшін қасиетті мекен – кіші Мекке атанған Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесін (975 дауыс, 5-орын) қалай салыстырып қарауға болады?! Негізі, нені таңдасақ та, қай нысанға немесе қай ғимаратқа дауыс берсек те, мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан қараған жөн сияқты. Әйтпесе, таңдау жасап, дауыс бергендер ренжи қоймас, 1741 дауыспен 4-орында келе жатқан Еуразия құрлығын жалғаған Атырау көпірі Қазақстандағы жеті кереметтің бірі ме еді? Тіпті қисынсыз. Сондай-ақ В.Фесенков атындағы астрофизика обсерватория институты (38 дауыс) мен суының бір жағы ащы, қалған жағы тұщы болып табылатын ғажайып Балқаш көлінің (1816 дауыс, 2-орын) қайсысы біз үшін керемет? Бұлай сұрақ қою қисынсыз шығар, алайда ашығын айтсақ, салыстыруға тұрмайтын



нәрселер көп-ақ. Қазір аталған сайтта 86 нысанға дауыс беру жүргізіліп жатыр. Бірақ қола дәуірі кезеңіндегі тарихты бүгінгі өркениетке алып келген «Таңбалы тас» (9 дауыс) пен одан жоғары тұрған Достоевскийдің мұражай үйінің (16 дауыс) қайсысын жеті кереметтің біріне жатқызуға болады? Біздің айтпағымыз, қайсысының бағалы екендігін білмей тұрып, дауыс беретіндерден қалай сақтануымыз қажет? Түйткіл осында. Тарихтағы жеті таңғажайыптарды саралағанда, ең алдымен мәселеге мемлекетқұрушы ұлттың мүддесі тұрғысынан қарау керек деп отырғанымыздың сыры осы. Айта берсең, әңгіме көп. Әлемдегі үлкен, бірақ гиптелін шашып, сол жердегі аймақтың халқына ғажабынан гөрі әлеуметтік азабын тартқызып отырған Байқоңыр ғарыш айлағын (1810 дауыс, 3-орын) Қазақстандағы жеті кереметтің бірі деп айтуға еш аузың бармайды. Шарын шатқалынан (890 дауыс) кейін 6-орында тұрған Михаил-Архангелский шіркеуін (705 дауыс) кім біледі? Жетінші орында тұрған Көктөбеден (695 дауыс) аталған шіркеу 10 дауыс артық алып тұр. Әрине, дауысқа салынған тарихи ғимараттардың бәрін асыл құндылыққа жатқыза берсек, олардың саны жетеу емес, 700-ден асып кетер еді. Сондықтан «шөпті де, шөңгені өлең қылмай» осы жобаның жанынан сарапшылар кеңесі құрылып, негізгі тарихи нысандарды солардың өздері халыққа ұсынғанда, жобаның мәртебесі мен нанымдылығы арта түсер ме еді дейсің.

Амал жоқ, өкінесің. Ең өкініштісі сол, бұл жобаны ұйымдастырушылар «Қазақстанның жеті кереметі» бұған дейін анықталып қойғанын да білмейді. Әңгіменің токетерін айтсақ, былай: осыдан екі жыл бұрын құрамында Бүркітбай Аяған, Тұрсынбек Кәкішев, Бақытжан Қанапиянов, Кеңес Нұрпейісов, Таңатқан Рсаев, Зейнолла Самашев, Сұлтан Сартаев, Жәкен Таймағамбетов, Шот-Аман Уәлихановтар бар Қазақстанның бір топ танымал ғалымдары «Қазақстанның жеті кереметін» анықтап, оны жалпақ жұртқа



жария етіп те қойған. Ал идеяның авторы Берік Әбдіғалиев екендігі де сол кездің өзінде-ақ белгілі болған. Ал енді келіп, бұрын бұл мәселе зерттелмегендей, «жеті кереметті» жерден жеті қоян тапқандай қайтадан іздеу қаншалықты шынайы бола қояр екен? Десек те, біз www.alemart.kz веб-порталын іске қосып, «Қазақстанның жеті кереметін» халықтың таңдауына салған жатқан әлемартшылардың «құлағына алтын сырға» дей отырып, қазақ ғалымдары 2006 жылы-ақ анықтап қойған жеті құндылығымызды қайта естеріне салғымыз келеді.

1. Таңбалы тас суреттері. Таңбалы тас ескерткіші Алматы қаласынан 170 шақырым жерде, қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қарабастау ауылынан әрі Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығысында орналасқан. ЮНЕСКО бойынша, ҚР Ұлттық комиссиясы және ҚР Мәдениет министрлігі жұмыстарының нәтижесінде, «Таңбалы археологиялық кешені» 2004 жылы, Қожа Ахмет Йассауи кесенесінен кейін екінші болып, бүкіләлемдік мұра тізіміне кіргізілді.

2. Алтын адам. Антропологтардың анықтауынша, Есік обасына жерленген «Алтын адам» 17-18 жаста болған. Сақ жауынгерінің мұншама әспеттеліп, алтынмен безендіріле жерленуі жай сырт көз үшін жасалмағандығы аян. Мұның өзі сақтардың саяси-әлеуметтік құрылымындағы ерекшелікке көңіл аударуға меңзейді. «Алтын адамның» дәл көшірмесі және Есік обасындағы көптеген асыл қазыналар Алматыдағы археология музейінде ұзақ жылдар бойы көрмеге қойылып, кейіннен Астанаға көшірілді. Бүгінгі таңда қанатты барыспен тығыз үйлесімділік тапқан «Алтын адам» Қазақстанның ұлттық символына айналды.

3. Қазақтың киіз үйі. Көшпенді халықтың экологиялық жүйеге барлық жағынан үйлесімді баспана үлгісін жасап шығаруы асқан шеберліктің көрінісі болса, ал осы шығармашылық нәтижесі — киіз үй әлемдік өркениеттің бірегей



үлгісі. Шыр етіп дүниеге келгеннен бесікке бөленген қазақ баласы әке шаңырағынан өз үлесін алып, кейін ержетіп отбасылы болғанда бөлек ақ отау тігіп, тойын жасайды, сол отауы қара шаңыраққа айналып, баласы мен немере, шөбересінің үніне толады, дүниеден өткенде де, ел-жұрты оны тағы да киіз үйден соңғы сапарға аттандырады, сондықтан да көшпелі қазақ үшін оның үйі – микрокосмосы. Киіз үй – таным объектісі, дүниетанудың құралы. Шағын әрі оңтайлы, сонымен бірге әртүрлі, көп мәнді символикасымен бүкіл әлемді өз ішіне сыйғызып тұруы – көшпелі баспанасының басты шарты.

4. Домбыра. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». Заман көші мен тарихи оқиғаларды қара шанаққа сыйғызған домбыраның құдіретіне табынбай көр! Қара шанағына қорғасын құйғызып, баласының ажалын хан Жошыға жеткізген жәдігер-құндылықтың асылдығына осыдан кейін қалай табынбассың! Жегі кереметтің бірі емес деуге аузың да бармас.

5. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан қаласында орналасқан. 1396-99 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Йассауи қабірінің басына тұрғызылған. Құрылыс негізіне жергілікті архитектуралық дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы алынған. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі ортағасырлық ерекше сәулеттік ескерткіш болып табылады. Орта Азия билеушісі Әмір Темір ұлы бабамыздың рухын құрметтеп, 1396 жылы Қожа Ахмет Йассауидің ескі мазарының орнына жаңа зор мемориалды ескерткіш орнатуды ұйғарды. Кейін бұл кесене әлемдегі мұсылмандардың жаппай тәуәп ету орнына айналды.

6. Маңғыстау жерасты мешіттері. Маңғыстау жерасты мешіттерінің тарих шыңырауынан шертер сыры мол. Аталған жерасты мешіттері рухани байлықтың тарау-тарау



соқпақтарының қайталанбас ерекше үздігі. Оның ішінде ең көп зерттелгені, қазіргі кезде зиярат етушілердің негізгі легі баратын жерлердің бірі – Бекет ата мешіті.

7. «Астана – Бәйтерек». «Астана – Бәйтерек» құрылысының түпкі нұсқасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың эскиз-нобайы негізінде дүниеге келді. Оның негізгі идеясы көне мифологиялық дүниетанымға сәйкес келіп, халық тарихымен терең тамырластық сипатты шынайылық үлгісін баянды ете түсетіндей. «Бәйтерек – Астананың» бойтұмары. «Бәйтеректің» бастапқы идеясының тууы мен мәні жайлы Н.Ә.Назарбаев «Еуразия жүрегінде» атты кітабында егжей-тегжейлі баяндайды. Н.Ә.Назарбаев: «...Жаңа Астана символы нақты не болуы тиіс? Қандай дүние біздің ұлттық тыныстіршілігімізді, бет-бейнемізді дәл бейнелей алады әрі бір көргеннен бәріне түсінікті бола кетеді? Мен өзімнің жеке тәжірибем мен Ұлы даланың мәдениеті, тарихы, мифологиясы туралы оқығандарыма сүйеніп, ойша көп образдарды шолып шықтым. Ойым – онға, санам – санға бөліне келе, ақыр аяғында «Бәйтерек» символына тоқтадым.

...Ал енді салыстыр да, сарапта? Қазақ үшін қайсысы қымбат, қайсысы құнды, қайсысы жеті кереметтің біріне жатады? Берік Әбдіғалиұлының жобасымен бір топ қазақ ғалымдарының сараптауымен жүзеге асқан жоғарыдағы жеті керемет пе, жоқ әлде әлемартшылардың сайтында таңдауға түсіп, кім көрінген ұсынып жатқан төбелер мен көпірлер және шіркеулер ме?

Жалпы, осыдан екі жыл бұрын жалпақ дүниеге жария етіліп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде кітап болып жарық көріп, «Қазақстанның жеті кереметі» ретінде мақұлданып, құлағдар болып кеткен құндылықтан басқа тағы «жеті керемет» іздеудің қажеті бар ма еді?!

...Қазақстандағы 37 немесе 77 кереметті таңдауға салса, онда әңгіме басқа?!.

24 маусым 2011 жыл



КОЛЧАКТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ЖАТЫР МА?

«Байкалдағы бейбітшілік» экспедициясының мүшелері арнайы қаруланған аппарат арқылы көл түбіне түсті. Мақсат – мұнан 90 жыл бұрын су түбінде қалған Колчактың қазынасын іздеу. Ал шын мәнінде, күні бүгінге дейін ақиқаты мен аңызы қатар аралас болып жеткен Колчак қазынасының шындығы қайсы? Жалпы, Колчак тастап кеткен қазына қайда жатыр?

Әйтеуір ширек ғасырдан бері «жокты іздеу» жалғасып келеді. Расында, жоғалған құнды заттар аз емес, жер қойнауында жасырынып, тонналап жатқан байлықтар барда ізкесушілердің де ұйқысы қанық болмақ емес. Бірақ мәселе мынада, жер қойнауына бұрынғылардың тығып кеткен алтыны табылса, бұл – әрине, сенсация, дегенмен, соңғы елу жылдықта үміт күткен мұндай деректер әлі жария етіле қойған жоқ.

Бірақ іздеу жалғасып жатыр, бір ғасыр өтсе де әлі «Колчактың алтыны», «Наполеонның сандығы», «Атаман Анненков пен Семеновтің күмісі» дейтін лақапқа толы әңгіме мен аңызы аралас ақпар XIX ғасырға да жетті. «Байкалдағы бейбітшілік» экспедициясының мүшелері Байкал көлінің түбінде қалған Колчактың қазынасын таба ма, жоқ па, ол белгісіз. Бірақ «Колчак қазынасының» бірталайы Сібір ормандарының маңында қалған» деген әңгіменің астарында шындық бар екендігін сарапшылар жоққа шығармайды. Ал шын мәнінде, оқиға қалай болған?

Болжамдар әртүрлі. Десек те, соның бір парасын сарапқа салып көрейік. Мамандар патшалық Ресейдің ғұмыры күрт бітіп, биліктің тақтан құлауы алдында II Николай 1600 тонна алтын мен бірталай қазынаны ит тұмсығы батпайтын



орманға апарып, тығып қояды тапсырды деген әңгіме бар. Кейбір дәйектерге қарағанда, Азамат соғысына дейін ол Қазанда сақталған көрінеді. Бірақ 1918 жылдың қараша айында бұл қазына Колчактың иелігіне өткен сияқты. Мемлекеттік төңкерістен кейін адмирал Колчак өзін «Ресей мемлекетінің жоғары басқарушысы» деп жариялады. Орасан байлық оған орасан зор билік берді. Колчак Қиыр Шығыс, Сібір мен Орал аймағында әскери диктатура орнатты. Мыңдаған тонна алтын АҚШ, Англия, Франциядан қару-жарақ сатып алуға жұмсалды. Кейбір әңгімелерге қарағанда, алтынның жартысын «Атаман Семенов алып кетті, ал қалғаны Колчактың иелігінде қалды» деген де дерек бар. Ал Семенов туралы әңгіме кейінірек...

Қалай айтқанда да, Колчактың қанжығасында кеткен орыс алтыны туралы дерек бүгінге аңыздай жетіп отыр. Тарих жазбалары шын мәнінде, «Колчактың алтыны Сібір ормандарында ұрланды» дегенді жоққа шығармайды. Ну орманда жоғалған құндылықтың бірқатары пароходқа тиеліп, Ертіс, Об арқылы Тобыл өзеніне жетуі тиіс болатын. Бірақ күннің суықтығына, мұздың қатып қалуына қатысты пароход жүрісін тоқтатқан. Сөйтіп, «жағалауға бүкіл құнды жүк түсірілді» деп жазады ресейлік БАҚ. Бірақ қазына қай жерге түсірілді, ол осы уақытқа дейін мәлімсіз. Дегенмен, Ресей алтынының жоғалған мерзімі ретінде 1919-1920 жылдар қатар аталады. Ал кейбіреулер Колчак қазынасы Сібірдің Юрга-Тайга, Тайга – Тяжин және Судженск-Бирюльск аймақтарындағы теміржол стансаларында пойыз тоқтап тұрған сәтте ұрлануы ықтимал дегенді айтады. 1500 тоннаға жуық алтынның, анығын айтқанда, Колчак 183-184 тоннасын ғана жаратып үлгерді деген ақпар бар. Ал қалғандары қайда, тығуға апара жатқан құндылықтардың біразы қолды болсын-ақ, ал басқасы ше? Кейбір ақпарат көздеріне қарағанда, Маньчжурияға қарай қашқан ақтар Иркутск ревкомы өкілдеріне алтын тиелген 18 вагондағы



5143 жәшік пен 1578 қап алтынды (шамамен 311 тонна) беру туралы келісімге келді дегенді айтады. Алайда бұл келісімнің мөрленген құжат екендігін осы уақытқа дейін орыс баспасөзі де нақтылай алмай отыр.

Тағы бір қызық дерек ретінде «Известия» басылымы 1995 жылдың 3 мамырында шетел банктерінде жатқан орыс қазынасының құнын жариялады. Шамамен айтқанда, сырт елдерде жатқан қазына 100 миллиард долларға жақындайды екен. 1919 жылы Колчактың бұйрығымен шетел банктеріне 126, 765 миллион рубль аударылған. Оның ішінде Жапонияға Ресей мемлекеттік қорынан 5,8 тонна құнды металдың қаржысы кеткен. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Колчак пен оның билігіндегі атқамінерлер аударған жапон банктерінің құқықтық иеленушісі болып «Бени оф Токио» танылған. «Жапондар келмеске кеткен орыс адмиралының қаржысы мен проценттік пайыздарын өз мақсаттарына тиімді пайдаланды» деп жазады бүгін орыс басылымдары. Адмиралдың жасырған қазынасы туралы айтқанда, болжам бір арнаға сәйкес келмейді. Бірақ бір нәрсе айқын: адмирал Колчактың Ресейді басқару мерзімінде орыс алтын қоры 235, 6 миллион рубльге күрт қысқарды, яғни алтын қоры 182 тоннаға кеміген көрінеді.

Қызыл армияның шабуылынан кейін Колчак 1919 жылы қалған-құтқан әскерімен Қиыр Шығысқа қарай шегініп бара жатып, Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау елді мекеніне келген деген де дерек бар. Алдымен Қытайға, сосын Еуропа, кейіннен Конгоға қашып кеткен адмиралдың адъютанты Сазонов өз жазбаларында «Солтүстік Қазақстанның орталығы Петропавлда Колчактың алтын тиелген вагоны бірер күн аялдап тұрды» деп жазады.

Колчак армиясында қызмет еткен атаман Анненковтың Қазақстан жерінде тығулы жатқан қазынасы туралы да толыққанды жазылды. Тіпті тау-тасты қашап «біз әлі ораламыз» деп жазып кеткендердің үміті зор болғанымен,



олар барған жағынан қайтқан жоқ. Бірақ адмирал Колчак пен атаман Анненковтың тыққан орасан зор қазыналары туралы әңгімелер тиегі әлі басылмай тұр. Бірақ бұл байлық таулы Алтайда ма, жоқ әлде Жоңғар Алатауының бөктерінде жатыр ма, ол жағы әлі беймәлім. Өскемендік жергілікті тарихшы Александр Харламовтың жазбаларында 1920 жылы атаман Анненков қарамағындағы алты қазаққа өз әскерінің архивін, киім-кешектері мен қару-жарақтары және алтын, күмістерін тау шатқалына тығу туралы бұйрық бергенін айтады. Кемінде 60 ат сыятын тау үңгіріне қазынаны тығып, оның кіретін жағын минамен қопарып, тау жоталарын құлатып, бітеп кеткен байлық бүгін бар ма? Табыла ма? Жоқ, тіпті қай жерде екені белгісіз. Әйтсе де, әфсана әлі үміт күйінде бізге жетіп тұр.

Десек те, үкімет билігі үшін қызылдардан қашқан ақтар патшалық Ресейдің біраз байлығын өздерімен бірге ала кетті. Ақтар қозғалысының ықпалды және белгілі командирлерінің бірі атаман Семеновтің бақылауына бүкіл Байкал аумағы қарады. Ол – кезінде Антанта Қарулы күштерінің бас қолбасшысы генерал Жаненді жекпе-жекке, дуэльге шақырған адам. Оның есімі адмирал Колчак, атаман Дутов, генерал Деникин және Врангельдермен қатар аталады. Өзінің қаталдығымен, большевиктерге озбырлығымен аты шыққан бұл атаман да патшалық Ресейдің Алтын қорына қол сұққан генералдардың бірі. Атаман Семенов 1943 жылы тергеушілерге жауап беру кезінде өз отрядымен эшелондағы алтын толы екі вагонға шабуыл жасағанын мойындайды. Жалпы, көлемі 44 миллион рубльге татитын бұл қазына қайда кетті? Егер адмирал Колчактың қазынасы туралы ақиқат әлі күнге дейін нақты болмай келсе, атаман Семенов әкеткен орасан зор қазына ағылшындардың бақылауында болған Гонконг банктерінде сақталған көрінеді. Мұның шындық екенін Семеновтің Гонконг – Шанхай банкіндегі сенімді өкілі болған қытай журналисі Вен Ен



Тан да растайды. Алайда 1930 жылдардың соңында атаман Семенов банкте жатқан байлығына қол жеткізе алмай пұшайман халге түседі. Өйткені КСРО оған мемлекетті тонаған қылмыскер ретінде айып тағып, Атаманның ақыры КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының жарлығы негізінде 1943 жылы өлім жазасына кесіледі.

Әңгіме патшалық Ресейдің Алтын қорын талан-таражға салған ақтар көсемдері Колчак, атаман Семенов, Анненков-тарға ғана қатысты емес. Мәскеуді тонап, Кремльдің біраз қазынасын өзімен бірге ала кеткен Наполеонның жорығы да бүгінге аңыз болып жетіп тұр.

...Жалпы, мамандардың бағалауынша, адамзат өркениетінде әртүрлі адамдар мен билік иелері ертеректе 300-400 тонна алтын мен 2 миллион 400 мың тонна күмісті жер қойнауына жасырған деген дерек бар. Бүгінгілердің үміт үзбейтіні де, іздейтіні де – осы.

10 шілде 2011 жыл





ТҮНГІ ҰЙҚЫҢЫЗ ТЫНЫШ ПА?

Шындығында да, ұйқы адам өмірінде үлкен маңызға ие. «Ұйқыңыз тыныш болсын» деп тілек айтуымыздың өзі бекер емес. Біле білсек, күні бойы сергек жүруіңіздің өзі тірлігіңіздің тындырымды болуына септігін тигізеді. Алайда түнде «түлен түртіп» жүретіндер де баршылық. Ол туралы кейінірек...

Қалай айтқанда да мидың тыныштығы – ағзаның бірқалыпты дамуы деп тұжырым жасауға болады. Ал бірақ күнделікті арпалыс тіршілік ойдың да, бойдың да бірқалыпты демалуына мүмкіндік бере бермейді ғой. Алдымен осыны ескерген жөн.

Ағылшын сарапшысы, доктор Рамлакханның пікірінше, ұйқысыздық оқушылар мен мұғалімдердің, сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі шенеуніктердің бойында жиі орын алады екен. Мұның себебі де түсінікті. Мидың демалмай шектен тыс жұмысқа «жегілуі» оған ауыр салмақ түсіреді. Ақырында ұйқы бұзылады. Бұл орайда Рамлакхан ауыртпалықты ескере отырып, әрбір 90 минут сайын жұмыстың арасында үзіліс жасап тұру керек деп есептейді. Сонымен қатар күйзелістен құтылу үшін немесе ұйықтар алдында жылы су ішіп, жылы ванна қабылдап жатса, өзіңізге жақсы деп кеңес береді ағылшын дәрігері. Алайда бұл кеңесті кім қабылдай қойсын! Шаршап келген адам демалу үшін жылы ваннадан гөрі, жылы төсекте тезірек көз шырымын алып, ұйқыға кеткенді жақсы көреді.

Жалпы, мидың тыныш және белсенді жұмыс істеуіне қатысты дәлелдер мен тұжырымдар өте көп. Америкалық ғалым Волькердің зерттеуіне сенсек, күндіз және түнгі ұйқы адамның күні бойы сергек жүруіне көп көмегін тигізетін көрінеді. Тағы бір анықталған нәрсе, қаншалықты



сергек болсақ, мидың жұмыс істеу қабілеті соншалықты артады. Сессия кезінде студенттер тобына жүргізілген зерттеулер мұны айқын айғақтағандай. Атап айтар болсақ, түні бойы ұйықтамай ертеңіне емтихан тапсырған студенттің жаңа деректерді есте сақтау мүмкіндігі 40 пайызға азайған. Демек, ол таң атқанша кірпік қақпай оқыған кітабының жартысына жуығын ұмытып қалды немесе игере алмады деген сөз.

Жалпы, адамның жасы ұлғайған сайын ұйқының мөлшері де азая түседі. Мысалы, жасөспірімдерге қарағанда орта жастан аскандар аз ұйықтайды, көз шырымын алу деген нәрсе оларға тән үйреншікті құбылыс. Алайда 65 жастан аскандардың түнде ұйықтау уақыты аз болса да, олар жастарға қарағанда күні бойы сергек жүретін көрінеді. Бұл «шалдар» кеш жатқанның өзінде ерте тұрады. Негізі, сегіз сағат ұйқы болуы керек десек те, Суррейс университеті ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда, 20-30 жас аралығындағылар орташа есеппен алғанда 7 сағат 14 минут, 40-50 жастағылар – 6 сағат 50 минут, ал 65 жастан жоғарыдағылар – 6 сағат 30 минут қана ұйықтайды екен. Ал 60 жастан аскандардың неге құсұйқылы болатынын ағылшын ғалымдары зерттеп көргенімен, оның түпкі себебін анықтай алмаған сияқты. Бірақ кейбір болжамдарға қарағанда, ол гормоналдық өзгерістерге келіп тірелетін көрінеді. Жалпы, әлемдік зерттеулерге назар аударсақ, сегіз-тоғыз сағаттық ұйқы жалпы, адамзатқа тән қалыпты құбылыс болып табылады екен.

Десек те, ұйқысыздықтың адам денсаулығына орасан зор зияны жайлы ресейлік дәрігер-невролог Марина Василенконың пікірі көңіл аударуға тұрарлық екендігін жасыруға болмайды.

– Ұйқы үлкендер мен кішілер үшін өте керек. Әсіресе, мектепке барар алдында балалар 30 минуттай көз шырымын алса, оқушылардың көңіл күйі жақсарады, күні



бойы шаршамай жүреді. Ал өне бойы ұйқысы қанбай жүрген адам ақиқатына келгенде, ертерек қартаяды. Ұйқысы қанық адамның психологиялық және еңбек ету қабілеті де жоғары болады, – дейді Марина Василенко.

Мамандардың бағалауына қарағанда, өткен ғасырмен салыстырмалы түрде қарағанда, қазіргі таңда ұйқысыздық 20 пайызға артқан. Үнемі құсұйқылы жағдайда жүру ауруды күшейтеді, атап айтқанда, адамның ағзасы әлсіреп, ұзамай инфаркт алуы мүмкін дейді дәрігерлер. Сондай-ақ түні бойы жұмыс істеу зиян. Көптеген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, әсіресе, ел ұйқыда жатқанда отырып жұмыс істеу адам бойындағы сырқаттың күшеюіне әкеліп соғады екен.

Майо университетінің офтальмологтары атап көрсеткендей, ұйқының бұзылуы көз ауруына көп себеп болатын көрінеді. Ұйқысыздықтың салдарынан, ең алдымен адамның көз жанары бұлдырайды. Егер бұл белгілер созылмалы дертке айналса, тіпті қиын.

Мамандардың бағалауынша, адам баласы өзінің ғұмырының үштен бірін ұйқымен өткізеді. Десек те, күні бойы тынымсыз тірлік үстінде жүретін адам үшін түнемелік демалудың маңызы өте зор. Атақты Генри Лонгфеллоның мынандай нақыл сөзі бар: «Түнде демалу құқығы күндіз күш жұмсауға, істі аяқтауға мүмкіндік береді». Ақиқатында солай. Ұйқы ағзаның күш жинауы өте қажет.

Неміс ғалымдары жатар алдында ішілген бір стакан сүт тез көз ілуге және ұйқысыздық проблемасының орын алмауына кепілдік береді деген қорытынды жасайды. Сүт өнімдерін шығаратын Weihenstephan кәсіпорны 40 адамның күн сайын ұйықтар алдында 1 стакан сүт ішіп отыруын сұрап, соңынан зерттеуге қатысушылардың арасында сауалнама жүргізген. Олардың 73 пайызы сүт ішу процедурасынан кейін тынығып, тез ұйықтап қалатынын айтқан. Сөйтсе, мұндай өзгеріс сүт құрамындағы мелатонин гормонының әсерінен болады екен.



Өйтсе де, ұйқыңыздың қанық болғанына не жетсін! Бірақ әлемде әртүрлі жағдайларға түсіп, өмірінің жартысын кірпік қақпай өткізетін азаматтар да бар. Соның бірі – югославиялық шаруа Станко Дражкович. Жетпістен асып, бақилық болған шалың 23 жасында екінші дүниежүзілік соғыста басынан жараланып, өмірінің 50 жылын көз ілмей өткізген. Бірақ ол ұйықтамай жүрсе де, ешқашан шаршаңқы кейіпте болмаған. Станко Дражкович Еуропаның біраз емханаларын тоздырғанымен, сырқатының сырын ұға алмай, кәрілікке жетіп барып көз жұмған.

Ал вьетнамдық тұрғын Нгуен Ван Кха 50 жылдық ғұмырының 27 жылында ұйықтамаған. Ол 1980 жылы дұрыстап көз шырымын алғанын бүгін сағынышпен еске алады. Еуропаға барып емделсе де, Қытайға келіп Шығыс-Тибет медицинасының шарапатын көрсе де, ол ешқандай әсер алмаған.

Тағы бір вьетнамдық Ман Тхи да ұйқысыздықтың зардабын көп тартқан азамат. Ол 1975 жылдан бері түнде кітап оқиды, теледидар көреді және уақыт өткізу үшін тағы басқа жұмыстармен айналысады екен. Ман Тхи әйелінің түнде көз шырымын алмайтынын үш жылдан кейін ғана барып сезген көрінеді.

Ағылшындық фермер Юстас Бернетт 56 жылдан бері ұйқы дегеннің не екенін білмейді. Ол да кітапқұмар, түні бойы кроссворд бен сканворд шешеді, радио тындайды. Дәрігерлер оған әртүрлі дәрілер бергенімен, бұл әрекеттің бәрі нәтижесіз болып шыққан.

Жалпы, әлемде ұйықтамаған азаматтардың көшбасында тибеттік монах Дава тұр. Ол 90 жыл көз ілмеген көрінеді. Соңғы рет 11 жасында ұйқысын бір рет қандырған Дава екі рет болған дүниежүзілік соғыс кезінде де көз ілмей өткен. Бірақ дәрігер-мамандардың жүргізген зерттеу тесті оның бойында ерекшелік барын байқатқан. Тибеттік монах көз ілмегенмен, зерттеу қорытындысы оның өмірінің жартысына жуығы ұйқымен өткенін дәлелдеген.



Халықаралық Сомнологиялық орталығының мәліметіне карағанда, ұйқысыздыққа белгілі бір оқиғалар қатты әсер етеді. Адам күрделі бір тосын оқиғаның салдарынан күйзеліске түседі немесе ауыр бір сырқатқа ұшырайды.

...Құдай сақтап, ұйқыңыз тыныш болсын!

Керек кеңес

1. *Ұйқысыздық ұзақ уақыт қажып-шаршаудан болады.*
2. *Жүйкенің әртүрлі бұзылыстарға түсуі де қатты әсер етеді.*
3. *Отбасы тірлігіне ерекше алаңдайтын әйелдер ұйқысыздыққа көп шалдығады.*
4. *Ұйықтай алмайтындардың көру қабілеті нашарлайды.*
5. *Ұйқысыздық ұзаққа созылып кеткен жағдайда дәрігерге қаралу қажет.*
6. *Жүрек-қан тамырлар жүйесі ауыратындардың ұйқысы қанық болмайды.*
7. *Қалыптан тыс көп ақпарат қабылдайтын ой еңбегі адамдарының да ұйқысы жиі бұзылады.*
8. *Қалың ой да қажытып, жүйкені жұқартады.*
9. *Таза ауада серуендеу бірқалыпты ұйықтауға мүмкіндік береді.*

21 тамыз 2011 жыл





СОЛАҚАЙЛАР...

Өмірде әртүрлі жандар болады. Табиғатынан солай туған. Оларға еш кінә артуға болмайды. Өйткені бары да, бар болмысы да осы. Солардың бірі – солақайлар. Олар да қатардағы адам. Алайда олардың қалған адамдардан айырмашылығы неде? Неге олар солақай болып туылады?

Жалпы, олардың өз мерекесі бар. 13-тамыз солақайлардың бүкілдүниежүзілік күні. Адамзаттың бір бөлігін құрап отырған олар бұл күні өз мерекелерін салтанатты жағдайда атап өтеді. Назар аударарлық-ақ нәрсе, десек те, сәби неге солақай болып туылады? Мамандардың бағалауына қарағанда, мұның әртүрлі себебі бар. Соның ішінде ақиқатқа жанасатыны – екі пікір. Біріншісі – тұқымқуалаушылық, демек, әке-шешесі немесе ата-бабасында осындай ерекшелік болса, ұрпағында да бұл жайт қайталанып отырады. Екіншісі – патологиялық себептерден орын алуы мүмкін. Нақты айтар болсақ, ананың босануы кезінде немесе сәби іште жатқан кезде әртүрлі жарақат алуы ықтимал. Соның салдарынан қимыл-әрекет пен қуат сол қолға беріліп, солақайлық дамуы мүмкін, – дейді мамандар. Солақай болып туған бала 5-6 жасқа дейін оның қиындығын еш сезінбеуі мүмкін. Ал мектеп табалдырығын аттаған тұста мұғалім ата-анасына «сіздің балаңыз солақай екен» деп сауал қоюы заңды. Бұған шамданып, «Жоқ, менің баламның денсаулығы дұрыс, бәрі жақсы» деп жауап беруіңіз мүмкін. Ақиқаты – солақайлық қалыпты жағдай. Сол қолмен жазатындарды «нашар немесе жаман кісі, бұл адам ағзасының кемтарлығы» деп еш уақытта атауға болмайды. Дәрігерлердің айтуына қарағанда, солақай болып туылған сәбилердің ми құрылымының дамуы алғашқыда баяу болып көрінеді, кейін уақыт өте келе бұл жағдай білінбей кетеді.



Қалай айтқанда да, көптеген зерттеулер барысы көрсеткендей, адамдардың солақай болып туылуы олардың психологиялық ерекшеліктері мен артықшылықтарын білдіретін көрінеді. Жалпы, олардың оңқайлардан ерекшелігі байқалады, біріншіден, мұндай адамдар аса талантты, дарынды болып келеді. Солақайлардың миының оң жақ жарты бөлігі жақсы жұмыс істейді, сезімталдық пен есте сақтау, сараптау сияқты қабілеттер оларда жақсы дамыған. Сондықтан солақайлардан шығармашылық адамдары, суретшілер, сазгерлер, ақындар мен музыканттар көп шығады.

Жалпы, өткен дәуірге көз салсақ, бұрын солақайларға көзқарас дұрыс болмаған. Ертедегі Римде «Жаратқанның оларға көзі теріс түскен, солақайлық – жауыздықтың белгісі» деп қарап, осылай туғандарды баскесерлік әрекетке итермелеген, оларды тапсырыспен кісі өлтіруге жұмсаған. Ал ертеде германиялықтар солақайларды «дүниеге ыңғайсыз келгендер» деп оларды мазаққа айналдырған. Жапондар болса, болашақ жары сол қолмен жазатынын біліп қалса, бірден ажырасатын болған. Ал ежелгі Русьте сот залында солақай адамдарды куә ретінде қатысуға тыйым салған. Орта ғасырларда қарт құрлықтан басталған «солшылдарға» қатысты теріс көзқарас XX ғасырдың басында да жағымсыз күйінде қалды. Британ психологы Кирил Берт «Солақайлар өмірге астамшылықпен қарайды, олар өзін қоярға жер таппайды, тағдыры қиындау болып өтеді» десе, неміс психологы Рудольф Херц «жақсы тәрбиеленген баланың солақайлығы кез келген қимыл-әрекетте бәрібір қолайсыздық тудырады» деп қорытынды жасаған. Бұл, әрине, ерте ғасырдан қалған ескі көзқарас. Қазір ше...

Бүгінгі таңда солақайларға қарасты көзқарас онды шешімін тапқан. Ағылшын ғалымы Крис Макманус «Оң және сол қол» атты кітабында адамзат тарихында солақайлар «оңшылдарға» қарағанда, ғаламат дарынға ие болып, теңдессіз табысқа қол жеткізгенін жазады. Өткенге



үңіліп қарасақ, шындығында да солай, бұл пікірдің бүгінде де, ақиқатқа айналғанына еріксіз сенесіз. Дерек те жетерлік. Александр Македонский, Юлий Цезарь, Виктория ханшайым, Наполеон, Отто фон Бисмарк «сол қолымен» елді басқарып, тарихта қалды. Мұндай тізім одан ары жалғаса береді. Әлемдік ғылымда орасан зор табысқа жеткен Эйнштейн мен Ньютон да – солақай. Бірақ тірлікте онды өзгерістер жасады. Мамандардың айтуына қарағанда, Моцарт пен Бетховен ең ауыр күрделі партияларды сол қолының саусақтарымен орындайтын көрінеді. «Солшылдар» туралы ерте ғасырлардағы түсініктің түкке тұрғысыз екенін кейінгі оқиғалар да дәлелдеп бергендей. Мысалы, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль, Рубенс және Пикассоның бүгінге жеткен ұлы туындылары сол қолымен дүниеге келген. Ғаламның ұлы ойшылдары Аристотель, Фридрих Ганс, Христиан Андерсен, Марк Твен, Герберт Уэллс пен Франц Кафкалар да кітаптарын сол қолмен жазған. Мұндай ерекшеліктен Голливуд жұлдыздары да кенде емес. Анджелина Джоли, Николь Кидман, Брюс Уиллис солақайлардың тобын толықтырып, әлемді актерлік шеберлігімен табындырып жүрген тұлғалар. Соңғы және бүгінгі ғасырдың саяси басқару дәуірінде ойып тұрып орын алған Уинстон Черчилль, Махатма Ганди, Рональд Рейган мен Фидель Кастро да біз атап өткен топтың қатарында. Демек, дерекке қарап отырып, солақайлардың оңай адам еместігін айқын аңғаруға болады.

Тарихта кездейсоқтық болмайды. АҚШ-та болған президенттік сайлау додасында екі солақай Билл Клинтон мен үлкен Джордж Буш бірінен кейін бірі жеңіске жетті. Ал оларға бәсекелес болған сенатор Джон Маккейн, бұрынғы вице-президент Гор мен Росс Перо жеңіліп қалғанымен, олар солақайлардың санатынан еді. Қалай айтқанда да, АҚШ-та Ақ үйде басқарған жеті президенттің барлығы да солақай болып шыққан. Олар: Джеймс Гарфилд, Гарри



Трумэн, Рональд Рейган, Джордж Буш, Билл Клинтон мен Барак Обама.

Шындығында, мамандардың бағалауына қарағанда, әлемдегі ең мықты тұлғалар ретінде тізімге енгендердің 400-ден астамын «солшыл лагерьлер» құрайтыны жазылған. Тарихтың дамуына өлшеусіз үлес қосқан олардың қатарында Микеланджело, Иван Павлов, Маяковский, Сергей Эйзенштейн, Пол Маккартни, Билл Гейтс бар. Жалпы, бүгінгі таңда әлемде қанша солақайлар бар? Мамандардың есептеуі бойынша, қазір жер шарында 1 миллиардтан астам солақайлар өмір сүреді. Соңғы бір ғасырда «солшылдардың» саны екі есе өскен.

Әрине, жыл санап саны артып келе жатқан олардың бір жағынан артықшылықтары да бар көрінеді. Австралия нейрофизиология мемлекеттік университеті мамандарының пікіріне қарағанда, сол қолмен жұмыс істейтіндердің кез келген нәрсеге жауап қату әрекеті оңқайларға қарағанда жылдам екен және олар тапсырманы тез түсініп, тиянақты орындайтын көрінеді. Сонымен қатар олар компьютер ойындарын жақсы меңгеріп, дыбыстан жылдам ұшатын ұшақтарды сапалы басқарады деген болжам бар.

Жалпы, солақайлық адамзатқа ғана тән емес, Чикаго қаласының хайуанаттар бағының мамандары шимпанзенің үштен екісі сол қолымен тамақ ішеді, ал ақ аюлар негізінен, сол алақанымен жейді деген мәлімет келтіреді. Негізі, адам мен айуан арасындағы солақайлықта қандай ұқсастықтар бар, оған қатысты ғылым нақты бір тұжырымын айта қойған жоқ. Десек те, мамандардың бір дерегі ойлантарлықтай: сол қолмен жұмыс істейтіндердің 80 пайызы аллергиялық ауруларға жиі ұшырайтын көрінеді, олардың арасында өзіне-өзі қол салатындар мен араққа әуестенетіндер көп. Тіпті олар оңқайларға қарағанда 5 жыл аз өмір сүреді деген де дерек бар. Дәрігерлердің әңгімесіне назар аударсақ, егер баланың әкешесі «оңшыл» болса, балаларының 67,3 пайызы оңқай,



қалғаны солақай болып өмір сүреді екен. Ал егер керісінше болса, онда ұрпақтарының 48,9 пайызы оңқай, ал 27,7 аралас, 23,4 пайызы сол қолмен көбірек қимылдайтын көрінеді. Алайда бұл көрсеткіштер қаншалықты шындыққа жанасымды, бұл беймәлім нәрсе. Десек те, АҚШ-тың экономикалық зерттеулер жөніндегі бюросының деректері шынайы десек те болады. Спортшылардың ішінде, әсіресе, рингке шыққан солақай боксшылардың қарсыласына өте қолайсыз болатыны ақиқат. Спорт бапкерлері мен мамандарының бағалауынша, солақай боксшылардың 40 пайызы алтын жүлдеге ие болған көрінеді. «Солшылдардан» өте жоғары сапалы мамандар шығады. Қалай айтқанда да, олардың саны қазір артып барады. Социологтардың айтуынша, уақытынан кеш босанатын әйелдер мен 40 жастан асқанда өмірге сәби әкелетін аналардан солақайлар көп дүниеге келетін көрінеді. Қазір АҚШ-тың Канзас штатында Солақайлардың халықаралық қауымдастығының штаб-пәтері бар. Олар «солшыл лагерьлердің» мұңын жоқтап, күйін күйттеп отырады. Бірақ бір нәрсе анық: солақайлардан талантты тұлғалар мен іскер басқарушылар мен мықты президент шығады.

Президент демекші, белгілі француз көріпкелі Мария Дюваль жақында елең еткізерлік бір деректің шетін шығарды. Оның айтуынша, «2012 жылы Ресей билігінің басына солақай адам келеді». Ол кім? Мемлекет басындағы шенеуніктердің әрбір әрекетінен саяси мән іздейтін журналистер Путиннен бір нәрсені байқап қалған. Ол сағатты үнемі оң қолына тағады және оң қалтасындағы мәтін жазылған қағазды үнемі сол қолымен алады. Бұл әрекет пен француз көріпкелі Мария Дюваль жорамалының арасында қандай сәйкестік бар? Расында да, 2012 жылы президенттік билікке Путин қайтадан келді.

Десек те...

Солақайлық бұл – генетикалық ерекшелік!

22 қыркүйек 2011 жыл



АТАҚТЫЛАР ДА АҚЫМАҚТЫҚ ЖАСАЙДЫ

Адам өмірге келгенде ақымақ болып тумайды. Бәрі бұл өмірден үмітті. Сол үшін тіршілік етеді, сол үшін қоғам алға жылжиды. Адамдардың әрекеті арқылы өркениет көркейеді. Бірақ...

Қоғамдағы әртүрлі жағдайлар мен өскен орта және отбасы тәрбиесі балаға әсер етпей қоймайды. Бірақ бала түйсігі оны қалай қабылдап, сараптап, қорытады. Мәселе – осында. Өмірлік тәжірибе жас өскінді есейтеді. Сөйтіп, ол ержетеді. Алайда...

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің». Бұл қазақ пәлсапасының адамзаттың даму жүйесінде үлкен өнегелік орны боп тұр. Дүниеге келген сәбиіне де есім қоюда ерекшелікті сүйетін қазақта бүгінде сан түрлі есімдер бар. Өткен қазан айында Статистика агенттігі Қазақстанда ең көп қойылған есімдер Ерасыл мен Айару деп атады. Дұрыс-ақ шығар, «үміт еткен көзімнің нұры балам...». Дегенмен, әлемдік мәліметтерге көз салсақ, қызық есімдер саны кейінгі кезде күрт көбейіп келеді. Оның шоғырын Кеңес өкіметінің кезінде орын алған аттар құрайды. Коммунизмнің елесін көрген аға ұрпақ балаға ат қоюды кеңестік саясаттың дәмінен іздеді. Тіпті «Даздраперма» деп баласына ат қойған отбасы туралы кезінде ресейлік БАҚ бұрқырата жазды. Сонда бұл не дейсіз ғой. «Да здравствует Первое мая!». Бас әріптердің алғашқы буындарынан құралған бұл атаудың иесінің өмірі ақиқатында ұранды, мерекелік, салтанатты жағдайда өтті ме, ол жағы маңызды емес. Бірақ ат қоюдағы еліктегіштік ықылым заманнан ұрпақпен бірге жалғасып келеді. Сол дәуірде «Ленинид» деген де есім болған. Бұл «Ленин идеяларына адалдық» дегенді



білдіреді. Күн көсемге деген табынушылықты қойсаңшы, орыстарда «Вилор» деген бала да болған, оның түп-төркінін орысшадан іздесек, «Владимир Ильич Ленин – организатор революции» болып шығады. Ал «Кукуцаполь» деген есім де қызық, бұл – Хрущевтің БҰҰ мінберін қара туфлиімен төмпештеп, «біз саған көрсетіміз» деп АҚШ-қа айбат шегіп, оның бастамасымен кеңестік алқапта жүгері жайқалып тұрған тұста қойылған есім. Оның мағынасы «кукурузы – царицы полей» дегенді білдіреді. Коммунистік елеспен өсірген аға буынды кінәлауға болмайтын да шығар. Бірақ балаға ат қоюда бірізділіктің керек екені рас. Бізде де толып жатыр. «Астана-ай, Олимпиада, Азиада» деген аттар Қазақстанда тарихи оқиғалар орын алып, әлем назарын аударып жатқан тұста орын алды. Жақсылық үшін...

Бала есіміне мән беру керек. Ауыр қойылған есімді сәби көтере алмайды. Бірақ күлкі тудыратын, мән-мағынасы жоқ аттар әлі де көп. Адамзат бұдан құралақан емес. Мысалы, Үндістанда Брахматра есімді студент бар. Оның аты 1478 әріптен тұрады. Бұл әлемдегі ең ұзын есім. Оның ішінде не жоқ дейсіз: туған жері мен әке-шешесінің аты, танымал адамдардың есімі, бәрі бар. Жалпы, оның толық аты-жөні мен фамилиясын айтып болғанша, толықтай 10 минут уақыт кетеді екен. Брахматраға бәсекелес бола алатын бірақ адам бар. Ол – С.Эллен Джорджиане Сер-Леккен. Ары қарай 597 әріпті шатаспай айтып шығуыңыз керек.

Өрине, мұндай есімдерді адамдар ырыммен, жақсылық ниетпен қояр. Бірақ ағылшында бір қанатты сөз бар, «кемені қалай атасаң, ол солай жүзеді». АҚШ психологы Джон Трейн Америка құрылығында кездесетін есімдердің коллекциясын жинаған көрінеді. Сөйтсе, дәріханалық кәсібі бар бір отбасы бала-шағасына мынандай есім қойыпты: Менингит, Ларингит, Аппендицит, Перитонит, Тонзиллит. Ай аттарымен өмір сүретіндер де бар, Франциядағы бір үйде Январь, Февраль, Март, Апрель деген балалар тұрады



екен. Үндістер ең жақсы көретін балаларын «Аю», «Мүйіз-тұмсық» деп атайтын көрінеді. Мұндай нәрсе қазаққа да жат емес, қазақтар балаларын «қошақаным, ботам» деп еркелетеді. Жалпы, жақсы ниеттен туған мағыналық атауға қуану керек.

Десек те, өмірдің қарама-қарсы қайшылық тұстары көп. Ойткені...

Әңгіме адам есіміне де тіреліп тұрмаған сияқты. Аты төрткүл дүниеге мәшһүр тұлғалардың өздері де қателік жасайды. Өмірде ақылдылардың жасаған ақымақтық әрекеттері туралы том-томдап еңбек жазуға болады. Ұлы ойшылдар ғана ұлы қателік жасайды дерсіз, әрине, құдай сақтасын, бірақ күлкі келтіретін көріністен өліп кеткен ақылдылар өте көп.

Мысалы, XVII ғасырда өмір сүрген сарай композиторы Жан-Батист Люли король үшін музыка жазып, патшасының өмірін жырлап, сырнайлатып өткен. Өнерге деген махаббатты қашан да жоғары қойған ол, репитиция кезінде шабыттанғаны соншалық, артындағы сынық еденге аяғын тығып алып, содан зардап шеккен. Қантамыры зақымданып, ақыры содан өлген. Грек философы Хрисиптің әрекетін жындының ісіне баларсыз. Ол есектің астаудағы арақты ішіп, масайған түріне қарап, күлкісін тоқтата алмай, ішегі түйіліп, өмірден бір демде өтіп кеткен. Атақты иллюзионист Гарри Гудинидің өмірі де аянышты, сиқырлы көріністерімен талайды табындырған Гарри көз алдында көрерменінің қолынан қаза табады. Ауыр жүк пен әртүрлі сымдарды денесінен өткізіп жүрген сиқыршы кезекті бір қойылымда көрерменді сахнаға шақырып, ішінен ұруды сұрайды. Бұл әрекеттің соңы қайғылы өліммен аяқталды. Қарапайым адамның соққысына шыдай алмай, ол өмірден өтті. Мына бір көрініс те таңғалдырмай қоймайды, француз сазгері Клод Франсуаны электр тогы соғып өлтірген. Ақылды сазгер ақымақтық жасаған, су толы ваннаның



ішінде тұрып, сөніп қалған электр лампасын ауыстырып, орнына жаңасын салмақ болған. Нәтижесі... Өлім!

Өмірде мұндай оқиғалар өте көп. Атақты Lack Daniel's вискиінің иесі Джек Дениел қаны зақымданғаннан кейін алты жылдан кейін өзі істеген ақымақтығының зардабын тартты. Джек сейфінің паролін ұмытып қалып, оны аяғымен теуіп, сындырып ашқан. Ақырында аяқ тамырын сейфтің темірі қиып кетіп, қаны іріңдеп кетіп, қайтыс болған.

Қайталап айтатын бір нәрсе, әңгіме ат қоюда емес, адамның өмір сүру әрекетінде екенін мына бір мысал тағы бір аңғартып тұрғандай. XVI ғасырдың астрономы Тихо Браге өзінің әріптесі Исаак Ньютонға көмектесіп тұрып, көз жұмған. Қалай дейсіз ғой. Атақты Ньютонның бүкіләлемдік тартылыс күші теориясына лабораторияда сынақ жүргізу сәтінде әжетханаға баруға уақыты болмай, қуығы жарылып, дүниеден өткен. Ол уақытта зерттеу жұмыстары біткенше, ешкім үстелді тастап кете алмаған. Сөйтіп, 11 күннен кейін Тихо Браге ауруханада қайтыс болды. Атақты астроном, сөйтіп, бүкіләлемдік тартылыс күші теориясының ашылуын күтпей, «жұмысқа деген жауапкершіліктің салдарынан» зардап шеккен күйі дүниеден өтті. XVI ғасырдың ұлы ойшылы, мемлекеттік қоғам қайраткері атағы дардай, елге есімі белгілі Фрэнсис Бэкон басына ғаламат бір идея келіп, соны жүзеге асырмаққа бел байлайды. Ол тауық етін сасытпай сақтаудың жолдарын іздеп, оны қардың астына көму арқылы жаңа әдіс іздемек болады. Ақырында, тауық емес, өзі қарлы боранда үсіп өледі.

Шындығында, бұл өзі оқыған адамға қызық дерек, ал оның себеп-салдары неде? Мамандар әртүрлі болжам айтады, адамдар шынымен де ақымактанып бара ма? Кейбір ғалымдар адамзат өзінің ақыл-ой дамуының шегіне жетті, енді ары қарай даму жоқ дегенді айтады. Адамның кейде ақылсыздау әрекетке баратын себебі осы шығар.



Мүмкін. Қалай айтқанда да, ақылдылардың ақылсыз әрекетінен қоғамның зиян шегіп тұрғанын жоққа шығаруға болмайды. Сарапшылар жақында адам шошырлық деректі жария етті, әлем халқының 80 пайызға жуығы мәтінді мәнерлеп оқып, айна-қатесіз жазуға шорқақ екен. Алаңдатарлық жағдай. Антропологиялық зерттеулер қорытындысы, соңғы 20 мың жыл ішінде адамның миы күрт кішірейгенін айтады, бірақ адамның бас сүйегі үлкейген. Бұл деректер жариялана салысымен, мамандардың ой-пікірі үшке бөлініп шыға келді. Бірі – адам миының кішіреюі оның ақылсызданып бара жатқанын білдірмейді десе, екіншілері – бірақ адамның жұмыс істеу қабілеті мен оның тиімділігі артты деген пікірде. Үшіншілері – шын мәнінде, жыл өткен сайын адамзат ақылсызданып бара жатыр деген көзқараста отыр. Оның себептері де көп. Өйткені адамзатқа қажеттіліктің бәрі қазір алдында тұр.

Жақында Калифорнияда оқушыларды дайындау жөніндегі комитет басшылары университетке түсер алдында жас түлектерге математика білімінің қарапайым стандартын қабылдау керек деген шешім шығарған. Сонда, бұл не дейсіз ғой? 111:3, аталған қарапайым есепті шешу болашақ студенттерге қиынға соққан. Барлығын да калькулятормен есептеп үйренген америкалық оқушылар бұл шешіммен келіспей, айқай шығарған көрінеді, Ақырында Вашингтонның федералдық билігі Калифорния штатының шығарған шешімін «Конституцияға қарсы әрекет» деп тапқан.

Демек, адам дайын нәрсеге бойын үйретіп барады. Басын жұмыс істеткісі келмейді. Калькулятор, компьютер тұрғанда миды ауыртып, оған салмақ түсіртіп не керек?

Ақиқатында адам ақылсызданып бара ма?

17 қараша 2011 жыл



ТЕҢІЗ БЕТІНДЕГІ ТОСЫН АПАТ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Волга өзенінде орын алған апатқа орай Дмитрий Медведевке көңіл айту жеделхатын жолдады.

– «Көптеген адам құрбан болған Волгадағы «Булгария» жолаушылар теплеходының апатқа ұшырауы туралы қатты қайғыра отырып естідім. Осы қаралы күні Қазақстан халқының атынан және жеке өзімнің атымнан қайтыс болғандардың жақындары мен туыстарына шынайы көңіл айтуымды және зардап шеккендердің тез сауығып кетуіне тілеулестігімді жеткізуіңізді сұраймын» делінген жеделхатта.

Рас, бүкілресейлік БАҚ соңғы үш-төрт күннен бері Татарстанның Камск-Устинск ауданындағы Сюкеево село-сының маңында Волга өзенінде су түбіне кеткен екі палу-балық «Булгария» жолаушылар кемесінің апаты жайлы жазып жатыр. Болар іс болды, қалай айтқанда да, бұл жақсылық емес. Негізі, «Булгария» жолаушылар кемесінде 208 адам болған. Оның 60-қа жуығы балалар, сондай-ақ 30-ға таман тіркелмеген туристер мінген деген ақпарат бар. Соңғы мәліметтер бойынша, 97 адам қайтыс болған, оның ішінде жиырмаға жуығы балалар. Қазір апатқа ұшыраған жолаушылар теплоходы су түбінде 20 метр тереңдікте жатыр.

Бір двигателі істен шығып, бар-жоғы 3 минуттың ішінде суға батып кеткен «Булгария» кемесін өзен табанынан көтеру жұмысы алдағы күндері жүзеге аспақ. Десек те, кеме капитаны мен техникалық қызметкерлердің жауап-сыздығынан жүздеген адам көз жұмды. Хабарсыз кеткендер де бар. Іздестіру жұмыстары жалғасып жатыр. Бірақ ақшаға деген ашкөздік жанды түршіктірер осындай апатқа, адам өліміне алып келді.



Ресейдің тергеу комитеті тосын оқиғаға орай қылмыстық іс қозғады. Әзірге құқық қорғау органдарының құрығы «Аргоречтур» ЖШС бас директоры Светлана Инякина мен Ресей өзен-су жүйесі құрылымы филиалының Камск бөлімшесінің аға сарапшысы Яков Ивашовқа түсіп отырған жайы бар. Сонымен қатар жолаушылар жантүршігерлік апатқа ұшырап жатқанда «Булгарияның» жанынан көмек көрсетпей, түк болмағандай өтіп кеткен «Арбат» және «Дунайский-66» кемелерінің капитандарына да қатысты қылмыстық іс қозғалды. Ал палубасына шамадан тыс жолаушылар мінгізіп, қауіпсіздік шараларын бұзған «Булгария» кемесінің қожайыны кім? Пікірлер әртүрлі. Десек те, базбір ақпарат көзі оның иесі Ресейдің «Единая Россия» партиясының мүшесі, миллионер Михаил Антонов екенін айтуда. Камскідегі су жүйесі тасымалының көлік қызметін түгелдей жекешелендіріп алып, нарықта сату-алу жұмыстарының арқасында байыған Антоновтың «судан ақ, сүттен таза» болып шығатынан барлық БАҚ тағы жазуда. Дегенмен, өткен ғасырдың 50-жылдарының соңында Чехословакияда құрастырылып, елу жылдан астам бойы бір рет те күрделі жөндеу көрмеген «Булгария» суға кетіп, адам өлді.

Десек те, бұл апат Волгада орын алған бірінші оқиға емес. 1983 жылдың 5 маусымы күні Дондағы Ростовтан Мәскеуге бет алған «Александр Суворов» теплоходы Ульяновскідегі үлкен көпірге соғылып, суға кетті. Апаттың салдарынан 176 адам қайтыс болды. Корабль капитанына қатысты қылмыстық іс қозғалып, ол 10 жылға сотталды.

«Адмирал Нахимов» жолаушылар пароходының да тағдыры аянышты аяқталды. 1986 жылдың 31 тамызында Новороссийкінің маңындағы Қара теңізде ешкім күтпеген оқиға орын алды. Жолаушылар кораблі жүк кемесіне соғылды. Палубадағы 1243 адамның бар-жоғы 423-і ғана тірі қалды. Екі судноның да капитаны 10 жылға сотталды. Олар тек қана 1992 жылы ғана Ресей және Украина



президенттері кешірім жасағаннан кейін ғана бостандыққа шықты.

Жалпы, бұрынғы Кеңес Одағы республикаларына қатысты ең ірі теңіз кемелерінің апаты жиі орын алғаны тарихтан белгілі. 1994 жылдың 28 қыркүйегінде Таллиннен шыққан «Эстония» паромы Балтық теңізіне батып кетті. Кеме бортында болған 989 адамның 137-і ғана тірі қалды. «Эстонияның» суға батуына қатысты жорамалдар көп. Десек те, оның шындыққа жанасатыны, «теңіз дауылының салдарынын орын алды» деген болжам.

Жалпы, теңіз бетіндегі тосын апаттарды саралайтын болсақ, оның көбісі XX ғасырға тиесілі. Мындаған адамның өмірін жалмаған теңіз оқиғалары, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орын алды. Оның ішіндегі ең қайғылысы – «Вильгельм Густлофф» су кемесінің апаты. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде немістің «Вильгельм Густлофф» жолаушылар кораблі жылжымалы госпиталь және суасты мектебінің казармасы ретінде пайдаланылды. 1945 жылдың басында аталған кеме Кеңес Одағы әскерлерінің шабуылынан қашқан немістерді қабылдаған, сонымен қатар бейбіт тұрғындар мен әскери қызметшілерді тасумен айналысқан. Өкінішке қарай, «Вильгельм Густлофтің» тағдыры да аянышты жағдайда аяқталды. 1945 жылдың 30 қаңтарында бортына 10 мыңға жуық адамды тиеп алған алып кеме Кеңес Одағының С-13 теңіз торпедосының шабуылына ұшырады. Хабарсыз және өлілер саны әрқилы 5343 пен 9 мың аралығында делінеді.

Қалай айтқанда да, кеме толы адамға шабуыл жасау қайғы-қасірет әкелетінін біле тұра мұндай әрекетке бару өшпенділіктен туындайтыны сөзсіз. Оның үстіне қиян-кескі соғыс жүріп тұрған шақта қарсыластың нысанына шығын келтірмей босқа жіберу кешірілмес күнә болып есептелінді. 1945 жылдың 3 мамырында Балтық теңізінде шамамен 8 мыңнан астам адам суға кетті. 5 мың жолаушыны мінгізген



немістің «Кап Аркона» теңіз пароходы мен концлагерьден 2800 тұтқынды тиеген «Тильбек» жүк тасымалы судносы ағылшын авиациясының шабуылына ұшырады. Соның салдарынан «Кап Арконадағы» 5 мың адам қаза тауып, «Тильбектегі» 2800 тұтқын келмеске кетті. Кейбір жорамалдарға қарағанда, «британ авиациясының шабуылы жаңсақтықтан орын алды» деген болжам бар, екінші бір ақпарат көзі шын мәнінде, ұшқыштарға жаудың әскери кемелерін жоюға тапсырма берілді дегенді айтады.

Шын мәнінде, теңіз тарихындағы соғысқа назар аударсақ, мәліметтер шоғыры жан түршіктіреді. Тағы сол екінші дүниежүзілік соғыс аяқталар тұста Норвегияда құрастырылып, Германия тәркілеген «Гойя» судносы да құрдымға кетті. 1945 жылы неміс тұрғындары мен Вермахтың әскери қызметкерлерін эвакуациялаумен айналысқан «Гойя» кемесіне 16 сәуір күні түнде кеңестің Л-3 суасты торпедосы ауыр соққы беріп, жеті минуттың ішінде кеме теңіздің түбіне батып кетті. Ал қаза тапқандардың саны шамамен 6-7 мың аралығында. Ауыр соққыдан 200-дей адам ғана тірі қалған көрінеді.

Кеңес Одағының С-13 суасты торпедосы босқындар мен әскерилерді алып келе жатқан немістің «Генерал Штойбен» алып кемесінің де күлін көкке ұшырды. 1945 жылы ақпанның тоғызынан онына қараған түні соққыдан кеме бортында 3608 адам қайтыс болды. Бұл апаттан 659 адам ғана аман қалды деген дерек бар.

Әрине, бұл – соғыстың соңғы айларындағы Кеңес Одағының жеңіске жетер тұстағы жетістіктері. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыс басталған алғашқы алты айда кеңестік жақ та ауыр шығынға ұшырағаны белгілі. 1941 жылдың 7 қарашасында Қырым жағалауынан теңізге енді шыққан кеңестік «Армения» теплоходын немістің «Хенкель – 111» торпедосы жойып жібергені белгілі. Кеме бортында Ялта мен Севастопольдың тұрғындары мен әскери қызметкерлер



болған. Төрт минуттың ішінде суға батқан кемеде 5000 адам болған деген дерек бар. Қазір зерттеулер бойынша, қайтыс болғандардың саны 7000 адам делінеді.

Бұл деректерді одан ары қарай жалғастыра беруге болар. Алып айсбергке соғылып, керемет кинофильмге арқау болған «Титаниктің» апатын да ешкім ұмытқан жоқ. Қалай айтқанда теңіз талай тағдырды жалмады. Талай адам құрбан болды. Мұның барлығы тосын оқиға деуге болмас, бірақ мұның басым бөлігі адамдардың қаскөй әрекеттері мен әдейі жасалған жауыздығынан екенін жоққа шығаруға болмайды.

Бүкіл Ресейдің берекесін алған «Булгария» теплоходаындағы апат та жауапсыздықтың салдарынан орын алды. Кінәлілер табылып, жазаланар.

Бірақ...

Кеткен адамның орнын ешкім толтыра алмайды.

24 қараша 2011 жыл





ТАБИҒАТ ЖАРАТҚАН ТАҢҒАЖАЙЫП АДАМДАР

Өмірде адам баласын таңғалдыратын құбылыстар өте көп. Оған бас шайқап, тамсанудың да қажеті шамалы шығар. Қалай айтқанда да, «адам баласы пешенесіне жазылғанын» көреді. Десек те, қайран қалдырар құбылыстардың болуы бекер емес, оның бірі адам қолымен жасалса, екіншісіне дарынды үйіп берген. Мұндайларды «Құдай берген талант» деп жатады. Сонымен...

Голландия азаматы Дэвид Блейннің өмірі таңғажайып құбылыстарға толы. Оның денесі суықты қабылдамайды, қырық, тоқсан, жүз градус аяз, үскірік боран мен қалың қар болсын, жалаңаяқ, жалаңбас күйі түк сезбей жүре береді. Тіпті қиын жағдайларда да адам баласы үшін қиын әрекеттерге барады. Мысалы, оның көз жетпес биік қарлы шыңдарды жалаңаш күйі бағындырған сәттері Гиннестің рекордтар кітабына енген. Адам төзгісіз суықта көк мұздың үстіне жалаңаш күйі жатқан кездері де болды, денені қалшылдатар суықты елемей, түк болмағандай орнынан тұрып, жүре беретін сәттерін де әлем көзбен көрді. Дүниенің бүкіл БАҚ пен сайттары Дэвид жайлы жапатармағай жазды. Блейннің осындай әрбір тосын әрекеттерінен кейін дәрігерлер оның ағзасын тексеріп көрген, ешқандай өзгерістер байқалмаған. Қорытынды нәтиже біреу: оның денесі суықты қабылдамайды. Алайда Блейннің ағзасында не бар? Басқа адам баласынан оның артықшылығы неде? Бұл сауалдар әлі күнге дейін дәрігерлер мен мамандарды ойландырумен келеді. Бірақ ғалымдар бір нәрсені анықтаған. Дэвид Блейн бастан кешіп жүрген жағдайларға басқа адам шыдас бермейді. Суықтан бірден қайтыс болады немесе соның салдарынан жазылмас дертке ұшырайды.

Үш жастағы ойын баласы Ретт Ламбтың да өмірі құпия



құбылыстарға толы. Түр келбеті мен дене бітімі өзінің құрдастарымен бірдей, еш айырмашылығы жоқ. Ол да ойын баласы. Бірақ басқалардан артықшылығы бар. Ретт Ламб көз ілмей жүре береді, нақтылай айтсақ ұйықтамайды, ұйықтай алмайды. Үш күн бойы жастыққа басы тимейді, демек, үш күн көз ілмесе де шаршамайды, бірақ белсенділігі сол күйі сақталады. Дәрігерлердің ұзақ тексерулерінен кейін бір нәрсе анықталған. Баланың нерв жүйесі мен миының спецификалық ерекшеліктері бар. Ретт Ламбтың ұйқысы келмейтіні де сондықтан. Дәрігерлер алайда үш күн ұйықтамайтын баланың денесінде ешқандай өзгерістер жоқтығын айтады.

Дегенмен, үлкен-кіші болсын, жоғарыдағы екі азамат сау адамдардың қатарына жатады. Олардың денсаулығы дұрыс, қалыпты жұмыс істейді.

Алайда он екі мүшесінің бірі кем болса да, бойында таңғалдырар құбылысы бар таңғажайып тұлғалар бар. Соның бірі – ағылшындық Бен Андервуд атты бала. Рактың белгілері байқалғандықтан (ретинобластом) оның бір көзіне үш жасында хирургиялық операция жасалған. Бұл онкологияның сирек кездесетін белгілерінің бірі. 1992 жылдың 26 қаңтарында туған бала алғашқыда дені сау болып көрінген. Үш жасқа келгенде оның оң көзінде өзгерістер пайда бола бастағанын анасы байқаған. Мысалы, қою қараңғы бөлмедегі мысықтың көз жанарын елестетіп көріңіз. Жанып тұрады. ulix.ru сайтының ақпаратына сенсек, бала Бенде де осындай құбылыстар байқалған. Екі жыл өткеннен кейін барып дәрігерлер Беннің оң жақ көзі суқараңғы екендігін білген, тіпті оның көз қарашығы ағара бастаған. Офтальмологтар ұзақ уақытта созылған тексерістен кейін оған қауіпті диагноз қойған. Ретинобластома. Бұл сырқатпен оның атасы да ауырған көрінеді. Бірақ көзбен емес. Сырқаты басқа. Бірақ ол да рактан көз жұмған.

Бала Бен Андервудтің болашағына алаңдаған дәрігерлер оның оң көзін алып тастаған. Алайда сырқаттың белгілері



оның сол көзіне ауысқаннан кейін тағдыры қиындай бастаған. Дәрігерлер сегіз ай алысқанмен, химиятерапиялық емнен еш пайда болмады. Мамандардың алдында екі жол тұрды: Бенді аман сақтап қалу қиын немесе ол көру қабілетінен айырылады. Мамандар екінші жолды таңдады. Екі көзі де көруден қалған Бен Андервуд анасының, аға-інілерінің көмегімен өмір сүруге дағдылана бастады. Айналасында қандай заттардың барын біліп, оларды орын-орнына қоюды үйренді. Тіпті көшеге шығып, қай жерге қандай жолмен баруды сезіп, ағасының көмегі арқылы алдында қандай үй мен ғимарат тұрғанын біле бастаған. Алайда уақыт өте келе оның сол жақ көзінің қызарып тұратыны байқалған. Тағы бір қызығы, ол таңдайын қағу арқылы барлық заттың сыртқы пішіні мен бейнесін сезетін болған. Бұл қалай жүзеге асады? Мамандардың айтуы бойынша, Бен осылай дыбыс шығару арқылы өзінің санасына елес қабылдайды. Ол елес өне бойы санасында жаңғырып тұрады. Бірақ мысал: сіз мұздатқыштың асүйде тұрғанын білесіз. Оның алдына барып көзіңізді жұмып біраз тұрыңыз. Бәрібір қарсы алдында тоңазытқыш тұрғанын сезесіз. Санаңыздағы елес арқылы. Әсіресе, мұндай жайттар көзі көрмейтін адамдарда қатты дамыған. Олар санасында қалған заттың елесі мен жаңғырығы арқылы көп нәрсені сезеді және өмір сүреді. Кітап оқып, компьютерлік ойындарды жақсы ойнаған Бен Андервудтің өмірі ұзаққа бармады. Ол 2009 жылдың 19 қаңтарында сырқаттан қайтыс болды. Әрине, бұл Бен Андервудтің пешенесіне жазылған тағдыр. Ол соны көрді, көзі көрмесе де бастан кешті. Сөйтіп, өмірден өтті. Бірақ Бен адам мүмкіндігінің зор екендігін жұртшылыққа ұғындырып кетті. Ал... «Динамо» деген лақап атпен белгілі болған британ сиқыршысы Стивен Фрейннің әрекеті де таңдай қақтырарлық. Әлемде ешкім қайталамаған көз сүйсіндірерлік көрініс жасаған. Svooyo.ru сайтының жазуына қарағанда, ол британ парламентінің алдындағы Темза өзеніндегі судың үстімен өткен. Қайықпен деп ойларсыз.



Жоқ! Жалаңаяқ өткен! Жүздеген көрерменнің алдында бас шайқатар әрекет жасаған Стивен Фрейн шын мәнінде, «суға салса, батпайтын» жан болып шыққан. Аяғының астына ештеңе байламай судың бетімен өзеннің ортасына дейін жалаңаяқ күйі батпай жаяу жүріп өткен Стивен Фрейді ақыры жағалаудың қауіпсіздігін бақылайтын полиция алып кеткен. Бұл көріністі ағылшындық сиқыршы «Мүмкін емес әрекеттер» деп аталатын теле-шоу үшін жасаған көрінеді.

Әрине, мұның бәрі қарапайым адамға қиын болып көрінуі мүмкін. Бірақ сиқырдың сырын сиқыршы ғана біледі. Бұл ақиқат.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі». Қазақтың бұл қанатты сөзінің хорваттық азамат Фран Селакқа қатысы бардай. All-Forum.ru сайтының дерегіне сенсек, ол жеті рет өлім аузынан қалған. Алғаш рет 1962 жылы Сараеводан шыққан пойыз рельстен шығып кетіп, мұзды өзенге құлайды. Барлық жолаушылар қайтыс болады да, қолы сынған күйі ол жағалауға жетіп, аман қалады. Бір жыл өткеннен кейін қонуға бет алған екі ұшақтың соқтығысы салдарынан 17 жолаушы қаза табады. Ал Селак шөптің үстіне құлап, оны Құдай сақтайды. 1966 жылы Сплит қаласына келе жатқан автобус өзенге құлап, ол тағы жағалауға жүзіп шығады. Бұл апатта төрт жолаушы қаза табады. 1970 жылы жолда келе жатқан автобустың май құятын бағы отқа оранып, автобус жарылып, ол тағы аман қалады. Бұл бұл ма осыдан үш жыл өткен соң Фран Селак тағы бір тосын жағдайды бастан кешеді. Ол көлік жөндеп жатқан кезде двигательден өрт шығып, басы отқа оранады. Кейін шаш та шықты, бірақ Селактың өмірінде орын алған оқиғалар сәттілік пе, сәтсіздік пе? Ол маңдайға жазылған тағдырды көрді. 1995 жылы көшеде автобуспен соқтығысып, аман қалды. Бұл жолғы жарақаты жеңіл болды. Алайда келер жылы оны тағы да Құдай сақтап қалды. Ол БҰҰ-ның үлкен автобусымен соқтығысып, тау жықпылында өсіп тұрған ағашқа ілініп қалады. Көрер жарығы бар Селак ағашқа ілініп тұрған сәтінде 90 метр биіктіктен құлаған



көлігін көзімен көреді. Әрине, ол Жаратқанның көзі түскен періштесі бар адам шығар. Бірақ бір қызығы, оның отбасылық өмірі де жайсыз өткен, Селак төрт рет үйленген көрінеді.

Бұл оқиғалар әлемнің әр түкпірінде орын алған, талантымен жұртты таңғалдырған және оқыс оқиғалардан аман қалған адамдардың таңғажайып тағдыры. Біреуі – апатты өмір, екіншісі – қызықты ғұмыр. Қалай айтқанда да пешенеге жазылған тағдыр. Таңғалдырар тірлік те, таңғажайып әрекет те адам қолымен жасалады. Бірақ...

Кэмбридж университетінің ғалымдары жақында қызықты зерттеудің қорытындысын шығарды. Олардың ойынша, дәл қазір адамзаттың интеллектуалдық даму деңгейі ең шырқау шегінде тұр. Физиологиялық жағынан алып қарағанда, адам бұдан артық ақылды бола алмайды. Ал күнде әртүрлі ақпаратты қабылдап жатқан мидың одан ары дамып, толығып ақылды болуы үшін қосымша қуат пен кислород керек екен. Ал ол мүмкін емес көрінеді.

...Бірақ адамзаттың таңғалдырар әрекеттері таусылмақ емес. Бай да, бұқара үшін де жазылмаған ортақ бір заңдылық бар. Пешенеге жазылғаннан ешқашан қашып құтыла алмайсың. Адам баласының барлығы да бақытты өмір сүргісі келеді. Алайда бәрі де бай бола алмайды. Жастың да, кәрінің де, дәулетті мен кедейдің де түбінде барар жері – бір. Бір уыс қара топырақ бұйырады. Басқан жері «Балқан тау» болса да, шалқып өмір сүрсе де, елге, Отанға сүйкімсіз тұлғалар да болады. Мәселен, өткен ғасырдың 2000 жылына дейін біреуді билікке әкеліп, екіншісін ығыстырған, Ельцинді өз еркімен тақтан түсіріп, көз ілеспес жылдамдықпен, санаулы ғана уақыт ішінде Путинді мансапқа әкелген орыстың байы Березовский ақырында өз саяси ойынының құрбаны болды. Артында мыңғырған мал-дәулеті қалған Березовский Отаны Ресейге келе алмай пұшайман халде ағылшын жерінде дүниеден өтті. Еуропада сүйегі қалды. Өмірдің мәнін адам дүниеден өтерінде ғана түсінеді емес пе? Сол Березовскийден не қалды, сонда? Ештеңе. Лондонның



маңайындағы зәулім сарайы туысқандарының арасында таласқа түсіп жатыр, қазір.

Енді сол Березовскиймен АҚШ-та жақында ғана қайтыс болған Пол Карасонның өмірін салыстырып көріңіз. Тарихта «Көк адам» деген атпен қалған Карасон өле-өлгенше тіршілік үшін күресіп өтті. Бүкіл әлем «Көк адам» туралы 2007 жылдан бастап қана біле бастады. Бұған дейін тыныш Калифорния штатында мамыражай қалыпта өмір сүрген Пол Карасон америкалық баспасөзге шыққаннан бастап, оған журналистер мен маман-дәрігерлер назар аудара бастады. Оның бүкіл денесі, терісі көкпеңбек болып кеткен. Оның ағзасында күміс металл көп. Бірақ аргироз аурына шалдыққанымен, ол бұл сырқаттан қайтыс болған жоқ. 1990 жылдардың басынан бастап, терісі көгере бастаған. 2007 жылға дейін ол толыққанды «Көк адамға» айналған. Бетіне шыққан жарадан кейін оны өздігінше емдемек болып, белгісіз бір дәрі сепкен ол артынша оның зардабын тартқан. Беті басқа түске өзгере бастаған. Оның үстіне бар панасы, қамқоршысы әкесі қайтыс болған ол қатты психологиялық күйзеліске түседі. Үй жағдайында күміс қосылған тазаланған суды ішіп, сырқаттан құтылмақ болған бұл әрекетінің өміріне түгел өзгеріс әкелетінін ойлаған жоқ. Сонымен қатар Карасон денесіне күмістің элементтері қосылған бальзам жаққан. Нәтижесі... «Көк адам» болып шыға келген. Міне, сырқатына өздігінен ем іздемек болған адамның ақыры немен аяқталды? Жалпы, 1999 жылдан бастап АҚШ-тың тағам және дәрілік құралдарды пайдалану жөніндегі арнайы комиссиясы бұл препаратты адам денсаулығына пайдалануға мүлде тыйым салған. Дәрігерлер Карасонның терісін қаншама өзгертуге күш салғанымен, олар түбегейлі өзгеріс әкеле алған жоқ. «Көк адам» күйінде өмірден өтті.

Терісінің көкпеңбек болып кетуі оның жанын қинады. Ол Америкада жиі орын ауыстырды. Қаладан қалаға көшіп жүрді. Калифорниядан шұғыл орын ауыстыруына да адамдардың көзбен күліп, қолымен шошайтып нұсқап, таңыр-



қаған көзқарасы себеп болды. Десек те, ол өмірден күдерін үзген жоқ. Дәрігер, психологтардан жиі кеңес алды, өзін жұбату үшін әртүрлі шоуға жиі қатысты, Сөйтіп, жүріп өз махаббатын тапты. Джо Анна атты ару оның сүйіктісіне айналды.

– Алайда Пол Карасон жаны қиналғанымен, тіршілік үшін күресті. Өмір сүрді. Оны теледидар көрсетіп, қандайда бір хабар басталғанда, Eiffel 65 тобының Blue әні міндетті түрде қойылатын. Бұл әрекет оған ұнамайтын. Дегенмен, ол мұны қалжыңға айналдырып, түбінде «Жасыл адамға» айналып, жасылдар партиясын құрамын деп қалжыңдайтын, – дейді зайыбы Джо Анна.

Бірақ расында, пешенеге жазылғаныңды көресің. «Көк адамның» сырқаты оның терісінің көкпеңбек болуында ғана емес, ол рақпен де ауырды. Бірақ тынымсыз тіршілік пен өмір сүруге жанталастың арқасында ол бұл ауруды жеңді. Дәрігерлердің қатаң бақылауында болған оның ағзасында 2009 жылдан бастап аздаған өзгерістер пайда болды. Тері өз қалпына келе бастады. Бірақ өмірінің соңына дейін тасада өмір сүрді. Оған америкалықтар мен шетелден келген туристердің таңғала қарауы мен қолын шошайтып көрсетуі ұнаған жоқ. Бұл әрекетті ол жек көрді. Пол Карасонның соңғы екі жылда қан қысымы мен қан құрамы толық қалпына келді.

– Ол үйден сирек шығатын. Тарихи әдебиеттерді жиі оқыды, теледидардан тарихи тақырыптарды көргенді ұнататын. Банкке немесе темекі алуға ғана көшеге шығатын, – дейді әйелі Джо Анна.

Өмірінің соңғы жылдары Вашингтонда тұрған ол 62 жасқа қараған шағында – 2013 жылы 26 қыркүйекте жүрек ауруынан қайтыс болды.

Пол Карасон бірақ өз Отанында, Америкада өлді. Ал мыңғырған мал-дәулеті, байлығы бар Березовскийдің сүйегі ағылшын жерінде қалды. Дос-жаран, туған-туыс, ағайын-бауыр топырақ салуға жарамады. Өлерінің алдында Путинге



хат жазып, өміріне араша сұраған Березовскийді ешкім керек еткен де жоқ. Ендеше, Пол Карасон бақытты ма, Березовский ме?. Мән-мағына «Көк адамның» күйзелісі мен Березовскийдің байлығында ма? Сұрақты бұлай қою қисынсыз шығар. Бірақ мейлі, миллионер бол, кедей бол, дұрысы – Отаныңда өмір сүру бақыттырақ...

Әрине, «Көк адам» өз өміріне жара салды десе де болады. «Күміс қосылған суды көбірек ішіп, ағзамды бактериядан тазартамын» деген оның ойы ақырында орны толмас зардапқа ұрындырды. Пол Карасон өзі жасаған қастандықтың құрбаны болса, Сазуфан Супатраның жанына Табиғат-ана жара салған.

2000 жылы туылған Сазуфан Супатраны әлемдегі таңғажайып адамдардың бірі деп атауға болады. Ол Бангконкте тұрады. Сазуфан гипертрихоз сырқатымен ауырады. Оның бар денесін түк басып кеткен. Әдетте біз дене-басын түк басқан адамдарды кинодан, қалың орманның арасынан көреміз ғой. Ал Сазуфан қалада тұрады. Кәдімгі қарапайым отбасында тұрмыс кешеді. Адамның шашы өссе, шаштаразға барып қидыратынымыз ақиқат. Ал Супатра да шаштаразға барады, бірақ басындағы емес, бетіндегі шашын қидырады. Бұл сырқаттың емі жоқ дейді мамандар. Әрине, оның денесіндегі құбылысты лазерлік сәуле арқылы емдеп, тоқтатуға болады деп жорамал жасалғаны белгілі. Алайда дәрігерлер бұл әрекеттен бас тартты. Ешқандай емі жоқ аурудан айықпаған Сазуфан Супатра осылай он жылдан астам уақыт бойы ел-жұрттың көз алдында пұшайман кейіпте өмір сүріп келеді. Әрине, жас қыздың айналасында жүргендер оның қылығы мен болмысына көздері әбден үйреніп кеткен болар. Бірақ бір көрген адамның шошына қарары хақ. Құбыжық ретінде өсіп келе жатқан қыздың алайда жаны аянышты екенін ұғынуға болар...

Таңғажайып адамдардың бірі – егіз Эбигейл мен Бриттани Хенсел. Олар 1990 жылы АҚШ-та туған. Егізді алайда тағдыр қызық етіп жаратқан. Дене біреу, бірақ бір денеде –



үш өкпе, үш бауыр, екі жүрек, екі асқазан бар. Арқасында екі омыртқа жұлыны жұмыс істегенімен, екеуі де барып, бір құйымшаққа тіреледі. Бірақ олардың денесі бір, мүшелері бірнешеу болғанымен, қан тамырлары да жалғыз. Бір денеден шығып тұрған екі басты көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Қалай айтқанда да Эбигейл мен Бриттани жаратылысы бөлек жанның қатарына жатады. Миы бөлек, бірақ арманы бір. Екеуі де болашақта дәрігер болуды армандайды. Екі басты болғанымен, олардың қозғалысы да кәдімгідей бірқалыпты. Олар да жүгіріп, көлік пен велосипедке мінеді. Жүздері жылы. Қашанда күліп жүретін екі қызға айналасында адамдар жылы кейіппен қарайды.

Жалпы, табиғат жаратқан таңғажайып адамдар өте көп. Солардың бірі – XX ғасырдың басында өмір сүрген – Паскуаль Пинон. Алдымен оның маңдайында ісік пайда болған. Мұны ол байқамай жүре берген. Циркте ойын көрсетіп жүрген оны әріптесі байқап қалған. Зиянсыз ісік болып шыққан бұл сырқатты еш дәрігер тоқтата алмаған. Ақырында маңдай шекеден екі көзі бар тағы бір бас пайда болған. Бірақ оның еш зардабы болмаған көрінеді. Құбылысы бөлек жан алайда көп өмір сүрген жоқ. Қырық жасында қайтыс болды.

...Өмірде мұндай жандар көп. Таңғажайып әрі біртүрлі адамдардың ішінде таланттылары да жетерлік. Талантсыздары да бар. Бірақ тағдыр, табиғат осылай қатал сый тартқан соң, одан құтылудың жолы қайсы?!

Мәселе сонда.

22 қараша 2011 жыл



БЕРЛИН ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЛАЙ ҚҰЛАДЫ?

Тарих өшпейді. Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан бір мемлекетті екіге бөліп жіберген геосаясаттық әрекетті бүгін сарапшылар мен тарихшылар сағына еске алады. Олай деуіміздің жөні бар. Гитлерлік Германия бастаған соғыс әлемдік геосаясаттың салмағын мүлде басқа бағытқа бұрып жіберді. Кеңес Одағының жеңісінен кейін Жер шарында екі лагерь пайда болды. Бірі НАТО ұйымына мүше елдер болса, екіншісі – Варшава шарты ұйымына қатысушы мемлекеттер.

Варшава шарты ұйымына негізінен, соғыстан азат етілген мемлекеттер кірді. Сөйтіп, Еуропа аумағында оннан астам социалистік мемлекеттер пайда болды. Соғыстағы жеңістен кейін халықаралық аренада Кеңес Одағының абыройы күрт артты. Кез келген ел Кремльмен санасатын болды. Алайда шығын мен нәтиже әкелген қанды соғыстың әлі жылдарға созылатын түйткілі жетерлік болды. Соның бірі – Германия. Германияның шығыс жағын Кеңес Одағы иеленіп, ГДР мемлекетін құрса, оның батыс жағына АҚШ-тың жақтастары орналасып ФРГ елін құрды. Алайда мұндай бір елдің екі жаққа бөлінуі Кеңес Одағына, оның басшысы Хрущевке ұнамады. Ел астанасының батыстық және шығыстық бөліп екіге жарылуы халықаралық жағдайды, тіпті қиындатып жіберді. 1958 жылы Кремль басшысы Никита Хрущев батыс Берлинге өз тәуелсіздігін бере отырып, оны «Еркін қала» деп жариялау туралы бастама көтерді. «Егер НАТО елдері бұл шартқа көнбесе, онда КСРО тек ГДР-мен келісімшартқа отырады. Ол шарт бойынша, Батыс Берлин «Еркін қала» болып саналғанымен, америкалықтар мен француздар және британия билігі



қалаға келіп кету үшін Шығыс Берлиндегі неміс билігінен рұқсат алуы керек». Алайда бұл бастама НАТО билігіне ұнаған жоқ 1958-1961 жылдары Берлин Еуропадағы ең «ыстық нүкте» болып қала берді. Тіпті Кремль басшысы Никита Хрущев қалыптасқан жағдайға баға бере келіп, «Батыс Берлин – Кеңес Одағының тамағына тығылған сүйек» деп жіберді. Шындығында солай еді. Ақиқаты, соғыс аяқталған кейінгі ондаған жылдар ішінде НАТО жақтастарының күшімен Батыс Германия, яғни ФРГ-ның экономикасы күрт өрлей бастады. Шығыс жақтағы немістер батыс Берлинге қаша бастады. Адамдардың көшу тасқынын тоқтату мүмкін болмады. Сондықтан қандай да бір шара қолдану қажет еді. Негізі, о баста Берлин төрт секторға бөлінгені белгілі. Оны барлық елдердің өкілдері кіретін Одақтық комендатура басқарды. Уақыт өте келе Кеңес Одағы одақтық басқару органына қатысты барлық келісімшарттарды үзді де, ГДР-дың астанасы етіп Берлинді жариялап жіберді. Батыс жақты басқарып тұрған үш елге дереу осы аймақты тастап шығу туралы ультиматум қойылды. Алайда батыстың державалық елдері бұл талапты қабылдамады.

Негізі, халықаралық жағдайдың осы кезде шиеленіскені соншалық, Еуропадағы жағдай «Берлин дағдарысы» деген атауға ие болды. Тіпті «Берлин дағдарысын» шешуге арналған АҚШ президенті Кеннеди мен КСРО басшысы Хрущевтің арасында 1961 жылғы Венада өткен кездесу де сәтсіз аяқталды. Кездесу қырғи-қабақ жағдайда өтті десе де болады.

Хрущев: – Соғыс немесе бейбітшілік, бұл мәселе ең алдымен сізге қатысты. Егер Берлинге бір дивизия жіберсеңіз, менің екі дивизия жіберуге шамам жетеді.

Кеннеди: – Сіз қандай жағдайға қарамастан, саясатты өзгерткіңіз келе ме, ал мен оған қарсымын.

Хрущев: – Сіз не десеңіз де, осы жылдың желтоқсанында ГДР-мен бейбіт келісімге қол қоямыз.



Кеннеди: – Егер бұл ақиқатқа айналар болса, онда бізді саясаттың қаһарлы қысы күтіп тұр.

Кремль басшысының «Бейбіт келісім» деуінде саяси мән бар. Бұл жерде Хрущев екі Германияның арасында шекараны анықтау және ол жерге Кеңес әскерін бақылауға қою туралы әңгіме қозғап, соны меңзеп отыр. Кейінірек өз естеліктерінде Хрущев бұл жайды былай деп еске алады: «Менің басқа амалым қалған жоқ. Шегінерге жер жоқ еді. Өйткені 1961 жылдың маусым айында ГДР-ден 30 мыңнан астам адам ФРГ-ге қарай өтіп кетті. Егер бұл түйткіл ары қарай жалғаса беретін болса, онда ГДР экономикасы құлайтын еді. Өйткені барлық кәсіби мамандар экономикасы өсіп келе жатқан батыс Германияға қарай ағылды. Не істеу қажет? Бір-ақ амал қалды. Ол – Берлин қабырғасын тұрғызу еді».

– «Кеңес Одағы шындығында Шығыс Германиядан айрылса, Польшадан және тағы басқа социалистік жолға түскен Шығыс Еуропа елдерінен айырылатын еді. Сондықтан қандай да бір батыл әрекетке бару ғана қалды. Босқындардың Батыс Берлинге ағынын тоқтату үшін. Мүмкін Берлин қабырғасын тұрғызу керек пе? Біз оған қарсы тұра алмадық. Менің қолымнан НАТО күштерін біріктіре отырып, Батыс Германияны қорғау және өз ықпалымызды осы аймақта сақтап қалу ғана қалды». Бұл енді осы жағдайға орай Кеннедидің жазған жазбалары.

1961 жылдың 5 тамызында социалистік елдер бас хатшыларының кездесуі өтіп, 7 тамыз күні Берлин қабырғасын тұрғызу туралы шешім қабылданды. Сонымен...

1961 жылдың 13 тамызы неміс тарихы үшін қаралы күн ретінде есте қалды. 13 тамыз жексенбі күні түнгі сағат бірде Кеңес әскерлері мен Шығыс Берлиндегі неміс полициясы ерекше құпия жағдайда дабылмен көтеріліп, ел астанасын екіге бөлді. Берлиннің 3 миллиондай халқы таң ата тарихта бір ұлттың екі мемлекет құратынын білмей қалың ұйқыда жатты. Бір сәтте, түні бойы темір сым



тартылып, 193 көше, 8 трамвай мен 4 метро жолы жабылды, телефон сымдары мен электр желілері үзілді. Көпірлер мен алаңдар, гүлзар мен саябақтардың өзі қақ ортадан бөлінді. Таң ата неміс халқы енді екі мемлекетте өмір сүретінін бір-ақ білді. Сол кездегі жағдайды неміс журналистері былай деп жазды: «бергі беттегілер, арғы жақтағы жұмысына бара алмай қалды. Алыс-беріс пен қарым-қатынас бірден тоқтатылды. Он мыңдап жиналған халықты Кеңестік әскерлер қуып таратты». Алайда туыстық қатынасты қалай тоқтатарсың. Мыңдаған адам жасырын жолмен Батыс Берлинге қашуын тоқтатпады. Тіпті шекара жабылған соң, бір айдан кейін қазанда АҚШ әскерлері шекараны күшпен алып тастау туралы операцияны бастамақ болды. Бұл Кеңестік барлаушыларға алдын ала мәлім болып қалды.

«Бранденбург қақпасының бақылау бекетіне АҚШ-тың 10 танкісі мен бульдозерлері жақындап келе жатты. Оған қарсы кеңестің 50 шақты танкісі шықты да, америкалықтар құрсауда қалды. Жағдайды дереу бақылауға алған Кеңес ұшқыштары Батыс Берлиндегі Тепмельгоф әуежайын құпия жағдайды басып алып, АҚШ ұшқыштарын сан соқтырды. Таң ата Мәскеуден жеткен хабардан кейін ғана екі жақтың танкілері кейін шегінді. Сөйтіп, Еуропа соғыс ұшқынынан аман қалды. Содан кейін батыс ГДР-дің тәуелсіздігін танып, шекараның барын мойындады». Бұл Еуропа тарихшыларының жазбалары. Сөйтіп, бір Германияны екіге бөлген «Берлин қабырғасының» ұзындығы 155 шақырымды құрады, оның 43,1 шақырымы Берлинді екіге бөлді. Қабырға кірпіштен, кейін бетоннан тұрғызылды. Онда 293 төбеден қарауылдайтын бекет, 57 бункер, ені 10 метр болатын «өлім линиясы», патрульдік бақылау, 100 метрлік ешкім жүрмейтін, рұқсат етілмейтін аймақ болды. «Берлин қабырғасы» «өмір сүрген» 28 жылға уақыттың ішінде қамал арқылы қашқан 70 адам атып өлтірілді, жүзден астам азамат



жарақат алды, 3 мың адам ұсталды. Оның ішіндегі ең күрделісі 1964 жылдың қазанында жүзеге асты. Қабырғаның астынан ұзындығы 145 метрлік үңгір қазып, 57 неміс арғы беттегі қандастарына қашып кетті.

Алайда мәңгілік ештеңе жоқ. «Берлин қабырғасы әлі мыңдаған жыл өмір сүреді, оны ешкім құлата алмайды» деген ГДР басшысы Эрик Хонеккер де о дүниелік болды. Кеңес Одағына жылымық әкелген Горбачевтің қайта құруынан кейін Шығыс Еуропа жасанды социализм жолынан бас тартты. Шығыс Еуропада толқулар көбейді. Шығыс немістері «Берлин қабырғасын» алып тастауды талап етті. Ақыры 1989 жылдың майында басталған Берлиндегі толқулар ай сайын жалғасып, қазан айында бір ұлтты екіге бөлген қамал құлап тынды.

Қазір Берлин қабырғасы жоқ. Бірақ өткен тарихқа таза-лықпен қарайтын немістер қаланың қақ ортасындағы қамалдың азғана бөлігін жан-жағын қоршап естелікке қалдырды. Онда «ары қарай өтуге болмайды» деп жазылған.

Әйтсе де, тарих өзгерістерге куә болған тұлғалардың есімін ұмытпайды. 1987 жылы 12 маусымда Берлинде сөйлеген АҚШ президенті Рейганның сөзін күні бүгінге дейін сарапшылар жыр етеді. «Шығыс Германияға, ГДР-ге бостандық керек. Біз Батыс пен Шығысты біріктіруіміз қажет. Бас хатшы Горбачев мырза! «Сіз егер әлемге бейбітшілік керек» деп жүрсеңіз, онда қақпаны ашыңыз, қабырғаны құлатыңыз!».

Сөйтіп, Хрущев құрған «қамалды» 28 жылдан кейін Горбачевтің қайта құруы құлатты. Санадағы қайта құрулар мен өзгерістер Шығыс Еуропаны да шарлады, «Берлин қабырғасын» құлатқаны үшін Горбачевті сөккендер де табылды.

«Польшаны поляктарға, Венгрияны венгрлерге, Германияны немістерге бердім. Сол үшін кінәлімін бе?!»

Бұл КСРО-ның тұңғыш және соңғы президенті Михаил Горбачевтің тарихқа жазылған сөзі болып қалды...

27 қараша 2011 жыл



АРКТИКА ҮШІН АЙҚАС

Әлем бір полярлы саясаттан ауытқи ма, жоқ па? Бұл мәселе күн тәртібінде тұрған жоқ десек те, Оңтүстік Осетия мен Абхазия аймағындағы бескүндік соғыс әлемге Америкадан да басқа да қаһар шаша алатын елдің бар екенін көрсетіп берді. Тіпті Ақ үйдің Еуропа арқылы Ресейді қыспаққа алу саясаты орындалмай да қалды. Бір қызығы, Қап тауындағы соғыс уақытында және одан кейін де Ресей президенті мен премьері және бүкіл орыс саясатшылары бірауыздылық танытып, ұлы орыстық мүддені көздеді. Тіпті премьер Путин америкалық саясатпен жүру Еуропаның өзіне түбінде таяқ боп тиетінін де меңзеп қойды. Дәл осы тұста Медведевтің аузынан бұрын-соңды айтыла қоймаған болашаққа арналған мемлекеттік мүдде естілді. Айтылғанда қандай, Кремль Арктикадағы есепсіз мұнай қорына бұрғы салу арқылы бескүндік соғысқа қатысты Ресей мәселесін қарамақ болған Еуропаға да, АҚШ-қа да сес көрсеткендей болды. Неге? Дәл қазір Солтүстік мұзды мұхитында орыс жалауы желбіреп тұр! 2001 жылы Кремльдің нұсқауымен мұнай іздеген Мәскеу кеншілері Арктикадағы мұз астында орасан зор қара алтын қоры жатқанын тапты. Тапты да, ол жерге орыстың келешек туын тігіп кетті... Енді міне, бүкіл әлем Қап тауындағы соғыста Ресейді «агрессор» деп танып жатқан кезде Ресей президенті болған Медведев Арктикадағы Ресей меншіктеп үлгерген мұнай мен газды әлемнің есіне қайтадан әдейі салды.

Еуропа Ресейге тәуелді. Саяси жағынан емес, энергетикалық тасымал жағынан. Медведевтің өктем сөйлеп, сес көрсетіп тұрғаны да сондықтан. Тіпті Еуроодақ Брюссельде «Ресейге санкция салуды» қарастырып жатқан кезде Медведев Кремльде Қауіпсіздік кеңесінің отырысын өткізіп,



Арктика мәселесін арнайы қарады. Әдейі. Тіпті «Арктика – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде үкімет жедел қаулы қабылдап та жіберді. Ресейдің Қауіпсіздік кеңесі артынша мынандай сипаттағы мәлімдеме таратты: «Арктика Ресейдің негізгі стратегиялық ресурстық базасы болып табылады. Сондықтан біз осы аймаққа таяу тұратын ресейлік елді мекендердің қауіпсіздігіне басты назар аудара отырып, осы шельфте ұлттық мүддемізді қорғауды қамтамасыз етуге тиіспіз».

Қауіпсіздік кеңесінде президент Медведев «таяу уақыттарда Арктика аймағында Ресейдің жері қаншалықты, оның шекарасы қандай аймақты қамтиды, осыны анықтап алуымыз қажет. Ол үшін алдымен нормативтік – құқықтық базаны қалыптастыруымыз керек» деді. Осыған орай келер жылдың алғашқы жартысында-ақ Мемлекеттік Дума Ресейдің арктикалық зонадағы оңтүстік шекарасы туралы» заң қабылдамақ. Ал мұны Ресей мүддесі үшін орыс депутаттары тезірек қабылдайтыны талас тудырмайтын нәрсе. Алайда...

Арктика тек Ресей меншігіне тиесілі ме? Дәл қазір мәңгілік мұз басқан өңірге көз алартушылардың қатары артып барады. Онда да алып мемлекеттер... Ең бірінші болып Ресей Қауіпсіздік кеңесінде жасалған мәлімдемеге үн қатқан Ақ үй болды. Одан кейін Дания, Норвегия, Канада...

Солтүстік мұзды мұхитта қанша мұнай қоры бар?

Америкалық кеншілердің есептеуінше, мұз құрсаңған өңірде мұнай қоры жеткілікті. Болжам бойынша, 90 миллиард баррель мұнай бар. Сарапшылардың болжамы бойынша, тұтастай алғанда бұл қор бүкіл әлемді қара алтынмен үш жыл қамтамасыз ете алады. Бұл жерде Медведевтің екпін бере сөйлеуінің мәні бар секілді. Бүкіл барланған және барланбаған қордың басым бөлігі Ресей мен АҚШ-қа қараған жағында екен. Бірақ мәселе мынада: Мәскеуге алдымен бұл жердің өзіне тиесілі екендігін



басқаларға дәлелдеу қажет болып тұр. Ал анығына келсек, 90 миллиард баррель төрткүл құрлықтағы барланбаған мұнай қорының 13 пайызы. Ең тиімдісі сол, Ресей көз сұғын қадап отырған өңірде 50 триллион текше метр газ бар, ал бұл жерден орыстар ешқашан айрылмайды. 50 триллион текшеметр көгілдір отын – әлемдегі барланбаған газдың 30 пайызы. Демек, әлемнің көгілдір газға, нақтырақ айтсақ, Ресей тасымалына деген тәуелділігі алдағы уақытта тағы да арта түседі. Медведевтің Кремльде, Қауіпсіздік кеңесінде отырып, кергі сөйлеуінде осындай сыр жатыр.

Бірақ дүниежүзі Ресейдің айтқанына көне қоя ма? Соңғы бесжылдықта Арктика мұнайы үшін тартыс жасырын және ашық жағдайда қызу өрбіп жатыр. Рас, Солтүстік мұзды мұхиттағы қара алтын үшін жанталастың өз сыры бар. Әрине, қазір тіршілігі аз суыққа аса төзімді жануарлар ғана мекендейтін аймаққа бұрғы салу қиындау шығар. Бірақ болашақта мұздың іргесі сөгілуі мүмкін. Өйткені соңғы онжылдықта әлемнің тұтастай жылына бастауы «қара алтынды иемденуге деген үмітті қайта оятқандай. Ресейдің «Арктика – 2020» бағдарламасының астарында да осындай жоба жатыр.

Рас, Ресейдің Арктикада меншігі болады, бірақ ол үшін аталған аймаққа таласып отырған басқа мемлекеттердің де көзқарасы елеп-екшелуі керек. Бірақ бұл бағытта орыстар пысықтық танытты. 2002 жылы-ақ Ресей БҰҰ комиссиясына арнайы хат жолдап, мұзды аймақтың қор бар жерін өз меншігіне таңу туралы хат жолдаған. Бірақ 6 жыл өтсе де, орыстар жіберген үшбу хатты БҰҰ-ның мінберінде талқылау мәселесі кейінге қалдырылып келеді. Міне, тағы да келер жылға қалды. Соған қарағанда, бұл мәселе жуық уақытта қаралмайтын шығар. Оған себеп, Арктика үшін айқасқа АҚШ қана емес, сонымен қатар кейінгі кезде Канада да қосылды. Тіпті Канаданың премьер-министрі Арктика аймағында екі база салынатынын да мәлім етті.



Екеуі де әскери база. Ресей басшылығының мәлімдемесіне алғашқылардың бірі болып, үн қатқан да осылар болды. Қалай айтқанда да, тартыс әлі жалғасып жатыр. Ресей «Арктика – 2007» экспедициясын ұйымдастырғаннан кейін мәңгі мұз басқан өлкеге даниялықтар да ат ізін салды. Олар да мұзды өлкедегі мұнайдан дәмелі.

Енді қайтсін, қар мен мұз жамылған аймақтағы мұнай Нигерия, Мексика және Қазақстандағы қара алтыннан да көп. Шын мәнінде, солай. Ресей мұнай және газ проблемалары институтының директоры Анатолий Дмитриевский «Солтүстік мұзды мұхиттағы қор Тынық мұхитындағы қордан 5 есе, Атлант және Үнді мұхиты су астындағы қорынан 1,5-2 есе көп. Шын мәнінде, Арктика үшін айқас табиғаттың шектен тыс жылынып бара жатқанына қатысты болып отыр. Мұндай жағдайда мұздар ыдырап, мұнай өндіруге мүмкіндік туады. Ал ақиқатына келсек, өткен ғасырда мұзды мұхит жағалауындағы сегіз елдің солтүстік полюстің басым бөлігі Ресейге тиесілі екендігін мойындағаны белгілі. Сондықтан Ресейдің бұл жерде мемлекеттік мүддесінің бары заңды» дегенді айтып отыр.

Алайда бұл бағытта АҚШ билігін сынаушылар көп. Ең алдымен өз конгресмендері. Өйткені «Ақ үй Арктиканы бағындыруда орыстардан көп кейін қалып келеді. Өзі бұл аймақ үшін бар-жоғы бес мемлекет жанталасып жатыр. Ал АҚШ ең соңғы орында» дейді олар. Расында солай.

«Біз өз позициямызды жоғалтып барамыз. Тез арада Арктика америкалықтар үшін әскери-теңіз тасымалының жаңа бағытына айналуы керек. Арктиканы игеру АҚШ-қа экономикалық жағынан ғана емес, әскери қауіпсіздік жағынан да тиімді». Бұл АҚШ теңіз жағалауы қызметінің бастығы адмирал Тад Алленнің пікірі. Дәл қазір Ақ үй Арктикадағы АҚШ-тың ұлттық мүддесін қорғау үшін арнайы құжаттар дайындау үстінде. Демек, мұз құрсауындағы мұнай үшін жанталас алдағы онжылдықта, тіпті шиеленісе



түседі. Өткен ғасыр алпауыт елдердің Африка мемлекеттерінің мұнайына ауыз салу кезеңі болса, ХХІ ғасыр Арктика үшін айқас дәуірі болайын деп тұр. Өйткені қазірдің өзінде Солтүстік мұхит аймағында Ресейдің 18 мұз жарғыш кемесі тұр.

Ал әлемде алғашқы ондыққа кіретін Қазақстан бұл текетірестен неге қалыс қалды? Мұның себебі бар. Біздің өкілдер кезінде ресейліктермен бірге солтүстік мұзды аймақтың мұнайын барлау үшін бірге барып қайтқан. Алайда қазақ билігі үлкен ойынға араласудан бас тартты.

26 желтоқсан 2011 жыл





АЛПАУЫТ ЕЛДІҢ АҚЫМАҚ ЗАҢДАРЫ

Әлемде талай қызық бар. Алайда кейбір алпауыт елдердің ақымақ заңдармен өмір сүретінін екінің бірі біле бермейді. Күлкінді келтіретін жайт болса да, олар өздеріне тән ортақ заңмен өмір сүреді. Мысал керек пе...

Басқа құрлықтағы халықпен салыстырмалы түрде қарағанда, әсіресе, алпауыт ел Американың ақымақ заңмен өмір сүретінін штаттары жетерлік екенін айта кету ләзім. Оған халықтың еті үйреніп кеткен. Бізге ғана күлкілі болып көрінуі мүмкін. Мысалы, АҚШ-тың Джаспер округінде күйеуі әйелін таяқпен ұруға болады, тек таяқтың ұзындығы мен диаметрі бас бармағынан ұзын болмауы қажет. Бұл бұл ма, мына бір қызықты қараңыз, Лос-Анджелесте штат тұрғындарына ғана жүретін таңғаларлық арнайы бекітілген ереже бар: белдемесінің ені 12 см-дей болса ғана ері келіншегін ұруға болады. Ал олай болмаған жағдайда әйелінің келісімі қажет. Қисынды ма, жоқ па, «мына белдеме 12 см-ден артық, ендеше мені ұра алмайсың» деп ерінің алдында бүйірін таянып, қасқайып тұрған келіншекті көз алдына елестетіп көріңіз. Біздің менталитет үшін мүмкін емес нәрсе. Ал Арканзаста да құрып қалған «заңсымақ» бар. Күйеуі зайыбын айына бір-ақ рет ұра алады. Ең қызығы сол, бұл ереже штат тұрғындары үшін екі ғасыр бұрын ойлап шығарылып, қолданысқа енгізілген. Бірақ оны сызып тастауды ұмытып кеткен. Бұл жазылмаған конституциялық заң ретінде сан ғасыр өтсе де, елмен бірге осылай өмір сүріп келеді.

Индиана штатында ата-анасы балаларын емдеткені үшін ақы төлемеуге хақылы, егер өз бүлдіршіндері үшін Жаратқанға жалбарынып, олардың сауығып кетугін жан-тәнімен тілесе... Алайда бұл әрекетті олар сотта дәлелдей алуы қажет.



Жалпы, АҚШ-та жеке адамның бостандығына мол мүмкіндіктер берілген. Мысалы, Орегоне қаласының аумағында марихуананы шегуге рұқсат берілген, бұл жағымсыз әрекетті сіз ешқайда шықпай тек үйде отырып қана істеуіңіз керек.

Ал батыс Виргиния штатында ерлерге салмағы 18 келіден аспайтын жануарлармен жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат етілген, ал Мичиганда сиыр, шошқа, ат, тауықпен бірге ұйықтауға мүмкіндік бар. Алайда оны жануарлардың қожайынының рұқсатымен ғана жасауға болады. Жалпы, АҚШ-та адамның ғана емес, малға да «мол бостандық» берілген. Мысалы, фермер 2000 қойды айдап Голливуд саябағының еркін өте алады. Сан-Франциско көшесінің жолайрығында аттың «тезегін» қалдырып кете беріңіз, бірақ оның биіктігі екі метрден аспауы керек. Флорида штатында автотұраққа пілді қойғаны үшін көлікке қарағанда көп қаржы сұрау орынсыз.

Пенсильвани штатында автомашинаға қарсы егер жолдың жиегінде ат келе жатса, ондай жағдайда көлік иесі дереу темір тұлпарының үстін жауып қоюы қажет. Егер жылқы үркуін қоймаса, көлік иесі машинасын бұзып, бөлшектерінің бәрін бұтаның арасына апарып жасырып қоюы керек. Әрине, бұл ереже көліктің өте аз немесе жоқ кезінде жасалған болар, алайда қолданыстан алып тастау мәселесі ұмытылып кеткен. Калифорния штатында көлік қожайындары өзінің автотұрағында машинадан басқа ешнәрсе болмауын қадағалауы қажет.

Ала-құла АҚШ саясаты мынандай да заңның барын құлаққағыс етеді. Егер азамат өзінің қылмыстық әрекет жасайтынын хабардар еткісі келсе, қала шетіндегі жолдың жиегіне тоқтап, бұл туралы ішкі істер немесе жол полициясының басшысына хабарласуы керек. Егер хабарламай қылмыс үстінде ұсталған жағдайда оған қосымша айып тағылатын болады. Жүргізуші Пенсильвани штатындағы



жолмен жүріп келе жатқан болса, ол әр шақырым сайын тоқтап, дабыл (сигнал) беріп отырғаны дұрыс. Ал дабыл не үшін? Жолды көсе-көлденең өтіп бара жатқан үй жануарларын қағып кетпеуі үшін жасалатын бұл әрекетті қазіргі жағдайда аталған штаттың жүргізушілері қолдана ма, жоқ па, ол жағы бізге беймәлім. Бірақ күлкілі екені анық нәрсе. Бұл бұл ма Онтүстік Каролина штатында кезінде ерсілеу заң да қабылданған. Жүргізуші жолайрыққа 30 метр қалғанда көлігінен шығып, алдында хайуанаттар мен жануарлар жоқ па, соны ескеріп, аспанға мылтық атып барып, машинасына қайта отыруы қажет. Ал Огайо штатында екі көлік қатарласып қалған жағдайда қауіпсіздік үшін оның бірі дабыл беріп өтуі қажет. Енді бұл ереже құлаққа кіреді, жылдамдығын арттырған көлік иелері жаныңнан өтіп бара жатып, дабыл беретіні бізде де бар.

Солтүстік Дакоте мен Оклахома штатының тұрғындары ұйықтар алдында аяқкиімін шешіп қоюы керек. Бұл заң осыдан 200 жыл бұрын арақты көп ішетіндерге қарсы күрес жөніндегі қаулыдан кейін өмірге келген. Егер адам көшеде аяқкиімімен мас күйінде жатса, ол заңды бұзған болып есептеледі. Ақылға қонбайтын, қисынсыз.

АҚШ-тың Аризона, Джорджии штатында ваннада піл ұстауға, ал Арканзаста ваннаға қолтырауын жіберуге рұқсат жоқ. Мичиган қаласында да қызық заңдар бар. Бұл аймақта теңізге түсіп жүріп тамақ ішуге болмайды. Ал Батыс Виргиния мен Вермонтте аумағында судың астында ысқыруға тыйым салынған. Сонымен қатар осы екі аймақта Құдайдың барына күмән келтіруге және қызыл немесе қара туды ұстауға рұқсат берілмеген. Өйткені екі ту коммунизм мен қарақшылардың символы болып есептеледі.

Мұндай біртүрлі заңдар негізінен, Америка еліне ғана тән емес. Орындалуы талап етіліп, қадағаланатын ережелер қара құрлық, араб әлемі мен шығыста да бар. Егер Гонконгте күйеуі әйелінің көзіне шөп салса, онда ерін ұрып



өлтіруге болады, тек жалаңаш қолмен, ешқандай қару қолданбай өлтіруге рұқсат. Ал күйеуіңіздің көңілдесін қалай корлайсыз, ол сіздің еркіңізде.

Жақында Ұлыбританияның UKTV телеарнасы халықтың арасында сауалнама жүргізіп, «Елдегі ең ақымақ заң қайсы?» деген тақырыпта көрермендердің пікірін білген. Сөйтсе, «парламентте отырып өлуге болмайтын заң бабы» бірінші орынға шыққан.

Міне, «әр елдің салты басқа» деген осы. Олардың ішінде көңілге қонымдысы да, қонымсызы да кездеседі. Алайда барлығы кезінде тыныштық, қауіпсіздік, жауапкершілік, сақтық үшін жасалған деуге негіз бар. Бірақ қисынсыз, ұғымға сай келмейтіні де аз емес...

22 ақпан 2012 жыл





ЖЕР БЕТІНДЕ АЛЫП АДАМДАР ӨМІР СҮРГЕН БЕ?

Ақиқатында бұрынырақта мұндай алыптар болған. Оны тарих деректері қуаттап отыр. Әр жерден табылып жатқан археологиялық қазбалар мен сүйек қаңқалары алыптардың болғанын жоққа шығармайды. Сонымен...

1821 жылы АҚШ-тың Теннесси штатында құлаған тас қабырғаның астынан археологтар екі адамның сүйек қаңқасын тапқан. Бойы 2 метр 15 см болатын бұл азаматтар осында жерленген болып шықты. Алайда «мұндай бойшаң жігіттер өмірде жетерлік қой» деп ол уақытта ешкім де таңырқай қоймаған. Алайда 1879 жылы Висконсинде, 1883 жылы Ютада, 1885 жылы Пенсильванияда табылған адамның бас сүйектері мен бойының ұзындығы олардың шын мәнінде, таңғаларлық «тұлғалар» екенін байқатқан. Бір қызығы, олар біреу емес, бейітті қазғанда бірнешеуінің қатар жерленгені белгілі болған. Бойлары да 2-2, метр төңірегінде. Алайда олар кімдер, шын мәнінде, деректер аз.

1930 жылдары Австралияның Басарст қаласының маңайында қазан шұңқырларды қазу барысында алып адамның аяғы табылған. Антропологтар бұл таңғаларлық қаңқаларды мегантропустар деп жорамалдаған. Олардың бойы да адам шошырлық. 210 см-дан 365 сантиметрге дейін барады. Қазба зерттеушілері мұның Қытайда табылған «дәулердің» сүйектерімен шамалас келетінін анықтаған. Археологтар Қытай гиганттарының бойы 3-3,5 метр, ал салмағының 400 келі тартқанын айтады. Ал Австралиядан табылған алып адамдардың жанында темір, пышақ пен балта және тағы басқа тұрмысқа қажетті заттар бірге көмілген. Ал ол заттардың салмағы да адам шошырлық, 9 келіден жоғары салмақ тартатын тұрмыстық заттардың ұзындығы да 1 метрден асады. Бір метрден асатын, салмағы 9 келілік



жабдықты көтеріп, жұмысқа пайдаланып көріңіз. Ауыр емес пе...

1985 жылы Австралияның осы аумағын зерттеген антропологиялық экспедиция қазан шұңқырларды тағы да үш метрге дейін қазып, қызық олжаға кезіккен. Зерттей келгенде, мегантропустардың тісі 42-67 сантиметр аралығында екенін анықтаған. Зерттеушілер мұндай тісі бар алып адамның салмағы мен бойы қаншалықты болатынын да есептеп шығарған. Мұндай жағдайда «дәулердің» бойы 7,5 метр болып, салмағы 370 келі тартатыны анықталған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, алып тұлғалы азаматтардың осыдан 9 миллион жыл бұрын өмір сүргені анық-талды.

Қазақ ертегілерінде кездесетін Таусоғар мен Көлтаусарды осылардың бой-бітімімен салыстырып көріңіз. «Ертеде алып адамдар болған ба?» Бұл сауалға жауапты жер шарының әр шұңқырынан табылып жатқан осындай оқиғалардың дерегі-ақ жауап бере алады.

1979 жылы Мегалонг Вэллде таулы аймақтың тұрғындары тастың бетінде ізі қалған бес саусақтың табын аңғарған. Оның көмескі түрде бедерленген ізі 17 сантиметрдей екені белгілі болған. Ал алақанның табы толық түскен жағдайда оның жалпы мөлшері 60 см болатынын ғалымдар есептеп шығарған. Бұдан шығатын қорытынды: алыптың бойының ұзындығы шамамен 6 метрдей болған. Ал Малгоа тауының аумағында да бойы 6 метрлік, саусағының ұзындығы – 60, алақанының ені – 17 см болатын алыптардың ізі табылған. Ал бұл дәулердің қадамының арасы 130 см болған көрінеді. Миллиондаған жылдар бойы сақталған бұл құпия іздер туралы ғылым сан-саққа жүгіртсе де, олардың кім екені туралы нақтылық жоқ. Демек, алып адамдарды зерттеуге әлі де антропологтардың жүрегі дауаламай тұрғанын жасыруға болмайды. Өйткені миллиондаған жылдардың жаңғырығы бүгінге анық жетіп жатыр деу қиын. Австралия аборигендері бұл аймақтың алғашқы



тұрғындары болды деу сенімсіз. Алыптар өмір сүрген аймақта аборигендерден де бұрын «Таусоғарлар» болған.

1877 жылдары Невада штатының маңайындағы сарқырап аққан өзенде алтын шаятындар борсыған топырақтың астынан шошайып тұрған бір затты көреді. Оны қазып алғанда адамның аяқ сүйегі болып шыққан және оның жақсы сақталғаны белгілі болды. Табылған олжаны мамандар мен дәрігерлер жіті тексеріп қарағанда, бұл адамның аяғы екендігі дәлелденген. Ең таңғаларлығы, алып дәудің аяғының өлшем бірлігі 97 см екендігі анықталған. Демек, антропологтар есептеп шығарғандай, оның бойының ұзындығы 3 метр 60 см болып шыққан. Динозаврлар дәуірінде өмір сүрген бұл алыптың басқа сүйектерін іздеу мақсатында арнайы экспедиция жіберілсе де, олар дерекке сеп боларлық ештеңе таппаған.

Жалпы, дәу адамдар туралы деректер әлемнің әр қиырынан қылаң беріп отырады. 1936 жылы неміс палеонтолог-антропологы Ларсон Коль Орталық Африканың Элайзи өзені жағалауынан «бауырластар зиратында» бірге көмілген 12 қаңқаны тапқан. Бойының ұзындығы 350-375 см аралығында болған және олардың астыңғы-үстіңгі жақ сүйектерінің кейбірінде екі қатардан тістер болған.

Сонымен қатар Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Польша территориясының аумағында атылғандарды көму кезінде табылған белгісіз адамның орасан зор бас сүйегі талайларды таңғалдырған. Оның биіктігі 55 сантиметрдей екені белгілі болған. Бұл бүгінгі замандастарымыздың басынан 3 есе үлкен. Ал ғаламды таңғалдырған белгісіз адамның бойының ұзындығы зерттей келгенде 3,5 метрді құрайтыны нақтыланған.

Жалпы, ойда-жоқта табылған бас сүйектерге қатысты аңызға бергісіз әңгімелер өте көп. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары АҚШ жұртына «Бүгін кешке» деген бағдарламамен таныс болған Сандерсон бір механизатормен



әңгіме-дүкен барысында қызық оқиғаны айтады. 1950 жылы тракторымен жер қопарып жүрген ол жер астынан адам сүйектерін кездестіреді. Өлшеп қарағанда бас сүйектің диаметрі – 58 см, ал ені – 30 сантиметрге жеткен. Мамандардың айтуына қарағанда, бұл алыптардың да тістері екі қатарлы болған. Олардың омыртқасы мен бақай, бас сүйектері бүгінгілерге қарағанда үш есе үлкен. Тіпті тізеден төменге қарайғы ұзындықтың өзі 150 сантиметрді құраған.

Алайда алып адамдарға қатысты әңгімелердің барлығы да ақиқат деп атауға келмейді. Ықылым заманнан бүгінгі өркениетке жеткен бір аңыз бар: XVI ғасырдың басында бойы ғаламат үлкен біреудің сүйегі табылған. Бұл Рим генералы Мариуспен тайталаста жеңіліске ұшыраған Галли тайпасының көсемі, кимврлер королінің сүйегі деген ақпарат таратылды. Николя Абиго 1613 жылы «кимврлер королінің сүйегі туралы диссертация» деген зерттеу еңбегін жарыққа шығарды. Алайда оның бұл еңбегі көпшілікке аса мәлім болған жоқ. Бірақ «Галли тайпасының көсемі, кимврлер королінің сүйегі» делініп келген болжамның көп ұзамай күлі көкке ұшты. Қазіргі заман тарихы мұражайында қойылған король сүйегіне әбден үңілген зерттеуші ғалым бұл жерде бір қулық пен қауесет деректің жатқанын аңғарады. Ақырында аталған қаңқа корольдің емес, мамонттар дәуіріне дейін өмір сүрген белгісіз алып жануардың сүйегі болып шыққан. Көсемін сыйлаған жергілікті халық өз королінің даңқын асыру үшін алып жануардың сүйегін пайдаланған. Бүкіл әлемге танылған қаңқаны 1842 жылы әлемнің танымал антрополог ғалымдары қарап, Николя Абиго болжамының ақиқатқа негізделгенін жақтап шыққан. Сөйтіп, «король сүйегі алып жануардікі» болып шыққан.

Алайда алып адамдардың барлығы да аңыздан туған деу сенімсіз. 1950 жылдары Түркияның оңтүстік шығысындағы жол жөндеу жұмыстары кезінде, Ефрат өзенінің маңайында



орасан зор екі алыптың сүйегін тапқан. Екеуінің жамбас сүйектерінің ұзындығының өзі 120 сантиметрге жеткен көрінеді. Осы алыптарды сатып алған АҚШ-тың Техас штатындағы мұражайдың директоры Джо Тейлор барлық ғылыми ережелерге сәйкес қос сүйекті зерттеп шығып, мынандай қорытындыға келген: олардың бойы шамамен 5 метрге жуық, ал саусақтарының ұзындығы – 1,8 метр. 1935 жылы голланд археологы Ральф фон Кенигсвальд Гонконг маңайынан табылған адам тістерінің қазіргі ұрпақтарымен салыстырғанда 5 есе үлкен екенін атап көрсетеді. Ғалым олардың салмағы 400 келі, ал бойы 5 метр екенін айтады. Мұндай мысалдар көп. Алыптарға қатысты ең соңғы археологиялық қазбалар 2000 жылы Грузияның Удабно селосынан табылған.

Алайда алып адамдардың болғаны аңыз ба, ақиқат па? Ғылым бұл жөнінде әлі де нақты бір пікірге келе алмайды. Десек те, жер бетінде өмір сүрген «дәулер» туралы деректер дүниенің әр қиырынан табылған. Бірақ бұл бүгінгі күнде аңыз ғана.

8 наурыз 2012 жыл





ҰЛЫЛАР ТУРАЛЫ ҰМЫТЫЛМАЙТЫН ӘНГІМЕ

Біз ұлы адамдар туралы жақсы білеміз бе? Әрине, ол туралы жалпылама түсінік болуы мүмкін. Алайда танымал тұлғалардың сан түрлі қыры туралы толық білеміз деу асылық болар еді. Мысалы, олар да адам, пенде. Алайда тірлігінің бәрі дұрыс па? Танымал тұлғалардың өмірінде кездескен кейбір оқиғалардың өзі де тәлім алуға тұрарлық. Басты әңгіме де сонда.

Ресей патшасы болған І Петр ұлы тұлға екенін екіншісі біледі. Орыс қоғамына реформа әкелген қайраткердің килы өмірі дегенмен, талайдың аңсарын аудырған. Реформатор патша қолөнермен жақсы айналысқан, сағат жөндеп, ағаш шебері мен тас қалаушы мамандықтарына да қызыққан. Сонымен қатар бағбандықты да жақсы меңгерген. Тіпті қаңылтыр, қатырма қағаздардан да әртүрлі мүсін, бұйымдар жасап, өзінің шебер екенін байқатқан. Ол қарамағындағы кейбір қызметкерлеріне адамгершілікпен де қарағанын жазады БАҚ өкілдері. Мысалы, ол өз үйінде аспаз болып жұмыс істейтін қызметкеріне тамақ ішкен сайын, «тағамының өте дәмді» екенін айтып, ақша беріп отырған. Сонымен қатар өзімен бірге еріп келген әріптестеріне үйінде ішкен түскі асы үшін аспазға ақша төлеуді талап еткен. Әрине, бір қараған адамға бұл таңырқатарлық тірлік болып көрінуі мүмкін. Сөйтсе, бұл бекер емес екен. Аспаздың бала-шағасы көп болған. Жеткілікті жағдайда өмір сүру үшін І Петр айлық жалақысынан басқа оған күн сайын әр ас үшін осылай червонец беріп тұратын болған.

Ресей патшасына қатысты әңгіме көп. Бұрын адамдар конькиді аяққа жіп, бау арқылы байлап мұзайдында жүрсе, Голландияға барған сапарында император аяққа өлшемімен



кие салатын конькиді көріп, оны дереу Ресейде жасатуға бұйрық берген. Сөйтіп, ресейліктер дайын коньки теуіп, демалуды үйренген. Тіпті оның қарамағындағы қызметкерлеріне арнап шығарған өкімі де кісінің күлкісін келтіреді. Атап айтар болсақ, «Бағыныштылар бастығын өзінің ақылымен ұялдырмау үшін басшы тұлғаның алдында ақымақ, әңгүдіктің кейпінде болуы тиіс». Ойлап көріңіз, «басшыдан асып түспейін» деп құлдық ұрып, өтірік жарымес, әңгүдік болып тұрған қызметкердің іс-қимылы мен әрекетін көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Мәселе онда емес, әңгіме қарамағындағылар үшін шығарған императордың жарымес жарлығында болып тұр ғой.

Жалпы, «Ұлық болсаң, кішік бол» деген бар. Тарих беттері Наполеон Бонапарттың да адамгершілігінің жоғары болғанын айғақтайды. Оған бір-ақ мысал дәлел бола алады. Бірде соғыс уақытында Наполеон қоймаларды күзетіп тұрған қарауылдардың қызметін тексеру үшін жолға шығады. Сөйтіп, қару-жарақ қоймасын күзетудің орнына қатты ұйықтап жатқан сарбаздың үстінен шығады. Ол солдаттың жанында жатқан қаруды өзінің иығына асып қояды да, күзет қызметін кірпік қақпай жалғастырады. Ояна келген сарбазды сабырға түсіріп, посттың қастерлі де, қасиетті орын екенін айтып, енді қайталамауын өтінеді. Ілешала бүкіл сарбаздарды ұйқыға ерте жатқызу туралы бұйрық шығарады. І Петр мен Наполеонның жарлығы бір-біріне кереғар емес пе? «Ел тұрақтылығы мен халықтың тыныштығын сақтау үшін алдымен сарбаздардың ұйқысы қанық болуы тиіс». Ал ақиқатына келсек, соғыс уақытында өз постына жауапсыз қараған сарбаз әскери трибуналға тартылады немесе ату жазасына кесіледі. Ал Наполеон сарбазға сабақ болу үшін оған кешіріммен қарады.

Ұлылардың өміріне қатысты қызықты жайттар, әрине, жетерлік. Кинематографияда Чарли Чаплин есімі дүниежүзінде сыйластықпен аталады. Әлемдегі ұлы актерлердің



бірі саналатын Чаплин халықаралық фестивальдердің бір-неше жүлдесін жеңіп алған. Алайда оған өмірінде кездейсоқ жасалған бір сыйлық өте қымбат. Ол метрода келе жатып, қалтасына қолын салғанда алтын сағат ілінеді. Ал бұл кімдікі, сағатты қалтаға кім салды? Бұл тосын оқиғаға таңырқаған ол метродан шыға салысымен дереу полиция бөлімшесіне барады. Алайда ертеңіне Чаплиннің атына атақты ұрыдан хат келеді. Онда беймәлім жан кеше бір кісінің қалтасынан алтын сағатты ұрлап алғанын айтады. Бірақ...

«Мен сіздің өнеріңізге қатты табынамын. Кинодағы еңбегіңіз ерен. Сізге не тарту етсе де, жарасымды. Ұрлықы тауар болса да, алтын сағатты алыңыз. Бұл менің тосыннан жасаған сыйым болсын» депті аты-жөні жазылмаған хатта. Алайда атақты баукеспенің әрекетіне таңырқаған полиция қызметкерлері ұрыны таппаған соң, істі жауып, алтын сағатты Чаплинге қайтарып беріпті. Жергілікті баспасөз бұл оқиғаны «жерден жеті қоян тапқандай» жапатармағай жазып жатқанда, біраз уақыт өткен соң белгісіз біреуден Чаплиннің атына тағы хат келеді. Онда белгісіз жан метрода ұрланған алтын сағатының Чаплиннің қалтасынан табылғанын жазып, оған алғыс сезімін білдіреді. Талантты актерге табынатынын айта келіп, алтын жалатылған браслетін тағы салып жіберген. Сөйтіп, Чаплин бір айда екі алтын сыйлықтың иесі болып шыға келеді.

Бұл, әрине, халықтың бүкіл әлем мойындаған актерге құрметі. Чаплин сыйлықты алды, мейлі ол ұрлықы жолмен келсін, әңгіме сыйлықта емес, құрметте болып тұр.

Орыстың атақты жазушысы Гогольдің шығармаларын бүкіл кеңес халқы сүйіп оқыды. Ал жеме-жемге келгенде ол қандай адам болған. Бұл жөнінде көп айтылмайды. Біле білсек, Гоголь – шебер тігінші, ісмер. Сабазыңыз мойын-орағышты қолдан тоқып, өзіне, әпке-қарындастарына талай көйлек тігіп берген. Алайда өз заманын мойындатқан



жазушы өте ұялшақ болған деседі. Бейтаныс ортада өзін ыңғайсыз сезініп, адамдар келсе, оқшауланғанды жақсы көріп, ылғи сыртқа шығып кететін көрінеді.

Шығармашылығымен орыс қоғамын мойындатқан Гоголь тәттіні өте жақсы көрген. Ол қонақүйде тұрған уақытында даяшы қызметкерлердің әкелгенін ішпеген, бәрін өзі дайындап, баптап, тәтті кәмпитпен тамсанып отырып ішкен. Тіпті тәтті артылып қалса, оны сақтап қоятын болған. Кәмпитқұмар жазушы өзінің дәу мұрнына қатты ұялатын болған. Қырын карап отырып суретке түсу ол үшін үлкен күнә. Ал суретшілер оның өтініші бойынша, мұрнын мүмкіндігінше кішірейтіп салуға тырысқан.

Ал атақты қолбасшы Суворов тоңбайтын адам болған деседі. Тіпті қатты аязда жеңіл киініп жүретін болған. Мұны сезген II Екаторина оған қалың тонды сыйға тартқан. Алайда Суворов оны кимей жорықта өзімен бірге алып жүрген көрінеді. Тек тізесіне ғана жамылған.

Қызық дерек

Наполеон Италияны басып алғанда атақты императордың жасы 26-да екен.

1938 жылы «Таймс» журналы Гитлерді «Жыл адамы» деп таныған.

1950 жылдары РСФСР-дің Мәдениет министрі болған Алексей Попов өте боқтампаз адам болған деседі.

Италияның мемлекеттік туын Наполеон ойлап тапқан.

Комунизмнің негізін салушы Карл Маркс ешқашан Ресейде болмаған. Бірақ осы жүйе алғаш рет Ресейде орнады.

АҚШ-тың Жоғарғы сотының төрағасы Джон Джей құлдарды босату үшін алдымен оларды сатып алған.

АҚШ президенті Эндрю Джексон жер дөңгелек емес, жіңішке, доғал деп ойлаған.

Ағылшын королі VIII Генрихтің сегіз әйелінің екеуін өзі өлтіруге бұйрық берген.

Француз королі XIV Людовиктің 413 жатын кереуеті, елдің



тағы бір королі XIV Луидің 400 кереуеті болған деседі.

Наполеон мысықтан қатты қорыққан.

Нобель сыйлығының иегері Нильс Бор мен оның ағасы белгілі математик Харальд Бор футболшы болған. Тіпті Харальд Бор Данияның құрама командасында ойнап, 1905 жылғы Олимпиадада екінші орын алған.

«Король өлді, король жасасын!». Бұл қанатты сөзді Екатерина Медичи өз ұлы қайтыс болған сәтте айтқан деседі.

Элис Чейс атты доктор «Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа пайдасы» туралы кітап жазған. Бұл тақырыпта көп еңбектенген ол тамақ таппай, аштан өлген.

I Елизавета 1762 жылы қайтыс болған сәтте оның киім гардеробында 15 000 көйлегі болған.

Моцарт 3 жасынан бастап музыка жаза бастаған.

Танымал адамдар қатарында әлемде ұрпақсыз қалған бір жазушы бар. Ол – Уильям Шекспир. Барлығы қайтыс болып кеткен.

Ал Себастьян Бахтың 100-ге жуық ұрпағы музыка өнерін өзіне серік еткен.

Өзінің кезекті шығармасын шығарар алдында Бетховен басына мұздай су қояды екен. Оның ойынша, мұздай су миын тыныштандырып, шабытын оятады екен.

Бетховен өзінің атақты тоғызыншы симфониясын жазған сәтте оның құлағы түк естімейтін болған.

Бальзактың бір тақырыпқа арнаған бірнеше кітабы бар. Галстук туралы.

Немістің атақты физигі Эйнштейннің өлер алдындағы сөзі өзімен кетті. Ол қайтыс болғанда оның жанында отырған медбике неміс тілін білмеген.

Эйнштейн Чарли Чаплинге былай деп хат жазыпты: «Сіздің фильмдеріңізді мен сүйіп көремін. Талантыңызды бүкіл әлем мойындайды. Құрметпен Эйнштейн». Ал оған талантты актер былай деп жауап беріпті: «Сіздің салыстырмалы теорияңызды әлемде ешкім түсінбесе де, бәрібір ұлы адамсыз!»

29 наурыз 2012 жыл



ҚАҒАЗҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЗЫҚТАР

Біз қағаз туралы көп білеміз бе? Оны пайдаланатын бұйым ретінде ғана қараймыз. Қажеттілік болып қана көрінер. Ақиқатында ақыл ой, идея да, қазынаның бюджеттік цифрлары да бәрі қағаз бетіне түседі. Қысқасы, қағазсыз өмір жоқ.

Кейде кеңседегі жұмыстан қалжыраған кезде «осы қағаз-бастылықтан қашан құтыламыз?» деп қоятынымыз бар. Бірақ құтылмаймыз. Адамзат пайда болғалы бері қағаз адаммен бірге өмір сүріп келеді. Бүгінде онсыз тірлік жоқ, хат, жеделхат жіберу ескі байланыс түріне енді. Бұл, әсіресе, кеңестік дәуірде айрықша дамыды. Қазір жаһан электронды жүйеге көшті. Бірақ бәрібір қағазға шұқшиямыз. Кітап оқимыз. Сурет саламыз. Кез келген зат пен бұйымды қағазға ораймыз. Жер бетінде адам көбейген сайын сұраныс та артады. Қағаз өндірісі де солай, электрондық ынтымақтастық қарқынды дамығанымен қағаздың орны айрықша.

Қазір әлемде АҚШ, Канада, Жапония, Швеция елдері әлемдегі қағаз өндірісінің басым бөлігін шығарады. Индустриялық мемлекеттерде тұратын халықтың 20 пайызы әлемдегі қағаз өндірісі көлемінің 85 пайызын пайдаланып отыр. Алайда ең өкініштісі сол, біздің қажеттілігімізді өтейтін ақ қағаз ақырында қалдыққа айналып, айналамызға орасан зор экологиялық зиянын тигізуде. Мысал ретінде айта кетейік, бүгінде жер бетіндегі қоқыстың төрттен бірі қағаз өнімдерінен қалған қалдық болып отыр. Бір ғана дерек, америкалықтар жыл сайын пошта арқылы 4 миллион тоннаға жуық хат-хабар, бандероль алады екен. Бұл әрбір америкалыққа шаққанда, ондаған келіге тұратын зат болып табылады. Ең қызығы, осының барлығы электрондық байланыс



арқылы келсе, жыл сайын 150 мың ағашты сақтап қалуға мүмкіндік бар екен. Алайда планета халқы осы күнге дейін ысырапшылдыққа жол беріп, үнемдеуді үйрене алмай келеді. Егер де біз бір тоннадан астам қағаз қалдықтарын қайта өңдеуден өткізетін болсақ, 17 ағашты аман алып қалады екенбіз. Жалпы, қағазды тиімді пайдалану жағына келсек, әр елдің тұтынуы әртүрлі. Мысалы, Қытай мен Үндістанда оны көп пайдаланады. Өйткені түсінікті де шығар. Аталған елдердің халқы өте көп. Ал орташа есеппен алғанда, әрбір еуропалық жыл сайын 4 тонна қағаз тұтынады, ал австралиялыққа қажеттілігі – 130 келі ғана екен. Ал британдық отбасы жыл сайын кесілетін 6 ағаштан жасалатын қағаз қалдықтарын далаға тастайтын көрінеді.

Әрине, қағаз өндірісі әртүрлі 7-8 технологиялық операциядан тұратын процесс. Аз уақытты алмайды. Мәселе шыққан өнімді үнемді пайдалана білуде. Бір ғана дерек, егер бір тоннадай қағазды қайта өңдеуден өткізетін болсақ, 17 ағашты, 26 мың литр суды, 3 текше метр топырақты, 240 литр жанар-жағармай мен 4000 киловатт сағат электр энергиясын үнемдейді екенбіз. Ал қайта өңдеуден өткізілген өндіріс барысында электр қуатын екі есе аз үнемдеуге болады. Осының арқасында ауаны былғайтын зиянды қалдықтар 70 пайыз төмендейді.

Десек те, соңғы 20 жыл ішінде әлемде қағаз бұйымдарын тұтыну 92 миллионнан 208 миллионға артып, оның көрсеткіші 128 пайызға артты. Қазіргі заманғы технологияның жанданып, электрондық құжаттың өмірге келуі мен компьютерлік байланыстың артуы бәрібір қағаз өндірісіне кері әсерін тигізіп отырған жоқ. Сұраныс та, қажеттілік те бар. Мысалы, миллион тонна қағаздың 14 мың теміржол вагонына сиятынын ескерсек, бұл саладағы өнімнің азаймай, қайта жыл сайын артып келе жатқанын түсінуге болады.

Жалпы, қағазға қатысты қызық деректер жетерлік. Негі-



зі, бір парақ қағазды өз заңдылығы бойынша, жеті рет қана бүктеуге болады, – дейді сарапшылар, одан ары бүктеу өте күрделі. Алайда жуырда бұл қисынды америкалық бір оқушы бұзды. Ақ қағазды 12 рет бүктеп, ол рекорд жасаған көрінеді. Бұл нәтижені осы уақытқа дейін ешкім түзей алған жоқ.

«Әлемде талай қызық бар» деген рас. Жақында бір жазушы жаңашыл бастама көтеріп, оны өзі жүзеге асырды. Ол әжетханалық қағаз арқылы өзінің көркем туындысын жазып, кітап етіп шығарған. Франкфурттегі мұражайда кітап көрмесін өткізген. Жазушының ойынша, «әжетхана – нағыз кітапқұмарлардың орны».

Алайда көлемі кішкентай баланың алақанындай болса да, әлемде ең қымбат құнды зат ретінде бағаланатын қағаздар да бар. Атақты «Титаник» кемесінің 3 класты қонақтары тамақтанатын мейманханасынан бір жолаушының «менюі» табылған. Белгісіз қонақ ішкен бұл дастарқан мәзірі кеме апатқа ұшыраған маңда су бетінде қалқып жүрген. Бұл дастарқан мәзірі аукционда 45 мың долларға сатылды.

Десек те, қағазға қатысты әңгімелер АҚШ-та көп. Мәселен, Калифорния штатында іс-қағаздары қолданыстағы заңдылыққа сәйкес, жиналған макулатурадан қайта өңделіп, яғни қалдыққан шыққан қағаздан жүргізіледі екен. Американың тәуелсіздік декларациясының ең алғашқы жобасы коноплядан жасалған қағазға жазылған көрінеді. Дұрыс-ақ шығар. Дегенмен, мынандай да қайғылы жағдай орын алған. Осыдан екі жыл бұрын хайуанды қорлағаны үшін АҚШ-тың бір азаматы екі жылға сотталды. Ол хамолеонды түрлі-түсті суретті қағаздың үстіне отырғызып қойып, тыныштық бермей әбігерге түсірген. Ақырында хамолеон 19 рет түсін өзгертіп, қорлыққа шыдамай өліп кеткен.

Жалпы, әлемде әжетхана қағазына сұранысы өте жоғары ел барын білесіз бе? Ол – Испания. Неге? Әсіресе, футбол



ойындары басталған шақта испандық жанкүйерлер домалақ әдемі етіп оралған түрлі-түсті әжетхана қағаздарын сатып алып, лента ретінде алаң ортасына қарай атады. Футбол алаңында отшашулар болып, лентаға оралып жатқан жанкүйерлер бұл сәтті жеңіс үшін, өз клубын қолдау үшін ұйымдастырады. Бұл ғана емес, АҚШ үкіметі Kimberly-Clark компаниясын патриоттық қызметі үшін мемлекеттік марапатқа ұсынған. Өйткені компанияның әжетхана қызметіне арнап шығарған түрлі-түсті жұмсақ қағаздары Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде сарбаздардың қажетіне жараған. Сондай-ақ 1991 жылы АҚШ армиясы «Шөл даладағы дауыл» операциясы кезінде танк пен әскери машиналардың үстін жасырын жабу үшін түрлі-түсті қағаздарды пайдаланған. Міне, қағаз бен қалдық өнімдердің осындай пайдасы бар.

Ал алғаш рет қағаз ақша қашан пайда болды? Біздің эрамыздың 806 жылдары Қытайда өмірге келді. Оған дейін Күншығыс елінде салмағы 3,8 грамм болатын мыс монеталар пайдаланылған. Үлкен көлемде сауда жасайтындар үшін майда монеталар қолайсыздық тудыратындықтан император ақырында 10 мыңдық юан, яғни қағаз ақшаларды басып шығаруға нұсқау берген. Тіпті қағаз ақшалармен сауда жасаудан бас тартқандарды өлім жазасына кескен жағдайлар да кездескен. XIII-XIV ғасырларда қағаз ақшамен сауда жасау жапондықтар мен парсыларға көшкен. Ал Еуропа елдерінің ішінде қағаз банкноттарға алғаш қолы жеткен – ұлыбританиялықтар. 1864 жылы елде мемлекеттік банк құрылды.

Ал АҚШ-тың ең үлкен номиналдық көлемдегі ақшасы 100 000 долларлық сомада басылып шыққан. Бұл 1945 жылға дейін қолданыста болды. Ал қазіргі 100 долларлық қағаз купюралар алғаш рет 1690 жылы дүниеге келген. Алайда бағалаушылардың айтуына қарағанда, доллар қағаздан жасалмайды. Оның 75 пайызында мақта талшық-



тарының қосындысы бар деген дерек бар. Ал тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қағаз ақшасы тәуелсіздік алғаннан соң екі жылдан кейін 1993 жылдың 13 қарашасында Англияда басылып шыққанынан жұртшылық хабардар.

Қағазға қатысты тағы бір әңгіме. Кейінгі кезде баспасөз беттері мен дөңгелек үстелдерде болашақта «қағаз басылымдар жойылады» деген пікірлер жиі талқыға салынып жүр. Анығында солай ма? БҰҰ-ның бүкіләлемдік зияткерлік меншік ұйымының өкілдері «2040 жылға қарай дәстүрлі түрде шығып тұрған газеттер болмайды» деген дерек келтірді. Олардың ұйғарымынша, АҚШ-та қағаз басылымдар 2020 жылға қарай, ал әлемде газеттер 2040 жылға қарай өмір сүруін тоқтатады.

– Жақсы болсын, жаман болсын, бұл – эволюциялық даму. Қазірдің өзінде АҚШ-та ешкім кітап оқымайды. Қағаздан беттелген кітаптарды бірқатар қала кітапханаларынан табу қиынға айналып барады. Барлығы цифрлік, электрондық жүйеге көшірілген, – дейді ресми өкіл.

Бұл мәселенің Қазақстанда да талқыланып жүргені рас. Алайда алдағы 20-30 жылда бүкіл әлем электрондық жүйеге көшіп, ақпарат-хабарды сайттан ғана оқиды деу сенімсіз.

Демек, қағазға қатысты әңгіме де, сұраныс та, қажеттілік те таусылмақ емес.

23 сәуір 2012 жыл





ЖЕРАСТЫ ПАТШАЛЫҒЫ БОЛҒАН БА?

Елдің бәрі Ер Төстік ертегісін білетін болар. Бір өзі бір төбе болған Ер Төстік сегіз ағасын іздеп жүріп, сан қилы қауіп-қатерлерге басын тігеді. Ақыры жалмауыз кемпірдің құрығына ілініп, жерасты патшалығына түседі. Мұнда да қиындықтарға кезігеді. Жерасты патшалығында оған Көлтаусар, Желаяқ, Тыңшы, Таусоғар сынды адал да таза достары кезігеді. Жер бетіне шығады. Сүйгеніне қосылады. Ақыры мақсат-мұратына жетеді.

Бала кезімізден мазмұны таныс ертегіні есейсек те, ұмытқан жоқпыз. Әрине, қызғылықты оқылатын оқиғаның қиял-ғажайыпқа ұласып, адамды жетелеп әкететіні сөзсіз. «Сегіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе» делініп, ертегіден қалған қанатты сөз қазір де қолданыста. Бірақ біздің айтпағымыз бұл емес. Жалмауыз кемпірден қашып келе жатып, жерастына түсіп кетіп, Бапы ханның елінде жеті-сегіз ай бойы қызғылықты да қауіпті оқиғаларды бастан кешетін Ер Төстік, алайда бүгінгілерге өзге әлемнің барын ескертетіндей. Ал шынында біз кешіп жатқан дәуірден басқа әлем бар ма? Мәселені Ер Төстікке қарай қайыратын болсақ, сауал мынадай болып шығады: Жерасты патшалығы болған ба? Жок, әлде құпияға толы жерасты әлемі аңызда ғана айтыла ма? Бұл сауалдың шындығында да жыл өткен сайын өзектілігі артып бара жатқан сияқты. Өйткені шатқалды кезетін археологтар мен зерттеушілер және антропологтар кейінгі кезде, «жерасты тұрғындары» туралы кеңірек айта бастады. Тіпті жерастында мыңдаған шақырымдарға созылып жатқан тоннелдерді көрген ғалымдар күн көрмейтін кейбір «халықтың» осында өмір сүріп келгені жайлы да жорамалдарды алға тартқан. Тіпті жерасты қаласы туралы да қызықты деректер баршылық.



Солтүстік Америкада бірнеше рет болып, жерасты құрылысын зерттеген ағылшын ғалымы, саяхатшы Перси Фосет Попокатепетль және Инлакуатль жанартауының маңындағы шатқалда жерасты тоннелі болғанын айтады. Мыңдаған шақырымға созылып жатқан бұл жердің құпиясы өз алдына бір әңгіме, бірақ тұрғындарының шашы алтын жалатылған деген де дерек бар. Жергілікті үндістердің аузынан естіген бұл аңыз ақиқатқа қаншалықты сай? Алайда үндістердің әңгімелеріне қарағанда, олар көктен түскендер, жер үстінің тұрмысы мен тіршілігіне көндіге алмай, бағзы замандарда қайтадан жерастына кеткен. Сөйтіп, мыңдаған шақырымға созылған үңгірлерде өмір сүрген. Шашылып жатқан адам сүйектері мен тұрмыс-тіршілікке қатысты құрал-жабдықтар бұған дәлел бола алады.

Әрине, мұның бәрі қазіргілерге мүмкін еместей болып көрінер. Тіпті бағзы заманды зерттеуші кейбір ғалымдар жерастында құпияға толы бүтіндей бір империя болған деген де әңгімені алға тартады. Мұның бір мысал дерегі ретінде әлемдік БАҚ Перудің Куско қаласының кітапханасында сақталған 1952 жылғы деректерді ұсынады. Осы жылы Франция мен АҚШ-тың бір топ ғалымдары аталған қаланың маңайындағы бір үңгірге кезігеді. Ақыры арнайы экспедиция жасақталып, жеті адам бес күнге жететін тамақ, азық-түлікті қоржындарына салып, жеті қат жерастына түседі. Бірақ жетеудің біреуі ғана аман қалып, 15 күннен кейін әзер дегенде жер бетіне қайта оралуға шамасы жетеді. Ол – француз ғалымы Филипп Ламонтьер. Алайда ол болған оқиғаны толыққанды айтып бере алмай, зардабы зор жұқпалы ауруға ұшырап, тілге келместен екі-үш күннен кейін қайтыс болады. Сөйтіп, француз ғалымы сырын ішіне бүккен күйі, сырын сыртқа шығара алмай өмірден өтеді. Бірақ бір ғана дерек: оның қолында құпиясы мол алтынның сынығы ғана қалған. Ал қалған алты адам қайда кетті? Олар неге оралмады? Филипп Ламонтьер түк айта алмай,



әріптестерін «түпсіз шыңырауға құлады» дегенді меңзегендей төменгі жақты нұсқай берген. Алайда жеті адам кірген жеті қат жердің ауыз қуысын жергілікті билік артынша адам кірместей етіп, тас қылып бекітіп тастаған. «Халыққа тарап кете ме?» деп қорқынышты жұқпалы аурудан қорыққан билік осылай елді елеңдеткен оқиғаға назар аударғысы келмеген. Алайда жауын судан жартылай ашылып қалған қала маңындағы үңгірді кезіктірген зерттеушілер құпияға толы жерасты жолын көруге тағы бел буады. Бірақ төменге түсіп бір шақырымдай жол жүрген олар, бір қабырғаны тұтас алып жатқан қалайыны көреді. Ары қарай жол жоқ. Қалайының бір бөлшегін алып қайтуға ниеттенгенмен, олардың бұл әрекетінен түк шықпайды. Қалайыға пышақтың да, балға мен балтаның да тісі өтпейді. Тоннелдің диаметрі кішірейген сайын ары қарай жүру мүмкін болмады. Сөйтіп, экспедиция мүшелері амалсыздан кері қайтқан.

Ғалымдар Оңтүстік Америка аймағында да ғажайыпқа толы құпия үңгір барын айтады. Тіпті оның зерттелмегенін, тың екендігін алға тартады. Тарам-тарам жолы бар бұл үңгірде жергілікті үндістердің айтуына қарағанда, «адам-жылан өмір сүреді» деген де аңыз бар. Бірақ оған кіруге ешкімнің дәті бармайды. Бірқатар адамдар талаптанып көрген, бірақ аман қалғаны бірен-саран ғана. Алайда түпсіз терең шыңырауды көзбен көргендер бір сәтте жыланға, бірде адамға айналып кететін қорқынышты таңғажайып бейнені көргенін айтады.

Солтүстік Америкада да тоннель тәріздес шатқал бар. Жазушы Эндрю Томас бір еңбегінде Калифорния тауларында Нью-Мексико штатына апаратын жерасты жолының бар екенін еске салады. Бір жолы мұндай жасырын жол туралы мәселеге америкалық әскерилер де назар аударған. Невада штатында ядролық жарылыс болған сәтте, 2000 шақырым қашықтықтағы Канаданың әскери базасында екі



сағаттан кейін радиацияның қуаты қажетті нормадан 20 есе артқаны байқалған. Кейін анықталғандай, канадалық базаның маңайында Солтүстік Америка континентімен байланыстыратын жерасты жарық жолы бары анықталған.

Жалпы, өзге өркениет туралы әңгімелер әлімсақтан айтылып келе жатыр. Бірақ қайсысы шындық? Ол туралы дерек аз. Десек те, жерасты өркениетінің болғаны туралы нақты ғылыми дерек жоқ. Бізге жеткені аңызға айналған ақиқат қана.

Ал Тибет пен Гималай тауларындағы жерасты өркениеті жайлы болжамдар да бүгінгіге ауызекі әңгімемен жеткен. Осы таулардағы шатқал арқылы жер қойнына енген адам планета кіндігіне бара алады деген дерек те бар.

Египеттегі пирамидалардың астында да жерасты тоннелдерінің бары туралы халықаралық шахмат турнирінің жеңімпазы С.Тивяков бір естелігінде айтқан.

– Мен өзге әлемнің бір кейіпкерін суретке түсірдім. Бұл – әлемдегі жалғыз сурет. Бұған ұқсас бейнелер Тибет және Гималай тауларындағы үңгірлерде ғана байқалуы мүмкін, – дейді шахматшы-ғалым.

Жалпы, жерастының таңғажайып құбылыстары мен өзге өркениеттің белгілері болжамдар тұрақты түрде болмаса да, арагідік айтылып қалады. Бірақ оның шешімін тапқан ешкім жоқ. Бәрі болжам ғана. Десек те, жерасты өркениетін зерттегісі келгендердің біразының тағдыры аянышты және қайғылы аяқталғанын қалай түсінуге болады? Жоғарыдағы келтірілген деректерге тағы бір мысал. Осыдан 30 жыл бұрын Қара теңіз маңында иесіз шахта бары анықталған. Диаметрі 1,5 метр болатын бұл шұңқыр жүздеген жылдар бойы қараусыз жатқан. Алайда оны барлап қайтқан адамдар ажал құшты. Апанға түскен бес адамның біреуі ғана жер бетіне оралған. Қалғаны зым-зия жоқ. 30 метр тереңдікке түскен соң, таңғаларлық дыбыстар шығып, артынан айқай естілетін болған. Көрер жарығы бар пенде апаннан шыққан



соң, көп ұзамай қайтыс болған. Ал төмен түсірілген адамға байланған арқан пышақпен шорт кесілген күйі бос қалатын болған. Бұл жұмбақ оқиғаның сыры бүгінге дейін беймәлім күйде қалып отыр.

Кейбір әңгімелерге сенсек, Орал тауларында оңтүстік пен шығысты, солтүстік пен оңтүстікті байланыстыратын жол барын зерттеушілер аңыз етіп айтады. Бірақ ол неге осы күнге дейін құпия? Жоқ әлде адам ойынан шығарған аңыз ба?

Сонымен, жерасты патшалығындағы қорқынышты бейнелер кімдер? Ажал құштыратын құпия алапат күштер жер үстіндегі жоғары өркениет деңгейінде өмір сүріп отырған адамдарға наразы ма?

Кейбір зерттеушілер бүгін бізге жұмбақ болып отырған бөгде планеталықтар (НЛО) көктен емес, жерастынан ұшып шығады деген деректерді келтіреді. Сөйтіп, көк аспанға көтеріліп, жер бетіндегі өркениетті барлап шығады деген де жорамалдар бар. Бұл – болжам.

Бірақ ақиқаты, өзге өркениеттегілер бар болса, олар жер бетіндегілермен сөйлесуге неге құлықсыз?

3 мамыр 2012 жыл





ТІРЛІГІ ТҮСІНІКСІЗ ТҰЛҒАЛАР...

Адамзатқа аты мәшһүр ғұламалар туралы не түрлі алып-қашпа әңгімелер бар. Оның қаншалықты ақиқаттылығын бір Құдай білер, бірақ ол бүгінге аңыз күйінде там-тұмдап жетті.

Рас, жұртшылық танымал тұлғаның ғылымда, әдебиет пен мәдениетте қалдырған қолтаңбасын жалпылама білер, дегенмен, оның кейбір қырлары беймәлім және түсініксіз күйінде қала береді.

Мысалы, Британ аралдары мен қазіргі Франциядан бастап, Солтүстік Атлантикаға дейін Рим империясын құрған император Юлий Цезарь еуропалықтардың тарихында өзінің даңқын қалдырып кетті. Мықты әскери стратег болған Цезарь өзінің алдында патша болған жеті басқарушының ізін қайталамай, өзін жай ғана «Цезарь» деп атауды өтінгені белгілі. Бірақ іргетасы мықты болған Рим империясы Цезарьдың өлімінен кейін құрдымға кетті. Елдегі ерегіс, азаматтық соғыс ақыры Цезарь құрған империяны жоқ етті. Бірлік пен ынтымақ жолындағы тірліктің жоқтығы мықты мемлекеттің өзін жермен-жексен етеді. Сол Цезарьдың тарихта аты қалды, бірақ атақты император, диктатордың даңқынан бүгінде пайда тапқысы келгендер табылып жатыр. Мысал керек пе? Ежелгі тарихтан жеткен көнекөз дерек диктатордан қалған қолтаңба бар деседі. Танымалдардың қолтаңбасын жинайтын коллекционерлер сол Цезарьдан қалған автографты бүгінгі күні 2 миллион долларға бағалап отыр. Бұл жоғары нәтиже емес, бастапқы бағасы ғана. Өкінішке қарай, императордың қағазға иіріп қойған қолы әлі табылмай тұр. Бірақ бастапқы бағасы белгіленіп қойған. Мәселе бағада емес, арада қанша ғасыр өтсе де, әңгіме тарихтан өшпей, өмір сүріп келе жатқан императордың атақ-даңқында болып тұр.

XVIII ғасырда бар-жоғы 58 жыл ғана өмір сүрген ағылшын жазушысы Чарльз Диккенстің балалық шағы



жоқшылықта өткенімен, ол өмірдің бар ауыртпалығын мойнымен көтеріп, артына өлмес мұра қалдырды. Диккенс өз шығармаларында қоғамдағы кедейшілік өмірді сол қалпында суреттеді. Ағылшын жазушысының өмір ауыртпалығынан құтылу үшін көшеге шығып, өз туындыларын жатқа оқып, ақша тапқан сәттері де болды. Бәрінен шығармашылықты жоғары қойған ол ырым-нанымға қатты сенді. Ол көбінесе басын солтүстікке қаратып ұйықтайтын. Ондағы себеп не? Егер «солтүстікке қарап жатсам, шабыт жақсы келіп, жақсы туындылар жазамын» деп ойлайтын Диккенс өмірінің соңына дейін сол сеніммен кетті. Артына өлмес мұра ретінде жақсы прозалық туындылар қалдырғаны ақиқат. Бірақ басын солтүстікке қарап жатқанына байланысты жазушының аты тарихта қалды деп тұжырым жасау әрине, сенімсіз.

Әрине, Чарлз Диккенстің басын солтүстікке қарап ұйықтайтыны секілді, ырым жер бетіндегі бүкіл халықта бар. Мысалы, жақын көрші аждаһа Қытай елінде Иус Христос, Ричард Никсон және Элвис Пресли атты батыстық үлгідегі есімдер жиі кездеседі екен. Басқаны айтпай-ақ қояйық, Қазақстанда қысқы олимпиадалық ойындар өткен тұста, жанадан дүниеге келген сәбилерге Азиада атты есім қойған қазақтар көп кездесті. Жалпы, ат қоюда абайлаған абзал. Сонау Қызылорда жақта сәбиіне Усама бен Ладен деп есім берген қазақтар туралы да кезінде «Айқын» газеті жазған. Мұндай азаматтардың болашағы жарқын болсын, алайда ғұмыры атақты лаңкес Усама бен Ладеннің жолын қайталамасын дейміз де.

Ырым демекші, қазақта атақты адамдар үйге келсе, бесіктегі баласына түкіртіп алатын бір әдет бар. Бәрі жақсылық үшін ғой. Танымал, халық сыйлаған таланттың жолын берсін деген ниетпен істелетін жөн-жоралғы. Ондай асыл адамдардың киімін де ырым етіп алып қалатын жайттар кездеседі. Бірақ қазақ етегіне жармасып, ешкімнің үстіндегі киімін сұраншақтап, жалынып сатып алмайды. Ұят нәрсе. Бірақ өмірде бар мұндайлар. Әсіресе, батыс мәдениетінде.



Еуропалық бір адам аукционда Мэрилин Монроның кеудетартқышын қоймай сатып алыпты. Қаншаға дейсіз ғой? 14000 мың долларға. Енді бұл ырым-жырым емес. Бір-ақ нәрсе, пайда табу үшін ғана. Кейін оны ондаған, тіпті елу жыл өткен соң аукционға қойып, сатып пайда табады. Олар – ауадан ақша жасайтындар. Ал Мэрилин Монроның кеудетартқышы пайда көзі үшін сатылып, аукцион «жағалап» осылай жүре береді. Атақтылар да осылай артындағыларды асырайды.

Бірақ өмірде атақтылардың барлығының қызметтік баспалдағы бірдей болмайтыны анық. Біреу тез басшы болады, ал екіншісі байлық-биліктің пайдасы барын біле тұра, одан ерікті түрде бас тартады. Мысалы, Қытай коммунистік партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мао Рсе-Танг 1893 жылы аталған қызметке келгенге дейін ешқандай лауазымдық билікте болмаған. Оның өмірбаянында бір-ақ жұмыс бар. Ол Пекин университеті кітапханашысының көмекшісі болып істеген. Рас, адамға «бақ қонам» десе, бір-ақ сәт. Оны Мао Рсе-Тангтің мысалынан-ақ аңғаруға болар.

Ал тарихта мұндай оқиғалар көп. Атақ-даңқы асқан Альберт Эйнштейнге бір күні еврейлер Израильдің президенті болуға ұсыныс жасаған. Алайда кез келген адамның қолы жете бермейтін бұл биліктен саналы түрде бас тартқан көрінеді. Сондағы оның айтқан уәжі не дейсіз ғой: «Проблемаларды шешетін екінші басым жоқ!».

Ұлыбританияның премьер-министрі болған, ағылшынның мемлекет және қоғам қайраткері Уинстон Черчилль соғыстың аяғында КСРО-ның одақтасы ретінде елдің есінде қалды. Би-би-си компаниясының халық арасында жүргізген сауалнамасының нәтижесінде, тарихтағы «ең үлкен тұлға» деген атақты алған Черчилльдің алайда жаман әдеттен арыла алмағаны белгілі. Ол күніне 20 сигарет шегетін болған. Жазушы, публицист, Британ академиясының құрметті мүшесі, әдебиет саласы бойынша, Нобель сыйлығының иегері атанған Уинстон Черчилль алайда жауын да, одақтасын да



қатты құрметтеген. 1942 жылдың 8 қыркүйегінде Мәскеуге сапары жайында британ парламентінде сөйлеген сөзінде ол: «Ресейдің жолы болып тұр. Өйткені онда биліктің басында темірдей тәртіпті Сталин отыр. Өте қатал, билікшіл, тура айтатын, кейде, тіпті шектен тыс қатқыл кететін тұлға. Бірақ салқынқанды адам ретінде маған жылы әсер қалдырды. Мен оған соғыста сенімді одақтас бола алатыныма сендірдім» деген. Сөйткен Черчилль бірақ өле-өлгенше темекісін қоя алмай кеткен. Күніне 20 дана темекіні шегіп көріңіз. Жақсы әдет емес.

Жалпы, жаман адам ел басқармайды. Бірінші Елизавета мемлекет басқарып тұрған сәтінде сақалы бар адамдарға салық салған. Не үшін. Қазіргі көзқараспен өлшесек, түсініксіз. Сол әйел патшаңыз жексенбі күндері «байлардан басқаның бәрі баскиім киіп жүрсін» деп жарлық шығарған. Бұл да қызғылықты. Ірімшікті жақсы көретін Виктория ханшайымға тілеулестері диаметрі 3 метр, салмағы жарты тонна болатын ірімшікті сыйға тартқан. Кейбіреулер әлем музыкасында аты қалған Моцарттың талантты болғаны соншалық, ол мектепке баруды қажет етпеген дегенді алға тартады. Рас, таланттар бас жарады, ал серілер ше? Соломон патшаның Израильде 700 әйелі мен жүзден астам көңілдесі болған деген сөз бар. Ресейлік БАҚ сатқын Берияның да тым қызқұмар болғанын айтады. Шындығында да, солай шығар. Көзі түскенін көлікке сүйреген көзі қызыл жендет талайды қырып, ақыры өзі де атылып кетті ғой. Халықтың көз жасы қойсын ба, өзінің де бір күнде жаны жаһаннамға кетті.

«Қызылдар мен қаралар» атты ұлы шығарманы дүниеге әкелген белгілі жазушы Стендаль өмірде әйелдерді жек көрген. Өзінің нәзік жыныстыларға деген жеккөрінішті сезімін шығармалары арқылы көрсеткен. Талай туындыларды дүниеге әкелген Фицджеральдтің әдебиетте аты қалғанымен, өмірде жолы болмаған. Бақытын шығармашылығынан тапқан жазушының алайда әйелі ішімдікке әуес болған. Сонымен қатар оның жарының психикалық жағынан сырқатқа



ұшырағанын да Фицджеральд туралы жазатындар жасырмайды. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген рас. Тарихта аты қалған жазушының өзі де өмірінің соңында ішімдікке салынып кетіп, бауыры іріп, қайтыс болған. Ал әйелі жынданып кеткен. Жалпы, тұлғаларға қатысты әңгіме қанша айтсақ та, таусылмақ емес.

«Жезді мұрт» деген атпен тарихта қалған Сталиннің бойы бар-жоғы 160 см ғана болған. Фотографтар мен операторлар оны мүмкіндігінше төмендеу жерде тұрып түсірген. Сондықтан оның бойының қысқалығы көп жағдайда білінбей тұрады. Білетіндердің айтуынша, оның бір қолы екіншісінен қысқалау болған деседі. Бұл кемістікті білдірмес үшін ол бір қолын көбінесе қалтасына салған немесе жиі трубкасын ұстап, құшырлана түтінді сорып тұрған деген дерек келтіреді.

1936 жылы өткен жазғы олимпиада ойындарында Адольф Гитлер жеңімпаз атанған қара нәсілді Джесси Оуэнсудің қолын алудан бас тартқан көрінеді. Менсінбеген шығар, қара нәсілді жігітті жеңімпаз адам ретінде мойындағысы келмеген болар. Бірақ атақтылар да осылай ақымақтық жасайды. Мысалы, даңқы шыққан Бетховен сақалын қырмай, бірнеше апта жүретін болған. Оның ойынша, сақалды күнделікті қырып тастау ұлы шығармаларды дүниеге әкелуге кедергі жасайды. Ол музыка жазуға отырар тұста басына ылғи бір шелек суық су құятын болған. Суық су мидың жұмысын реттейді. Музыкант Шуман да мұндай оқиғалардан сырт қалмаған. Ол 24 жаста өзін күйзелісте сезініп, 46 жасында құлағына әртүрлі әуендер келіп, бақилық болып кеткен Бетховен мен Мендельсон оған әртүрлі музыка орындауды бұйыратын болған. Әрине, тарихта аты қалған танымалдылардың шығармашылығын түсініп оқу оңай болғанмен, олардың осындай түсініксіз тірлігі бар. Мүмкін, ұлылырға бәрі де жарасатын шығар.

8 маусым 2012 жыл



БІР ТҮРЛІ ҮЙЛЕР...

Негізі, қаржы көп болатын болса, қиял жеткен «жерге» үй сала беруге болады. Оны өмірдің өзі де көрсетіп отыр. Десек те, адам санасының сәулесі іспеттес өмірге келген келген сәулет туындылары қоғамға әр береді. Оның кереметтігі сонда, сыртқы пішіндері әртүрлі. Қоғам дамып, адам дамыған сайын сәулет өнері де әртүрлі болып барады.

Испан архитекторы Сантьяго Калатрава Нью-Йорк қаласының орталығынан бақ пен гүлге толы 12 коттедж салмақ. Бірақ Сантьягоның сәулет өнерінде ерекшелік бар. Оның үйі... ауада қалқып тұр. 12 коттеджі бар бұл ғимарат ортақ тіреуіш арқылы айналаға сән берген. Үлкен мұнара іспеттес бұл үй шынында ғажайып. Бұл 12 коттеджі ортақ тіреуішке барып кіретін тетіктер ұстап тұр. Мұндайғы әр үйдің төбесінде бақ бар.

Ал әлемдегі ең кішкентай үй Еуропада, атап айтқанда Германияның Вернигерод қаласында орналасқан. Ол 1800 жылы салынған. Бір ерекшелігі, ол екі үлкен үйдің орталығына салынған. Қысылып орналастырылса да, келушілердің ықыласы артып тұрған сыңайы бар. Ең алдымен жұртты оның орналастырылуы қызықтырады. Оның сыртқы келбетіне құмарта қарайтындар көп. 1976 жылға дейін онда жалғызбасты әйел тұрған. Екі терезесі, дәлізі, қоймасы мен және шағын ас үйі мен жатын орны бар бұл пәтер қазір туристер тамашалайтын орын ретінде жергілікті билікке толағай табыс түсіріп отырған көрінеді.

Ал латвиялық байшыкеш, Raex bank қаржысының қожайыны Валерий Каргин теңіз жағалауына жалпы көлемі 9,5 мың шаршы метр вилла салмақ. Бұл Еуропадағы ең керемет ғимараттардың бірі болмақ. Оның бір ерекшелігі, үй компьютерлік жүйе арқылы басқарылып отыратын көрінеді.



Жалпы, адамның фантазиясына, ой-қиялына ешнәрсе жетпейді. Бұл әрекет, құштарлық, атап айтқанда дизайнерлік, шығармашылық үй, құрылыс салуға жұмсалып жатса, онда таңғажайып дүниелерді көруге болады. Қалай айтқанда да, әлемнің әр елінен көз тартар әсем ғимараттардың сан түрін көруге болады.

Шетелдік зерттеу агенттіктері жақында құрылысы таңғаларлық жағдайда салынған ғимараттардың рейтингісін зерттеп шығарды. Шындығында да аталған үйлерді көрген адам ғажап өнер, сәулет өнерінің керемет туындысы дер. Ол рас та. Қазір қаржы болса, әдемілеп, әспеттеп неше түрлі құрылысты салуға болады.

Мамандар баға берген рейтингтің ішінде бірінші орынды нигериялық сәулетшінің туындысы жеңіп алған. Оның сызбасы бойынша, құрылысшылар ұшақ-үй салған көрінеді. Сәулетші ғажайып коттедждің үстіне ұшақты «қондырған», оның екі балконы мен ұшақ кабинасы келушілерді бір таңдандырса, «ұшақ-үй» алып көркемдігімен көзге түсіп тұр.

Екінші орынды кактустың өсіп келе жатқан бейнесіне ұксаған Голландияның Роттердам қаласындағы кактус-үй алған. Экзотикалық әсер беретін бұл үй шынында сырттан әдемі көрінеді.

Бұдан кейінгі орынды Токионың маңындағы Митаки қалашығында орналасқан бір түрлі қисық үйлер алған. Бұл біреу емес, ондай қисық ғимараттардың саны тоғыз.

Канаданың бір орманында шар пішіндес, ағаштан жасалған үй қалқып тұр. Атына қарағанда, мұнда «елестер» өмір сүреді.

Польша мемлекеті де мұндай ғажайып құрылыстардан кенде емес. Қаржысын қайда құярын білмей жүрген байлар қымбат сәулетшілерді жалдап, аспанмен таласқан зәулім ғимараттар салып жатса, польшалық сәулетшінің үйі керісінше болып шыққан. Бұл сәулет өнері сонысымен де



құнды болып тұр. Қазақшалап айтар болсақ, бұл үйдің «аяғы аспанға қарап» тұр. Ал нақтылағанда, үйдің шатыры төменде де, оның іргетасы (фундаменті) – жоғарыда.

Жалпы, мұндай тоқтай қалып қарайтын, көз тартарлық сәулет өнерінің туындылары әлемде өте көп. Мысалы, АҚШ-тың Канзас қалашағында көпшілікке арналған қалалық кітапхананың сыртқы келбетінің өзі өтіп бара жатқан адамды кітап оқуға шақырып тұрғандай. Сондай-ақ АҚШ-та – кэрзеңке-үй, Польшада – қисық-үй, Португалияда – тау-үй, Вьетнамда құбыжық үйлер бар. Бірақ қалай аталса да, аталған ғимараттар әлемдегі сәулет өнерінің ғажайыптарының біріне саналады.

Әлемде сыртқы және ішкі келбетімен бас шайқатып, таңдандыратын ғимараттар мен үйлер өте көп. Бірі бағасының өте қымбаттылығымен ерекшеленсе, екіншісі – қарапайым, бірақ көркемділігімен айрықшаланады. Олардың бәрінің атын атап, түрін түстеу уақытты қажет етер.

Мәселе неде? Мәселе...

«Ақшаң болса қалтаңда» дейтін қазақтың қарапайым мәтеліне тіреліп тұр.

Ең... ең... ең...

Бір отбасына арналған ең қымбат үй. Бұл баспана Лондонның элиталы ауданында жалпы көлемі 2 гектар аумақты алып жатыр. Жері үлкен баспананың бағасы да удай. Жаңа қожайын оны 100 миллион долларға сатып алған. Білетіндердің айтуынша, онда 40 бөлме бар. Жанға жайлы керекті нәрсенің бәрі бар. Қырық бөлмелі пәтерде спорттық жаттығулар залы, тенниске арналған зал, сонымен қатар мұнда салтанатты кештер мен жоғары мәртебелі меймандарға арналған орындар бар көрінеді.

Ең үлкен үй. Әлемдегі ең үлкен үй Букингемск сарайы болып табылады. Оның 605 бөлмесі бар. Аталған сарайда ағылшын ханзадасы отбасының мүшелері тұрады.



Ең кішкентай үй. Әлемдегі ең кішкентай үй де Ұлы-британия тұрғындарына тиесілі. Оның ені – 1 метр 25 см, екінші қабатта бір бөлмесі бар болса, бірінші қабат ас үйге арналған. Аталған үй жақында ғана сатуға қойылды, бағасы 175 мың фунт-стерлинг.

Ең лас қонақ үй. Ең лас қонақ үй Солтүстік Қытайда көрінеді. Аталған мейманхананы жөндеу және қайтадан жабдықтау кезінде одан 24 мың тонна қалдық шығарылған көрінеді.

Ең үлкен қонақ үй. Әлемдегі ең үлкен қонақ үй – Сингапурдегі Стэмфорд мейманханасы. Бұл ғимарат 73 қабаттан тұрады. Десек те, Швейцарияда орналасқан «Еуропа» қонақ үйінің бір ерекшелігі, ол теңіз деңгейінен 3,5 мың метр биіктікте орналасқан. Бір артықшылығы, бір мезетте 700 адамды қабылдай алады. Оны салуға 50 миллион швейцар франкі жұмсалды деген дерек бар.

Ең қымбат қонақ үй. Ол Техас штатындағы Хьюстон қаласындағы «Жұлдыздар әлемі» қонақ үйі. Оған бір күнге түнеп шыққаның үшін 3 мың доллардан астам қаржы төлеуге тура келеді.

Ең қымбат жеке пәтерлер. Ол Лос-Анджелес қаласында орналасқан. Қазіргі құнын айтпай-ақ қояйық, 1980 жылы оның әр пәтері 6 миллион долларға сатылған көрінеді. Бұл пәтерлердің 9 бөлмесі бар. Мұнда қымбат әшекейлі заттарды сақтайтын сенімді сейф, құнды шарап сақтайтын қойма, үй кинотеатры мен жүзу бассейндері орналасқан.

11 шілде 2012 жыл





КСРО КӨСЕМДЕРІ ҚАНША ЖАЛАҚЫ АЛДЫ?

Өткен тарих қызық. Оны жоққа шығаруға болмайды. Десек те, жүріп өткен жолға қараудың да жөні бар. Өйткені өткенді сызып тастай алмайсың. Санадан да... Бірақ әлемдік геосаясаттың арасалмағын таразылап отырған КСРО-дай алып мемлекеттің 70 жыл ғана өмір сүріп барып, тарих қойнауына кетуі кімді де болса толғандырмай қоймайды.

Жарайды, империялық мемлекеттің құрдымға кетуі жаңа мемлекеттердің тәуелсіздік алуына жол ашты. Бірақ...

Бәрібір өткен қоғамның толық ашылмаған саясатына үңіле бергіміз келеді. Оның себебі бар. Өйткені КСРО-дай алып мемлекетте ашықтық пен жариялылық болған жоқ. Бүгін ғой, демократиялық құндылықтарға қадам басқан тұста біз барлығынан да хабардармыз. Интернеттік байланыс күшейді, ақпарат көз алдыңызда тұр. Интернетті қос та, керегінді ала бер. Ал бұрын...

ТАСС-тың ғана мәліметін ақиқат деп ұғатын ұлттық сана тәуелсіздіктен кейін ғана жаңғырды. Бүгін біз Обама мен Медведевтің, Путин мен Саркозидің, Меркель мен Берлусконидің қанша айлық алып, қаншасын жаратынын білеміз. Оған танданбаймыз да. Ал КСРО көсемдерінің қанша айлық алатынын білмей келдік, білмей де өстік. Бүгін бәрі қызық. Өйткені өткен қоғам – тасбауыр, өткен дәуір – құпия. Сонымен...

Ал өмірге социалистік құндылықтарды алып келіп, коммунистік жаңа қоғам орнатуға талпынған пролетариат көсемі қанша жалақы алды? Бұл бүгін де қызық. КСРО қоғамында жоғары деңгейдегі шенеуніктердің жеке өмірі мемлекеттік құпия ретінде сақталып келді. «Кремль бухгалтериясы» Ленин, Сталин, Брежнев, Черненко, Андропов-



тардың жалақы жөніндегі ведомствосының сырын ашқан жоқ. Бүгін ғой, демократиялық принциптерге және салыққа қатысты заңдылықтарға сәйкес кез келген шенеунік табыс декларациясын жариялайды. Десек те, КСРО көсемдерінің айлық табысы қанша болды?

Жалпы, социалистік жүйеге жол салушы, әлемдік төңкерістің көсемі Лениннің өткен ғасырдың басында қол қойып кеткен нұсқауы КСРО-да 1979 жылға дейін орындалып келді деп қорытынды жасауға болады. Атап айтар болсақ, мемлекеттік қызметте жүрген жоғары шенеуніктерге көлденең табыспен айналысуға тыйым салынды, тіпті қаламақы алуға да рұқсат етілмеді. Сонымен, пролетариат көсемінің айлығы 500 сом шамасында болды, – дейді дереккөз. «Бұл жалақы Лениннің өмір сүруіне толық жетті» дейді көне тарихты қозғаған мұрағат. Алайда қарапайым әрі кісіліктен ада Ленин халықтың сол кездегі хал-жағдайын толыққанды түсіне отырып, жалақысын арттырудан бірнеше рет бас тартты деген дерек бар. Әйтсе де, биліктегі бұл қарапайымдылық билік басына жез мұрт Сталин келгеннен кейін ондаған жыл өткен соң барып бұзылғанға ұқсайды. Атап айтар болсақ, бас хатшы Сталин Жаңа экономикалық саясат кезеңінен бастап 1935 жылға дейін 225 сом жалақы алып, айына 6 сом 75 тиындық партиялық жарнасын төлеп келген көрінеді. Әрине, бұл уақыт кеңестік кезеңнің ең ауыр жылдарды бастан кешіп, ашаршылық орнап, елде «үлкен террордың» бастау алар тұсы екендігін ескерсек, бұл айлықты төмен деуге келмес. Кремльдің жаңа қожайынының алғаш рет айлық табысы 1935 жылы күрт көтерілгенін айта кету керек. Бұл бұл ма кеңестің ішкі, яғни «халық жауларына» күресті күшейткен Сталин келер 1936 жылдың ақпанында жалақысын 1200 сомға көбейтті, оның бұл кезеңде партиялық жарнасы 36 сом құрағанын айта кету керек. Негізінен, бұл қаржыға шалқып өмір сүруге болатын еді: өйткені сол кезеңде КСРО өндірісіндегі орташа айлық



жалақы көсемдікінен 5 есе төмен болды. Ал соғыстың аяқталар тұсында «халықтар көсемі» айына 2000 сом жалақы алды. Ұлы Жеңістен кейін 1947 жылы Сталиннің ел алдындағы еңбегі ескеріліп, оның табысы 10 мың сомға жетті. Алайда КСРО-ның мемлекеттік шенеуніктері алатын ең жоғары табысты Никита Хрущев билік басына келгеннен кейін бірден төмендетті деуге болады. Ол 1949 жылы Орталық комитеттің хатшысы ретінде 800 сом алғаны белгілі. Ал Орталық комитеттің бірінші хатшысы қызметіне келген кезде де ол осы көлемдегі жалақыны қанағат тұтты. Ол билікте болған жылдары бірде-бір рет сыйақы алмаған көрінеді. Отставкаға кеткеннен соң 2 айдан соң, 1965 жылдың қаңтарына дейін 800 сом көлемінде айлық алып тұрған. Тек содан кейін барып оған 500 сом көлемінде одақтық дәрежедегі зейнетақы тағайындалған екен. Хрущев өмірінің соңына дейін осы көлемде зейнетақы алып келген жалғыз Кремль қожайыны болып табылады.

Леонид Ильич Брежнев Хрущевтің жалақыға қатысты ұстанымын жойған жоқ, ол да 9 жыл бойы айына 800 сом айлық алып келді. Тек 1973 жылдан кейін ғана оның материалдық игілігі артты, 1973 жылы оған «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық лениндік сыйлық берілді. Сөйтіп, оның жалақысы 25 мың сомға күрт артты. Ол ол ма, 1970 жылдардың аяғына қарай кеңес әдебиетіне жаңа есім келіп қосылды. «Малая земля», «Целина» және «Возрождение» кітаптары үшін Леонид Ильич Брежнев көңіл толатын қаламақы алып тұрды. Брежневтің әл-ауқаты 1979 жылдан бастап «жақсара» бастағанын айта кету керек. 1979 жылдың шілдесінде 21132 сомның, 1980 жылдың мамыр айында 17780 сомның, осы жылдың желтоқсан айында 30150 сомның партиялық жарнасын төлеген. Мәскеуде Олимпиада басталған 1980 жылы бас хатшының жеке табысы 78349 сомды құраған, ал 1981 жылы 121728 сомға жеткен көрінеді. КСРО-ны басқар-



ған 20 жылға уақыт ішінде Брежневтің қаржысы жарты миллион сомға жетті, – дейді орыс баспасөзі. Әрине, мұның барлығы да Брежневтің әртүрлі туындылар мен сыйақылардан түскен табысы. Ал 1979 жылы бас хатшының жалақысы 1582 сом болғанын айта кету керек.

1982 жылдары алып империяны басқарғанымен, билікте көп бола алмаған Юрий Андропов айына 1200 сом ақша алып тұрған. Бірақ ол бас хатшы болып сайланғаннан кейін ол осыдан 40 жыл бұрынғы Сталин дәуіріндегі 800 сомдық айлыққа қайта оралған көрінеді. Алайда Брежнев секілді ол да қаламақидан көп табыс тапқан. 1984 жылдың қаңтар айында оның табысы 8815 сомға жеткен көрінеді. Бұдан кейін билікке келген Черненко да сталиндік-андроповтың дәуірдегі 800 сомдық айлықпен күн көргенге ұқсайды. Алайда ол да Брежнев секілді әртүрлі партиялық конференцияларда сөз сөйлеп, оның баяндамалары жиі кітап болып жарық көрген. Мысалы, 1984 жылдың мамыр айында оның жалақысына қаламақылық үстеме ретінде 1200 сом, маусым айында 1700 сом қосылған екен.

Ал КСРО-ны тарих қойнауына жіберген Михаил Горбачев 1990 жылдарға дейін өзінің айлық табысын өзгерткен жоқ, 800 сом көлемінде табыс тауып келді. Тек президент болғаннан кейін ол 3 мың көлемінде айлық табысқа ие болды. Алайда бұл Горбачевтің жалақысы ғана. Көп сөйлеп, баяндамаларының бәрін кітап етіп бастырған Горбачев те қаламақыға қарық болды. Горбачевтің басқару дәуірінде елдің әл-ауқаты нашар болғанымен, президенттің жағдайы төмен болған жоқ. Ол сөзуарлыққа салынып, КСРО-ны келмеске жіберді. Алып империяны «қайта құрамын» деп құртты. Осы қадамымен тарихта қалды.

...Құпиялылықтың болғаны да құнды шығар. Бірақ бұл өткенді көксеу емес. Ақиқаты, билік пен бұқараның әл-ауқатының алшақтығы ұзай берсе, сол қиын...

22 тамыз 2012 жыл



ЕҢ АҚЫЛДЫ АДАМДАР...

Ақиқатында, әлемдегі ең данышпан адамдар кімдер? Бұл сауал қандай өлшемге қатысты анықталады? Жалпы, адамның ақылды болуы миының салмағына байланысты ма? Әрине, пікірлер әрқилы. Десек те, ғаламтор мен зерттеу агенттіктерінің осыған қатысты өз болжамдары бар.

Негізі, адамның ақылдылығы оның миына қарап бағаланады десек, бұл дұрыс қисын ба? Егер осы пікірге ден қоятын болсақ, ауыр салмақты ми Тургеневтікі (2012 грамм) болып шығады, ал Эйнштейндікі – 2000 грамм. Рас, екеуінің танымалдылығы жоғары. Бірақ...

Психологияда «интеллект коэффициенті» деген бар. Бұл ереже бойынша, адамның өресінің мықтылығын арнайы тест сауалдары арқылы анықтайды. 1912 жылы неміс ғалымы Штерн енгізген бұл жүйе шындығында әлемдегі кімнің ақылды, логикалық жағынан ойлау, тез арада шешім табуының мықтылығы және тапқырлығымен өлшенеді. Кім бұл сұрақтарға көбірек дұрыс жауап берсе, сол данышпан. Бірақ ол қаншалықты қисынды? Мысалы, Штерннің арнайы тест ережесі бойынша, 0 ден 19-ға дейінгі бірлік көрсеткіші бар адамдардың ақыл-ойы дамымаған болып саналады. 20-36 бірлік – кеш дамуы, 69-85 бірлік орта деңгейге жақындау, 86-144 бірлік – орта деңгей, 115-124 бірлік – орта деңгейден биік, 125-134 бірлік – ақылы толысқан, ал 135-тен жоғары көрсеткіш – данышпан деп саналады екен.

Олай болса, ғаламға аты мәшһүр танымал тұлғалардың ой-бірлік өлшемін сараптап көрейік. Мысалы, жазушы Онере де Бальзактың өре өлшемі 187 бірлікті құрайды, ал біз сөз еткен миы салмақты ғалым Альберт Эйнштейннің бірлігі – 180. Бұл ретте Билл Гейтс – 160, Хиллари Клинтон – 140, Владимир Путин – 134, Кіші Джордж Буш – 120,



Анджелина Джоли – 118, Алла Пугачева – 106, Бритни Спирс – 98, Пэрис Хилтон – 70.

Бұл жерде Штерн тестіне қатысты дау айтуға болар: Мысалы, Пэрис Хилтоннің өре өлшемі «70» деген бірлік санды көрсетіп тұр. Ережеге сенсек, оның ақылдылығы «орта деңгейге жақындау» болып есептеледі. Бірақ Пэрис Хилтонның танымалдылығы өте жоғары ғой. Фото модель, дизайнер, әнші, актриса, әлемдегі атақты Hilton Hotels қонақ үйлер желісінің қожайыны ретінде оны бүкіл әлем біледі. Салыстырмалы түрде қарайық. Мысалы, Гетенің өре өлшемі 200 бірлікті құрайды. Бұл орайда Ньютон мен Вольтер – 190, Галилея – 185, Леонардо да Винчи – 150, Бах пен Дарвин – 140, Коперниктің өре өлшемі – 130 бірлікті көрсетіп тұр. Ал әлемде қай ұлттың, қай мемлекеттің өресі биік? Мұны таразыға салар болсақ, «өре өлшемі» көрсеткіші мынадай: ең жоғары көрсеткіш Гонконг – 107 бірлік, Корей елі – 106 бірлік, Жапондар – 105, Қытайлар – 104, ал орта деңгейде: Франция – 98 бірлік, Моңғолия – 98, Құрама Штаттар – 97, Ресей – 96 бірлік, төменгі көрсеткіштер: Кения – 72 бірлік, Гвинея – 69 бірлік, Эфиопия – 66 бірлік. Енді осыған қарап әлем халықтарының қайсысы ақылды екенін өлшеуге бола ма? Ондай тұжырым қисынсыз секілді.

Жалпы, таразыға салар болсақ, әлемдегі халықтың 50 пайызының өресі 90 мен 110 бірлікті құрайтынын айта кету қажет. Жер шары тұрғындарының 2,5 пайызы ақылы толыспаған, миы дамымай қалған деп есептеледі. 2,5 пайызы ортадан, қалғаны ортадан жоғары, ал 0,5 пайызы ақылды адамдар санатына жатқызылады екен. Десек те, Штерннің өре өлшемі бірлігіне қарап адамдардың данышпандығын саралайтын болсақ, әлемдегі ең ақылды адам кім?

Әлемдегі ең ақылды адам – Уильям Джеймс Сидис. Украинадан шыққан еврей эмигранттың баласы. Әке-шешесі Гарвард университетін бітіріп, АҚШ-тағы ең мықты пси-



холог мамандардың бірінен саналған. Шешесі болса, Бостон университетін бітіріп, бала тәрбиесімен айналысқан. Ата-анасы Уильямді бала жасынан данышпан етіп тәрбиелегісі келгені байқалады. Оны әке-шешесі өз методикасымен тәрбиелеп, оқытқан. Шын мәнінде, бала данышпан болып шыққан. Бір жасынан бастап ол қатесіз жаза бастаған, 18 айында «Нью-Йорк Таймс» газетін қиындықсыз оқи беретін болған. Төрт жасында Гомерді түпнұсқасынан оқып, алты жасында Аристотельдің логикасын үйреніп, атеист болды. Төрт пен сегіз жас аралығында Уильям Джеймс Сидис төрт кітаптың авторы атанды. Ол жеті жасқа толғанда, Гарвард медицина мектебіне анатомиядан емтихан тапсырды. Сегіз жасында ағылшын, грек, латын, иврит, орыс, француз, неміс тілін жетік біліп, өзі Vendergood тілін ойлап шығарған. Білімпаздардың айтуынша, ол ересек шағында 40-қа жуық тілді меңгеріп, 200-ге тамам тілді еркін аударатын болған. 11 жасында Уильям Сидис Гарвард университетіне оқуға түскен. Қазіргі күнге дейін оның АҚШ тарихы, психология және космологиясы жайында жұмыстары сақталған. Сидис көлік жүйесін зерттеп, теміржол билеттерін жинаумен айналысқан. Кейінірек ол Франк Фалупа деген атпен теміржол билеттері туралы трактаттар жазған көрінеді. 16 жасында Гарвард университетін үздік бітірген ол шындығында оқшаулау өмір сүрген. Өзінің зиялылығын дамыту үшін, тіпті секстен де бас тартқан көрінеді. Алайда ең талантты, ақылды деп аталған Уильям Джеймс Сидистің интеллект коэффициенті қанша болған? Кейбір болжамдарға қарағанда, Уильям Джеймстің өре өлшемі 250-300 бірлікті көрсеткен деген болжам бар. Бір қызығы, орта жастан асқанда, ол қарапайым ғұмыр кешкен көрінеді. Ол қай жұмысқа орналасса да, талантын көрсеткен жағдайда, дереу басқа қызметке ауысып отырған. Сонымен қатар ол қанша данышпан болса да, журна-



листерден қашқалақтап, бұйығы өмір сүрген. Талантты азамат 1944 жылы Бостанда жүрек ауруынан қайтыс болды.

АҚШ-тың Миссури штатының тұрғыны жазушы, журналист, драматург Мэрилин вос Савант та ғаламшардағы данышпан адам ретінде саналады. Оның өре өлшемі 228 бірлікті көрсеткен. Осы көрсеткіші арқылы ол Гиннестің әлемдік рекордына енген. Екі баласы бар, Jarvik Heart компаниясының қаржы директоры болып саналатын Мэрилин 1986 жылдан бері АҚШ-тың Parade атты атақты журналында «Мэриленнен сұраңыздар!» атты арнайы айдар жүргізіп, оқырмандардың әртүрлі сауалдарына жауап береді. Бір таңғаларлығы, Мэрилен Штерн ақылдылықты сараптау жөніндегі тестен 10 жасында өткен. Араға 20 жыл салып тағы да данышпандығын сынағанда, оның өре өлшемі тағы да 228 бірлікті көрсеткен. Міне, тұғырынан төмендемеген ақылдылық көрсеткіші. Кәріс азаматы Ким Унг-Йонг те – әлемдегі ең ақылды адамдардың бірі. Оның өре өлшемінің деңгейі – 210 бірлікті көрсеткен. 1963 жылы туған ол 4 жасынан бастап, күрделі математикалық теңдеулерді шешкен. 5 жасында неміс, кәріс, жапон және ағылшын тілдерін білген. 3 жасында Hanyang университетіне оқуға қабылданып, алты жасына дейін оқыған. 15 жасында Ким Унг-Йонг Colorado State University-інде физика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғаған. АҚШ-та бір жылдай істеп, Оңтүстік Кореяның бірқатар жоғары оқу орындарында сабақ берген. Әлемдегі ең ақылды, жас талантты ғалым ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енген. 90-нан астам жаңалығы мол ғылыми мақалалар жазған ол қазір де интеллектуалдық әлеуеті зор шағында.

Америкалық азамат Ким Пиктің де тағдыры қызықты. Ең бір таңғаларлығы, ол оқыған кітаптарының 98 пайызын миында сақтайтын болған. Ол осы қасиетіне байланысты «Ким-пьютер» лақап атын алған. Ким Пиктің артық-



шылығы мынада: ол қас-қағым сәтте кітаптың айқарма бетін 8-10 секундта оқып бітіретін болған. Кітаптың беті қалай аударылып тұрса да, ол қас-қағым сәтте оқып бітіре беретін болған. Оның есте сақтау қабілетінің мықты болғаны соншалықты, өмірінің соңына дейін 12 мың кітапты жатқа білген. 1951 жылы Солт-Лейк-Ситиде туған ол 2009 жылы қайтыс болды. Ерекше дарынымен дараланған ол 1,5 жасынан оқи бастаған, 3 жасында газет-журнал қарап, 7 жасында Библияны жатқа білген. Ол бір оқыған кітабына қайта оралмаған. Бұлшық еттері әлсіз болғанына қарамас-тан, ол дарынды болған. Ең бір қызығы, Ким Пик тұрмыста икемсіз өскен, ол тіпті өзінің көйлегінің түймесін сала алмайтын көрінеді. Тағы бір данышпан нигериялық Филипп Емегвалидің интеллект коэффициенті 190 бірлікті білдіреді. Ол 65 000 параллель процессорлардан тұратын суперкомпьютер ойлап тапқан. Электроника және электротехника институты тағайындаған Гордон Белл атындағы арнайы сыйлықты жеңіп алған оның жетістігі шындығында да бір төбе. Оның суперкомпьютері мұнайлы далада жұмыс істеп тұрған құрал-жабдықтар тұрақты бақылауға алып тұрады. Бірақ данышпандардың тірлігінің барлығы тындырымды ма? Кейде олардың тірлігі де түсініксіз. Бір қарасаң ақыл-есі дұрыс секілді. Ал кейде... Осыдан бірер жыл бұрын Санкт-Петербурда тұратын Ресей ғалымы Григорий Перельман туралы бүкіл БАҚ тебірене жазды. Бір ғасырдан бері тендеуі шешілмей келе жатқан есепті шешкен ғалымға Математика институты 1 миллион сыйақы берді. Бірақ Григорий Перельман одан бас тартты. Сондағы айтқаны...

«Маған ешнәрсенің керегі жоқ. Барлығы жетеді. Математиканың батыры емеспін. Мен хайуанаттар бағындағы темір тордың ішінде отырған жануарлар секілді бүкіл әлемнің көз алдында болғым келмейді».

Журналистер бір миллион доллардан бас тартқан Перельманның үйіне кіргенде математиктің тарақан жайлаған



бөлмеде жұмыс істеп отырғанын көрген. Міне, данышпандарға терең ақыл мен сана бергенмен, олар екінші жағынан осылай қолайсыз тұрмыстық жағдайда өмір сүре береді. Өкінішті. Жалпы, Штерннің ақылдылық өлшемі қаншалықты ақиқатқа жақын? Бұл енді бөлек әңгіме. Десек те, ғалымдар еркек пен әйелдің өре өлшемі деңгейінде қашықтық шамалы екендігін айтады. Олардың есептеуінше, айырмашылық 1,7 балл деңгейінде ғана.

...Ақылды болайық!

25 сәуір 2013 жыл





ҒАРЫШ АПАТЫ

Өмірде әртүрлі апатты жағдайлар орын алады. Бірақ тосын оқиғалардың бәрі сәтті болады деу қиын. Ажал құштыратын апаттан сақтасын! Бірақ адам бәрін біліп тумайды. Алдағысын болжауы бек мүмкін. Бірақ апаттың жақсысы жоқ. Биылғы жылдың басында Ресейдің Красноярск маңына құлаған метеориттің жер-жаһанды алаңдатқаны мәлім. Адам шығыны болмаса да, бірталай ғимараттар мен үйлер зақымданды. Тіпті метеориттің сынығын сатып, аяқастынан пайдаға кенелмек болғандар да кездесті. Ондайларға Ресейдің құқық қорғау органдары тосқауыл қойды. Бірақ ғарыштық апаттың жөні басқа. Жер дүниені өзіне қаратып, көк аспанды тіліп ұшқан жер серігінің ұшу сапарының барлығы сәтті аяқтала қойған жоқ. Оған мысалдар да жеткілікті. Жақында ғана Қазақстанның Байқоңыр ғарыш айлағынан көкті жарып ұшқан жер серігі – 15-18 секундтан кейін Төретамның маңайына құлады. Ауа мен топырақта орасан зор қауіпті гептил қалды. Тарихта адам өлімімен аяқталған ғарыш апаты көп.

1967 жылдың 27 қаңтарында Кеннеди атындағы ғарыштық ұшу орталығында «Аполлонның» Айға ұшу бағдарламасы бойынша, жаттығу жұмыстары болып жатқан сәтте ғарышкерлер Вирджил Грисс, Эдвард Уайт және Роджер Чаффидің экипажы отқа оранды. Ракета тасымалдаушы «Сатурнның» басқа бөлігінде арнайы жаттығу бағдарламасымен жұмыс істеп жатқан үш ғарышкердің кабинасының іші кең, еркін қозғала алады. Біреуі жұмыс істесе, екіншісі – өз ісімен шұғылданып, үшіншісі – көз шырымын алады. Сынақ жұмыстары жаттығуға арналғандықтан жер серігі жанар-жағармаймен жабдықталмады. Сондықтан алаңдауға да еш негіз жоқ еді. Алайда ажал аяқ астынан. Ғарыш-



керлердің жұмыс істеп жатқан кабинаның ортаңғы бөлігінде кенеттен от жалын лап етіп, оны сөндіру мүмкін болмай қалды. Қас-қағым сәт. 90 секундқа ғана созылған өртте үш ғарышкерді аман алып қалу мүмкін болмай қалды. Оларды құтқаруға бірнеше секунд қана жетпеді. Лап ете қалған, көз ілеспес жылдамдықпен болған өртте қосымша есікті ашуға да қол жетпей қалған. Сөйтіп, қысқа, бірақ трагедиямен аяқталған от-жалын ешқандай нәтиже бермеді. Өрттің шығу себебі неде? Оны анықтау да мүмкін болмады. Арнайы құрылған комиссияға да шешім шығару қиынға соқты. Тек алдын ала болжам айтылды. Өрт электр сымдарының тұйықталуынан орын алған. Осы оқиғадан кейін америкалық басшылар өздерінің ғарыш саласына қатысты тұжырымдамаларын қайта қарауға мәжбүр болды. Отқа төзімді, өртке берік жер серігі «Аполлонды» қайта жабдықтауды қолға алды. Айға арналған арнайы бағдарламаны жүзеге асыру да уақытша тоқтатылды. Тек бірнеше жыл өткен соң ғана, 1968 жылдың 11 қазанында «Аполлон» ғарыш кемесі көкті тіліп, жоғары қарай ұшты.

Америкалық емес, КСРО ғарышкерлерінің де ұшу сапарының барлығы сәтті аяқтала қойған жоқ. 1967 жылы кеңестік космонавтика үшін ауыр жыл болды. Осы жылдың 23 сәуірі ұмытылмастай болып қалды. «Байқоңыр» айлағынан «Союз-1» ғарыш кемесі ұшқаны белгілі. Сынақ мерзімі іспетті ұшырылған жер серігі кеңестік өте тәжірибелі ғарышкер полковник Владимир Комаровқа сеніп тапсырылды. Қалай айтқанда да, америкалық «Аполлон» секілді бұл жерде бәрі сәтті болады» деген сенім бола қойған жоқ. Бұл сынақ түрінде болғандықтан күмән қоюлау болғаны рас. Алайда ұшу барысы ойдағыдай өтті, барлығы бағдарлама бойынша өтіп жатты. Полковник Комаров барлығының сәтті жүзеге асып бара жатқаны жөнінде «Жерге» хабарлап жатты. Ғарыш кемесі «басқаруға» көніп, атмосфераның қалың қабатына шықты. Тежегіш құралдары



да іске қосылды. Барлық операция ойдағыдай орындалды. Тек соңғы кезеңде ғана ешкім күтпеген жағдай орын алды. Жер серігі атмосфераға шыққан сәтте, парашют ашылуы тиіс еді. Бірақ парашюттік жүйе істен шықты. Мұнан соң «Союз-1» ғарыш кемесі снарядтың жылдамдығымен жерге қарай 644 шақырым жылдамдықпен құлдилап келе жатты. Соңында от жалын қалдырып, зымыраған жер серігі мен ғарышкерді аман сақтап қалуға еш мүмкіндік болмады. Құлдилаған күйі келіп, ғарыштық аппарат жерге соғылды. Полковник Комаров бірден қайтыс болды. Ен далаға түсіп, жермен-жексен болған жер серігі құлаған жерге кейіннен ескерткіш белгі орнатылды.

1967 жылы орын алған екі-үш апаттан кейін АҚШ-тың да, КСРО-ның да ғарыштық ұшу бағдарламасы кейінге қалдырылды. Бірақ бағдарлама жалғасын тауып жатты. Әсіресе, америкалық ұлттық ғарыш агенттігі Айды бағындыру саясатын одан ары табысты жалғастыра берді. Америкалық ғарыш агенттігінің хабарлауынша, мұнан кейін бірде-бір апат орын алған жоқ. Бірінен соң бірі 12 ғарыш кемесі ұшырылды. Алайда аяқастынан пайда болатын оқиғаның кейбір құпия сырлары әлі күнге дейін толыққанды ашылмай келеді. «Аполлон» жер серігінің кислородтық атмосферадағы жарылысының себебі әлі белгісіз күйінде қалып отыр. «Союз-1» ғарыш кемесінің парашюттік жүйесінің ашылмай қалуы да бүгінге дейін түсініксіз күйінде қалды. Тіпті «Союз-1» жер серігінің орбитада болу уақытын да мамандар әртүрлі көрсетеді: америкалық ғалымдар «Союз-1» кемесі атмосферада 25 сағат 12 минут ұшты десе, халықаралық ғарыштық энциклопедияның авторы К. Гэтланд 26 сағат 45 минут деп көрсетеді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген рас. 1971 жылдың 6 маусымында «Союз-11» ғарыш кемесінің бортында болған ғарышкерлер Георгий Добровольский, Владислав Волков және Виктор Пацаевтың тағдыры өліммен аяқталды.



Барлық бағдарламаны орындап, жерге оралып келе жатқан сәтте олар бақилық болды. Іздеушілер құлдилау аппаратын тапқан сәтте ғарышкерлердің жүзінде тіршіліктің ізі де жоқ еді. Ал мұның себебі неде?

Мұны тәжірибелі ғарышкер Алексей Леонов анықтап бергендей болды: «Қателік құлдилау аппаратының құрылымдық бөлігінде болған. Құрастыру кезінде арнайы мамандар аппараттың ауа кіретін бөлігіндегі клапанды қатты бұрамаған. Жерге құлдилап келе жатқан шар тәрізді домалақ пішінді аппараттың клапандық бөлігі қысымға шыдамай жыртылып кеткен. Жоғары қысымды ауада аяқастынан орын алған осындай оқиғадан кейін 20 мм-тік жыртықтан кейін ғарышкерлер естерінен айырыла бастаған. Негізі, штаттық кесте бойынша, жерге 4 шақырым ғана қалғанда ашылуы тиіс болатын клапан сөйтіп, өте жоғарыда, мерзімінен бұрын вакуумда жыртылып кеткен. Аппараттағы ауа сөйтіп, бірер минуттың ішінде вакуумдық кеңістікте сыртқа шығып кеткен. Мамандар «22 мм-лік жыртықты саусақпен немесе алақанмен болса да жабуға болатын еді» деген дәлелді алға тартады. Айтуға ғана оңай ғой. Жыртылған клапанға жету үшін кем дегенде 52 секунд керек. Бірақ оған уақыт жетпеді, 80 секундтан кейін ғарышкер Волковтың, 100 секундтан соң Пацаевтың, 120 секундтан кейін Добровольскидің жүрегі тоқтап қалған.

Сол бір кезеңде ғарыштық апат бірінен соң бірі орын алып жатса да, АҚШ пен КСРО арасындағы ғарыштық тайталас одан ары жалғаса берді. 1969 жылдың 21 шілдесінде ғарышкер Нейл Армстронг Айдың бетіне қонып, бүкіл америкалықтар шат-шадыман көңілмен қуанышын тойлап жатқан тұста, кеңестік ғарыш саласында бірінен соң бірі апаттар қайталанып жатты. Ресми Мәскеудің Айға арналған бағдарламасының жолы болмады. Кеңестің Н-1 ракетасы ұшу алаңында немесе көкке көтерілген сәтте жарылып, отқа оранып жатты. Н-1 70 секундтан соң ауада



жарылды. Екінші ракета да соның жолын құшты. Арада шамалы уақыт өткен соң Н-3 ракетасының да құйрық жақ тұсы отқа оранып, істен шықты. Н-4-тің де двигателі 70 секундтан соң өртеніп кетті. Айда Армстронгтің табанының ізі қалған сәтте, орыстың ғарыш саласы осылай апатқа ұрынып жатты. Ақыры болмаған соң ресми Мәскеу Айға арналған бағдарламаны уақытша тоқтатты. Ал бұл уақытта Америка ғарышқа 12 жер серігін ұшырып, бәрі де сәтті аяқталды. Алайда ғарышқа ұшу барысында әртүрлі қызықты оқиғалар орын алатынын да жасыруға болмайды. Мамандардың бағалауы бойынша, істен шыққан жер серігінің сынған қалдықтарымен қатар, әртүрлі құралдар әуеде жерді айналып жүр. Олардың 20 мыңнан астамы қазір арнайы радармен қадағаланып отыр. Америкалық ғарышкер Сунни Уильямс 2007 жылы ашық ғарышқа шыққан сәтте қолындағы бейнекамерасын түсіріп алған. Ашық кеңістікке шыққан сәтте тағы АҚШ ғарышкері Скоп Паразински күн қуаты бар батерейкасынан айырылып қалған. 1965 жылы алғаш рет ашық кеңістікке шыққан Эдда Уайт өзінің қолғабын түсіріп алған. Ғарышта бір айға жуық уақыт бойы қалқып жүрген қолғап ақыры атмосферада жанып кеткен. Жалпы, мұндай жағдайлар АҚШ ғарышкерлерінде жиі орын алатын көрінеді. 2008 жылдың қараша айында америкалық Хайдемари Стефанишин-Пайпер құны 100 мың доллар тұратын құрал-саймандарын ашық ғарышқа шыққан кезде қолынан түсіріп алған. Деректерге жүгінер болсақ, апатты жағдай орын алса да, орын алған жайтты дереу түзеп, ары қарай ұшуын жалғастырып кеткен оқиғалар да бар. 1969 жылдың 14 қарашасында АҚШ-тың жерден көтерілген «Аполлон-12» ғарыш кемесінің жылу, қуат элементтері істен шыққан. Ғарышкерлер мен ұшуды басқару орталығы дереу бұл апатты жағдайды түзеп үлгерген. Кейіннен орын алған оқиғаны тексере келгенде, «Аполлон-12» ғарыш кемесін екі рет, яғни 36 секундта



және 52 секундта найзағай ұрғаны белгілі болған. Ең қуаныштысы сол, мамандар мен ғарышкерлер апатты оқиғаны тез арада қалпына келтірді. Ғарыш саласына қатысты ең соңғы апат 2003 жылдың 1 ақпанында тіркелгені белгілі. 15 күндік ұшудан кейін құрамы 7 адамнан тұратын Columbia ғарыш кемесі атмосфераның қалың қабатына кіргеннен кейін жоғалып кетті.

... Адамның қайда жүрсе де аман жүргеніне не жетсін!

22 мамыр 2013 жыл





БІЗ БІЛМЕЙТІН «ҰЛЫ ЖЕҢІС»...

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 68 жылдай уақыт өтсе де, оның жаңғырығы өшпек емес. Жыл сайын 9 мамыр Жеңіс күні жақындаған сәтте тарих жадынамасына кеткен қанды ұрыс туралы әрқилы деректер БАҚ беті мен телеэкраннан қалың жұртшылыққа жол тартады. Әрине, аға ұрпақ соғыстың салтанатымен мерейленіп өсті. Бүгін де солай. Бірақ біз білмейтін «Ұлы Жеңістің» қызықты тұстары да жетерлік.

1. 1941-1945 жылдары неміс жауынгерлері жасырын жарылғыш бомба тастап кеткен жерлерді тазартуда саперлерге иісшіл иттер де көп көмектескен. Оның ішінде, әсіресе, «Жолбарыс» атты иттің даңқы шыққан. Ол соғыстың соңғы жылдары Еуропа жерінде 7468 мина мен 150 снаряд тауып, «Әскери ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Бұл соғыс жылдарында марапат алған жалғыз ит. Алайда соғыс бітуге шамалы уақыт қалғанда жердегі жасырын минадан аяғынан жарақат алған «Жолбарыс» 1945 жылғы 24 маусымда Қызыл алаңда өткен әскери салтанатқа өз серіктестері секілді аяғынан жүре алмай қалған. Оны Сталин өз шинеліне отырғызып, арнайы бұйрығымен БТР көлігінің үстіне отырғызған. Жаттығу барысында да ақылды ит кительдің үстінде қозғалыссыз отырған. Қызыл алаңдағы салтанатты шеруде де бұйрықты бұлжытпай орындаған «Жолбарыс» әскерилердің мерейін осылай асырған көрінеді. Ал даңқы шыққан данышпан ит майор Александр Мазовердің жанында генераллисмустың кителінде аяғы оралған күйі сап түзеген колоннамен бірге өткен. «Жолбарыстың» жарақат алғанын алайда ешкім білген де жоқ.

2. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Еуропа құрлығында америкалық әскерлерге басшылық жасаған Дуайт



Эйзенхауэр бір кездесуде маршал Жуковты кока-кола сусынынан дәм татқызған екен. Бұл сусынды қатты ұнатқан Жуков ешкімге білдірместен жіберуді өтінген. Бірақ «америкалық империализмнің белгісіне бас ұрушылық болмасын және бұл өте құпия жағдайда штабыма жеткізілуі тиіс» деген Жуков әкелінген америкалық сусынды құмары қанғанша ішкен көрінеді. Президент Трумэннің бұйрығы арқылы өкілдер кока-кола зауытына телефон шалып, шишадағы арнайы белгілердің бәрін жойып, орнына қызыл жұлдызды белгісі бар қақпақ орнатып, 50 жәшікті Жуковқа жіберген екен. Сөйтіп, қарапайым бөтелкелерге құйылған кока-кола маршалға осылай жеткен керінеді.

3. Бүкіл әлемге империалистік саясатын жүргізбек болған Адольф Гитлер Сталинді емес, негізі, Левитанды өзінің басты жауы ретінде санаған. Енді ше, бүкіл кеңес халқы мен әскерілеріне рух берген Юрий Левитанның дауысы жеңістің салтанаты ретінде бүгін де мерейді өсіреді. Осыны кезінде дереу түсінген Гитлер Левитанның басына 250 мың доллар ақша тіккен. Мұны білген кеңес басшылары үнемі Левитанның қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Тіпті оның сыртқы келбеті туралы бұқаралық ақпарат құралдарында сан түрлі мәліметтер таратқан. Тіпті оның дауысын жазып алу туралы нұсқаудың өзі 1950 жылдан бастап қолға алына бастаған көрінеді.

4. Соғыстың аяқ шешінде Хиросима америкалық әскерилер үшін алғашқы атом бомбасын тастайтын орын ретінде алдын ала анықталғаны белгілі. Алайда бұл орайда жапонның Кокура қаласының жолы болғанын көне тарих растайды. Неге? Себебі америкалық ұшқыш Кокура қаласының төбесі қалың тұманға тұмшалануына байланысты екінші нұсқаны қабылдаған. Сөйтіп, Нагасаки қаласы атом бомбасынан соққы алып, қала жермен жексен болып, халқы қырылған. Америкалықтар Нагасакиді бомбаның астына алған сәтте жерастына тығылған жапон инженері Цутому



Ямагути атомның соңғы құрбаны ретінде 2010 жылы қайтыс болды. Расында да, Жапонияға қарсы соғыс адамзаттың зұлымдықтың иесі болып табылатынын тағы бір рет дәлелдеп берді. 1945 жылдың 9 наурызында АҚШ генерал-майоры Кертис Лемейдің басқаруындағы 344 ұшақ Токионы соққының астына алды. Ауыр соққы атом бомбасынан 83793 адам қаза тауып, от жалыннан 40918 адам зардап шекті. Соғыстың зардабын жапон халқы әлі де ұмыта қойған жоқ. Үрей әкелген тажалдан кейін жапон армиясының кейбір жауынгерлері партизандық қимылға көшкен. Лейтенант Онода Хиро бір ұрыста баталонындағы барлық жауынгерлерінен айырылып, жалғыз өзі қалған. Қатты үрейленген ол тірі қалса да, адам аяғы баспайтын джунглиде партизандық әрекетке көшіп, тығылып өмір сүрген. Сөйтіп, Филиппиннің Лубанг орманын паналаған, 30-дан астам филиппинді өлтірген. Тіпті соғыс аяқталып кеткенін де білмеген оны 1974 жылы полиция ұстап алған. Полицияға қаруын тапсырғаннан кейін ғана ол «Жапония соғыста жеңілді» деп мәлімдеме жасаған көрінеді.

5. Әрине, соғыс оңай болған жоқ. Алғашқы жылдары кеңес әскерлеріне қару-жарақ пен техника жетіспеді. Тіпті төтенше жағдайларда танктің орнын кәдімгі қарапайым тракторлар басты. Қаһарман қала Одессаны қорғау кезінде жауға қарсы 20 трактор ұрыс алаңына шықты. Іші трактор болғанымен, сыртының бәрі брондалған бұл тажалдан бәрі қорқып, жаудың тастай қашқан оқиғалар да кездесті. Енді ше, танкіге ұқсамайтын техника түнде жүріп, көз қарықтырар жарығымен, адам шошытар оқ атқан гүрсілімен немістерді дүрліктірсе... Негізі, ауыр соғыс жылдарында ит қана емес, жауды жеңуге ойсыл кара тұқымы түйе де көмектескен. Тіпті түйеге қатысты 28 арнайы резервтік армия да құрылған. Көлік бара алмайтын жерлерде ауыр зеңбіректерді түйемен ұрыс даласына жақын жерге сүйреп апаратын болған. Әскери сарапшылардың мәліметіне қара-



ғанда, майданда 350-ден астам ойсыл қара тұқымы оққа ұшқан. Ал соғыстан аман қалғандары кейіннен әскери шаруашылықтың жұмысына жегілген. «Яшка» деген аты бар түйе кеңес сарбаздарымен бірге Берлинге дейін жеткен. Түйенің соғыстағы титтей еңбегін бағалаған орыстар кейін оған ескерткіш тұрғызды. Түйе ғана емес, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде есекке де үлкен жауапкершілік жүктелген. 1943 жылы Сицилияға басып кірер сәтте әскери бөлімшеде арнайы есектер корпусы құрылған. Еуропаның кейбір батпақты жолдарында көліктің орнына есек пайдаланылып, көп жұмыс атқарған. Алайда жүруге ерінетін бұл жануардан қашып, әскери басшылар «есектер корпусын» таратып жіберген көрінеді.

6. Жалпы, ұрыс даласында адамның күлкісін келтіретін сан түрлі оқиғалар да болған. 1941 жылы кеңестік KB-1 танкісі майдан даласында қалып қойған. Бұған түсінбеген немістер брондалған ауыр танкіні даңғырлатып, темірмен ұрып-соққанмен оның ішінен ешкім шыға қоймаған. Ақыры, немістер өз шебіне кеңестік танкті сүйреп әкетпек болған. Сол сәтте ешкім күтпеген оқиға орын алған. Аяқ астынан оталған кеңестік KB-1 танкісі немістің жеңілдеу танкісін өз штабына қарай сүйрей жөнелген. Кеңестік ауыр техникаға шамасы келмеген немістер танкісін тастай қашқан. Сөйтіп, KB-1 немістің жеңіл танкісін кеңестік штабқа алып келген көрінеді.

7. 1944 жыл мен 1945 жылдың қаңтар айы аралығында Еуропа құрлығында соғысқан америкалық сарбаздар, негізінен, етіктің орнына бәтіңке киіп жүрген. Бұл туралы АҚШ генералы О.Бредли «Сарбаз тарихы» атты мемуарында кеңірек жазады. Бір қызығы, бір жылдың ішінде америкалық 12 мың сарбазға «денсаулығы жарамсыз» деген диагноз қойылады. Мұның себебі неде? Әскери дәрігерлер тексере келгенде, сарбаздардың аяқ буын ауруына ұшырағанын анықтайды. Сондықтан АҚШ-тың әскери бас-



шылары мұнан құтылудың жолдарын іздестіре бастайды. Бәтеңке өте ылғал болғандықтан сарбаздар аяқ, буын сырқатына тезірек шалдығады екен. Ақырында америкалық әскери дәрігерлер мұны жоюдың бір-ақ жолы барын табады: Бәтіңкенің орнына сарбаздар етік киіп, аяқты шылғаумен орауы керек. Дұрысы осы болды.

Қызық дерек

- Жапония ұшқышы Хироюши Нисидзава 80-нен астам жау ұшағын атып түсірген. Бірақ өзі жолаушылар ұшағының үстінде қайтыс болды.

- Немістің Me-264 әскери ұшақтары басында Нью-Йорк қаласын бомбалауға тапсырма алған. Алайда мұны негізгі мәселе деп ойламағандықтан, кейін бұл жоспардан билік бас тартқан.

- Немістің U-120 сұңгуір қайығы дәретханасына су кетіп, теңіз түбіне кеткен.

- Майдан даласында немістердің 500 ұшағы оқ тиіп, әуеде жарылып, күл-талқаны шыққан.

9 мамыр 2013 жыл





100 САҒАТҚА СОЗЫЛҒАН «ФУТБОЛ СОҒЫСЫ»

Футбол десе ішер асын жерге қоятын еркек көп. Теңбіл доптың не құдіреті бар дерсіз? Әйтеуір «арбаған мені бір сиқыр».

Қазақ спорт журналистикасының ардагері, марқұм Сейдаған, Сейдахмет Бердіқұловтан қалған осы қанатты сөздің тылсымын шын жанкүйер болған адам ғана түсіне алады. Ал жанкүйер болу...

Жанкүйер болу денеңдегі бар күшінді сарқып жеңілдеп қалу деген сөз. Тырысқан, сірескен еркектің қабағы жасыл алаңға қиқулауға келгенде жазылады. Мейлі, өзің қолпаштап отырған командаң жеңіліп қалсын, бірақ сұлу ойын-өрнегін көрсетсе, соның өзі – жетістік. Футболға жанкүйер болу – барлық эмоцияңды шығару. Біз спорт – бейбітшілік елшісі дейміз, бірақ...

Шын мәнінде, солай ма? Кейде бір футболдың кесірінен мемлекеттер арасына сына қағылып, дұрдараздыққа ұласқан сәттер де болған. Мысалы, 1969 жыл тарихта «футбол соғысы» деген атпен қалды. 1970 жылы өтетін әлем чемпионатына баратын жолдаманы сарапқа салу үшін Гондурас пен Сальвадор құрамалары кездесті. Алғашқы ойында гондурастықтар шамалы есеп айырмашылығымен ұтты. Бұл жеңілісті «корлық» деп ұққан сальвадорлық бір жанкүйер төрешінің ысқырығы естіле бере өз-өзін атып өлтірді. Сыртқа беттеп бара жатқан екі ел жанкүйерлерінің арасында қақтығыс туа жаздап барып басылды. Алайда екінші жауапты ойында сальвадорлық жанкүйерлер өз құрамасынан тек жеңіс күтті. Бірақ жеңістің буы ауыр қайғы алып келді. Екінші ойында алаң иелері қарсыластарын айқын басымдылықпен ұтты. Ойыннан соң жеңіске масаттанған сальва-



дорлықтар Гондурасан келген жанкүйерлерді ұрып-соқты, Гондурас мемлекетінің туы, барлық мемлекеттік символдық белгілері өртелді. Елде қызмет ететін гондурастықтар өлтірілді. Осында жұмыс істейтін ондаған мың Гондурас азаматтары елден қуылды. Бұған жауап ретінде Гондурас елінің бұзықтары сальвадорлық бизнесті жойды. Екі елдің бұқаралық ақпарат құралдары мемлекет арасындағы дұрдараздықты барынша қоздырып, жағдай ушықты. Ақыры 1969 жылдың 16 шілдесі күні мұздай қаруланған 9 мың адамдық Сальвадор армиясы Гондурас жеріне баса көктеп кіріп, елдің біраз бөлігін жаулап алды. Жаулап алынған жерлерде сальвадорлықтар әскери губернаторлар тағайындалды. Екі күннен кейін Гондурас әскері қатты соққы бергенмен, қарсыласын тоқтата алмады. 17 шілде күні екі жақтың қиян-кескі ұрысында мыңдаған мың адам қаза тауып, Сальвадор армиясы ел ішіне 29 шақырымға дейін кіріп, ондаған нысандарды басып алды. Бұл ұрысқа сыртқы күштер араласқаннан кейін ғана барып, соғыс тоқтатылды. Келіссөздер басталды. Бұл тарихта «футбол майданы» немесе «100 сағатқа созылған соғыс» деген атпен қалды. Бірақ жасыл алаңдағы бір жеңістің буы екі елге де қымбатқа түсті. «100 сағаттық соғыста» екі елден 4 мың адам қаза тапты, ел экономикасы ауыр зардапқа ұшырады. 50 миллион доллар шығын әкелген «жасыл алаңдағы» жеңістің салдары осылай қайғымен аяқталды.

Жалпы, жеңіске мақсаттанған немесе жеңіліске намыстанған жанкүйерлер ешкімді аямайды. 2002 жылы Мәскеуде өз құрамасы Жапониядан ұтылғаннан кейін орыс жанкүйерлері Манеж алаңында тәртіпсіздік жасады. Топтобымен көшеге шыққан футбол фанаттарының бұзақылығынан 107 көліктің быт-шыты шығып, 8 таксофон, 36 дүкен қирады, 7 көлік өртелді. Пышақ жарақатынан 17 жастағы мәскеулік оқушы Андрей Труженников тілге келмей қайтыс болды. Қанды төбелесті ұйымдастырған 130 адам ұсталып, айып тағылды. Мәскеулік полиция өкілдерінің



хабарлауынша, топтық төбелеске 7-8 мың адам қатысқан. Бассыздықтың салдарынан Мәскеудің ПД-нің басшысы мен мэрдің орынбасары қызметінен кетті.

Футбол фанаттарының төбелесі бұл ғана емес. 2012 жылдың 1 ақпанында «Порт Саид» стадионында бұзақылық орын алып, жанкүйерлер бір-бірін аяған жоқ. Жергілікті «Аль-Масри» мен «Аль-Ахли» клубы кездесіп, соңғысы 3:1 есебімен жеңіске жетті. Ойын аяқтала бере жанкүйерлер алаңға жүгіріп шығып, жеңілген команданың футболистерін тепкіге алады. Жанкүйерлер арасында жағдай шиеленісіп, топтық төбелестің салдарынан 73 адам қаза тапты. Мыңдаған адам жарақат алды, бірнеше адам артынан пышақ жарақатынан көз жұмды. Болған оқиғаға орай Египеттің футбол федерациясы елдің премьер-лигасындағы матчты бірнеше айға тоқтатты. 47 адам қамауға алынып, 70 адамға айып тағылды. 2012 жылдың 12 маусымында Польшаның футбол фанаттары да Ұлттық орталық стадионға топ-тобымен келе жатқан орыс жанкүйерлеріне тиісіп, төбелестің салдарынан 184 адам ұсталды. 25 адамға медициналық жәрдем көрсетілді. Ондаған адам жарақат алды. Іске жедел полиция араласпағанда, бұзақылықтан адам өлімі орын алатын еді.

Қалай айтқанда да кейбір жағдайда «спорт – бейбітшілік елшісі» қызметін атқармай тұр. Әрине, жанкүйер бола білу де – мәдениеттілік. Бірақ адамның бәрі бірдей емес қой. Мәселе адамның мәдениеттілігі мен ішкі тәртібіне барып тіреледі ғой. Әрине, ыза мен ашуынды айқайлап-ақ шығаруға болады. Бірақ дүкен қиратып, адам ұрып қажеті не? Адамзатқа тән ортақ заңдылық бар. Ол – қоғамдық тәртіпке бағыну. Бірақ адам темір емес. Біз жанкүйердің кінәсінен болған қақтығыстарды, зардап келген шығындарды көреміз. Бірақ біз білмейтін, біз назар аударар қоймайтын нәрсе де бар. Ол – жасыл алаңдағы болатын жайттар. Кейде жасыл алаңда төбелеспей-ақ жанкүйерлерді шошытатын оқиғалар кездесіп жатады.



Осыдан бірер жыл бұрын Румынияның төртінші дивизионында ойнайтын «Чисода» және «Унирей» командаларының арасында ойын өтіп жатқан тұста полиция арнаулы бөлімінің жасақтары көлікпен дабылдатып, алаңға баса-көктеп кірген. Ойнап жатқан бүкіл футболшыларды жерге жатқызып, әрқайсысын тексерген. Алайда қылмыскер олардың арасында болмай шықты. Кейіннен анықталғандай, полиция «Чисода» клубының ойыншысы Сорина Удраны іздеген көрінеді. Ал ол бұл уақытта трибунада өз клубына жанкүйер болып отырған. Сөйтсе, футболшының ұрлық жасап, контрабандағы қатысы болып шыққан. Жалпы, алаңда жанкүйерді дүрліктіретін осындай оқиғалар да аракідік кездесіп тұрады. Израильдың «Апоэль» клубының қақпашысы Лиор Асулинді де сот орындаушылары ойын кезінде тұтқындады. Былайғы кезде оны таба алмай шаршаған полиция қызметкерлері Асулинді осылай құрыққа түсірген. Сөйтсе, ол бұрынғы әйеліне 4 мың доллар көлемінде алимент төлемеген көрінеді.

Жалпы, жасыл алаңда қызықты әрекеттерімен есте қалатын футболшылар да жетіп артылады. Бірі доп соққаннан кейін екі қолын созып, Құдайға құлшылық жасап, рақметін айтса, екіншілері саусағындағы жүзігін сүйеді. Тіпті билеп, елдің есінде қалатын футболшылар да жетерлік. Әрине, қуаныштың көз жасы талай әрекетке алып барар. Десек те, Исландияның «Стярнан» клубының футболшылары алдын ала арнайы дайындалып, жасыл алаңда әртүрлі қызықты «операциялар» жүзеге асыруға құштар. Олар әр соғылған допқа осылай шығармашылықпен келеді. Өткен жылы ақкөгілдір формадағы «Стярнан» футболшыларының тағы бір спектаклі бүкіл интернетті шарлап кетті. Бір футболшы кезекті голдан кейін жата қап, «дүниеге сәби әкеледі». Шақалақ сәбиді көтеріп алған екі футболшы оны тербете отырып көкке көтереді. Олар осы әрекетімен алаңдағы әріптесін ұлды болуымен құттықтаған. Тіпті стьярнандық



үш футболшы унитазда үлкен дәретте отырған адамның сұлбасын жасап, жанкүйерлерді бір қиқулатқаны бар. Тағы бір қызығы, үлкен дәретте отырған адам «тірлігін бітіріп», унитаздың қақпағын жауып кетеді. Бірнеше секундтарды алатын бұл көрініс, әрине, күлкі тудырар. Бірақ жанкүйерлер үшін жасалатын бұл қылықтың бәрі қызғылықты көрінері сөзсіз. Ал «Стьярнан» клубы Исландия чемпионатында жүлдегерлер қатарында жүрмесе де, жаттығу кезінде осындай арнайы «сахналық спектакль» жасап, ойын кезінде оны көрсетудің асқан шебері» дейді бүкіләлемдік БАҚ.

Жалпы, алаңда әртүрлі қойылымда ойнау өнері 1990 жылы камерундық футболшы Роже Милланың атақты биінен бастау алды десек қателеспеспіз. 38 жасында Италиядағы әлем біріншілігінде бұрыштама добының тұсында ілінген туды ұстап тұрып, ол африкалық биді билеп жұртшылықтың есінде қалды. Міне, содан бері 20 жылдан астам уақыт өтті.

Десек те, жан беріп, жан алысқан қызуқанды ойынның бәрі де сәтті аяқтала бермейді. Жеңістің бәрі қуаныш емес. Оның ауыр зардабы болады. Швейцарияның «Серветт» клубының шабуылшысы Паулу Диогу кезекті доп соғып, қуаныштан қақпаның артындағы шарбақтан секіріп, өтпек болғанда, саусағы темірдің тесігіне кіріп кетіп, шықпай қалған. Саусағының сүйегі сынған ойыншы операциядан кейін біраз уақыт трибунада отырды. Тіпті жеңіс добына шектен тыс эмоциясын білдірген ойыншыға төреші сары қағаз да көрсеткен.

Әрине, алаңда әртүрлі жағдайлар болады. Құлық та, сұмдық та, қасақана әрекет те. Швеция чемпионатында «Гетеборг» пен «Эребру» клубтары ойнап жатқан сәтте, соңғы команда футболшыларының талап етуімен аяқ астынан алғашқы таймның 30 минутында ойын тоқтатылған. Сөйтсе, «Гетеборгтің» қақпашысы өзінің қақпасын бірнеше сантиметрге артқа қарай жылжытып қойған көрінеді. Төрешілер келіп анықтағанда, шын мәнінде, солай болып шыққан.



Кристенсен осы әрекеті үшін сары қағаз, ескерту алды. Кейін Швеция футбол федерациясының сарапшылары бейнежазбадан қақпашының әрекетін бақылағанда, Кристенсеннің қақпаның екі жақтағы тік бағанасын тепкілеп тұрғанын көрген.

Қазақта: «етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?» деген мақал бар. Ал қақпашыны... дәрет қысса ше?! Жанын қоярға жер таппас. Немістің «Штутгарт» клубының қақпашысы Йенс Леманның басынан осындай жағдай өткен. Өз командасы шабуылға шыққан сәтте ол кіші дәрет қысып, қақпа жанындағы жарнаманың шитінің артына «тірлігін тез бітіріп алайын» деп жатқан сәтте қарсыластар допты тартып алып, Леманның қақпасына қарай құлдилаған. Бірақ бәрі сәтті аяқталды. Доп соғылған жоқ. Ойыннан соң сауал қойған журналистерге ол «қатты ашуланғанын айтып» ақталған. 1998, 2002 және 2006 жылғы үш әлем біріншілігіне қатысқан қақпашы Германия құрамасы үшін 61 ойын өткізген екен.

Әрине, футболдың өз тәртібі, өз ережесі бар. Жеңіс эмоциялық көңіл күйдің ең биік шыңы болғанымен, қуанышқа да сабырмен қарау қажет. Рио-де-Жанейрода «Ботофаго» клубымен кездесіп жатқан «Кабофриэнсе» командасының ойыншысы Клеберсон жеңіс добын соққаннан кейін қуанғаннан жасыл алаңдағы төрешінің маңдайынан сүйіп алады. Бірақ... сүйгені үшін ол сары қағаз алды. Ойыннан соң, журналистерге берген сұхбатында «Мен мұндай ереженің барын білмеппін. Сол үшін ескерту алдым» деген екен. Кейіннен телевизиядағылар төрешінің ернін қимылын аңғарған кезде, «ол футболшыға» «мені сүюге болмайды» деп айтып, ескерту жасағанын көреді.

Жалпы, төрешілерге қатысты қызықтар да аз емес. Бразилияның футбол біріншілігіне қазылық етіп жатқан төреші ереже бұзған ойыншыға ескерту жасау үшін, төс қалтасынан сары қағазды суырып алмақ болғанда. Оның орнына әйелдің



қызыл түсті ішкі киімі шыққан. Қолымен жоғары көтерген ішкіім кейіннен бүкіл интернет пен БАҚ-ты шарлап кеткен. Артынан Тегга басылымына сұхбат берген төреші әйелдің ішкіімі өзінің төс қалтасына қалай тап болғанын білмей дал болған. Абыройды төгер осындай көріністі трибунада отырған әйелі де көрген. Біңғайсыз оқиғадан кейін екеуі көп ұзамай ажырасқанын жазады интернет.

Теңбіл допка қатысты қызғылықты деректер өте көп. 1986 жылдың 22 маусымында Мехиконың атақты «Ацтека» стадионында Вальданоның биіктеп берген пасын баспен емес, сол қолы жұдырығымен қақпаға соғып кеткен Марадонаның голын бүкіл жанкүйер қауым әлі ұмытқан жоқ. Ашуланған ағылшындық ойыншылардың наразылығын елең қылмаған төреші бұл допты санап жібергені де есте. «Менің емес, ол – Құдайдың қолы еді» деп уәжбен жауап қайтарған Марадона уақыт өте келе допты сол қолының жұдырығымен соққанын да мойындаған. Бірақ тарихта ол көрініс «Мародонаның Құдай берген қолы» деген атпен қалды.

Әлемде бірінші спорт түрі саналатын футболдың сиқыры күшті. Теңбіл доптың күдіреті жасты да, кәріні де арбаған. Австриялық ғалымдар Маттиас Зуттер мен Мартин Кохер ұзақ жылғы ойындарды зерттей отырып, көп жағдайда төрешілердің алаң иелеріне бүйрегі бұратынын анықтаған. Қос ғалым алаңда қарсыластарын қабылдап жатқан команда ұтылып тұрса, ондай жағдайда неміс төрешілері қосымша уақытты созуға тырысатынын дәлелдеп шығарған. Сонымен қатар олар қарсылас командаға да сары қағазды көбірек көрсететінін анықтаған. Бірақ уақыт өте келе екі ғалым да өз зерттеулерін күрт тоқтатқан. Ал ақиқат Маттиас Зуттер мен Мартин Кохер зерттегендей ме? Енді ол жағы белгісіз. Бірақ...

...Теңбіл допта сиқыр бар.

10 маусым 2013 жыл



ҚҰС ҚАНАТЫНДАҒЫ ҚАУІП

Атақты Ахмет Жұбановтың «Ақ көгершін» әнін мектепте жүргенде бүкіл бала біткен қосылып шырқады.

Арнайы кез келген шараларда, 1 мамыр бүкіл дүние халықтарының ынтымақ күнінде бірінші кезекте осы ән айтылатын. «Кең дүниенің көлемін, бар кезіп қайт, ел үшін» деп шырқаған әніміздің сол кезде біз адамдық, мейірімділік сипатын ғана ұғыппыз. Ақиқатында...

Бейбітшілік құсының ізгілік мақсатта ғана емес, соғыс кезінде үлкен рөл атқарғанын кейін білдік. Тіпті олар хат-хабар тасып, пошташы болып та қызмет атқарды. Ежелгі Вавилон, Египет, Грекия мен Римде көгершіндер жауапты жұмыс істеді. Мыңдаған жыл бойы мемлекетке қызмет етіп келген көгершіндерді бүгін біз жас жұбайлардың «бақыт құсы» ретінде қолдарына ұстатып, көк аспанға ұшырамыз. Алайда сағатына 60-70 шақырыммен ұшатын көгершіндерге қарап спортшы желаяқтардың көрсеткішін бағалағанын біле бермейміз. Олимпиадалық жарыста ежелгі римдіктер мен гректер осылай көгершіндер арқылы өз спортшыларын деңгейін бағамдап отырды. Тіпті гректер мен римдіктердің бұл тәжірибесін телеграф пайда болғанға дейін байырғы тарихы бар Рейтер агенттігінің қызметкерлері де пайдаланды. XX ғасырдың басына дейін қолға әбден үйретілген көгершіндер әртүрлі «ыстық нүктелерден» агенттікке хабар-ошар тасыды. Сөйтіп, Рейтер агенттігі, басқа да газет басылымдары әлемнің әр түкпіріне «бейбітшілік құсы» әкелген ақпараттарды таратты. Мынандай да бір дерек бар: Лондонның атақты олигархы Ротшильдер әлем нарығындағы құнды қағаздардың бағасын осы телефонограмма – «голубеграмма», яғни көгершіндер арқылы біліп отырды. Сөйтіп, ол өзінің нарықтағы бәсекелестерін басып озған.



Жалпы, ежелгі тарихқа жүгінер болсақ, көгершіндер арқылы байланыс 1098 жылдары Сирия сұлтаны Нуреддин мен Египет билігі арасында орнады. Сирия сұлтаны 1167 жылы елде көгершіндер ұшып-қонатын арнайы мұнара да тұрғызған. Қанатты құстарды мәпелеп өсіретін арнайы күтушілері де болған. Сөйтіп, тарихта көгершіндер поштасын ұйымдастырғаннан кейін қанатты құстардың да бағасы 1000 динарға дейін шарықтап шыға келген. Бұл тәжірибе кейін жұртшылықтың құлағына жетіп, қолға үйренген көгершіндерді әскери мақсатта Германия мен Ресей де пайдаланған. 1909 жылы әскери теңіз флоттары арқылы пошта-телеграф хабарлары жөнелтілетін болғаннан кейін ғана барып, көгершіндерді пошташы құс ретінде пайдалану тоқтатылған көрінеді.

Мамандардың хабарлауына карағанда, жалпы көгершін – пошташыларға негізінен, 75 грамм шамасында ғана жүк артылады екен. Наполеон Бонопарттың дәуірі кезінде көгершіндер контрабандалық заттарды тасумен айналысқан деген де дерек бар. Атақты қолбасшыға «бейбітшілік құсы» басқа елдерден бағалы құнды тастарды тасып тұрған. Ал XX ғасырдың ортасынан бастап көгершіндерді өзге мақсатқа пайдалану жүзеге аса бастаған. Қанатты құстар қанатына бейнекамера алып, барлау жоспарын жүзеге асыруға көшті. Қандай шараларды болса да бұлжытпай орындайтын бұл «қауіпті құстарды» мафия барондары кейіннен өз мақсаттарына пайдалануға көшкен. Бразилияның түрмелеріне есірткі тасыған көгершіндердің құлақ тұсына бір құрылғы қоятын болған. Ол түрмеге жақындады-ау деген тұста іштегі демалу аймағында жүрген екінші сотталушы тетікті басады. Көгершін оның қолына келіп қонатын болған. Сөйтіп, тапсырма бұлжытпай орындалған. Мұны кейіннен түрме бақылаушылары біліп қойып, ұшып келе жатқан құсты ұстап алғанда олардың аяғында қуаты бар құрылғы орнатылғаны белгілі болды. Адамнан



кулық артылған ба? Жалпы, мамандар көгершіндердің тапсырманы орындау қабілетінің аса жоғары екенін айтады.

Десек те, адамзаттың жауыздығынан қор болған көгершіндерге қамқор болған ешкім жоқ. 1917 жылы бір неміс бөлімшесінің өзінде өлі кептерлерге толы 63 себет, 1918 жылы 41 себет, осы жылдың аяғында 45 себет табылған. Бұл неміс снайперлерінің оғынан өлген құстар. Екінші дүниежүзілік соғысқа да 250 мың көгершін қатысқан деген дерек бар. Олар көктей ұшып арнайы штабтарға әскери басшылықтың хат-хабарлары мен арнайы бұйрықтарын жеткізіп отырған. Тіпті радиотолқындар арқылы басқарылған кептерлердің біразы кейін марапатқа да ие болған. Жалпы, Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Британия арнаулы қызмет орындарына қалтқысыз қызмет еткені үшін осы елдің 32 кептері жануарлар мен құстарға арналған әскери Мария Дикин атындағы медальмен марапатталған көрінеді.

Тарихта көгершіндерге қатысты «Ғасыр ұрлығы» деген атпен қалған оқиғалар да бар. 1963 жылы Еуропадан көкке көтерілген 75 көгершін Ливия шекарасының маңындағы бір ағашқа қонған сәтте, оны шекарашылардың бірі көріп, дереу қырып салған. Сөйтсе, өлген көгершіндердің қанатына жалған банкноттар жапсырылып қойылған көрінеді. Қолға мықты үйретілген қанаттылардан Грекияның, Италияның жалған ақшалары табылған. Ал жараланып жерде жатқан көгершіндерді Трипол соты «Қоғамға қауіпті» деп еркіндікке жібермей, өлім жазасына кесті.

Ақиқатында, адамзат барда жан түршіктірер оқиғалар жиі орын ала беретіні өкінішті. Құстың бауырына аса жеңіл салмақтағы жарылғыш затты байлап, жазықсыз пендені қанға бояғысы келгендер «Бейбітшілік құсын» лаңкестікке де араластырғысы келген әрекеттер де кездескен. Бірақ тарихта мұндай оқиға орын ала қойған жоқ. Орындалмасын деп те тілейік.



Десек те, өткенге көз салсаң, неше түрлі оқиғалардың орын алғанына көз жеткізесің. Неміс билігі соғыс басталар уақытта көгершіндерді арнайы мақсатқа пайдалану туралы комиссия құрған. Мақсат – жаулап алынған жақын жерден Мәскеуге қарай жарылғыш заты бар 200 көгершінді ұшырып, Кремльдің быт-шытын шығару еді. Алайда бұл жоспарға сенімсіздік күшейді ме, жүзеге аспай қалды.

Әрине, мұның бәрі өткен тарихтан, өркениет енді ғана дамып келе жатқанда орын алған оқиғалар. Бірақ құс қанатынан төнетін қауіп... бүгін де жоқ емес.

Жақында Египеттің барлау орындары «шпиондықпен айналысты» деген күдікпен бір құсты ұстады. Оны алдымен өзен жағасында балық аулап отырған азамат көрген. Балықшы тырнаның аяғынан арнайы электрондық приборды көрген. Кейін зерттеп көргеннен кейін аталған құрылғының қандай да бір шпиондық мақсатта емес, құстардың миграциялық көшін анықтау мақсатында қойылған жабдық екенін анықталған.

Жалпы, құсқа қатысты қауіпті әңгімелер әлемдік БАҚ-та жиі орын алып отырады. Жақында Иранның қауіпсіздік қызметі ядролық реакторының маңында айналып ұшып жүрген екі көгершінді ұстап алған. Құстың біреуінің аяғына жүзік салынған болып шыққан. Екіншісінде бейнекамера бары анықталған. Міне, бүгінде әлемдік дауға себеп болып отырған Иран ядросын зерттеуге құс екеш, құсты да пайдалану осылай қарқынды дамып отыр. Өз мүддесі үшін өзгенің сынағына барлау жасау алпауыт елдердің геосаяси мақсаты мен стратегиясына айналғаны қашан?! Иран газеттері мұны «елдің ядролық бағдарламасына өрескел араласу» деп айыптады.

Жалпы, қоғам дамыған сайын қауіпсіздікке нұқсан келтіретіндер де, өзге елдің ішкі ісіне әртүрлі жолмен көз алартып қарау да күшейе түседі. Ал қанатты құстарды барлау қызметіне пайдалану әлімсақтан бар нәрсе. Тіпті



алысқа ұзамай-ақ осыдан бірнеше ай бұрын жазғытұрым Маңғыстау маңындағы шекаралық жазық алқапта көрші ел жақтан қанатты құс ұшып кірген. Қайсыбір қазақстандық БАҚ құстың қанатында арнайы құрылғы барын да жазған. Бірақ мұндай мәселеге жедел жауап беріп, ресми көзқарасын білдіруге асыға қоймайтын біздің жауапты орындар бұл жолы ләм-мим деген жоқ.

2011 жылы Ливанның әскери трибуналы «шпиондық әрекетпен айналысты» деген күдікпен ел аумағына ұшып келген бүркіттің мәселесін қарады. Енді ше, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келіп жатса, құс та жазасын алады. Зерттеу барысы көрсеткендей, бүркіт Израиль территориясынан келген болып шықты. Құстың бір аяғындағы жүзікте радиотолқынды ұстап тұратын антенна бар екен. Жүзігін алып, бүркітті қамаған арабтар ақыры Израиль жағына наразылық нота тапсырғанымен, мәселе жабулы қазан күйінде қалды.

2011 жылдың 11 қыркүйек оқиғасынан бірер айдан кейін Пентагонға көлеңке түссе, күмәнмен қарайтын АҚШ әскерилері абыр-сабыр күйге түскен. Неге дейсіз ғой? Сол кездегі АҚШ-тың қорғаныс министрі Дональд Рамсфелдтің кабинетінің сыртында бір көгершін ғимараттың төртінші қабатының маңайынан қашықтамай, ұзақ айналып ұшып жүрген. Одан сезіктенген қызметкерлер ақыры құсты ұстап алған. Сөйтсе, жай ұшып жүрген көгершін болып шыққан. Міне, үрей мен күдік бір мемлекетті осылай састырып, әбігерге түсірген көрінеді.

Жалпы, көкте көлденең ұшып бара жатқан көгершінді де өз мүддесіне қызмет еткізген барлау орындары алайда уақыт өте келе құстың орнына ұшу аппараттарын пайдалана бастады. Қазір денесі құстың көлеміндей ғана, сыртқы пішіні одан айнымайтын неше түрлі алақандай автоматтандырылған барлау аппараттары бар. Өркениеттің жеткен шыңы осы. Бірақ барлығы, надандық та, адамдық та, екі



аяқты пенденің ақыл-ойымен басқарылып, жүзеге асып отыр. Қазір көгершінді көкке ұшырып, барлау қызметін барынша дамытып отырған еш ел жоқ. Оның орнына шекаралық аймақтарда, жансыз басқарылатын құс пішіндес ұшу аппараттары мен төбеден бақылайтын Жер серігін пайдаланады.

...Дегенмен, бұдан өмір табалдырығын енді аттаған екі жастың көгершіндерді «Бақыт құсы» ретінде көкке ұшырғанының жөні бөлек қой!

14 қараша 2013 жыл





АСЫЛТҰҚЫМДЫ АРҒЫМАҚТАР

Жылқы жылы төрімізге аяқ басты. Қазақ қадірлейтін қасиетті жануар шындығында да қастерлі. Өйткені «ат – ер канаты» деп бекер айтылмаған. Үстіндегі адам ерден ауса, жалын төсейтін тұлпар расында да, айтуға тұрарлық.

Жылқы жайлы аңыз көп. Қонағына астындағы жалғыз атын сойып беретін қазақ бүгінде асылтұқымды жылқысын қадірлеп отыр ма? Ұлттың мінсе көлігі болған қазанаттары қайда? Енді осы жағынан ұяттымыз. Жылқы жылында жылқы жайлы тебіренбеу ыңғайсыз. Десек те, қасиетті жануардың жылына аяқ басқан сәтте әлем асылтұқымды аттары туралы айта бастады. Дұрыс шығар. Мақтанатын жерде мақтанған дұрыс. Ұлтының брендіне айналған түрікменнің ақалтекесі қазір мұқым дүниедегі жылқы біткеннің сұлуы болып тұр. Бүгінде әлемдегі ең сұлу ат – ақалтеке! Қарақұмның шетіндегі Копет-Даг алқабындағы Ақал оазисі – асылтұқымды тұлпар ақалтекелердің шыққан отаны. «Батыс ұйқыдан ояна алмай жатқанда, шығыстың ойшылдары әлемді сазды музыкаға бөледі» деп араб ақыны айтқандай, ақиқатында Орта Азияның оазисінен шыққан ақалтекелерге артынан ағылшын бекзадалары мен араб шейхтерінің көңілі ауды. Еуропаның көптеген елдерінде Ақалтеке жылқылары жанкүйерлерінің қоғамдастығы жұмыс істейді. Ақалтеке тұқымынан араб, таза қанды ағылшын, Қарабақ және тағы басқа тұқымдар алынған. Негізі, түрікмендік ақалтекелер ертеден келе жатқан ең асылтұқымды аттың бірінен саналады. Ақалтеке сымбатты, өте жүйрік жануар, олар 1 шақырымды – 1 мин 06 секундта, 2 шақырымды – 2 минут 22 секунд жылдамдықпен жүйткіп өтеді. Шоқтығына дейінгі биіктігі – 154 – 157 см, тұрқы 154 – 158 см, кеуде орамы 167 – 173 см, жіліншігінің орамы 18-19 см болып келеді.



Бұл тұқымды қазіргі кезде өте ертеде шыққан деп дәлелдеушілер көп. Бірақ кеңес заманындағы ғалымдар оның 1220 – 40 жылдары Каспий жағасында көшіп-қонып жүрген түрікмен тайпаларынан шыққанын дәлелдеген. Кейін түрікмендер Ақал оазисіне келіп қоныстанған. Осы сәттен асыл тұқымды жылқылар «Ақалтеке» атаныпты. Мамандар ағылшынның таза қанды мініскер жылқысы мен араб аттарының Ақалтекеден алынған тұқым екенін айтады.

XIX ғасырдың басында түрікменнің асылтұқымды аттарына қызыққандар оларды шетелге тасып әкете бастаған. Тіпті ақалтекелердің жойылу қаупі де туған. Сол сәтте түрікменнің дана ақсақалдары асылтұқымды айғырларды аман сақтап қалып, ауыл-ауылды аралап жүріп, олардың тұқымын таратқан екен. Өз қожайынына адал берілетін қасиетті жануарлар 200 шақырымға дейін ентікпей шаба алады.

Ақалтеке барынша төзімді. 1935 жылы түрікменнің 30 жігіті оның ерекше қасиетін әлемге паш ету үшін Аш-ғабаттан Мәскеуге атпен сапар шеккен. Осынысы үшін марапатқа ие болды.

Қазір түрікмендер ақалтекені сыртқа сатпайды. Президенттің басшылығымен асылтұқымды аттарды барынша көбейту жұмыстары қолға алынған. Жылқы саласын дамытуға барынша көңіл бөлінген. Тіпті түрікмендердің елтаңбасында Янардак атты арғымақтың суреті де салынған. Мұның өзі-ақ түрікмендердің жылқы малын қаншалықты құрметтейтінін көрсетеді. Президент жарлығымен 1992 жылдан бастап сәуірдің соңғы жексенбісінде арғымак күні аталып өтіледі. Арнайы аламан жарыс ұйымдастырылады. Жылқы біткеннің көркі ақалтекелер жыл сайын ипподромда сұлу жүрісі, сән-салтанатымен елдің алдында ойнақ салады. Өткен жылдың көктемінде Түрікменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов осындай арнайы аламан жарыста Ақалтекеден құлап, Құдай



сақтап қалғанын бүкіл БАҚ біткен жазғаны мәлім. Бірақ атқа деген құрмет бүгінде түрікмен билігінің бетке ұстар бренді болып тұр.

Бастауын XVIII-XIX ғасырдан алатын Дон казактарының аттары да бүгінде әлемдегі ең сұлу жылқылардың бірі. Қазіргі Ростов облысының маңайын мекендеген казактар мінген жылқылар асылтұқымды. Десек те, Дон казактары жылқысының түп-төркіні шығыстық тұқымнан алынған деседі. Түрік, Қарабақ, парсы және түрікмендік жылқылармен қаны аралас келетін Дон жылқыларының тұрқы биік келеді. Алайда бүгінде бұл саланы дамытуға түрікмендердей емес, орыс билігі аса көңіл бөліп отырмаған секілді. Десек те, орыстардың мақтанатындай жөні бар. Шындығында «Орлов желгіштері» деген атпен мәшһүр болған орловтық жылқылар қазір әлемде алғашқы төрттікке енеді, – дейді мамандар. Мұны Воронеж губерниясына граф А. Орлов әкелген көрінеді. Әдемілігі мен сұлулығы жөнінен мұқым дүниеге XVIII-XIX ғасырларда ақ мәлім болған Орлов желгіштері қазір әртүрлі халықаралық аукциондарда жоғары құндылығымен ерекшеленеді. Араб, голланд, дат және меклендбург тұқымдарымен қаны аралас келетін бұл жылқылар Толстой, Куприннің таңдаулы шығармалары мен бірқатар киноларға арқау болған.

Арабтың асылтұқымдары аттары да әлемдегі ең сұлу жылқылардың бірі. 4-5 ғасырларда Араб жарты түбегіне әкелінген бұл асылтұқымдылардың басқалардан ерекшелігі өте көп. Көзі дөңгелек, құйрығын аспанға қарата тік көтере алады. Алыс қашықтықта алқынбай шабатын жануарлар жай желіске де, қыдырыстап жүруге де, әуесқой спорт түрлеріне, барлығына да қолайлы. Бүкіл әлемге танымал араб асылтұқымды аттары ұзақ жасайтын қасиетті жануар. Қазір әлемнің ат ұстайтын байлары мен дәулеттілері араб айғырларынан тұқым алуға тырысады.



Десек те, әлемдегі ең сұлу аттар жөнінде талас көп. Кейбір мамандар түрікменнің Ақалтекесін бірінші орынға қойса, онымен араб асылтұқымды аттарын қатарластыратындар да көбейіп келеді. Оларға кейінгі кезде әдемілігі жағынан Фриск жылқылары қосылғанын айта кету керек. Фриск жылқылары Нидерландының солтүстігіндегі Фрисландияға XVI-XVII ғасырда әкелінді деген мәлімет бар. Жергілікті испан аттарымен будандастырудың нәтижесінде пайда болған Фриск жылқыларын «Қара маржан» деп те атайды. Фриск аттарына екі рет жойылу қаупі төнген, алайда жергілікті мамандар оның тұқымын сақтап қалған. Көңілге қанат бітіретін бұл сәйгүліктер бірнеше рет халықаралық жарыстарда бәйгенің алдын бермеген.

Асылтұқымды аттарды ұстау оңай емес. Бағасы жағынан жанға жайлы ең қымбат көліктердің өзін жолда қалдырып кететін сәйгүліктерді шамасы жеткендер ғана ұстайды. Ең жақсы асылтұқымды атты күтіп ұстау үшін және баптау үшін миллиондаған доллар қаржы керек. Алайда аламан бәйге десе, делебесі қозатын дәулеттілер әлемде жетерлік. Ат бәйгенің алдын бермесе, оның құны да жоғары болмақ. Әлемдегі ең қымбат жылқы Фрэнкель деген арғымақ. Құны – 200 миллион долларға жетіп жығылады. Нәтижесіне, назар аударар болсақ, төрткүл дүниенің ең мықты аламан бәйгелерінде он төрт рет бірінші болып келіп, бас жүлдені иеленген. Бұл аттың иесі – Сауд Арабиясының ханзадасы Халил Абдулла.

Одан кейінгі ең қымбат асылтұқымды жылқы 2006 жылы 16 миллион долларға сатылған көрінеді. 1983 жылы Shareef Dancer атты таза қанды бір арғымақ 40 миллион долларға сатылған. Бірақ оның иесі бір адам емес, қаржысы жетпегендіктен бір топ адам бірігіп сатып алған. 1989 жылы Аннихелейтор деген бәйгеторыға сатып алушы 19,2 миллион доллар төлеген екен.

Қалай айтқанда да, атбегілер аттан ақшасын аяған емес.



Бір-ақ көрсе көздің жауын алатын сәйгүліктер қазақ топырағында жаңғыртылып жатыр ма? Батырлар жыры мен ауыз әдебиетінде жиі айтылатын қазанатымыз қайда? Мәдениеттанушы В.Фирсов «Қазанат – қазақы биелерге асылтұқымнан шыққан айғырларды салудан шыққан будан. Мәлімет берушілердің айтуынша, қазанат алу үшін кез келген асылтұқымды айғыр жарай береді. Қазанатты қазақтар басқа жылқылардан жақсы көреді. Оның жақсы қасиеттерін білетіні сонша, айғырын сұрамайды да. Себебі қазақы биелер басқа тұқыммен қосылғанда, айғырының жақсы қасиеттерін алып, өзінің жақсы сапасын жоғалтпайды» деп жазады. Ал ұлттық ат спортының жанарышы Сәдібек Түгелдің. «...Қазақтың Қазанаты қазақ даласында бар. Оған біздің талай бәйгеде көзіміз жетті. Атақты Адай жылқысын, Қостанай жылқыларын қалайша Қазанат дей алмаймыз. Біле білсеңіз, қазір әлемдегі танымал ағылшын жылқыларында Қазанаттың қаны бар. Ағылшындар ертеде асылтұқымды арғымақтарды біздің сайын даладан алып кеткен. Олардың ұтқаны сол – Қазанаттың ұрпағын көбейтіп, асылдандырды. Соның арқасында олар әлемге танылды. Қазір әлемде жылқының 200-ден астам асылтұқымы бар. Олар ағылшын, араб, ганновер, орлов, Ақалтеке, деп кете береді. Біздің Қазанатымыз бұлардың бәрінен артық болмаса, кем емес. Өйткені қазақ Қазанатының бойында төзімділік, жүйріктік және маңғаздық бар. Бұл жағынан келгенде Қазанат қазақ халқының мінезіне, болмысына ұқсайды» деуі бекер емес.

Расында да, Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда қазір Қостанайда қазақтың асылтұқымды аттарын дамыту ісі қолға алынып отырғанға ұқсайды. Қостанай тұқымды жылқыларының жүйріктері 5-15 мың долларға аралығында бағаланады екен. Ал серуенге арналғандары 2-3 мың доллар көлемінде көрінеді. Мамандардың айтуына қарағанда, бұл асылтұқымды аттардың бойында ағылшын аттарына тән



жылдамдық, араб аттарына сай төзімділік, қазақ аттарына тән күй талғамаушылық бар екен. Мысалы, Өскеменде өткен көрмеде 17 жастағы «Қазақстан» есімді сүліктей кара, ақ бақайлы, ай төбел айғырға елдің назары ауған. «Қазақстан» 2007 жылы Алматыда өткен республикалық жарыста 160 шақырым қашықтықта алдына ат салмаған. Аламан бәйгенің алдын бермеген басқа да арғымақтар Қазақстанда жетерлік.

Әрине, қазір әлемнің назарын аудартқан араб жылқысындай, ағылшынның таза қанды аттарындай, түрікменнің ақалтекесіндей сәйгүліктеріміз болмаса да, көңілге қуаныш ұялатып, тұжырым жасайтын бір нәрсеміз бар. «Көлденең жатқан көк тасты, тіктеп тиген тұяғы, саз балшықтай илеген...» арғымақтар қазақ даласынан шыққан. Алғаш рет асау атқа қазақ даласында бұғалық салынған. Жалын ұстатпаған жылқы ежелгі қазақ жерінде бас үйретілген. Оған Берел, Ботай қорымдарынан табылған бұлтартпас деректер дәлел.

...Жылқы жылы жанымызға жайлы болсын!

9 қаңтар 2014 жыл





ЕҢ ҰЗАҚ ТЕЛЕСЕРИАЛДАР

Көрермендерді теледидардың алдына жинаған «көбік опера-телесериалдардың» күні өтті деу артық болар. Өткен ғасырдың 80-жылдарының орта тұсында, КСРО-дағы қайта құрудан кейін келген телесериалдар шеруі әлі жалғасып жатыр.

Ол кезде КСРО-ның телеэкранын Мексика мен Аргентина және Бразилияның телесериалдары жаулап алды. Қазір қазақ көрермендері түрік пен корей киноларының қызығын көріп отыр. Десек те, бүкіл әлемнің көз-құртына айналған телесериалдар шеруі қайдан шықты? Өткен ғасырдың 30-40 жылдары АҚШ-та телевизия пайда болғаннан кейін сабын және кір жуатын ұнтақ шығаратын фирмалар телесериалдардың ортасында үнемі өз жарнамасын ұсынатын болған. Бірнеше секунд бойы өз тауарын ұсынатын фирмалардың тауары көрермендерді қатты жалықтырған болуы керек, кейін оларды «көбік опералар» (мыльная опера) деп атап кеткен. Міне, жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, сабын мен кір ұнтағын жарнамалаған тіркес халықаралық терминге айналып, «көбікті» көруді әлі жалғастырып келеміз. Өзгенікін таңсық көруді қойған дұрыс шығар. Бірақ ақиқатын айтқанда, қазір қазақ телеэкранында түрік пен кәрістердің телесериалының дегені жүріп тұр. Оған соңғы кездері үнді телесериалдары қосылды. Басқаның телесериалына телміріп қарау өзгенің салты мен дәстүрін, тіпті идеологиясын мойындау болып шықпай ма? Қорқатынымыз да осы.

Қазір «көбік телесериалдар» телеарнаның «прайс-тайм» уақытына қойылып, экран алдына миллиондаған көрерменді жинап отыр. 80-жылдардың соңында телекөрермендерге келген «Даллас», «Изаура күң», «Санта-Барбара»



сериалдарынан басталған теленарық әлі жалғасын табуда. Қалай айтқанда да, Кеңес Одағының телеэкранына телесериалдар шеруі кешігіп жетті. Ал КСРО тұсында мұндай сериалдар түсірілген жоқ. Кеңес Одағының ең ұзақ сериалды киносы «Көктемнің 17 сәті», «Кездесетін орынды өзгертуге болмайды», «Істі білгірлер жүргізеді» секілді болды. Бұлар тек детективтік жанрда түсірілді. Ал отандық телесериал туралы сөз еткенде біздің көз алдымызға ең алдымен «Тоғысқан тағдырлар» фильмі еске түседі. Қазір мұның жалғасын түсіру туралы әңгіме қозғалып жатыр. Қалай айтқанда да, мейлі ол «көбік» немесе детектив болсын, қазір телесериалға деген көрерменнің құмарлығы артып тұр.

Жалпы, кино мамандары телесериалды бірнеше түрге бөледі. Оның басталуы, оқиғаның өрбуі, шарықтау шегі мен оқиғаның шешілу формасы әрқайсысы әртүрлі.

1. «Тізбектелген телефильм». Мұнда оқиғаның мазмұны әр серияда бітіп отырады. Оқиғаның барлығы да негізгі кейіпкерге байланысты болады. Бұл тәсіл, әсіресе, шытырман оқиғалы, детективті телесериалдарға тікелей қатысты. Мысалы, «Коломбо», «Пси-фактор», «Вавилон-5», «Кобра», «Қашу операциясы» киносында басты кейіпкер жаңадан тапсырма алып, оны ойдағыдай шешеді, келесі сериал тағы тосын оқиғалармен бастау алып, жағымды сипатта аяқталып отырады.

2. «Өмірдің өзі». Бұл әрекет арқылы режиссер мен сценаристер оқиғаны ойда-жоқта бастайды. Бұл тәсіл, әсіресе, «Даллас», «Санта-Барбара» телесериалдарына тән. Мұндай кинода оқиғаның соңы болмауы да мүмкін. Кейбір киноларға тән болжамдарды оларға жасау қиын. Бір оқиға басталмай жатып, екіншісі – жалғасын тауып кетеді. Миллионердің қызы осыдан 200 сериал бұрын ұрланған қызды тауып алуы ықтимал. Ал оның сүйіктісі жоғары жылдамдықпен келе жатып, көше жиегінде жарық бағанасына



соғып, ұзақ уақыт есінен айрылуы ықтимал. Сонымен қатар әкесінің бизнесі банкротқа ұшырайды. Ондаған сериядан соң отбасының ең жақын туысын полиция тұтқындайды. Тіпті оқиғаның өрбуі мен шиеленісуі бір отбасының айналасында өрбіп отырады. Олардың танысы, туысы, өздері және таныстары әртүрлі әрекетке ұшырап, жағдай тығырыққа тіреліп және көп ұзамай шешіліп отырады. Осынысымен көрерменді жалықтырмайды. Тіпті негізгі кейіпкерді ойнайтын актер қайтыс болып кеткен жағдайда да оны созудың әртүрлі амал-әрекеттері болады. Егер телесериал соңы пайда әкелмесе, көрерменді жалықтырса, сонда ғана оны түсіру тоқтатылады.

3. «Бір жүйемен түсірілген телесериал». Мұндай телесериалдар негізінен, басты кейіпкердің өмірінен құрылады. Оның бүкіл өміріндегі көрген қиындықтары көрсетіледі. Оның ауыр тағдыры телероманға арқау болады. Оның қарсыластары сәтсіздікке ұшырайды, кенеттен жүректен қайтыс болады, апаттан көз жұмады немесе түрмеге камалады. Ең аяғында ғана басты кейіпкер мен оның туыстары және жақтастары барлық қиындықты артқа тастап, өмір өз арнасына түседі. Көрермен ұзақ күткен телесериал ақырында жағымды сипатта аяқталады.

4. «Көп жүйелі телесериалдар». Мұның «Бір жүйемен түсірілген телесериалдардан» көп айырмашылығы бар. Бұл сериал адамдардың көптігімен ерекшеленеді. Мұнда әр кейіпкер жұбымен жүреді: миллионер әйелімен, ресторанның қожайыны клиенттерімен, отбасының досы мен жауы, жас қыз бен оның жігіті және тағы басқа болып кете береді. Барлық оқиғалар телесериалдағы кейіпкерлердің айналасында шиеленісіп өрбіп отырады және оқиғаның шешімі ұзаққа созылып барып қана шешілуі мүмкін. Бұл көрермендерді еш жалықтырмайды.

Әрине, сериалдар әр бағытта, әртүрлі тәсілдерді ала отырып түсірілсе де, миллиондаған көрермендердің жүре-



гін жаулап отыр. Бірақ «Көбік телесериалдардың» танымалдылығы мен табысты болуының сыры неде? Ең біріншіден, телесериалды халық үйінде, отбасында көреді. Кешкілік асыға күтеді, демалып отырып көреді. Бұл телетуындыларда бас қатырып шешетін үлкен идеялар болмауы да мүмкін. Барлық оқиғалар өмірдің өзінен алынады. Қоғамдағы бай да, кедей де, кез келген қарапайым адам да телекөрерменнің көз алдында өседі немесе өшеді. Телекөрермендер жоғары тап пен орта таптың немесе төменгі тап өкілдерінің өмірін көзбен көреді. Сатқындық та опасыздық та, жақсылық та, жамандық та, ізгілік пен мейірім де, бәрі адамнан шығады. Телекөрермен тұрмыстық оқиғалардан ой түйеді. Бас ауыртар философия болмайды. Сонысымен қызық.

Әрине, халықты «қай телесериал ұзақ түсірілді?» деген мәселе алаңдатыны сөзсіз. Халық көбінесе 1984-1993 жылдар аралығында ұзақ уақыт бойы көрген «Санта-Барбара» телефильмін ең ұзақ деп топшылауы мүмкін. Бірақ шындығында олай емес. Әлемдік кино тарихында алғашқы ондықтың көш басында «Шамшырақ» телесериалы тұр. Бірінші орында тұрған бұл фильмнің 18262 сериясы түсірілген. 1952 жылдан басталған кино 2009 жылдың 18 қыркүйегінде ғана қаржыландырудың болмауына байланысты тоқтаған. Сериалдың жалпы ұзақтығы 600 күн 4 сағат 30 минутты құрайды. Аталған телесериал Гиннестің рекордтар кітабына телеарнадағы ең ұзақ кино ретінде халықтың есінде қалды. Кино Чикаго қаласының маңында тұратын қасиетті әулие туралы екенін телекөрермен біледі. Сериалға Кристофер Уокен, Мира Сорвино, Руби Ди, Джоан Коллинз, Кевин Бейкон, Виктор Гарбер, Йен Зириг, Кир Дулли, Сендхил Рамамурти, Хайден Панеттьери, Симус Дэви-Фицпатри секілді актерлер түскен.

Екінші орында 13858 сериалымен «Как возвращается мир» киносы тұр. 1956 жылдан бері түсіріліп келе жатқан бұл



фильм 2010 жылы аяқталды. Оның жалпы уақыты 573 күн, 11 сағат, 825780 минутты құрайды. Сериалда Мартин Шин, Мег Райан, Уильям Фихтнер, Эмми Россам, Кортни Кокс, Laugyn Hill, Мариса Томей, Розелин Санчес, Джеймс Эрл Джонс (Дарта Вейдера), Кристанна Локен, Джейсон Бигтз, Роберт Вон, Майкл Ангарано сынды артистер ойнайды.

Үшінші орында «Бір өмір» телесериалы тұр. Ол 1989 жылдан 2009 жылға дейін түсірілді. Жалпы ұзақтығы 221 күн 8 сағат 30 минут немесе 318750 минутқа созылған. Бұл – сонымен қатар әлемдегі расизм мен нашакорлықты қозғайтын ең алғашқы фильмдердің бірі. Оқиғаның мазмұны Лланвью қалашығындағы кейбір тұрғындардың тұрмыстық жағдайларына арналған. Телесериалда Томми Ли Джонс, Аманда Пит, Лоуренс Фишборн, Том Беренджер, Винсент Пасторе, Райан Филипп, Брендон Рут, Натан Филлион сынды артистер түскен.

Төртінші орында 10712 сериямен «Барлығы менің балаларым» телефильмі тұр. Ол 1970 жылдан 2011 жылға дейін түсірілген. Сериал Элизабет Тейлор, Кэти Бейтс, Лорен Холли, Кристиан Слейтер, Сара Мишель Геллар, Миша Бартон, Аманда Сэйфрид, Мишель Трахтенберг, Джорданна Брюстер, Пол Глисон, Сьюзен Ворд, Дэниэл Дае Ким сияқты артистерімен танымал.

Бесінші орынды «Жастар мен жабайылар» телесериалы алады. Оның 10073 сериясы бар. Оқиғаның мазмұны Гени қаласында тұратын екі бай дәулетті адамның қарым-қатынасы мен бизнестегі іс-әрекетіне құрылған.

Алтыншы орынды «Өзге өмір» киносы алады. Оның 8891 сериясы бар. Телесериал алғаш рет аборт мәселесін қозғауымен құнды. Бұл киноның мазмұны екінші орында тұрған «Как возвращается мир» телесериалымен ұқсас. Мұнда Морган Фримен, Брэд Питт, Энн Хеч, Джо Мортон, Грэм Беккел, Джон С. Мак Гинли, Люк Перри, Брайан Краузе сияқты артистер ойнайды. Сонымен қатар жетінші орынды



7420 сериясы бар «Түн алдында» фильмі, сегізінші орында 6487 сериямен «Дерзкие и красивые», тоғызыншы орында 6255 сериясы бар «Көршілер» телесериалы тұр. Ал Кеңес Одағы көлеміндегі халыққа таныс «Санта-Барбара» фильмі тоғыз жылға жуық уақыт түсірілсе де, оныншы орында тұр.

Әлем нарықтағы телесериалдың рейтингін осылай баяғыда-ақ анықтап қойған. Ал біздің режиссерлер отандық телесериалдарды енді қолға алды. Алдағы төрт-бес жылда талай жанрды қамтыған, ел ықыластана көретін, оқиғасы шиеленісті және шым-шытырыққа толы фильмнің түсірілетіне бек сенімдіміз.

13 қаңтар 2014 жыл





МЫСЫҚТА ДА МЫСЫҚ БАР...

Ит ұстап, тазы жүгіртіп, құс салғандардың әрекеті, әрине, құптарлық іс. Бірақ саяткерлік құрмай-ақ, өзін бекзада сезініп жүретіндер жетерлік. Қазір үйде асыранды, асылтұқымды бағасы көлікпен пара-пар жануарлар ұстайтындардың қатары көбейіп барады.

Бірақ олардікі не тірлік, құмарлық па, әуесқойлық па? Белгісіз. Не десек те, кішкентай қанден типтес күшіктерді асырайтындар азайып бара жатқан сияқты. Олардың орнын мамық жүнді экзотикалық мысықтар басты, – дейді білетіндер. Әрине, олардың да аз ақша тұрмайтыны белгілі. Бірақ байларды олардың бағасы қызықтырмайды. Десек те, әлемдегі ең қымбат мысық қанша тұрады?

ВИКИПЕДИЯДАН:

Мысықтардың дене ұзындығы 46-191 см, құйрығы 15-91 см болып келеді. Құйымшаағы шоқтығынан жоғары. Тырнақтары тартылған (суматр мысығынан басқаларында). 30 түрі белгілі: оцелат, ягуарунди, қамыс мысығы, жабайы мысық, манул, тау арыстан, ірбіс, т.б. Олар Еуразияда, Америкада және Африкада таралған. ТМД кеңістігінде 7 түрі бар. Еркектері мауығу кезінде қатты таласып, ұрысып, шулайды. Кейбір түрлері жылына 2 рет тұқым береді. Күшіктері (3-4 ұялас балалары болады), дәрменсіз, соқыр туады. Жыртқыштар, ұсақ омыртқалылармен, ал суматр мысығы, өсімдік жемістерімен, балықшы мысық балықпен қоректенеді. Халықаралық табиғатты қорғау бірлестігінің (7 түр, 4 түрше) және КСРО-ның (3 түр, 1 түрше) Қызыл кітабына енгізілген.

Десек те, әлемдегі ең қымбат мысықтың ауылдағы үйде кіріп-шығып жүрген өзіміздің қарапайым «мияудан» артықшылығы не? Айырмашылығы шамалы десек те, оның ерекшелігі – бағасында. Ауылдағы мысық туса, оның «соқырын» көршіден өтініш етіп сұрап алып кете бересің. Ал миллионер мысығын ешкімге тегін бермейді. Бай-манаптың жұмсақ



креслосында керіліп жатқан мысықтың рейтингісі өте жоғары. Бағасы да қымбат. Бірақ ана ауылдағы мысықтың артық жері жоқ. Бірақ бағулы, керенау қимылдап жатқан байдың «мияуы» ауылдағы әріптесін менсіне қояр ма екен? Өзіне арналған сусабынмен айына екі-үш рет ваннадағы суға иесі шомылдырып алатын сипаты да, тегі бөлек «марғау мысықтар» бүгін әлемде өтімді болып тұр. Мысық та адамның мейірімін сезеді. Қожайыны қалай еркелетсе, солай әрекет етеді. Бірақ рейтингі өсіп тұрған әлгі байлардың мияуының қандай артықшылығы бар? Көрейік.

Балық аулайтын мысықтар. Олардың салмағы 11-15 келі шамасында. Денелі, күшті болып келеді. Басы және бет-әлпеті үлкен, мұрны қысқа. Көрінер – көрінбес. Басқа тұқымдастарына қарағанда, шаршай қоймайды, суда еркін әрі батыл жүзеді. Үй жануарларымен тату бірлікте өмір сүргенді жаны қалайды. Онша тереңдікте жүрмейтін су бетіндегі шабақтарды жақсы аулайды. Балық ұстайтын мысықтардың бағасы 4300 доллар тұрады. Ауылдағы мысықтың балаларын көршісіне тегін беріп жүрген адам балық аулайтын мияуды менсіне қояр ма екен?

«Мраморлық мысық» деп аталатын бұл «жануардың» сыртқы тұрқы кәдімгі тектестерінен аумайды. Бірақ олар үйде емес, негізінен, ағаштың басында өмір сүреді. Аса үлкен емес. Бағасы – 5 мың доллар. Ағаш басында тиын аулап, жарқанат, жапалақ, бақа және басқа да жәндіктермен қоректенетін «жануарыңызды» үйге алып келсеңіз, бәрібір далаға қашып кетеді деген ой тумауы керек.

Мамық жүнді мысықтар аты айтып тұрғандай, әдемі болып келеді. Жүні жұмсақ, адамға жылы әсер қалдыратын олардың бағасы 5500 доллар шамасында. Оны үйге үйрету қиын емес. Жаны адамға жақын. Денесінің ұзындығы 65-95 сантиметр шамасында болады.

«Манул» деп аталатын мияудың өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиеті бар. Оның денесі мықты, жүні де өте тығыз, мамандардың айтуына қарағанда, бір шаршы сан-



тиметрде 9 мың шашқа дейін болады. Жүнінің ұзындығы 7 сантиметрге дейін барады. Өзі аталас тұқымдастардың ішіндегі ең мамық жүнді болып келеді. Өте асықпай жүретін әрі баяу қозғалатын бұл жабайы жануар парсы мысығымен шағылыстырудың нәтижесінде, пайда болған деген дерек бар. Бұл сирек кездесетін мысықтардың тұқымына жатады. Көп тумайды. Сондықтан да болар, бағасының жоғарылығы. «Мысық базарда» оның бағасы 9 мың долларға дейін барады. Бағасының «Каракал» деген атауы бар мысықты Үндістанда «Кішкентай гепард» деп атайды. Үйде емес, негізінен, ең далада тышқан, басқа да кішкентай жәндіктерді аулап, қоректенетін бұл мысықты адамдар тек үйде торда ұстайды. Бәрібір өзінің кең жазира даласына кетіп қалатынын білсе керек. Жазықта өмір сүретін мияуың бостандықты аңсайтын шығар. Десек те, оның бағасы қымбат, 10 мың доллар шамасында. Байлар «Каракалды» атақ, абырой үшін ғана үйде ұстаса керек.

«Маргай» деп аталатын мысықтың бағасы – 11400 доллар. Мұны негізінен, Оңтүстік Американың адамдары ұстайды. Құйрығы мен денесінің ұзындығы 1,2 метр шамасында. Мысық деуге келмейтін бұл жануарыңыз тиін секілді ағаштан-ағашқа секіріп, ойнақ салып жүреді. Мұны да үйде ұстайтындар бар. Олар күніне 0,3-0,8 келі ет жейді.

Салмағы 15 келіге жететін, құйрығының ұзындығы 60 сантиметрге баратын «Саванның» денесі өте ірі. Мойны мен аяғы ұзын, құлағы дөңгелек пішіндес болып келетін бұл мысық мамандардың бағалауынша, өзінің интеллектімен ерекшеленеді. Басқа тұқымдастарымен салыстырмалы түрде қарағанда, кез келген жағдайға бейім келеді. Бұл тұқымдастар өте белсенді, қарны тойса, басқалар секілді марғау кейіпте ұйықтап жатпайды. Адамдар секілді таза ауаны жақсы көреді. Судан қорықпайды, басқа үй жануарларымен тез үйренісіп кетеді. Оған секіріп ойнайтын жер көбірек керек. Бағасы да жақсы, 15 мың долларға дейін барады.

«Жоффруа» деп аталатын мысықты байлар оның терісі



мен әдемі бай көрінетін жұмсақ жүні үшін аулайды. Балық пен ұсақ жәндіктермен қоректенетін бұл жануар жер бетінен жоғалып кете де жаздаған. Өйткені өзінің бизнесі үшін, ішік пен тонға және пальтоның жағасына орнатылған жұмсақ жүні талайдың көз құрты болды. «Жоффруаның» бағасы – нарықта қазір 20 мың долларға тең келіп тұр.

Панамада «Ягуарунди» деп аталатын мысық бар. Мұны ең бірінші Панамаға келген үндістер қолға үйреткен. Қазір панамалықтар жер жүзінде алғашқы мысық өз аумағында өмір сүргенін мақтанышпен айтады. Кәдімгі мысықтар секілді ол 15 жыл өмір сүреді. Бағасы – 24 мың доллар.

«Тойгер» атты мысықтың бағасы – 100-200 доллар шамасында. Сыртқы тұрқы жолбарысқа ұқсайтын «Тойгерді» қазір селекционерлер дамыту үстінде. Әлемнің басқа елінен 2008 жылы Ресейге әкелінген мысық қожайынына берілген деп есептелінеді. «Мейнкун» атты мысықтың басқалардан ерекшелігі, оның үлкен болып келуінде. Салмағы 17 келіден асады. Оның жүні ұзын, мамық. Элиталық мысық ретінде саналатын «Мейнкунның» бағасы – 1700-2500 доллар шамасында. Әлемдегі бағалы мамық жүнділердің қатарында кандалық «Сфинкс» тұр. Оның бағасы – 3 мың доллар. Мамандардың айтуына қарағанда, оған айрықша күтімнің керегі жоқ. Басқалардан ерекшелігі, оның жүні болмайды. Бүкіл денесі жалаңаш тері. Алайда жүнсіз болса да, ол суыққа төзімді» дейді мамандар. Оның терісі ылғи ылғалданып, терлеп жүреді. Сондықтан оны үнемі суға түсіріп, жуындырып тұру керек екен. Орыстың көгілдір мысығы 3500 доллар тұрады. Олар балалармен де жақсы ойнап, үлкендердің де қасында жүреді. Тіпті орыстың бұл көгілдір мысығы басқа да үй жануарларымен тату-тәтті өмір сүретін көрінеді. Ал «Петерболд» атты мысықтың ерекшелігі, олар үйді былғамайды. Қожайынының айтқанын бұлжытпай орындайды. Кішкентай балалармен ойнағанды жақсы көреді, үлкендердің еркелеткенін сүйеді. 5 мың доллар шамасында тұратын бұл мысықтың бұлшық еттері қарулы болып көзге айқын көрініп тұрады екен.



Парсы мысығының бағасы әртүрлі, білетіндер 1-6 мың доллар аралығында дейді. Сыртқы пішіні жөнінен басқалардан ерекше мейірімді көрінетін бұл мысық арғы тарихтан бастау алады. «Аллерка» атты мысық 7 мың доллар тұрады. Мамандар оны генетикалық ерекшелігі үшін құрмет тұтады. Зерттеушілер оны адамда болатын аллергиялық аурулардың күшін жоятын қасиеті бар деп есептесе де, осы күнге дейін ол нақтыланған жоқ. Бенгал мысығы сыртқы пішіні жағынан өте сұлу көрінетін ол азиялық леопард тектес мысықпен будандастырылған, – дейді мамандар. Бағасы да бас шайқатарлықтай, 3-25 мың доллар аралығында.

Мысықтың бағасы артқан сайын оның ақылдылығы да айқын көріне ме? Бұл болжам енді артық сияқты. Ашера есімді мысықтың бағасы – 15-100 мың доллар шамасында. Оның салмағы 14 келі, тіпті биіктігі кейде 1 метрге дейін баратын көрінеді. Әлемдегі ең алып мысықтардың бірінен саналатын ол мейірімді, дәулеттілер онымен көшеде қыдырыстап жүргенді ұнатады екен.

Жалпы, әлемде мысыққа қатысты наным-сенім өте көп. Мысалы, орыс халқы жаңа үйге қоныстанбас бұрын пәтерге алдымен мысықты жіберетін болған. Ескі наным бойынша, жаңа үйге алдымен мысық кірсе, ол алдымен қара күштерді тазартады деген сенім болған. Шындығында солай ма, ол жағы белгісіз. Десек те, мысықта тылсым күштерді көре білетін қасиет бар деген пікір бар. Ол теріс энергиясы бар жерде көп жатады, – дейді кейбіреулер. Кей-де адамның алдын қара мысық кесіп өтсе, «жолым болмайды» деп шапкісін теріс қаратып жүретіндерді немесе өзі үш рет айналып барып жолға шығатындарды да көрдік. Бұл қаншалықты ақиқат? Десек те, алдыңды кесіп өткен мысық саған қауіптің барын білдіреді немесе сол әрекеті арқылы өзінді сол қиындықтан арашалап алғысы келеді деген де наным бар. Қалай айтқанда да сақтанып жүргенге ештеңе жетпейді.

szh.kz сайтының ақпаратына қарағанда, мысықты қолға үйрету 5 мың жыл бұрын басталған. Үй мысықтарының арғы



тегі – Либия мысығы. Ертедегі Египетте мысық қасиетті хайуан деп есептелген, өлгенде бальзамдалып, саркафагта жерленген.

Жалпы, мысықтың қасиеті туралы әңгіме көп. Олар ең алдымен адамды қара күштерден қорғайды. Жүйкесі сырқат жандарды сауықтырады. Оның тағы бір қасиеті, қалай лақтырсаң да, жерге аяғымен түсетіндігі. Мұны мамандар мысықтың аяғының мықты серіппелік және жайлы қонатын қасиетінің барымен түсіндіреді. Бірақ шын мәнінде, солай ма? Оны терең ашып, ешкім айта алған жоқ.

Жалпы, өткен тарихқа көз салсақ, мысыққа қатысты қызықты оқиғалар жеткілікті. Мысалы, Брежневтің қара мысығы оны екі рет ажалдан аман сақтап қалған деседі. Мына бір дерек қаншалықты ақиқат, оны сәуегейлер анықтай жатыр. Дегенмен, алғашқы оқиға тұсында бас хатшының қара мысығы оны айналсоқтап шықпай қойыпты. Мұны сезген Брежнев өз орнына емес, көлігіндегі басқа орынға жайғасыпты. Жолда көлік апаты болып, артқы орындықта отырған адам қатты жарақат алған көрінеді. Екіншісінде осыған орайлас оқиға орын алған. Мысық аяғына оралып жібермей қойған соң Брежнев жұмысқа бармай қойған. Ал жолда оның қызметтік көлігі жүк машинасымен соқтығысқан. Тіпті оның қара мысығы өлген соң Брежневтің өзі де дүниеден өтті деген аңыз бар. Ал кейбіреулер мысықтың әлсіз, аурушаң адамға қуат беретінін айтады. Оны сипалаған адам жүрек сырқатынан жазылады деген де ақпар бар. Өйткені мысықтың мамық жүні арқылы адамның саусақтарына әлсіз ғана тоқ іспеттес қуат беріледі екен. Ол адамның жүйке және жүрек талшықтарына беріліп, оны қуаттандыратын көрінеді. Мысықтың мияулаған дауысы адамның имундық жүйесін күшейтеді деген де дерек бар. Ал медицинада бұл қаншалықты дәлелденді, ол жағы енді беймәлім. Бірақ біз мысықты тек қана тышқан аулағаны үшін ғана жақсы көреміз деу енді ыңғайсыз. Ағылшынның кейбір дәріханаларында ауруды жазатын мысықтар сатылады.



Жалпы, мысыққа қатысты деректер әртүрлі және қызықты. Кейбір мамандар мысықтар адамдардың назарын өздеріне аударту үшін ғана мияулайды деген ақпар таратады. Кім біледі, мүмкін солай шығар. Бірақ үйге кіргісі келсе де, далаға шыққысы келсе де мияулап, есікті тырмалайтыны бекер емес қой. Демек, мысықтың мияуында мән бар.

Бірақ мысықтың бәрі бірдей емес. Дүниеде ақыл-есі түзу бірақ бет-пішіні әртүрлі «мамық жүнділер» бар. АҚШ-тың Массачусетс штатында екі тұмсықты мысық тұрады. Туа біткен генетикалық аурудың салдарынан онда екінші бет-пішін пайда болған. Оның аты – Франкенлуи. Адам таңғаларлық бет-жүзі мен ауруы бар болса да, Франкенлуи көп жыл өмір сүрген. Осынысы арқылы Гиннестің рекордтар кітабына енген бұл мысық қазір интернет жұлдызы болып бара жатыр.

Десек те, мамандар мысықтың «балалары» жұқпалы аурулармен жиі ауыратынын айтады. Олар ауырғанда көздері жасаурап, ыстығы көтеріледі, лоқсиды. Оның ауыр түрлері мысықтың өліп қалуына әкеліп соқтырады. Мысықтан адамға жұғатын қауіпті аурулар көп: құтыру, қотыр жара, қышыма. Сол себепті, жыл сайын құтыруға қарсы мысыққа вакцина егіледі.

Әрине, мысықта да мысық бар. Ақиқаты, дәулеті тасығандар алмаса, қазаққа бағасы қымбат «Жоффруа» да, «Саванна» да, «Маргай» да, «Каракалдың» да керегі шамалы.

...Өзіміздің үйдегі «мияуға» ештеңе жетпейді.

21 қаңтар 2014 жыл





ЖАҒАНДЫ ЖАЙЛАҒАН ЖЕТІ ҚАТЕР

Енді біраз уақыттан соң шығыс күнтізбесі бойынша, Жылқы жылы басталады. Асау мінезді, мініске төзімді болғанымен, алайда Қамбар ата тұяғы тұрмыстық тіршілік пен өмірге күрт өзгерістер алып келуі мүмкін.

Әсіресе, геосаяси сахнада болатын күрт бетбұрыстар астрологтардың болжамынан да асып түсуі мүмкін. Әрине, бәрін уақыт көрсетер. Десек те, саяси жауырыншылардың айтқанына сенсек, өзінің саяси бағытын айқындай алмай, дұрдараздыққа ұласқан мемлекеттерге қиын болатын түрі бар. Бұл туралы кейінірек. Сонымен, Жылқы жылындағы жеті қауіп не?

1. Американың Foreign Policy журналы жақында ғаламдық тұрақтылыққа қауіп төндіріп тұрған әлемдегі «ыстық нүктелерді» атады. Журнал зерттеулері арқылы Сирия, Ливан, Бангладеш, Ирак, Ауғанстан мен Солтүстік Кавказды атады. Сонымен қатар қауіпті қалалардың ішінде қысқы Олимпиада өтетін Сочи қаласы да бар. Алайда Сочидің қатерлі аймаққа қалай жатқызылғанын түсіну қиын, бірақ астрологтар ТМД мемлекеттерінің ішінде де алауыздық орнауы мүмкін деген болжамды жоққа шығармай тұр.

2. Екінші қауіп, 2014 жылы Украинада жағдай қиындай түседі. Шын мәнінде, президент Янукович елінде басталған үш айдан бергі саяси текетірес елді екіге бөліп жіберуі мүмкін. Бірақ оқиғаның қалай аяқталуына қатысты нақты пікір жоқ. Еуроодақты қалайтындар мен Ресейге, Кедендік одаққа мойын бұрғысы келетін саяси серкелердің тартысы жағдайды тым шиеленістіріп жіберді. Ең үлкен қауіп, ақиқатында да Украина екіге немесе үшке бөлінуі мүмкін. Қазір орыс сайттары мен баспасөзі Украинаның қалай



бөліске түсетіндігі туралы саяси географиялық картаны сызып та, жасап та қойды.

2013 жылдың аяғында Украинаның екіге бөлінетіндігі туралы ең алғаш болжамды 2009 жылы-ақ астролог Павел Глоба айтқаны белгілі. Ол кезде бұл пікірге көптеген саясаткерлер кекесінмен қарады. Бір жылдан кейін бұл пікірді харьковтік астролог Елена Максимова қуаттады. Глобаның болжауынша, Украина екіге емес, үшке бөлінеді. Батыс пен Шығысқа қақ айырылып, саяси текетірестен қайтпай тұрған екі жақтан өз алдына еншісін Қырым алып кетуі ықтимал. Сөйтіп, ежелгі Русь жерінде ресми Киевке бағына қоймайтын жасанды үш мемлекет пайда болуы мүмкін. Максимованың ойынша, Украина мемлекет ретінде өзінің өмір сүруін 2013 жылдың аяғынан тоқтата бастады. Орыс астрологтарының ойынша, Луганск, Донецк, Днепропетровск, Харьков, Қырым мен Қара теңіз жағалауы автономиясын сақтай отырып, Ресей құрамына енуі мүмкін. Территориялық орналасуы бойынша, олар басқа мемлекеттік атауға ие болуы ықтимал. Қалған аумақ ежелгі Украина мемлекеті болып қала береді. Алайда астрологтар күн сайын қызып, қантөгіске ұласып жатқан майдандағы тартыстың нәтижесіз аяқталатынын айтады. Ақырында ешкім жеңіске жетпейді, тартыстың халыққа зардабы ауыр тиеді. Өйткені Еурамайданда басталған күн – 24 қараша өте сәтсіз күн болып отыр. Өйткені сол күні ай шалқасынан туған, демек, астрологтардың айтуынша, өзіне жайлы болғанымен, митингі мен маңызды шешімдер қабылдауға болмайтын күн. Қазақ айтпақшы, «өзіне жайлы, шаруаға жайсыз». Сондықтан майдан алаңындағы текетірес ақыр соңында ел үшін еш нәтиже бермейді.

3. Мамандарды алаңдатып отырған үшінші нәрсе, Еуроодақтың жайы. Данияның Saxo Bank сарапшыларының ойынша, мызғымастай болып, қарт құрлықтағы геосаяси жағдайды барынша реттеп отырған Еуроодақ жақында



КСРО-ның кебін киіп, қайтадан тарауы мүмкін. Бұл жағдай мамыр айында басталатын Еуропарламент сайлауынан кейін орын алуы ықтимал. Проблема мұнымен бітпейді. Сарапшылардың айтуынша, Еуропадағы ең бай ел Германияда ішкі саяси дағдарыстың орын алуына байланысты экономикалық өсім төмендеп, ұлттық өндіріс құлдырайды. Франция мен Жапонияда да экономика төмендейді, Ресейде де жағдай шиеленіседі. Басты табыс көзіне айналып отырған мұнайдың бағасы күрт құлдырап, ел өндірісіне ықпалын тигізеді. Сонымен қатар 2014 жылдың мамыр айында Ұлыбританияда алдын ала жоспарланған халықтық референдум өтеді, сөйтіп, Шотландия тәуелсіздік алуы мүмкін. Егер шын мәнінде, Шотландия тәуелсіздік алса, онда Еуропа шындығында бөлініске ұшырайды, – дейді сарапшылар. Сарапшылардың бағалауынша, шотландықтардың 30 пайызы ғана тәуелсіздікті аңсап отырған жайы бар. Сондықтан бұл болжам орындала қоюы да екіталай. Десек те, әлем халқының назарын аударған египеттік көріпкел Джой Айдтың болжамы шындыққа айналса, онда жағдай қиынға айналады. Айдтың айтуынша, 2014 жылдың ортасына таман Үшінші дүниежүзілік соғыс басталады. Алайда «Араб көктемі» төңкерісін дәл айтқан Айдтың айтқаны осы жолы дәл келе ме, оны уақыт көрсетер.

4. АҚШ-тың белгілі футуристі Рей Курцвейл 2014 жылы суперкомпьютердің қуаттылығы адамның ми қабілетінен мықты болады деген болжам келтіреді. IBM жақында 1 миллиард доллар қаржыға Watson суперкомпьютеріне инвестиция салатынын мәлдімдеді. Оның ақыл-ой деңгейі адамнан да озық болмақ. Жасанды интеллекті мықты бұл техника, әсіресе, медицина мен ғылым саласына таптырмас құралға айналмақ. Әрине, бұл жаһанға қауіп төндірген қатерден гөрі, бұл – үлкен жаңалық. Бірақ жылы жаңалықтан гөрі биыл қауіп көбірек болып тұр ғой.

5. Сонымен қатар ғаламдық жылыну әлемнің көптеген



қалаларына қауіп төндірмек. Айтар болсақ, әлемнің ең үлкен шаһары Санкт-Петербург, Венеция және Нью-Йоркке су басу қаупі төнеді. Ауа райының өзгеруі Азияның бір-қатар мұхит жағалауындағы елдерін аландатады. Павел Глобаның айтуынша, 2014 жылдың алғашқы жартысында әлемді таңғалдырған жаңалықтар ашылады. Ғасырлардан бері келе жатқан мұздықтар еріп, мұхит, теңіз деңгейі бұрынғыдан да тезірек көтеріле бастайды. Әсіресе, күннің жылынуынан мұзды мұхиттар тасып, Филиппин мен Австралия жағалауы тұрғындарының жағдайы қиындайды. Тынық мұхитының алапат цунамиі Солтүстік Америка жағалауына қауіп төндіреді. Ресейдің Камчаткасында да су тасып, Сібірдің қалың орманын өрт шалады. Әлемнің бірқатар елдерінде бұйығы жатқан жанартаулар оянып, атқылай бастайды.

6. Жаңа вирустар халықтың денсаулығына қауіп төндіреді. «Құс тұмауының» жаңа түрі пайда болуы ықтимал.

7. Белгілі астролог Павел Глоба 2014 жыл Ресей үшін үлкен өзгерістер жылының бастауы болмақ деген пікірде. Шындығында, оның болжамы назар аударарлық. Ол бұл ретте Анна Ахматованың пікірлерін келтіреді. Михаил Лермонтовтың туған және қайтыс болған жылдарында тарихта қорқынышты катаклизмдер орын алған. Атақты орыс ақынының жүзжылдығында Бірінші дүниежүзілік соғыс басталса, 150 жылдығында Кеңес Одағы тарап, келмеске кетті. 200 жылдығы атап өтілетін 2014 жылда Үшінші дүниежүзілік соғысқа пара-пар ұрыс басталып кетуі ықтимал. Алайда Лермонтовтың даталы мерейтойларын соғыс жылдарының басталуымен салыстыру қаншалықты қисынды бола қояр екен?! Әйтеуір адамзатқа қатер төнбесе екен.

Қалай айтқанда да біз үшін ғаламның тұрақтылығы мен тыныштығы қымбат. Павел Глобаның болжауынша, 2017–2020 жыл аралығында орын алатын қаржы және экономи-



калық дағдарыстан адамзат үлкен сабақ алады. Бұл халықты ауыр күйзеліске түсіретіні де жасырын емес. Тек 2020 жылдан кейін ғана планета «Екінші ұлы жұт» дағдарысынан құтылады.

Глобаның ойынша, 2020 жылдан кейін Ресей күшті империялық қуатына мінеді. 2020-2021 жылдары Ресей билігінің басына бұрын-соңды болмаған, аты-жөні беймәлім, ақ боз атқа мінген ұзын бойлы шенеунік келеді. Ол өзінің ақыл-ойы мен мемлекетті басқару жөнінен тарихта қалады, халық реформаторлығы жөнінен оны І Петрге теңейді. Бірақ билік басында ол ұзақ отырмайды. Неге ақ боз ат? Глобаның ойынша, ол жылқы жылы туылған адам болуы ықтимал. Одан кейін билікке тағы бір «Ұлы басқарушы» келеді. Оның Кремльге келуімен орыс мәдениетінің тағы бір «Алтын ғасыры» басталады. Орыс әдебиеті мен идеясы ғаламды жаулай бастайды. Глобаның болжамынша, бұл «Алтын ғасыр» 30 жылға созылады.

Уақыт көрсетер...

27 қаңтар 2014 жыл





ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КІШКЕНТАЙ ЕЛДЕР

Әлемде кішкентай мемлекеттер барын біз біле бермейміз. Ұсақ болғандықтан емес шығар. Олардың сыртқы дүниемен байланысы аз болуы да мүмкін, халқының саны да шамалы.

Мысалы, Ватикан мемлекеті де территориялық және халқының саны жөнінен ұсақ елдердің қатарына жатады. Дегенмен, Рим папасын мұқым дүние біледі. Әрине, кішкентай болудың астарында да үлкен саясат бар. Бірақ елдің бәрі Ватикандай бола алмайды ғой...

Мгинго аралы Африкадағы Виктория өзенінде орналасқан. Оның көлемі 1,8 шаршы метрге жуық, мұнда баржоғы 131 адам ғана тұрады.

Бір ерекшелігі, бұл жерде тұратын халық ешкімге бағынғысы келмейді, олар өздерін «Сенат Республикасы» деп тәуелсіздігін жариялап жіберген. Бар кәсібі – балық аулау. Дегенмен, осы күнге дейін ешкімнің иелігінде жоқ қандай ел дерсіз. Сонда Мгинго аралы қай мемлекетке жатады? Арал Кения мен Уганда мемлекетінің аралығында орналасқан. Бірақ 131 тұрғыны бар кішкентай жер ешкімге тиесілі емес. Анда-санда аталған екі ел бір-біріне қокан-лоқы жасап қояды. Даулы жердің халқы өздерін зайырлы мемлекет ретінде жариялаған.

Жалпы, Мгинго аралына халық 1991 жылдан бастап орналаса бастады. Алғаш рет мұнда Кения балықшылары келіп, өмір сүрген. Олар Мгингомен жапсарлас орналасқан Виктория аралында «жын-шайтан бар» деген ел аузындағы дақыртқа көз жеткізу үшін келген. Калела атты аузы дуалы, сиқыршыны алып келіп, екі балықшы мұндағы жын-шайтанды қуып, аралды тазартқан деген әңгіме бар. Сол үшін көріпкел, балгерге 300 келі балық берген көрінеді. Одан кейін ғана екі балықшыға қалғандары қосылып, аралға



халық келе бастаған. Танзания, Уганда Кенияда 60-тан астам балықшы орналасқан.

Жалпы, 90-жылдарға дейін бос болған аумаққа кенеттен халық неге орналасты? Көптеген мамандар Мгингоға халықтың келуінде күнкөріс, балық аулау ғана емес, басқа да мақсат жатқанын айтады. Басты мақсат – мемлекет құру. Бірақ 131 адам қалай ел бола алады? Алайда арал жазылмаған өз заңымен өмір сүреді. Аралда «Құрметті сенатор» бар. Аталған коммунаға құрметті лауазымдағы азаматтардың шешіміне орай ешкімді қабылдай алмайды. Қарапайым тілмен айтқанда, аралға бұдан былай басы артық адамның керегі жоқ. Мемлекет болу үшін 131 тұрғын жетеді.

Мұндағы халықтың табыс көзі – балық аулау. Бір аптада 200-350 долларға дейін пайда табады.

Осы уақытқа дейін Кения мен Уганда арасында аталған аралға қатысты 9 рет соғыс болған. Алғашында арал Кенияға өтсе, кейіннен Угандаға өткен. Ақыры екі жақ келісімге келді, қазір арал тұрғындары екі мемлекетке бірдей табыс салығын төлеп тұрады. Бірақ өздерін бейтарап ел ретінде сезінетін аралдықтардың өз сауда орны мен шағын көшесі бар. Бірақ адам айнала алмайтын жерде тұратын мгинголықтарда өркениет өте жоғары деп айту қиын. Мұнда бес бар, сұлулық салоны, қонақ үй, тіпті жезөкшелерге арналған пәтерлер де баршылық. Аралға келген адам мұнда бір күннен артық бола алмайды. Заң солай.

Аралды әлімсақтан ата-бабадан мұра ретінде Тембо, Кибебе екі «Құрметті сенатордың» ұрпақтары басқарып келеді. Олардың жанында 30 жастан асқан бес сенатор қосымша көмекші қызметін атқарады. Кез келген даулы, тұрмыстық мәселелер жеті сенатордың шешімі арқылы басым дауыспен шешіледі.

Мгингоның қатал заңы бар. Бәрі соған бағынуы тиіс. Егер бұзықтық жасап немесе басқа заңнан тыс әрекеттер орын алса, жеті сенатордың талқысына салынып, солар шешім



қабылдайды. Аралда өмір сүре бастаған 20 жылдан астам уақыт ішінде Мгинго заңына бағынбаған 6 адам ұрлық әрекеті үшін аралдан қуылды.

Ал Мгингодан 200 метр жерде Усинго аралы бар. Бірақ мұнда ешкім қоныстанбаған. Жергілікті халықтың айтуынша, мұнда Тук атты жын-шайтан өмір сүреді. Мгингодан қуылған Калела шайтан да осында мекендейді-міс. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, оларды аралдан қуып шығуға бүгінгі күнге дейін ешқандай көріпкелдің күш-қуаты жеткен емес. Сондықтан Усинго аралына қоныстануға ешкімнің жүрегі дауаламайды. Ешкім мекен етпеген бұл жерге Уганда мен Кения иелік еткісі келеді. Бірақ даулы жерге ешкім аяқ басқысы жоқ.

Анығын айту керек, біз сөз етіп отырған Мгинго аралы өркениеттен ада жағдайда. Бірақ халқы 131 емес, әлемдік саясатта тұрғындары көп болмаса да, бағдарын ұстап отырған елдер де бар. Олардың барлығы да өз заңымен өмір сүреді, жазылмаған тайпалық заңдары да бар. Қалай айтқанда да халық болғасын біреу бай, екіншісі – кедей қалыпта өмір сүреді. Бәрі өркениетті болғысы келеді.

Үндістанның Мальдива аралдар елі Азия құрлығында территориясы мен халқы жөнінен ең кішкентай елдің бірі саналады. Оның аумағы 298 мың шаршы шақырымды құрайды. Бар-жоғы мұнда 396 мың халық тұрады. Ел астанасы Мале қаласын тұрғындардың үштен екісі мекен етеді. Мұнда сыртқа, экспортқа шығаратын брендті бар үлкен өнімдер жоқ. Аралды ел етіп тұрған бір-ақ нәрсе. Ол – туризм саласы. Жаһандағы аралдың табиғаты керемет, жұртшылық сұлулықты көруге Мальдива аралдар еліне асығады.

Ал тағы бір ұсақ ел Сейшель аралдарының аумағы көп емес, бар-жоғы 455 шаршы шақырымды құрайды. Мұнда бар-жоғы 84 мың адам өмір сүреді. Мадагаскардың солтүстігінде орналасқан, ол 115 аралдан тұрады. 1976 жылы ел тәуелсіздік алғаннан кейін мұнда туризм саласы жанданды.



Лихтенштейн елі – мұхитқа шығатын жолы жоқ мемлекеттердің бірі. Аумағы 160 шаршы шақырым. Ол Швейцария мен Австрия мемлекеттерімен шекаралас қоныстанған. Бір қызығы, мұнда халықтан гөрі, бизнесін дамытып жатқан шетелдік компаниялар өте көп. Демек, сырттан келетін компанияларға мұнда жұмыс істеу өте қолайлы, инвестициялық климат жақсы болып тұр ғой.

Микронезия маңында Тынық мұхиты жағалауының оңтүстігінде орналасқан Науру елінің жұрты бейтаныс. Мемлекеттің аумағы 21,3 шаршы шақырымды ғана құрайды. Науру елі ең ұсақ мемлекеттердің бірі саналады. Олар тәуелсіздігін 1968 жылы алған. Бұл аймақ 3 мың жылдан бері аборигендердің байырғы мекені саналып келген. Бүгінгі таңда бұл аумақта 9 мыңдай адам тұрады. Елдің қарулы күші жоқ.

Әлемдегі ең кішкентай ел болғанымен, бейтарап саясат ұстанатын, бірақ жұрт мойындайтын елдер де баршылық. Солардың бірі – Ватикан. Ватиканды жабық жағдайдағы қала-мемлекет деп атайды. Оның аумағы 44 гектарға жуық. 1929 жылы құрылған мемлекетті Рим папасы басқарады. Ежелгі ескерткіштерге бай елде, мықты, сұлу тарихи ғимараттар бар. Ел аумағының жартысын Ватикан бағы алып жатыр. Мемлекеттің ресми санағы бойынша, мұнда 800 адам Ватикан азаматы ретінде саналады. Ал қалғаны келіп-кетіп жұмыс істейтіндер. Мұнда негізінен, итальяндықтар жұмыс істейді.

Екінші Монако – әлемдегі ең ұсақ елдердің бірі. Соңғы 20 жылдан бері теңіз жағалауына шыққаннан кейін оның территориялық аумағы сәл кеңейіп, 2,02 шаршы шақырымға жетті. Монако монархиялық республика саналады. Жері жағынан кішкентай болса да, Монако әлемдегі ең тығыз қоныстанған мемлекет. Мұнда 30 мыңнан астам халық тұрады. Елдің табыс көзі – туризм саласы.

Атлант мұхитындағы Солтүстік пен Оңтүстік Америка құрлығының ортасында орналасқан Сент-Китс және Невис елін де ешкім біле бермейді. Аталған мемлекет аумағы 260



шаршы шақырым болатын екі аралда орналасқан. Бұл – еуропалықтар келіп мекен еткен алғашқы жарты аралдың бірі. Негізгі пайда табатын саласы туризм десек те, мұнда ауыл шаруашылығы мен банк саласы жақсы дамыған.

Тынық мұхиты аймағындағы Маршалл аралдары әртүрлі бөліктерден тұрады. Оның аумағы 181 шаршы шақырым, мұнда 82 мың халық мекен етеді. 1986 жылы Маршалл аралы АҚШ-тан тәуелсіздігін алды. Дегенмен, елді аяғынан тік тұрғызу үшін Америка әлі күнге дейін гуманитарлық, қаржылық көмегін беріп келеді. Аталған мемлекеттің табиғи байлығы жоқ, негізінен, тауарлар сырттан келеді.

Аумағы 61 шаршы шақырымды құрайтын Сан-Марино қаласы – Еуропалық кеңістікке кіретін елдердің ішіндегі ең кішкентайы. Кейбір деректерге сенсек, ел өте ежелден келе жатыр. Сан-Марино ұсақ ел болғанымен, әлемдегі шығынынан табысы жоғары санаулы мемлекеттердің бірі саналады.

Тынық мұхиты аймағының оңтүстігінде Тувалу деп аталатын ел бар. Оның аумағы 26 шаршы шақырым ғана. Кішкентай болса да, оның құрамына бірнеше аралдар кіреді. Бұрынырақта аталған аралдар Ұлыбританияға қарап, «Эллис» деген атпен белгілі болды. Тувалу тәуелсіздігін ағылшындардан 1978 жылы алды. Халқының саны – 10,5 мың. Елде ешқандай байлық, табиғи ресурстар жоқ. Сондықтан Тувалу басқа елдердің көмегіне көп арқа сүйейді.

Біздің айтып отырғанымыз, әлемдегі ең ұсақ, халқы аз бірнеше мемлекеттер ғана. Олардың қатары өте көп. Бірақ аты-жөні беймәлім болғандықтан, көпшілік оны біле бермейді. Олардың ішінде әлем бағалаған және мойындаған ел – Ватикан ғана. Қалғандары алпауыт мемлекеттердің ықпалы жүрген, әлі солардың шылауында қалғандар. Дербестігін алды дегенмен, олар қаншалықты тәуелсіз?

...Мәселе сонда.

29 қаңтар 2014 жыл



ФУТБОЛДАҒЫ РАСИЗМ. ОЛ НЕ?

Футболда неше түрлі қызықты жағдайлар болып жатады. Соның бәрі көңілден шығып жатса, әңгіме жоқ. Бірақ кездесулердің соңы олай аяқтала бермейді ғой...

Алысқа ұзамай-ақ қояйық, жексенбі күні «Зениттің» жанкүйерлері полицияға бой бермей, жасыл алаңға шығып кетті. Жүздеген фанаттар стадионға лап қойды. Әрине, өздерінің сүйікті клубының 2:4 болып ұтылып жатқаны ұнамаған болуы керек. Бірақ ортақ заңдылық тәртіпті бұзуға болмайды, тіпті қызуқанды жанкүйерлердің бірі «Динамоның» ойыншысын құлаштап ұрды. Бір емес, екі рет. Осы жағдайдан кейін ойын тоқтатылды. Енді Ресейдің футбол одағы бұзық жанкүйерлердің әрекетін талқыға салады. Анығы, онсыз да ұтылып тұрған «Зенитке» техникалық жеңіліс жарияланады. Жалпы, ТМД аумағында «ең бұзық» ретінде «Зениттің» жанкүйерлері есепте тұр. Біздің айтпағымыз бұл емес. Соңғы кезде футбол әлемінде сан түрлі қызықты және өкінішті оқиғалар жиі орын алып жатыр. Соның бірі осыдан бір ай бұрын «Барселона» мен «Вильярреал» арасындағы ойында орын алды. Қарсыластар қақпасына бұрыштама добын беру сәтінде «Барселонаның» ойыншысы Дани Алвеске жанкүйерлердің бірі банан лақтырды. Испанияда ойнайтын бразилиялық ойыншы оны елең қылған жоқ, жанына келіп түскен бананды алды да, жеп қойды. Алайда ойын аяқталған соң банан лақтырған бұзыққа Алвес алғысын айтты.

– Банан жегеннен кейін екінші тынысым ашылып, әріптестеріме екі реттен пас тастадым. Екеуі де нәтижелі аяқталып, гол соғылды. Бірақ мұндай тосын оқиғаны бірінші рет көріп отырған жоқпын. Футбол тарихында банан лақтырушылар көп. Бұған ренжудің қажеті шамалы. Негізі, адамдарды кешіре білу керек, – деп ол ағынан жарылды.

Десек те, Дани Алвеске лақтырылған банан жанкүйер-



лердің наразылығын туғызды, бұл тосын оқиғадан атақты футболшылар да тыс қала алмады. Олар банан жеп отырған суреттерін өздерінің әлеуметтік желілері арқылы дүйім жұртқа көрсетті. Тіпті твиттер, инстаграмдар банан жеген футболшыларға толып кетті. Бір күн өткен соң, «Вильярреал» клубы ресми сайтында өз жанкүйерлері тарапынан болған оқиғаға қатысты өкінішін білдірді. Ал бұзық жанкүйер ұсталып, ол биылғы футбол маусымы біткенше стадионға кіргізілмейтін болды.

Бірақ алаң шетінде банан жеген оқиғадан кейін «Барселона» ойыншысы – Дани Алвестің атағы шарықтап кетті. Оны арнайы шақырған атақты жарнама агенттіктері де табылды. Бірақ бразилиялық ойыншы бұл шақыртудан бас тартты.

– Менің басты мақсатым – расизмді жою, – деп қысқа қайырды ол.

Расизм деген не? Ол – нәсілдік кемсітушілік, адамның құқын таптау. Мейлі, сен ала допты аяғында шебер ойнатқан даңқты футболшы бол, бірақ қара түсті адам болсаң, саған да банан лақтырылуы мүмкін. Бұл жанкүйердің жөнсіз сыртқа шыққан ішкі тәртіпсіздігі. Алайда футболды тамашалауға келген адамда терең мәдениет болуы керек емес пе? Бірақ жасыл алаңда өз командасы үшін намысын жанып, тер төгіп жүрген футболшы қара түсті болғаны үшін жазықты болуы керек пе?

Айта берсең, мысалдар жеткілікті. Халықаралық Loduss агенттігінің басшысы соңғы жылдары жиі орын алып келе жатқан футболдағы расизмге байланысты наразылық жарнамасын да жасамақ болған. Оның өкілі «банан жеу идеясы ең алдымен Неймарға ұсынылған болатын. Алайда Дани Алвес оқиғасынан кейін бүкіл сайттар банан жейтін футболшыларға толып кетті» дегенді айтады.

Жалпы, банан оқиғасы Ресей футболында да жиі кездеседі. Мысалы, «Крылья Советов» – «Анжи» арасында болған кездесуде самаралық жанкүйерлердің бірі алаңда ойқтап жүрген Роберто Карлосқа да банан лақтырған. Оған ызаланған футбол-



шы ойын бітуге санаулы минуттар қалғанда сұқ саусағын көрсеткен бойда жасыл алаңнан шығып кеткен. Махачкала клубы 3:0 болып ұтып тұрған сәтте орын алған оқиға футбол басшыларының да наразылығын тудырды. Әлем чемпионы Роберто Карлос мұндай әрекетке осымен екінші рет кездескен. Оның алғашқысы Санкт-Петербурда орын алған. Ойын басталар сәтте жасыл алаңға шығып бара жатқан Робертоға қол созым жерден жанкүйерлердің бірі сырты аршылған банан ұсынған. Дәл осы әрекет үшін «Зенитке» 300 мың рубль айыппұл салынды. Роберто Карлосқа қатысты орын алған оқиғаға сол кезде Ресейдің футбол одағының басшысы Алу Алханов өз көзқарасын білдірген.

– Бұл жайтқа көз жұмып қарауға болмайды. Адам құқы бұзылғаны рас, оны жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан тәртіпті бұзған жанкүйерлерге әкімшілік шара қолданамыз, – деді Алу Алханов.

Атақты ойыншылар қашанда фанаттардың нысанасында болатыны сөзсіз. Мысалы, «Бастия» – «ПСЖ» ойыны орта тұстан ауған сәтте жанкүйерлердің бірі бұрыштама добын берейін деп тұрған Златан Ибрагимовичке арахис лақтырған. Алайда оған салқынқандылықпен қараған Ибрагимович Дани Алвес секілді арахисті ашып жеп, ойынды жалғастыра берген. Бірақ банан мен арахис жегендер үнемі ұта бермейді ғой, осы ойында «ПСЖ» 0:3 есебімен ойсырай жеңілген көрінеді.

Жанкүйерлердің тарапынан болатын қысастыққа Мәскеудің ЦСКА клубының ойыншысы – қара нәсілді Сейду Думбия да кезіккен. Әлеуметтік желілерде Дани Алвесті қолдау акциясы басталған сәтте ол да банан жеген суретін инстаграммға іліп қойды.

– Мен қара нәсілді футболшыларға лақтырылатын бананды жеңіл әзіл деп қарай алмаймын. Адам кісі намысына тиетін әрекеттен биік тұруы қажет. Мұндай оқиғалар футболға үлкен көлеңкесін түсіреді. Жанкүйерлер командасын қолдауы керек, сонымен қатар футболшыларды да сыйлағаны



дұрыс. Бұл жөнінде «Барселона» ойыншысы – Неймармен талай рет сөйлестім. Мұндай оқиғадан шығудың жолы біреу – лақтырылған бананды жеу. Қара нәсілді футболшыға салқын қарауды доғаратын уақыт жетті. Қоғам өзгерді, енді жанкүйерлер де өзгеруі қажет қой, – дейді Сейду Думбия.

«Анжидың» ойыншысы болған Кристофер Самба да «лақтырылған бананды жеміс ретінде емес, расизм деп қарау керек» деген пікірде.

Ал «Барселонаның» ойыншысы қара нәсілді бразилиялық Неймар «Расизмге жол жоқ, біз бәріміз де бірдейміз. ХХІ ғасырда әлемде расизмнің орын алып отырғаны өкінішті» деп пікірін ашық айтты.

Әрине, жасыл алаңда бананға қатысты бұдан өзге де қызықты оқиғалар орын алып жатады. Францияның үшінші дивизионында ойнайтын «ГФКО Аяччо» клубының ойыншысы – Фамара Дьеду «Ред Стар» клубының қақпасына гол соққаннан кейін алаң сыртындағы орындықта отырған ойыншылардың жанына барып дереу банан жеп, қайта оралған. Бұл әрекеті үшін төреші ойыншыға ескерту сары қағазын көрсетті. Сөйтіп, Фамара «банан жеймін» деп бәлеге қала жаздады. Бірақ бұл әрекетін кейін «расизмге қарсы наразылық» деп түсіндірмек болған.

Алайда алаңдағы футболшылардың барлығы да банан жей бермейді. 2012 жылдың 18 наурызында «Локомотив» – «Анжи» ойыны кезінде дағыстандық клубтың ойыншысы – Кристофер Самбаға да банан лақтырылған. Бірақ мұны Самба жеген жоқ, оны алған күйі фанаттардың өзіне қарай лақтырылған. Бұл оқиғадан кейін Кристофер «Анжиді» тастап Англияға кетті. Бірақ артынан Мәскеудің «Динамо-сына» қайта оралды.

Банан жеміс қой, футболда мұнан да сорақы жағдайлар кездескен. Атақты футболшы Луиш Фигуге шошқаның кесілген басы лақтырылған деген дерек бар. Мамандардың айтуына қарағанда, «банан жаңбыры» Германияның «Боруссия» мен «Бавария» клубы ойнаған сәтте жиі орын алатын



көрінеді. Әсіресе, ел құрамасының және «Баварияның» қақпашысы болған атақты Оливер Канды «Боруссияның» жанкүйерлері жақсы көрмейтін болған. Канның қақпасының маңайына талай рет банан жауған. Салқынқанды Оливер лақтырылған жеміспен асқазанын жұбатып отырған.

Бананға қатысты ең сорақы оқиға 2008 жылы УЕФА кубогы жолындағы бәсекеде «Зенит» пен «Марсель» арасында орын алғанын әлі ешкім ұмыта қойған жоқ. Қара нәсілді француз ойыншысына қарсы «Зениттің» фанаттары банан жаудырған. Сонымен қатар бұл көрініс ойын кезінде бірнеше рет қайталанған. Ақырында француздар УЕФА басшылығына талап-арыз түсіріп, «Зениттің» басшылығы 37 мың евро айыппұл төлеп құтылды.

Расында, кез келген тәртіпсіз әрекеттің соңы – «Көп асқанға бір тосқан». Өйткені ортақ заңдылыққа бәрі бағынуы керек, ол – тәртіпті сақтау. Мейлі, қиқулап, командаңды қолда, бірақ бәрі де ішкі мәдени шеңберден аспауы тиіс. Жалпы, өз-өзіне есеп бере алмайтын жанкүйерді стадионға жолатып қажеті жоқ. Бір жылдары сыртта да, өз алаңында да үнемі ұтыла беретін Қазақстан құрамасының ойынына ызаланған жанкүйердің бірі Алматыда алаңға жүгіріп шығып, доп ретінде қарсыластардың қақпасына өзі кіріп кеткені бар. Қайтсін енді, елінің құрамасы өз алаңында ұтылып жатса. «Ерді намыс өлтіреді» оны түсінеміз. Бірақ одан команданың ойыны күрт артып кетпейді ғой.

Дани Алвеске лақтырылған бананнан кейін әлемнің атақты футболшылары әлеуметтік желілерде өздерінің банан жеп тұрған суреттерін тұтас жариялап, расизмге қарсылығын танытты. Олардың ішінде – Неймар, Халк, Балотелли, Левандовски, Обамеянг, Лима, Суарес, Коутинью, Роберто Карлос және басқа да футболшылар бар.

Расында, жасыл алаңға жанкүйерлер әдемі ойын үшін барады. Нәсілдік кемсітушілік үшін емес.

13 наурыз 2014 жыл



ҰШТЫ-КҮЙЛІ ЖОҒАЛҒАН ҰШАҚТАР

Әлем осы аптаның басынан бері Атлант мұхиты аймағына көз тігіп отыр. Өйткені 3 мамыр күні (2014 жыл) Рио-де Жанейродан ұшып шыққан А-330 ұшағы 11 сағаттан кейін Париждегі Шарл де Голл әуежайына қонуға тиіс болатын. Алайда Бразилия астанасынан түнгі сағат 11.00-де ұшқан әуе кемесімен байланыс арада 3 сағаттан соң күрт үзілгені туралы бүкіл БАҚ пен интернет жарыса жазып жатыр. Біздің мақсатымыз – мұны хабарлау емес, мәселе мынада...

Қазір ұшақпен ұшу ең қауіпті жайлардың біріне айналып барады. Соңғы 100 жылдықты алып қарасаңыз, әуе кемесінің апаты жиілеп кеткенін байқайсыз. Оның ең соңғысы, Атлант мұхиты аймағындағы дүйсенбі күнгі оқиға болып отыр. Рио-де Жанейродан мыңдаған шақырым ұшқаннан кейін бақылау радарынан көрінбей кеткен ұшақтың сынықтары мұхит айдынынан екі күннен кейін табылғаны туралы хабар жетті.

Қалай айтқанда да, 228 адамы бар 20 елдің азаматы әуе апатына ұшырады. Оның ішінде 12 ұшақ экипажынан басқа, 126 еркек, 82 әйел, 8 сәби бар екен. Бразилияның Кабо-Верде жағалауының үстінде оқыс оқиғадан шошынған жолаушылар алыстағы туған туыстарына ұялы телефон арқылы SMS жіберіп үлгергені тіркелген: атап айтқанда, «мен қорқамын», «мен сені жақсы көремін», «енді не істейміз?» деген сарында жіберген хабарламалар соңғы рет қоштасудың сипаты болып мәңгілікке санада қалғанға ұқсайды. Апатқа ұшыраған ұшақта Бразилияның 58 азаматы, 26 неміс, тоғыз итальян, тоғыз қытай, алты швейцарлық, бес ливандық, бес британдық, төрт венгер, үш ирландық пен Норвегия азаматы, сондай-ақ Словения,



АҚШ, Австрия, Ресей, Швеция, Түркия, Хорватия, Эстония, Канада азаматтары болған.

Бразилияның қорғаныс министрі Нелсон Жабин Атлант мұхитынан Бразилия жағалауына мыңдаған шақырым жердегі айдын бетінен Air France авиакомпаниясына тиесілі ұшақтың сынықтары табылғаны туралы жария етті. Министр бұл табылған ұшақ сынықтары айдын бетінде шамамен 5 шақырымға созылып жатқанын айтты. Министр бұл апатқа ұшыраған ұшаққа тиесілі екенін жоққа шығармай отыр. Қалдықтар жиналғаннан кейін ол Бразилия сот-медицина институтында арнайы зерттеледі, содан кейін барып, нақты шешім шығарылады. Орын алған оқиғаға орай, Бразилияда үш күндік қаралы күн жарияланды.

Ал «апатқа ұшыраған ұшаққа не болды?» деген сұрақ әлі талайды толғандырып жатыр. Әзірге бұған қатысты екі-үш болжам ғана айтылуда. Алғашқысы, ұшақтың бес жүйелі электр қуатының бірден істен шығуы деген пікір, екіншісі – әуе кемесін «найзағай ұрған» деген болжамға негізделеді. Ал үшінші болжам «ұшақ бортында лаңкестік әрекет болуы» мүмкін деген мәселеге тіреледі. Дегенмен, үшеуі де нақты емес. Ал тосын апаттың соңғы құпиясы мен жаңалықтары тіркелген «қара жәшік» табыла ма, жоқ па, ол жағы белгісіз күйінде қалды. Әзірге Бразилия мен Франция билігі де, әуе сарапшылары да орын алған оқиғаны апат деп отыр. «Ұшақты белгісіз бағытта айдап кетіп, осындай зардапқа ұрындырды» деген де әңгіме негізсіз. Жалпы, Атлант мұхиты үстіндегі орын алған оқиғаның анық-қанығы әлі де нақтылана жатар. Мейлі, тәжірибелі ұшқыш бол, мәселе онда емес, ақиқаты, тағдырдың жазуынан ешкім қашып құтыла алмайды. Өйтпесе мұхит аспанында авиакатострофаға ұшыраған әуе лайнерінің ұшқышының өзі аспанда 11 мың сағат ұшқан. Өте тәжірибелі маман. Бірақ апат айтып келмейді. Бұл бір емес...



Өткен жылдың ақпан айында Венесуэлладан ұшып шыққан әуе лайнерінің де жолы болмады. Әуе кемесі таулы аймаққа келгенде, жартасқа соғылып, он шақты экипаж мүшелері мен борттағы 45 жолаушы қаза тапты. Алайда тұрғындар таулы аймақтан соғылған жаңғырықты ғана естіген, бірақ қаза тапқандар із-түзсіз кеткендер қатарына жатады.

Бұл – әрине, әуеде болған апаттар. Алайда қойнына құпиясын жасырып жатқан тылсым мұхит та жалпақ әлемге сырын аша қойған жоқ. Жалпы, басқа айдынмен салыстырмалы түрде қарағанда, Атлант мұхитында апаттар жиі орын алады екен. «Мұның сыры неде?» деген сұраққа мамандар әлі бас қатырып әлек. Соның ішінде ең алаңдатарлығы – Бермуд ұштағаны. Соңғы бір ғасырдан бері жауабы табылмай келе жатқан бұл тосын құбылысқа әркім әртүрлі пікір айтса да, нақты көзқарас жоқ. Біреулер Бермуд жұмбағын оның астындағы орасан зор магнитті күшінен іздесе, енді бірі мұхит қойнауында өзге затты жұтатын белгісіз бір күштің барынан іздейді. Енді ше, Бермуд ұштағаны 100 жылға жуық уақыттың ішінде талайды жұтты. Қалай, қайтіп?.. Мұның бәрі осы күнге дейін жұмбақ. Десек те, осы аймақтан өтіп бара жатып, зым-зия болып кеткендер аз емес, адам емес-ау, алып кемелер мен әуе лайнерлері жоғалып жатса не дерсің?! Әлемдік баспасөз осы аймақта 1945 жылдың 5 желтоқсанындағы болған ауыр оқиғаны әлі күнге дейін айтады. Нақтылайтын болсақ, дәл осы күні ағылшынның 5 әскери ұшағын мұхит қойнауы жалмап қойды, сонымен қатар оларды іздеуші-құтқарушы ұшақ та жоқ болды. Ал 1945-1990 жылдар арасында Бермуд ұштағанында 37 ұшақ, 1 аэростат пен үлкенді-кішілі 38 кеме тылсым дүниенің құрбаны болды. Тіпті 1 атом сұңгуір кемесі де аталған аймақта жоғалып кетті. Сондай-ақ он шақты қайық пен балық аулайтын катер табылса да, бір қызығы, олар толыққанды сақталған, бірақ өкініштісі,



бірде-бір адам табылмай, жоқ болып кеткен. Құпия әрекеттің алдында ұшқыштар да, кемедегілер де, тосын қауіптің төніп келе жатқаны жайлы дабыл қақпаған. Сонда бұл не тылсым күш? Тек бір-екі жағдайда ғана азаматтардың тосын әрекеттері естілген. Бермуд ұштағанына тап болған кемедегілердің ішінен бір үндіс қана өлім туралы ән айтқан, енді бір кемедегілер «біз түк түсінбей келе жатырмыз, қай бағытта екеніміз белгісіз. Айналамыз аппақ, ақ су» деген секілді хабарламалар жіберген. Ал қалғандарының бәрінен жердегілер радистен «жағдай ойдағыдай», «жуырда жетіп қаламыз» деген ақпараттар алған.

Айта берсек, апатқа қатысты әңгіме көп. «Құдай сақтанғанды сақтайды» дейді. Бірақ...

2014 жылдың 8 наурызында Малайзиядан ұшып шыққан ұшақтан да әлі хабар жоқ. Қайда кеткені белгісіз, әркім әртүрлі болжам айтады. Бірақ өкінішке қарай, ешқайсысы да шындыққа сәйкес келмей отыр. «Адам баласы өркениетті өмірдің ең жоғары сатысында тұр» деп болжам жасасақ та, әлі тылсым дүние сырын түгел аша қойған жоқ. Malaysia Airlines авиакомпаниясының ұшағының табылмауында қандай сыр жатыр? Ұшақты айдап әкетті ме? Жоқ, әлде алып «әуе кемесі» бөгде планеталықтардың қолында ма? Сан түрлі сауал осылай жалғаса береді. Десек те, Малайзия ұшағының із-түзсіз кетуі тарихта бірінші рет орын алып отырған жоқ. Әлемде хабарсыз кеткен мұндай оқиғалар жеткілікті. Бірақ «жоқ іздегендер» тылсым құпия сырдың қатпарын әлі аша алмай әлек. 8 наурыздан бері алты айға жуық өтсе де, іздеу әлі жалғасуда. Бірақ әлемді шошытқан мұндай тосын жайттар соңғы екі-үш ғасырдан бері арагідік болса да жалғасып келеді.

Соның бірі – Амелии Эрхартке қатысты оқиға. АҚШ-тың жолсапар жазушысы авиацияның алғашқы пионерлерінің бірі ретінде де тарихта аты қалған. Ол Атлант мұхитының үстінен алғаш рет жалғыз өзі ұшып өткен



ұшқыштардың бірі. Ол осы сапарына қатысты бірнеше рет деректі детектив шығарма жазған адам. Кейін әйел ұшқыштардың ұйымын басқарып, оның президенті болды. 1937 жылы Амелии Эрхарт екі моторлы жеңіл ұшақпен әлемді айналып шығуға бел буады. Алайда бұл арманы жүзеге аса қойған жоқ. Эрхарт Тынық мұхитының үстінен ұшып бара жатқан сәтте хабарсыз кетеді. Алайда бүгінгі күнге дейін оның сыры мәлімсіз күйде қалып отыр. Оның жоғалып кетуіне не әсер етті? Белгісіз. Кейбіреулер «ол АҚШ-тың агенті болғандықтан, оны жапондық сұрмергендер атып түсірді» десе, екіншілері «ол өзінің із-түзсіз кетуін жұрттан жасырып, басқа жақта өмірінің соңына дейін тығылып өмір сүрді» дегенді айтады. Ал үшінші сарапшылар «оны бөгде планеталықтар ұрлап әкетті» дегенді айтуда. Қалай айтқанда да, Амелии Эрхарттың өлімі жұмбақ күйінде қалды. Алайда «өткен жылы Атлант мұхитының түбінен осыдан бір ғасырға жуық жоғалған ұшақтың сынықтары табылды» деген дерек айтылды. Бірақ бұл Амелии Эрхарттың ұшағы ма, нақты емес. Тек болжамдар ғана.

Расында, сыры мәлім емес жайттарды жорамалмен ғана айтатын жағдайға жеттік. Мысалы, әлемде Бермуд ұштағанының сыры осы күнге дейін ашылған жоқ. Расында да, Атлант мұхитындағы аталған арал маңына жақын сызық жүйесі талайдың басын қатырып келеді. Мұнда әртүрлі жағдайлар орын алған, жұмыс істеп тұрған кемелің адамдары хабарсыз кеткен, мұның сыры неде? Мамандар мұны осы мандағы әртүрлі тосын құбылыстар мен жерасты өркениетінің өмір сүруінен көреді. Шын мәнінде, ұштағанда баламалы өркениет бар ма? Бұл әлі күнге дейін жұмбақ. Десек те, Бермуд ұштағанында ұшты-күйлі мәлімсіз күйде кеткен оқиғаның бірі – АҚШ әуе күштерінің ұшағы. 1945 жылдың 5 желтоқсанында Форт-Лодердейле әскери базасынан әуеге көтерілген ұшақ тынық айдыңның үстінде қаннен-қаперсіз келе жатқан. Бермуд ұштағанының маңайына



жақындаған сәтте олардан хабар мүлде үзілген. Тіпті ұшақтан тосын оқиғаға кезіккені туралы дабыл да келіп түспеген. Алайда «Қара жәшіктен» ұшқыштардың сөйлескен дауыстары анық естілген. Жұмбақ құбылысқа қатысты «Навигациялық құрылғы істен шықты», «Мұхиттың беті неге қарақошқылданып барады?» деген ұшқыштардың сөздері тыңдалған. Алайда одан арғы жағдай белгісіз, тіпті қанша іздестіру жұмыстары жүргізілсе де, «Әуе кемесінің» сынықтары табылған да жоқ.

Дәл осындай жағдай 1948 жылдың 28 желтоқсанында орын алған. Пуэрто-Рикоға қарай бағыт алған, құрамында экипаж бен 32 жолаушысы бар ұшақ Майамиге жақындаған сәтте радардан жоғалып кетті. Құтқарушылар тобы қанша іздесе де, ол осы күнге дейін табылған жоқ.

Жалпы, әуеге көтерілген соң, бар тағдырың бір Алла мен ұшқыштардың қолында екені белгілі. Тек ұшақтың діттеген жерге жетіп, жайлы қонғанын ғана тілейсің.

1966 жылдың 17 шілдесінде Trans World Airlines авиакомпаниясының ұшағы Джон Кеннеди әуежайынан ұшып шығып, Римдегі Леонардо да Винчи әуежайына қонбақ болған. Алайда бірнеше сағат өткен соң, Boeing-747 Атлант мұхитының үстінде жарылып кеткен. Әуе кемесінің құрамында болған 230 адам қайтыс болды. Бірі де тірі қалған жоқ. №800 рейске қатысты сан түрлі болжам айтылды, бірі «оны АҚШ әуе күштерінің ұшағы атып түсірді» десе, екіншілері «бұл лаңкестердің әрекеті» дегенді айтты. Бірақ АҚШ-тың федералды тергеу бюросы мен Ақ үй бұл жорамалдардың барлығын да теріске шығарды. 2000 жылдың 23 тамызында сарапшылар Boeing-747-ге қатысты апат ұшақтағы сымдардың тұйықталуынан орын алды деген ресми ақпарат таратты. Мейлі, қандай апаттың құпия сыры анықталса да, оның артында адам тағдыры тұрғанын еске алу керек.

1993 жылы әлемдік прокатка «Тірілер» атты киноның



шыққаны мәлім. Бұл – шын мәнінде, өмірден алынған оқиға. 1972 жылдың 13 қазанында құрамында 40 жолаушысы бар Уругвай ұшағы бес экипаж мүшесімен бірге жоғалып кетті. 72 күннен кейін ғана барып, оның сынықтары табылды. 40 жолаушының 16-сы ғана тірі қалған. Айдалада адамзат өркениетінен ада жерге құлаған ұшақтың қанатының астын үйшік етіп өмір сүрген 16 адам қалай тірі қалды? Жан түршігерлік оқиға. Олар бір-бірінің етін жеп, өмір сүрген. Мұндай оқиғаны басқа бермесін, бірақ адам басқа салса, бәріне көнеді емес пе? Өмір сүру үшін жанталасқан тіршілік «Тірілер» киносы арқылы шынайы көрсетілді. Сатқындық, екіжүзділік, өтірік айту мен екі аяқты пендеге қатысты барлық қасиет «Тірілерде» бар.

Негізі, адамға зиянын тигізетін оқиғаның қайсысы болса да жақсы емес.

Жалпы, ұшу траекториясында сан түрлі оқиғалар орын алады. Тек бәрі сәтті аяқталғаны жақсы ғой. 1971 жылдың 24 қарашасында 18 С орындығына отырған Д.Купер есімді жолаушы ұшақ әуеге көтерілген соң бір сағаттан соң «қолында бомба бар екенін» айтып, өзіне 200 мың доллар және бірнеше парашют жеткізуді сұраған. Жақын әуежайға ұшақ қонғаннан кейін барлық жолаушыларды босатады да, Купер парашют пен қажетті қаржыны алады, ұшқыштарға қайтадан ұшуды бұйырады. Экипаж әуеге көтерілген соң, Купер ұшақтың есігін ашады да, жерге парашютпен секіріп кетеді. Одан кейінгі жағдай белгісіз. Купердің кім екенін ешкім білмеген, ол туралы еш дерек жоқ. Купер жерге аман-есен қонды ма, жоқ па, 200 мың долларды қайда жаратты? Бұл туралы еш дерек жоқ.

Десек те, төбеде де түрлі күлкілі оқиғалар орын алып жататынын да ұмытпауымыз керек. Мұны лайнер салонында ұйқылы-ояу отырған жолаушылар аңғара бермеуі де мүмкін. Алайда ұшқыштардың да неше түрлісі болады, америкалық интернет жақында мынандай қызықты бір



оқиғаның орын алғанын жария етті. Әжетханаға барғысы келген шотландиялық ұшқыш аяқ астынан бір айла, әдіс ойлап табады. Ол салонның бас жағында ұшқыштар отыратын кабинаға жақын отырған жолаушылардың біріне жіпке байланған штурвалды басқаруды ұстатады да, өзі тірлігін бітіріп келеді. Тірлігі біткен соң, ол қайтадан штурвалды басқаруды қолға алады. Шын мәнінде, бұл қаншалықты шындық, орын алған оқиғаға кез келген адам сене бермеуі мүмкін.

АҚШ-тың авиакомпаниясының бір ұшқышы 1 сәуір күні жолаушыларды қорқытпақ болған. Ол горилланың киімін киіп, өзінің кабинасынан шығып, салонның аралығынан өтіп, алдыңғы орындыққа отырып, қауіпсіздік белдігін тағынған. Содан кейін ұшқыштардың кабинасына да бір сәт кіріп, орнына қайта келген. Аяқ астынан пайда болған «ақылды жануарға» жолаушылар таңырқай қараған. Ақырында олардың көз алдында шешінген «горилла-ұшқыштың» тапқырлығына қуанып, жолаушылар қол шапалақтап жіберген екен.

Ал Үндістанның бір ұшқышы іші пыскан болуы керек, әуеде келе жатып, «Сақтаныңыздар, Жерге жақындап қалдық!» деп хабарлап жіберген көрінеді. Шошына бір-біріне қараған жолаушыларға қайтадан: «Сабыр сақтаныңыздар, тосын оқиға орын алған жағдайдағы жолаушылардың әрекетін тексергім келді» деп жауап беріпті. Бірақ әзілдің де зілсіз, зиянсыз және орынды шыққаны дұрыс қой.

Бірақ арнаулы қызмет орындарын әбігерге салатын оқиғалар да әуеде орын алып жатады. Рождество күнінің қарсаңында Сиднейден Венаға ұшып шыққан жігіт әйелін қатты сағынып қалса керек, оған СМС арқылы былай деп хабарлама жіберген. «Мен сені мәңгілік сүйіп өтемін. Егер олай-былай болып кетсем, мені есіңнен шығарма, ұшақты лаңкестер басып алды! Өзіңді сақта!». Мұндай қалжың



әйелге тыныш таптыра ала ма? Ол дереу Сиднейдің орталық әуежайына хабарласып, болған жайды айтады. Тіпті Италияның сыртқы істер министрлігіне де хат жолдайды. Ақырында Малайзия, Австрия мен Австралияның арнаулы қызмет орындары аяқтарынан тік тұрып, жағдайды бақылауға алады. Малайзиялық диспетчерлер ұшқыштармен хабарласқаннан кейін ғана барып, жағдайдың қалыпты екенін түсінеді. Қалжыңқой жігітті Австрия әуежайында қолға түсіреді, бірақ оны ұзамай босатып жібереді. Себебі не? Өйткені жігіт хабарламаны полиция және әуежайға емес, әйеліне жібергендіктен, ол қылмыскер болып саналмайды, жазықсыз болып шығады.

Әрине, көп жағдайда әуеде орын алған түрлі жағдайға ішіп алған жолаушылар кінәлі болатыны сөзсіз. Оларға қатысты деректер өте көп. Бұл әсіресе, кейінгі кезде қазақстандық жолаушылардың арасында жиі орын алып жатқаны да рас. Бірақ ол басқа әңгіме.

Негізі, әуеде еш нәрсеге ұрынбай, діттеген жерге аман-есен қонғанға не жетсін!

Әуе апаттары

1995 жылдың 31 наурызы күні Бухарест әуежайында Брюссель бағытына енді көтерілген Румынияның Тагом компаниясының әуе лайнері жермен жексен болып, экипаждың 11 мүшесі мен 48 жолаушысы қаза тапты.

1997 жылдың 26 қыркүйегінде Индонезияның Суматра қаласының маңында елдің Garuda авиакомпаниясының ұшағы апатқа ұшырап, 234 адам қайтыс болды.

1998 жылдың 16 ақпанында Тайвань авиакомпаниясының А-300 әуе лайнері қалың тұманның кесірінен әуежай маңындағы тұрғын үйге соғылды. Апаттың салдарынан 203 адам келмеске кетті.

1998 жылдың 11 желтоқсанында нөсерлеп жауған жаңбыр мен қалың тұманның салдарынан Таиландтың А-310-



200 ұшағы экипажының 14 мүшесі мен 132 жолаушысы қайтыс болды. Тек 45 адам ғана құтқарылды.

2000 жылдың 31 қаңтарында Кения әуежайынан ұшып шыққан А-310 әуе лайнері Гвинея бұғазына құлады, бұл 170 жолаушының соңғы сапары болса, 10 жолаушы аман қалды.

2000 жылдың 23 тамызында Бахрейннің әуе лайнері Парсы шығанағына құлап, әуе бортындағы 143 адам келмеске кетті.

2001 жылдың 12 қарашасында АҚШ-тың Кеннеди әуежайынан ұшып шыққан ұшақ Нью-Йорктің Квинс ауданына құлап түсіп, 260 жолаушы қаза тапты.

2006 жылдың 3 мамырында Арменияның «Армавиа» компаниясына қарасты А-320 аэробусы Қара теңізге құлап түсіп, тосын апат 113 адамның өмірін жалмады.

2006 жылдың 9 шілдесінде «Сибирь» авиакомпаниясына қарасты А-310 аэробусы Мәскеу-Иркутск бағытындағы қону алаңынан шығып кетіп, әуежай маңындағы ғимаратқа соқтығысты. 207 жолаушының тек 70-сін ғана аман алып қалуға тура келді.

2007 жылдың 18 шілдесінде Бразилияның ТАМ компаниясының А-320 әуе лайнері қону кезінде жолақ сызықтан шығып кетіп, әуежай төңірегіндегі жанар-жағармай құю стансасына соғылды. Апаттың салдарынан сол заматта 250 жолаушы қайтыс болды.

14 мамыр 2014 жыл





ПЕРІШТЕ ЖЕБЕГЕН ПЕНДЕЛЕР...

Ежелгі грек аңыздары тылсым құпиясымен бүгінге жетті. «Ахиллестің өкшесі» іспетті өлмейтін кейіпкерлер бүгінгі заманда бар ма? Жоқ-ау, сірә!..

Ахиллестің ең жанды жері – оның өкшесі. Ол өкшеге тиген садақтың оғынан өлді. Бірақ бұл оқиға – аңыз. Аңыз болғандықтан да шығар – құпия сырын ішке бүккені. Қарумен атсаң қасқайып тұра беретіндер бар ма, қазір. Жоқ деп айту оңай, алайда бағзы заманнан жеткен түрлі оқиғаларға көз жүгіртсек, адамзатты жебеп тұратын жоғарыда бір тылсым күш бары ақиқат.

1856 жылы Испаниямен арадағы соғыстан кейін Вильгельм ханзада тұтқынға түскен испан сарбазын атуға бұйырады. Ағашқа оның денесін байлап қойып қанша атса да, ол өлген жоқ. Неге? Мұның сыры кейін мәлім болды, сарбаздың киімін шешіп қарағанда, оның мойнында жалпақ бойтұмар салбырап тұрған. Бүкіл атылған оқ соған тиіп, ары қарай өтпеген. Бұған ызаланған ханзада сарбаздың киімін шешіп, атуға бұйырғанда, «батыр – бір оқтық» болып шығады.

Өмірде жұртты таңғалдырар мұндай оқиғалар өте көп. Мысалы, швед патшасы Карл XII-ге қатысты аңыз-әфсана жетерлік. Үнді сиқыршысы патшаны желеп-жебеп жүрген. Қанша қастандық жасалса да, Карл XII аман қала берген, кейін оның өлімі өзіне тиесілі заттан ғана болатыны анықталған. 1718 жылдың 30 қарашасында Карл XII мергеннің атқан оғынан қайтыс болды. Тексере келгенде, денесіне тиген оқ оның мундирінің металл түймесінен жасалғаны белгілі болды. Сарапшылардың айтуына қарағанда, бұл оқ пен оның шинелінің түймелері қазір Варберг қаласындағы мұражайда сақталып тұрған көрінеді.



Расында, кейбір әфсана тарихта мұндай тұлғалардың болғанын жоққа шығармайды. Үндістан мен Орталық Африканың бірқатар тайпаларының оқ өтпейтін көсемдері болған. Ағылшын саяхатшысы Леинг өзінің «Таман, Куран-кос және Сулимас жеріне саяхат» атты жолсапар кітабында Сулимас тайпасының көсемі Дайлибке қатарда тұрған сарбаздар қанша оқ атса да, оның өлмегені туралы жазған. Шындығында, ол кім? Мұның себебі неде? Сөйтсе, оның құпиясы Жаратқан берген құпия тылсым күште жатқан көрінеді.

Әрине, қазақ әфсаналарында да суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын кейіпкерлер болған. Ұшқыш кілемдер, Көлтаусар мен Таусоғарлар және Желаяқтар өмірде болмауы да мүмкін. Бірақ адамзат армандаған ойға бүгінде техника мен технологияның арқасында жеткен жоқпыз ба? Солай-ақ делік. Алайда пышақтың қырына денесімен жатып, ұшы жоғары қаратылған жүз шегенің үстімен жалаңаяқ жүгіріп өтетін тылсым күш иелері қазақта баршылық. Көзіміз көріп те жүр. Бірақ «батыр да бір оқтық» қой. Бұл мәтелге мойын қанша бұрсақ та, осы кезге дейін жалғыз өзі АҚШ-тың басты жауына айналған Фидель Кастро неге тірі жүр? Саясаттың маңайындағылардың айтуына қарағанда, сол Кастроға 637 рет қастандық жасалған. Оны құралайды көзге атқан мергендер нысанаға алды, автокөлігіне мина қойылды, тамағына, шегетін темекісіне у қосып берді, бәрінен де аман қалды. Тіпті оның өліміне кезінде АҚШ-тың Орталық барлау қызметі 2 миллион доллар ақша тіксе де ол аман жүр. Неге? Кубалықтардың айтуына қарағанда, оның оққағар періштесі бар. Атақты Африка сиқыршысы оған үлкен бойтұмар сыйлаған. Оның ішінде кепкен қан мен ұнтақталған, кептірілген адамның қызыл тілі бар деседі. Енді мұның қаншалықты ақиқатқа сай екендігі белгісіз, бірақ 637 рет қастандық жасалған Кастроның осы күнге дейін өлмей тірі келе жатқаны шындығында шынайы



дерек. Дұрысы, кубалықтар айтатындай, Жаратқан иеміздің Кастроға көзі түскен. Сондықтан да шығар, «Бостандық аралында» қызыл социализмнің туын жалғыз өзі әлі күнге дейін жықпай, желбіретіп келе жатқаны.

Мылтықтың қарауылындағы оқтан аман қалып, ең ұзақ жасайтын тұлғалар әлемде жетерлік. Сол оқиғаның бірі – АҚШ президенті Джеральду Фордқа қатысты. 1975 жылдың 5 қыркүйек күні Чарльз Мэнсон бандасының бір мүшесі Линетт Фромм оны жақын жерден атпақшы болған. Алайда мылтық мұлт кетіп, пистолеттен оқ шықпай қалды. 16 күннен кейін 21 қыркүйек күні «Сара Джейн Мур» солшыл қозғалысының бір мүшесі президент Фордқа таяқ тастам жердегі көптің арасынан оқ атқан. Мұны байқап қалған полицейлердің бірі әлгі қылмыскерді итеріп жіберген. Оқ қиыс кетіп, Президенттің ар жағында қол шапалақтап, қошемет көрсетіп тұрған адам ауыр жарақат алған. Өмірінде екі қастандықтан аман қалған Джеральду Форд ұзақ жасап, 93 жасында өмірден өтті.

Бұл енді айналасында оққағарлары толып жүретін АҚШ президентіне қатысты оқиға ғой, бірақ өмірде өз тағдырымен ойнайтын адамдар да баршылық. Өткен тарих мына бір оқиғаны адамзатқа сабақ боларлықтай етіп жасаған секілді. 1894 жылдың 7 ақпанында АҚШ-тың Колумбия шаһарында Уилл Первис атты жас жігіт өлім жазасына кесіледі. Оны дарға аспақ болғанда, Уилл «Мен барлығын да өлтіріп барып, өмірден өтемін» деп айқай салыпты. Оның мойнына арқан салынғанда, тартылып бара жатқан жіп аяқ астынан үзіліп кетіп, аман қалыпты. Халық жас жігітті аяп, өлімнен арашалап алғанға ұқсайды. Сөйтіп, халықтың ықыласынан кейін өлім жазасын орындау 1895 жылдың 2 желтоқсанына қалдырылған. Бірақ жазаны орындау мерзімі жақындағанда, ол түрмеден қашып кеткен. 1898 жылы ол өмір бойы жазасын өтеу мерзіміне ауыстырылады, алайда халықтың наразылығынан кейін «кінәсіз» деп



танылып, бостандыққа жіберіледі. Дегенмен шындығында, «аққа – Құдай жак». Ақырында Уилл Первис қылмыскер болмай шығады. 1917 жылы Джозеф Бирд деген алқа сотының мүшесі өлерінен бірнеше сағат бұрын Уилл Первистің «кінәсіз» екенін айтып, артына хат қалдырып кетеді. Ал У.Первистің өзі 1938 жылдың 13 қазанында қайтыс болады. Ол бақилық боларда «мені соттамақ болғандардың барлығынан ұзақ өмір сүрдім» депті. Алғашқыда арқан астында айтылған сөзді ол сөйтіп, өмірінің соңында тағы бір рет қайталаған көрінеді.

Бірақ өмірде бәрі адамның ойлағанындай бола бермейді ғой. «Маңдайға жазғанды көресің» деген бар. Италияда тұратын неміс ұлтының өкілі, отбасылы Курт және Иоханн Ганталер Рио-де-Жанейрода он күн демалып, 2009 жылдың 31 мамырында Парижге ұшпақ болады. Алайда ұшаққа кешігіп келгендіктен олар әуежайда қалып қояды. Екі-үш сағаттан кейін олар ұшқан ұшақ апатқа ұшырап, ондағы барлық 216 жолаушы қаза табады. Сөйтіп, екеуі аман қалады. Алайда тағдырдан қашып құтыла алмайсың. Ерлі-зайыпты екеу тағы қыдырып қайтпақ болып, жалға көлік алып, бір аптадан кейін Мюнхенге қарай жолға шығады. Австрияның Куфштайн қаласының маңында апатқа ұшырап, екеуі де бақилық болады.

Ал өмірде періштесі жебеген қарапайым пенделер де көп. Айтар болсақ, Хорватия еліндегі музыка пәнінің мұғалімі Франк Селак қиямет-қайымда өмір сүрген. 1962 жылы ол мінген пойыз рельстен шығып кетіп, 17 адам бақилық болды, Селак қолын сындырып алды. Бір жыл өткен соң, аспанда тосын оқиға орын алып, ұшақ жерге құлайды. Екі-үш сағаттан кейін ізкесушілер ес-түссіз жатқан Селакты 50 метр жердегі жиналған шөптің үстінен табады. 1966 жылы Селак мінген автобус тағы апатқа ұшырайды. Төрт адам қайтыс болып, ол жеңіл жарақат алады. 1970 жылы жолда келе жатқанда, оның көлігі отқа



оранады. Көліктен қашып шыққан Селак тағы аман қалды. 1973 жылы ол отырған вагон жанып кетіп, Селактың шашының жартысы күйіп қалады. Тағы да тірі. 1995 жылы оны автобус қағып кетеді. Аман. 1996 жылы жеңіл көлікпен келе жатқан оны ауыр жүк көлігі соғады. Рульді тез бұрып әкетіп, ол тағы тірі қалады. Айтса, адам сенбейтін оқиға. Бірақ өмір бойы қатермен арпалысып келе жатқан Франк Селак өзін алда үлкен байлық күтіп тұрғанын білген жоқ. 2003 жылы ол өмірінде бірінші рет дүңгіршектен лоторея билетін сатып алады да, 1 миллион доллар ұтысқа ие болады. Жоғарыдағы тылсым күш оны соңғы сәтке дейін қатерден аман сақтап келіп, осылай аяқ астынан бай еткісі келген болар.

Расында да, бір Жаратушы күштің жебеп тұратыны шындық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Раббысын еске алатын адам мен оны еске алмайтын адамның айырмасы тірі мен өлінің айырмасында» депті. Алла тағаламыз тағы да былай дейді: «Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын және маған шүкірлік етіндер де, күпірлік, етпендер» дейді.

Демек, қай жерде жүрсек те, Жаратушы иемізге жалбарынып, жиі еске алып, шүкірлік етуден басқа артық амал жоқ.

19 мамыр 2014 жыл





ӘЛЕМ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ ЗОР АПАТ

Өткен аптаның соңында (2014 жыл шілде) Украинаның Донецк аймағында, Ресеймен шекаралас жерде атып түсірілген Малайзияның жолаушылар тасымалдайтын ұшағына қатысты дау әлі толастамай тұр.

Ұшақты кім атып түсірді, ресми Киевтің әуе күштері ме, жоқ әлде, оларға қарсы соғысып жатқан Донецк жасақшылары ма? Қорытынды нәтиже әлі айтылған жоқ. Бірақ болжам жетерлік.

Сөйтіп, әлемнің назары тағы Украинаға ауды, қазір бір-неше жақ бір-бірін айыптап жатыр. Ресми Киев бұл оқиғаға Ресейдің қатысы бар десе, Ресей президенті Путин «егер Украинада соғыс болмаған жағдайда, ұшақ апаты орын алмайтын еді, сондықтан бар жауапкершілікті Украина мойнына алуы тиіс» деп отыр. Ұшақта 298 жолаушы болған, оның 189-ы – Нидерланды азаматтары. Кеше осы елдің премьері «Украинадағы жағдайды реттеуге Путиннің соңғы мүмкіндігі қалды» деген пікір айтты. Ақ үйдің қожайыны Барак Обама мәселе анықталмай жатып, «ұшақты атып түсірген – Донецкідегі сепаратистер» деп айыптау жасап үлгерді. Ал Киевке қарсы соғысушылар «бізде алыс қашықтықтағы ұшақты атып түсіретін ракета жоқ» деп жатыр.

Онсыз да үш-төрт айдан бері қанды қырғын жүріп жатқан Украинадағы жағдайды алпауыт елдер реттей алмай жатқанда, міне, оған ұшақ апаты келіп қосылды. Қалай айтқанда да, жағдай бұрынғыдан да күрделенейін деп тұр.

Жалпы, әлемде ұшақ апатына қатысты жайттар өте көп. Мұндай тосын оқиғалар халықаралық саяси жағдайға күрт өзгерістер алып келуі де мүмкін.

Негізі, әуе кеңістігінде кетіп бара жатқан ұшақты атып түсіру қорғаныс қуаты мықты немесе қолында ракеталық



техникасы бар лаңкестік топтардың ғана қолынан келеді. Ал бұл жолғы оқиғаға кімнің қатысы бар? Белгісіз. Қазір ақпараттық соғыс қызып тұр. АҚШ, ОБСЕ, Австралия, Малайзия мен Нидерландының жүздеген сарапшылары қазір ұшақ құлаған аймақта. Өлі денелер мәйітханаға тасып әкетіле бастады. Десек те, тәуелсіз ел ретінде өзінің әуе кеңістігін бақылай алмай отырған Украина осы сәтті пайдаланып, «Донецк пен Луганск сепаратистерін лаңкестер деп тану туралы» халықаралық талап-арыз дайындап жатыр. Қалай айтқанда да, осы ұшақ оқиғасынан кейін Украинадағы жағдайға қатысты үлкен бетбұрыс болуы мүмкін. Әлемдік алпауыт елдер Ресейге қатысты санкцияны күшейтеді немесе ресми Киев пен оған қарсыластар бітімге келеді, тіпті соғысып жатқан араға бейбітшілік күштер орналастырылуы мүмкін. Бірақ соңғысы бола қоюы қиындау.

Ақиқатында, соңғы 50 жылда ұшақ апаты әлемді алаңдатқан қауіпті оқиғаға айналып отыр. Оның ең сорақысы 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йоркте орын алғаны белгілі. Бүкіләлемдік сауда орталығында 3 мыңға жуық адамның өмірін жалмаған қанды оқиғадан кейін АҚШ-тың халықаралық саяси ұстанымы өзгеріп шыға келді. Ауғанстанға соғысты бастады, Саддамды дарға асты, Иранға санкция жариялады, Украина мен Грузияда «түрлі-түсті төңкеріс» ұйымдастырды, Солтүстік Кореяға қысым жасады, «Араб көктемі» халқына ызғарын ала әкелді. Ақ үй өкілі соңғы 20 жылда Украинада «жылымық демократия» үшін қанша ақша аударғанын да айтып салды. Негізі, өз геосаяты үшін Ақ үй осы жолы да Донецк мен Луганск жасақшыларын «Лаңкестер» деп тануға барынша күш салады. Бұл ресми Киевке де, Ақ үйге де тиімді болып қала береді.

Қазір бүкіл әлем әскери салада әуе шабуылына көп көңіл бөледі. Сонау 1941 жылғыдай ешкім окоп қазып, «ура лап»



алға жүгірмейді. Ауыртпалықтың бәрі де әуеден келеді, ұшып келіп жарылып жатқан снарядтардың зардабын бейбіт тұрғындар ғана көреді. Соғыс болып жатқан аймақта қыруар ақша, жасырын құпия мәмілелер мен қару-жарақ саудасы қатар жүреді. Артынан аспандағы ұшақты атып түсіретін зениттік құрылғылар мен ракеталардың зардабы саяси проблемаға айналып шыға келеді. Бір ғана мысал, өткен ғасырдың сексенінші жалдары КСРО Ауғанстанға басып кіргенде, Америка кеңестік жауынгерлерге қарсы тәлібтерді дайындап шығарды, тіпті оларға қару-жарақ тасыды. «Стингер» ракеталық кешенімен қаруландырды. Бірақ сексенінші жылдардың аяғында кеңес жауынгерлері Ауғанстаннан шыға бастағанда, Пентагон өздері берген қаруды қайтара алмай қалды. Тіпті АҚШ конгресі тәлібтерге сатқан ракеталарды өздеріне кері алу үшін 45 миллион доллар қаржы да бөлді. Бірақ 400 ракеталық кешен исламшыларда қалып қойды. 1994 жылдың 6 сәуірінде Руанда мен Бурунди басшылары Жювеналь Хабитаримана мен Сиприен Нтарьямира Конгодағы жағдайды реттеу үшін халықаралық конференциядан қайтып келе жатқан тұста, олардың ұшағы осы «Стингер» ракеталық кешенімен атып түсірілді деген дерек бар.

Жалпы, бейбіт өмір сүргенге не жетсін?! Соғыс болған аймақта жазықсыз жандар бақилық болады. Өткен ғасырдың соңында Қарабақтағы жағдайды реттеу үшін араағайындық жасауға барған делегация құрамындағы қазақстандық шенеуніктер де әуе кеңістігінде құрбан болды. Мұндай деректер көп. 1961 жылы Конгодағы соғысушы екі жақты бітімге келтіруге барған БҰҰ басшысы Даг Хаммаршельдтің ұшағы белгісіз жағдайда апатқа ұшырады. Конгодағы қырқысушы екі жақ ақыры бітімге келді. Кейде мұндай саяси, тосын оқиғалар ел басындағылардың да ұстанымын өзгертіп жіберуі мүмкін. 1986 жылы Мозамбик президенті Самора Машелді



тасымалдайтын кеңестік экипаж тауға барып соғылды. Бұл оқиға елдегі қырқысушы екі жаққа ой салғаннан кейін барып қана бейбіт келісім орнады. Ақырында елдің саяси бағыты өзгерді.

Жалпы, әуе кеңістігінде орын алатын авиапаттар кейде қоғамға соншалықты ақпараттық және саяси дүрбелең әкелмеуі де мүмкін. Мысалы, бортында 1988 ракетасы бар Американың Vincennes крейсері Парсы шығанағында ішінде 300 жолаушысы бар Иранның ұшағын атып түсіргенде, Ақ үй кешірім сұраған да жоқ. «Мұны Иранның әскери соғыс ұшағы деп қателесіп, атып жіберіппіз» деп мәлімдеме жасаған да қойған. Тек кейіннен халықаралық соттың алдын алып, сегіз жыл өткен соң барып қана 62 миллион доллар өтемақы төледі.

Жалпы, саясатта ел басына кім келеді, мемлекеттің ұстанған бағыты соларға байланысты өзгеріп отырады. Украинада да солай болып тұр. Ал 2001 жылы Қара теңіздегі жаттығу кезінде Украина ракетасы Мәскеуге ұшып келе жатқан жолаушылар тасымалдайтын Ту-154 ұшағын атып түсіргені белгілі. Ол кезде ресми Киев Мәскеудің саяси және стратегиялық одақтасы болатын. АҚШ-тың Жер серігі радарлық барлау қызметі шынайы деректерді қолға ұстатса да, «бұл Киевтің кінәсі емес» деп сол кезде Мәскеу оқиғаны жылы жауып қоя салған. Киевте тұрып, президент Кучма да мұны жоққа шығарған. Осы жолы қайтер екен? Донецк аспанындағы шынайы картинаның шындығын кім ашады, әлде тағы жасырын келісім арқылы мәселені жабық жағдайда қалдыра ма? Қалай айтқанда да, бұл авиапаттың орны бөлек. Оның артында бақылап, Ресей және тағы басқа мүдделі алпауыт елдер тұр. Сондықтан Донецк әуе кеңістігіндегі атып түсірілген ұшаққа қатысты қазір араласып тұрған «қыңыр кісі мен қырық кісі» бір бітімге келіп, мәселені шешпесе, жағдай қиындай түседі. Қырғын ажал әкелетін құрылғының бір нүктесін баса салудың зардабы



енді әртүрлі болуы да ықтимал. «Қасқырдың аузы жесе де – қан, жемесе де – қан». Әлемдік мүдделі топ Донецкідегі қарсыласушыларды кінәлі етіп шығаруы әбден мүмкін. Өйткені Ақ үй сарапшылардың қорытындысы шықпай жатып-ақ, қазірдің өзінде Украинаның шығысында Киевке қарсы соғысып жатқандарды кінәлі етіп көрсете бастады. Ақиқат бір нәрсе бар, алдағы уақытта Ресейге ақпараттық және экономикалық қысым жасау арта түседі. Бірақ...

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген рас екен. Әлем кінәліні іздеп, күмәні сейілмей тұрған уақытта, малақайын аспанға атып, қуанып жатқандар да бар. Ол жекелеген адамдарға қатысты. Голландияның велошабандозы малайзиялық жігіт Мартин де Йонг осымен екінші рет ұшақ апатынан аман қалды. Үстіміздегі жылдың 8 наурызында Куала-Лумпурдан Бейжіңге қарай ұшқан, осы күнге дейін хабарсыз кеткен малайзиялық ұшақтан ол кешігіп қалған. Екіншісі – міне, Донецк аспанында атып түсірілген ұшақ. Арзан билет табылған соң, велошабандоз Мартин де Йонг басқа ұшаққа отырған. Голландиядағы веложарысқа қатысып, Малайзияға қайта оралмақ болған оның сөйтіп, жолы болды. «Періштесі бар» деген осы шығар. Тіпті кейбір отбасының мүшелеріне малайзиялық компанияның ұшақтары қайта-қайта ажал құштырып отырған жайы бар. Үй сатумен айналысатын австралиялық Альберт пен Мари Ризк те Донецк аспанында бақилық болды. Ал оның ұлы мен келіні сол 8 наурызда Куала-Лумпурдан Бейжіңге қарай ұшқан ұшақта хабарсыз кетті. Кездейсоқтық па, кім білсін, Донецкіде атып түсірілген ұшақ экипажының бір мүшесі әріптесімен келесі ауысымға ауысқан, сөйтіп, ол тірі қалды. Ал оның әйелі стюардесса сол 8 наурызда жоғалып кеткен ұшаққа отырмай, әріптесімен келісіп, келесі рейске жұмысқа шыққан. Өмірде осындай жағдайлар орын ала береді. Мына қызықты қараңыз, Барри мен Иззи Сим Куала-Лумпурға ұшақ болып, Амстердамның әуежайына



келгенде, олардың біреуіне билет табылмай қойған. Сөйтіп, олар екі сағаттан кейін ұшатын KLM компаниясының ұшағына билет алған. Донецкіде апатқа ұшыраған ұшаққа билет алып, бірақ шаруалары тығыз болғандықтан, бір күн бұрын ұшып кеткен Симон Ла Посттың отбасы да бүгін Құдайына құлшылық етіп отырған жайы бар.

Ақиқатында, Донецк аспанында атып түсірілген ұшақ оқиғасының саяси зардабы үлкен болуы мүмкін десек те, оны уақыт көрсетер.

...Сарапшылар мәселенің мән-жайын анықтап жатқан тұста, Малайзияның Malaysia Airlines компаниясы ресми мәлімдеме жасады. Енді бұл компания ұшақтары Украина төбесінен емес, Еуропаға баратын басқа баламалы бағытпен ұшатын болады. Ескерте кететін бір жайт, Украинада соғыс басталғалы бері Азия-Тынық мұхиты аймағындағы бірқатар елдер бағытын өзгертіп, басқа әуе жолымен ұшатын болған. Енді міне, әуеапатынан кейін Малайзия компаниясы да баламалы жол іздеп, ұшу бағытын өзгертті. Бірақ өлгеннің орнын ешкім толтыра алмайды ғой.

Жалпы, соғыс болып жатқан аумақта атып түсірілген алып ұшақтар туралы ақпараттың сыры көп жағдайда ашылмаған күйі қала береді. Донецкі аспанындағы «Бойнг» та жұртқа беймәлім күйінде қалатын шығар. Өйткені мұндай тосын оқиғалардың артында әлемге әлімжеттік жасайтын алпауыт елдердің билігі тұруы жұмбақ нәрсе емес.

21 шілде 2014 жыл





МИДЫҢ ҚАНША ПАЙЫЗЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Бұл әлімсақтан ғалымдарды толғандырып келе жатқан мәселе екені белгілі. Олай болса, халық санасында жатталып қалған «адам миының 10 пайызы ғана жұмыс істейді» деген сөз қаншалықты шындық?

Расында, пенденің миы 100 пайыз жұмыс істесе, адамзаттың бәрі ақылды, данышпан болып кетпей ме? Сонда ақиқаты қайсы? Екі аяқты пенденің миының 10 пайызы ғана жұмыс істеп, қалған бөлігі ұйқыда жата ма?

10 пайыздық белсенділікті осы уақытқа дейін дәлелденбейтін аксиома ретінде қабылдап келгеніміз де жасырын емес. Алайда ғалымдар бұл деректі жокқа шығарған сынайы бар. Жақында режиссер Люк Бессонның «Люси» атты кинотуындысы жарыққа шықпақ. Мұнда режиссер «адам миының күш-қуаты мен жұмыс істеу мүмкіндігі қаншалықты?» деген сауалға жауап іздейді. Блокбастерде нейрофизиолог Морган Фримен өзінің пациентіне «мидың бір бөлігі ғана жұмыс істейді, бірақ оны жокқа шығаруға болады» деп кеңес айтады. Мұнан соң кейіпкер ойланып, адам қабілетінің қаншалықты екенін көрсету үшін барын салып, жан-жақты жұмыс істейді. Бұл кинодағы жағдай ғой.

Анығында, бұл мәселеге қатысты кейінгі кезде неврологтардың көзқарасы да өзгере бастағандай. Кембридж университетінің ғалымы профессор, нейропсихолог Барбара Саакян «адам миының бір бөлігі ғана жұмыс істейді деген ұғымды ойлаудың өзі күнә, ми бір сәт толас таппайды, ол әрқашан жұмыс істеп тұрады. Мидың әр бөлігі бір уақытта әртүрлі қызметті атқарып отырады. Көру мен сезу, есту, сөйлеу құбылыстары бір мезетте келуі де мүмкін. Сондықтан мидың 90 пайызы ұйқыда жатады, жұмыс істемей тұрады деу қате, бұл ешқандай сын көтермейтін нәрсе» дегенді айтады.

Профессор Саакян «мидың 10 пайызы ғана белсенді жұмыс



істейді» деген болжам бос әңгіме, ол алғаш рет жорамал айтқан ғалымдардың бірінің аузынан шыққан болуы керек. Сөйтіп, бұл ғылыми жорамал кейін Дейл Карнегидің 1936 жылы шыққан атақты «Как завоевывать друзей и оказывать влияние на людей» деген кітабына еніп кеткен» деген пікірде. АҚШ-тың Принстонск университетінің нейробиологы Сэм Ван да әріптесінің пікірін қолдайды.

– Мұндай пікір адамдардың жігерін жану үшін немесе өзіне сенімін арттыру үшін қолданылған болуы да мүмкін. Өйткені адам алғашқыда «мидың 10 пайызы ғана жұмыс істеуі қаншалықты қисынды» деп өзін тағы қамшылауы бек ықтимал. Сондықтан миын жұмыс істету үшін еңбек етуге талпына түседі, – дейді нейробиолог Сэм Ван.

Алайда әлімсақтан бері бұл пікірдің адам санасына сіңіп кеткені соншалық, зерттеушілердің нәтижесі ескі ұғымның әлі де бар екендігін көрсеткен. Америкалықтардың 65 пайызы «адам миының 10 пайызы ғана жұмыс істейді» деген пікірге толық сенетінін айтқан, ал 35 пайызы оған күмәнмен қарайтынын білдірген.

Бірақ «адамның миы ақыл мен идеялар қоймасы» екені жасырын емес. Адамға бір сәтте келетін ойлардың орташа саны 70 мыңды құрайды екен. Демек, мидың жұмыс істеу қабілеттілігінің мықтылығы осында. Ғалымдар «ми оттегісіз 4-6 минут өмір сүре алады, содан кейін өле бастайды» деген дерек келтіреді. Егер миға оттегі 10 минут жетіспеген жағдайда, ауыр күйзеліске ұшырап, зақымдалады екен. Адамның миы кез келген энциклопедиялық білімнен бес есе артық ақпаратты өзінде сақтай алады. Ғалымдардың дәлелдеуіне қарағанда, ми күндіз емес, түнде белсенді жұмыс істейді екен.

Дегенмен, мысалы мидың салмағы ауыр болса, ол адам соншалықты ақылды болып келе ме? Бұл пікірді ғалымдар жоққа шығарады.

Мысалы, кит миының салмағы 7000 грамға дейін барады, өзі алып болса да, пілдің миы 5000 грамм тартады, әрине, оларды адамның миымен салыстыруға келмес. Бірақ хайуандардың



миы адамдікінен қаншалықты ауыр болғанымен, олар соншалықты ақылды емес. Әлемде адамзаттан артық данышпан ешкім жоқ. Бірақ айта кететін бір нәрсе, әйел мен еркектің миының көлемі жағынан да, құрылымдық жағынан да айырмашылығы бар. Әйел миының салмағы ерлерден орташа есеппен алғанда 10-15 пайыз кем. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа». Бірақ америкалық ғалымдар әйел миының нейроны белсенді жұмыс атқаруға өте бейім екендігін айтады. Олардың «ақылы 10-15 пайыз кем» болғанымен, миы өте белсенді, нәзік жандылардың «басында» сезімталдық қасиеті өте мықты дамыған.

Ғалымдар адамның интеллектісі де оның миының салмағына байланысты болмайтынын айтады. Мысалы, дүниеге мықты туындыларды әкелген орыс жазушысы Тургеневтің миының салмағы – 2012 грамм. Ал атақты Италия ақыны Дантениң миы 1420 грамм тартады. Әлемге ұлы жаңалықтар әкелген Эйнштейннің миы қарапайым адамдыкімен бірдей болып шыққан.

Бірақ адамның миының салмағы өне бойы бірдей болып тұра ма? Ғалымдардың есептеуіне қарағанда, орта жастағы еркектің миы 1,424 келі болады екен, ал қартайған кезде 1,395 келіге азаятын көрінеді. Жалпы, XIX ғасырдан бастап мамандар адам миының өзгеріп, дамып, жетіліп келе жатқанын айтады. Мысалы, XVIII ғасырда еркек миының орташа салмағы 1,372 келі тартса, қазір одан сәл ғана ауырлау. Ғалымдардың айтуына қарағанда, мидың ең жедел даму көрсеткіші 2-11 жас аралығында байқалады екен. Адамның интеллектісі терең болған сайын оның сырқаты да азаятын көрінеді. Сонымен қатар пенденің ақыл-ойын дамытатын тағы бір нәрсе, ол адамның өзіне таныс емес бөгде іспен айналысуы болып табылады. Әрине, бұл мәселе өз-өзінен де түсінікті шығар, өйткені адам өзі қолға алған бөгде саланы дамыту үшін, барын салып, ізденеді емес пе?

Сондықтан «мидың 10 пайызы ғана жұмыс істейді» деген ескі түсініктен арылып, барынша белсенді жұмыс істеген дұрыс шығар.

5 тамыз 2014 жыл



АЛТЫН КӨРСЕ...

Сарапшылардың айтуына қарағанда, өткен ғасырдың 50-жылдарында Кеңестер Одағында жұртшылықтың жаппай бриллиант тағуы үлкен сәнге айналды десек болады. Оның үстіне көздің жауын алатын мұндай жауһар халыққа қолжетімді еді. Бұл – бір.

Екіншіден, сол кезде Якутияда қоры мол алмаз кені ашылды. Сарапшылар бұл туралы сол кездегі басшы Хрущевке мәлім еткенде, ол бірден арнайы Кеңес құрған. Аяқ астынан пайда болған бұл қазынаны қайда жаратарын білмей, биліктегілер «халықтық байлық» еткісі келген. Қазір қарасаң, күлкілі көрінер, Хрущевтің арнайы кеңесі «бұл асыл бұйымдарды әйелдерге беру керек» деп шешті: «Әр сауыншыға – бір жұп сырға бриллиант!». Сол кездегі фермадағы сауыншылардың ай сайынғы жалақысы 50 сомды құрады. Ал асыл жауһардың бағасы – 100 сом. Бірақ билік қашанғы халықпен бірге бола берсін, сауыншыларға бриллиант тарату әдісі өзгеріп кетті. Оны кейіннен артистер, жоғары шенеуніктің әйелдері мен көңілдері, дүкеннің директорлары тағатын болды. Асыл тастар, қымбат жауһарлар арнайы дүкенге шығарылды. Бұл кезеңде оны алуға қарапайым халықтың қаржысы жетпеді. Бірақ «алтын көрсе, періште де жолдан таяды» деген емес пе?

Өмірі байлықпен өткен, мойынға, қолға, құлаққа тек алтын, алқа, бриллиант пен әшекейлі сырға, жүзіктер тағатын асыл жандар өмірінің ақыры жақсылықпен аяқталған жоқ. Одан шығатын қорытынды мынау: алтынға қызыққандар оған арбалып қалады немесе абақтыдан бір-ақ шығады. Мысалы, Сталиндік сыйлықты екі рет алған, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған Ресейдің еңбек сіңірген артисі Зоя Федорованың өлімін біреулер «мафия бриллиантымен»



байланыстырады. Шындығында солай ма, жоқ па, ол жағы белгісіз. Бірақ 1981 жылдың 11 желтоқсаны Ресей кино-сүйер қауымы үшін қаралы күнге айналды. Осы күні өзінің Мәскеудегі үш бөлмелі пәтерінде оны белгісіз біреулер білдірмей артынан келіп, атып кетті. Кім атты, өлтіруге тапсырыс берген кім? Бұл осы күнге дейін құпия жағдайда қалып отыр. Базбіреулер «бұл КСРО қауіпсіздік қызметкерлерінің ісі» дегенді айтады. Сот сарапшылары атақты артисті өз үйінде телефонмен сөйлесіп тұрған сәтте оны артынан дыбысы шықпайтын 7,65 калибрлі шетелдік «Зауэр» тапаншасымен атып кеткен деген болжам айтады. Жасырақ кезінде Ресейдегі АҚШ елшілігінде қызмет еткен азаматпен бірге тұрып, одан бір қыз тапқан Зоя Федорова асыл бұйымдармен, әшекейлер мен алтын бриллиант сатумен де аты шыққан. Кейіннен артист гастрольдік сапармен Қырымға кеткен күннің ертеңіне ҰҚҚ қызметкерлері аяқ астынан келіп, оның азаматтық некеде тұрған шетелдік күйеуін 8 сағаттың ішінде Ресейден АҚШ-қа қоныс аударып жіберген. Күйеуінің жер аударылғанын сапардан келген күні естірткен. Бірақ іште қалған қызымен өмір сүрген актриса кейіннен алтын әшекей бұйымдарын сатумен қайта айналысқан. Бірақ оны кім өлтірді? Сотта төрт жүзге жуық куәгер сұралса да, өлім жұмбақ күйінде қалды. Шындығында, Федорова «мафия бриллиантары» мүшесінің бірін жолын кесіп кетті ме, ол жағы да белгісіз. Кейбіреулер атақты артист оның азаматтық некедегі күйеуінің інісінің қолынан қаза табуы мүмкін екенін айтады. Базбіреулер Вашингтон – Мәскеу авиажүйесінде ұшқыш болып жұмыс істейтін америкалық жігіт Федорованың үйіне келіп жүріп өлтіріп кетуі ықтимал деген жорамал айтқан. Өйткені мәскеулік БАҚ Федорованың өлімінен соң америкалық жігіттің кенеттен байып кеткенін жазады. Сөйтіп, Сталиннің қолынан екі рет сыйлық алған Федорова алтын, жауһар, асыл тастардың құрбаны болды.



Ақшасы бар адамға не алса да жарасады емес пе?! Дженнифер Лопес 1,5 миллион доллар тұратын бриллиантты қолына тағады. Ең қымбат гауһар тастармен жұртшылықтың көз жауын алған танымалдылардың бірі – Мадонна. Ол режиссер Г.Ричиге тұрмысқа шыққан күні бір күндік қуаныш үшін тойға бағасы 300 мың доллар тұратын бриллиантты саусағына тақты. 2005 жылы атақты футболшы Дэвид Бэхкем әйелі Викторияға құны 1 миллион 800 мың доллар тұратын бриллиантты сыйға тартты. Мұндай үлкен сыйлықтар дәулеті тасыған адамдарға жарасар. Бірақ адамның қызығушылығы кейде байлыққа, көрсеқызарлыққа, құмарлыққа айналып кетеді емес пе?

Ресейдің атақты артисі, миллиондардың сүйіктісіне айналған әнші Людмила Зыкина да жауһар әшекейлерін «арқалаған» күйі өмірден өтті. Ол ешкімге аманат қағаз, мұрагерлікке байлығын тастаған жоқ. Сарапшылардың бағалауына қарағанда, оның әшекей бұйымдары мен байлығы 500 мың долларға бағаланған көрінеді. Қайтыс болғаннан кейін біршама уақыт өткен соң оның бриллиантары аукционда сатылды. Бір ғана мысал, кезінде Әзірбайжанның президенті болған Гейдар Әлиев сыйлаған 121 қымбат тастары бар алқа аукционда 1 миллион 500 мың рубльге сатылды. Ал қолына үнемі тағатын, арнайы тапсырыспен жасалған жүзігі 1 миллион 400 мың рубльге тең болды. Табиғи бриллианты бар алтын сырғасы (18.3 каратасы бар) 8 миллион рубльге сатылды. Міне, осы үш асыл заттың өзі-ақ Зыкинаның байлығының барын көрсетті. Әнші қайтыс болғаннан кейін оның қазынасына қол сұғушылар табылды. Бірақ әншісін сыйлаған орыс жұрты оның қазынасының қайда жатқанын іздеді, журналистер ұзақ сонар мақала жазды. Ақыры оның асыл қазынасының барлығын күтушісі сақтап қойғаны белгілі болды. 2009 жылы дүниеден өткен КСРО халық артисі Людмила Зыкинаның бағалы бұйымдары Мәскеуде аукционда 31,787



миллион рубльге сатылды. Оның көпшілігін аты-жөні аталмаған әншінің талантына табынушы топ көтере сатып алды. Сауда барысында бағалы бұйымдардың құны екі есе өсті. Мәселен, білезік пен «Зүбаржат арал» сақинасының алғашқы бағалау құны 45-64 мың рубль болса, олар 800 мың рубльге сатылды. Аукциондағы ең қымбат лот бриллиант алтын сырға болды, ол 6,5 миллион рубльге өткізілді. Саудадан түскен барлық қаражат Зыкинаны есте қалдыру шараларына жұмсалатыны айтылды. Әрине, байлыққа ие болған адам өзі дәурен сүргеннен кейін оны ұрпағына қалдыруға тырысады. Бірақ өмір оның өзі ойлағанындай бола бере ме? Атақты адам көз жұмған соң оның қазынасын талан-таражға салушылар да кездеседі.

...Бірақ өмірде белгілі бір нәрсе бар: байлық адамға жолдас емес, әкенің малы балаға мал болмайды.

16 тамыз 2014 жыл





ЖҰМБАҒЫ КӨП ЖАРАТЫЛЫС

«Жер шарындағы ең ақылды кім?» деген сауал қойсаңыз, оның жауабы дайын. Әрине, «ең ақылдылар – адамдар емес пе?» деп күдіксіз жауап бересіз.

Бірақ адамның да білмейтіні көп. Жаратылыс адамзатқа әлі де құпиясын бүгіп келеді. Оның жауабын ақылдылар әлі күнге дейін іздеп таппай әлек. Зерттеушілер ақыры оның құпия сырын аша алмаған соң, «әлемде жер бетінен өзге тіршілік, басқа да өркениет бар» деген топшылауды ғана айтады. Бірақ болжам бар да, дәлелдің нақты ізі жоқ.

Расында, әлемде көк аспанда анда-санда түсініксіз нысандардың бой көрсетіп қалатыны жасырын емес. Бірақ ол не? Түрлі болжамдар айтылғанымен, түйткілі шешілмей тұр. Әлі күнге дейін. Құпиясы ашылмаған соң, болжамдар да азаймайды. Бірақ аспан денесіндегі бөгде планеталықтарға қатысты әңгіме бүгіннен басталған жоқ қой. Біздің эрамызға дейінгі 1500 жылдары Александр Македонскийдің жауынгерлері «аспанда ұшып бара жатқан отты шарды көргенін» айтқан. Тіпті бірде жауынгерлер ең далада келе жатып, «екі үлкен дөңгелек екі нысанның аса жоғары жылдамдықпен келіп, жер қойнына кіріп кеткенін» әңгіме етеді. Олар із-түссіз енген жерде оттың күйген ізі қалған. Отты шар қайда кетті, ғылым дами қоймаған ол заманда мұны қайдан ұға қойсын?! Мұндай белгісіз нысандар туралы әңгіме орта ғасырдағы Еуропа мен Рим империясы, ежелгі Египет пен грек аңыздарындағы еңбектерде көп кездеседі. Ұлы Карлдың билік басқаруы кезінде аспанда «отқа оранған крест белгісі бар» беймәлім нысандар көрінген. 1235 жылы жапон жауынгерлері төбеден жұмбақ қызу отты көріп, оның буына тұншығып қала жаздаған. Жауынгерлер үрейленген күйі жан-жаққа қаша жөнелген. 1345 жылы француздардың шағын қалашығында төбеден оты шашырап түскен дөңгелектерді



көріп, ел таңырқаған. 1526 жылдары «Испания шіркеуінің бірінің үстіне от жалынға оранған бөшке келіп түсті» деген де дерек бар. Көк аспанда орын алған кейбір тосын оқиғалар кейін қаламгерлердің шығармашылығына да арқау етілді. Мысалы, Базеле қаласындағы мұражайлардың бірінде 1566 жылы осы шаһарда болған оқиғаға орай салынған картина қойылған. Күндердің күнінде қаланың төбесінде түсі қара отты шар пайда болған. «Қара нысан» қаланың үстінде ұзақ уақыт бойы қалықтай жүріп, бір сәтте халықтың көз алдында жоқ болып кеткен. Бұл жағдай бес жылдан соң, Нюрнберг шаһарында да байқалған.

Жалпы, жалпақ әлемге сыры түсініксіз мұндай оқиғалардың суретшілердің қылқаламына жиі іліккені байқалады. Мысалы, К.Ликосфеннің «Таңғажайыптар тізімі» деп аталатын гравюрасында қазіргі заманғы ұшу аппараты бейнеленген. Міне, уақыт өте келе бұл нысан да пайда болды, қазір жер серігінің ұшу аппараттары аспанда жүр. Зерттеушілер XV ғасырда өмір сүрген Қайта өрлеу дәуірінің суретшісі Филиппе Липпидің «Дева Мария» атты полотносының жоғары шетінде сурет салынып біткеннен кейін, нұр шашып тұрған бір түсініксіз нысан көрінген. Мұны суретші әдейі салды ма, жоқ әлде бояулардың баттасуынан пайда болды ма, ол жағы белгісіз. Филиппе Липпидің «Мадонна және қасиетті Джованнино» атты картинасында да жұмбақ нәрсе сәулесін шашып тұр, – дейді білетіндер. Белгілі астроном Мюллер айдың бетінде қара дақтың пайда болғанын көрген. Мұны кейін 1777 жылы француз астрономы Мессье де байқаған.

Жалпы, жұмбақ әлемге қатысты зерттеулер ерте кезден-ақ басталғанын байқауға болады. 1882 жылы Гринвическ обсерваториясының ғалымдары аспан денесінде дөңгелек пішіндес нысанның жылжып келе жатқанын көрген. Ол бірде кішірейіп, бірде үлкейіп, төбеде 2 минуттай тұрған. 200 шақырым биіктікте секундына 13 шақырым жылдамдықпен келе жатқан жұмбақ құбылыстың ұзындығы – 110, ені – 16 шақы-



рымды құраған. Алайда лезде ғайып болған нысан туралы басқа ештеңе айтылмайды. 1939 жылы Швецияның әскери теңізшілері кеменің үстінде біраз уақытқа дейін әртүрлі маневр жасап барып, бір сәтте жоғалып кеткен үлкен қара дискінің жылдамдығына таңырқаған күйі қалған. Негізі, зерттеушілер, бөгде планеталықтардың көбеюі немесе олардың Жер бетіне ұшып шығуы ХІХ және ХХ ғасырларда көбірек байқала бастағанын айтады. Мұның сыры неде? Адамзаттың өркениетке жылдамырақ көшуі расында да, осы соңғы екі ғасырға тиесілі екендігі белгілі. Мүмкін, адамның соңғы ғасырларда тағылық әрекетке бой ұра бастауы «өркениет – өзімізде ғана» деп сезініп жүрген бөгде планеталықтарға ұнамаған болар. Олардың адамзатқа жұмбақ жағдайда жиі көріне бастауында осындай сыр жатқан шығар.

Бірақ өркениет өз дегенін істейді. «Әлемде адамнан асқан ақылдылар жоқ» десек те, тылсым әрекеттердің сырын ұғу оңай болмай тұр. Бір өкініштісі, тосын құбылыстардың сыры туралы қанша болжам жасағанымызбен, оқиғаны өткен заманның дерегінен ғана іздейміз.

Бөгде планеталықтардың ақылы асқан, заманауи аппараттары да мықты, Жердің бүгінгі қожайыны бізбен неге бүгін тікелей байланысқа шықпайды? Толғандыратын басты сауал да осы. Ақылды болсақ та, өткен ғасырдың бүгінге жеткен жұмбақ сырын осы уақытқа дейін аша алмай келе жатқанымыздың сыры неде? Түсініксіз. Мысалы, Ливан мемлекетіндегі Антиливана тауының маңайындағы Бальбек террасасы туралы таңғажайыптардың тылсымын әлі күнге дейін ешкім ашып бере алмайды. Сонау ықылым заманда салмағы 800-1000 тонна тұратын алып тастарды кім көтеріп қалады? Шындығында, биіктігі 22 метр болатын тастан жасалған тіреуіштердің үстіне алып плитаны құлатпай қоюда терең шеберлік жатыр. Бүгінде мұндай тастарды үлкен «КРАН»-ның» өзі зорға көтереді емес пе? Ал мұны бірінің үстіне бірін қойып, құламайтындай етіп жасаған «Таусоғарлар» кім, сонда? Бұл қалай жүзеге асты? Сәулет өнерінің тылсым



құпиясы бүгінге дейін неге ашылмай тұр? Арнайы құрылғылармен түзу кесілген үлкен 1000-8000 тонна плиталарды қалай биікке көтерді, олардың жылжымай, тапжылмай қаланғаны шындығында, таңғаларлық. Бұл алып тастар НЛО-ның «ұшқыш табақшалары» арқылы көтеріліп қойылды ма? Түсініксіз.

Ал Орталық Америка, яғни Коста-Рикадағы жер бетінде жатқан тас шарлар тылсымы да құпия. Салмағы бір тоннаға жететін, биіктігі екі метр болатын бұл домалақтар нені білдіреді? Қолдан жасалғанның өзінде бұл геометриялық өлшем қалай қатесіз істелді? Ешқандай арнайы құрылғысыз жасалған бұл шарлар ізін білдірмей қонатын бөгде планеталықтар мен ұшқыш табақшалардың қонатын жері болған деген де жорамал айтылады. Ал Бальбек террасасы алаңынан беймәлім ғарыш ракеталары ұшырылған. Зерттеушілердің бұл болжамы ақиқатқа қаншалықты жақын екені белгісіз, бірақ бір нәрсе айқын. Ұқылым замандардың өзінде өркениет болған, алайда ол өркениеттің құрдымға кетуі бүгін бізді әртүрлі жорамал жасауға итермелеп отырғаны бекер емес.

Не десек те, аңыз, жорамал, долбар түрінде айтылса да, бөгде тылсымның барын адам баласы жоққа шығармайды. Оның сырын ұғуға талпыныс бар, бірақ қатпары мол терең тарих оның жұмбағын шешуге әлі мүмкіндік бермей отыр. Өйткені бүгінгі ғылымда жасалынып жатқан істердің айыкүні белгіленіп, оның болашағы, мақсаты мен міндеті айқын жазылып қоятыны белгілі. Ал қалай тұрғызылғаны белгісіз Бальбек террасасы секілді тылсым ғимараттардың сырын бүгін ұғу қиын. Нақты дәлел болмаған соң біз беймәлім ұшқыш тарелкалар мен бөгдепланеталықтар және жоғалған өркениет жайлы жорамал жасауға бейілміз.

18 тамыз 2014 жыл





КӨРІПКЕЛ КӨЗІМЕН: УКРАИНАНЫ НЕ КҮТІП ТҰР?

Өткен күз, яғни 2014 жылдың қараша айынан бері басталған Украинадағы текетірестің соңы немен бітеді? Еуроодақ елдері мен АҚШ және Ресей қанша рет келіссөздер үстеліне отырса да, еш жақ бітімге әлі келер емес.

Осы аптада Германия, Ресей, Франция мен Украинаның Сыртқы істер министрлері бас қосып, тығырықтан шығудың жолын тағы талқылады. Енді бар жайды өздерінің мемлекет басшыларына баян етіп, министрлер тағы бір кездеспек. Бірақ текетірестің тоқтайтын түрі жоқ.

Саясаттанушылар мен сарапшылардың айтқан кеңестерін жалпақ жұртшылық керек етпей қалды. Украинаның шығысындағы соғыстың аяқталар түрі көрінбейді. Мүмкін алпауыт елдердің ықпалы арқылы Украинадағы жағдай тұрақталар. Десек те, украин жерінде тыныштық қашан орнайды? Оған қатысты көріпкел-экстрасенстердің айтары қандай?

– «2014 жыл Еуропа елдері мен Ресей, Украина үшін экономикалық дағдарыс жылы болатыны сөзсіз, тіпті Үшінші дүниежүзілік соғыстың басталып кету қаупі де бар. АҚШ-ты ауыр жағдай күтіп тұр. Бұл қиындық 2020 жылға дейін созылуы ықтимал. 2020 жылға қарай әлемдегі геосаяси жағдай күрт өзгереді, тіпті Еуропадағы кейбір елдер өмір сүруін тоқтатуы мүмкін. Оның ішінде Украина да бар. Бұл ел, тіпті үшке бөлініп, батыс жағы Еуропаға, ал шығысы Ресейге қосылады». Бұл жорамалды Ресей астрологы Павел Глоба айтып отыр. Бірақ Глобаның бұл болжамы шындыққа қаншалықты жанасады? Алайда жұлдызнамашының пікірі назар аударарлық. Ресей астрологы АҚШ-тың неге ауыр жағдайға тап болғалы тұрғанын ең



алдымен, Обаманың Ақ үйге басшы болып келуімен байланыстырады. XVI ғасырдың өзінде-ақ орыс жұлдызнамашысы Василий Немчин «Американың 44-басқарушысы дүниежүзіне сілкініс әкеледі» деп болжаған. Ол, тіпті «қара адам болуы мүмкін» деп те айтып кеткен. Бұл пікірді Глоба да қостайды.

– Мен 1999 жылы-ақ АҚШ-тың 44-президентінің қызметке келуімен әлем саяси-экономикалық дағдарысқа ұшырай бастайды деп айтып едім. Немчиннің пікірін мен «қараниетті» адам билікке келеді деп ұқтым. Ал шын мәнінде, қара нәсілді басқарушы келді, – дейді Глоба. Ресей жұлдызнамашысы «АҚШ-тың империя ретінде болашағы жоқ» деген ойда. Сонымен қатар Еуропа да сынақ алдында тұр.

– Еуроодақ болашақта бірнеше бөлікке бөлініп кетеді. Скандинавия елдері мен Балтық жағалауындағы мемлекеттер келешекте Солтүстік Одақты құрады. Испания, Франция және Италия Оңтүстік еуропалық бірлестікке кіреді. Бірақ Еуроодақ қалады, тек қағаз жүзінде, – дейді Глоба. Астрологтың айтқанына сенсек, «алдағы уақытта әскери және саяси одақтар ыдырай бастайды. Дағдарыстың аяғына дейін НАТО блогы күшейе түскенімен, ақыры құрдымға кетеді, соңынан қазір күшінде тұрған әскери блог өмір сүруін тоқтатады».

Ресейде тұрған соң өз елінің империялық пиғылын көздеді ме, кім білсін, Глоба болжамының астарында Украинаны үшке бөлу принципі жатыр. Оның ойынша, болашақта қазір соғыс болып жатқан Украинаның шығысы Ресей құрамына кіреді де, Қырым келешекте «соғыс алаңы», «нағыз Шешенстанға» айналады. Шығыс украиналық Федерация ресми Киевке бағынуын қояды. 2014 жылы әлем Үшінші дүниежүзілік соғыстың басталу кезеңіне тап келеді».

Көріпкелдердің болжамына сенсек, шындығында, Еуропаға қатер төніп тұр. Атақты Ванганың өзі мұсылман елде-



рінің бірі Еуропаға химиялық қару қолданып, қарт құрлық ауыр зардапқа ұшырайды, тіпті 2016 жылы Еуропадағы ондаған ел бос қалады. Химиялық қарумен соққы беретін ел ең алдымен, Ливия болуы ықтимал» деген. Егер мұндай тосын жағдай орын алса, адамдардың денсаулығы нашарлап, әртүрлі аурулар белең алады. Кезінде полковник Каддафи жер бетінен Еуропаны ысырып тастауға уәде берген, бірақ өзі жер қойнына ертерек кетті.

Ал Мәскеу астрология академиясының негізін салушы, Михаил Левин Украина өзінің мүмкіндігін жүзеге асыру үшін 400 жылды күтті деген пікірде. Оған енді үшінші рет мүмкіндік туып тұр. Бірінші кезең – 1283 жыл мен 1287 жылдың қарашасы аралығы, мемлекетті қалыптастыруда үлкен роль атқарған князь Львов Даниловичтің дәуірі. Оның атымен қазір Львов шаһары аталады. Екінші кезең Богдан Хмельницкий көтерілісінің дәуірі, ол 1649 жыл мен 1653 жылдарды қамтиды. Үшінші кезең – 2013 жыл мен 2018 жылдың аралығы. Астролог Левиннің айтуынша, «Украинаның қазір тарихта өз саясатымен, өз миссиясымен өмір сүруге құлшынысы артып тұр. Алайда бұл оңай жол емес, дегенмен, Украина Еуропаның да, Ресейдің де бөлігіне айнала алмайды. Бұл қиындық 2020 жылдары тағы басталып, 2030 жылға қарай аяқталады».

Левиннің айтуынша, «2004 жылы елде «қызғылт-сарылардың» төңкерісі болды, 2014 жылы ішкі тұрақсыздық арқылы ел еуропалық бағыт ұстанды, 2015-2016 жылдары да саяси дағдарыс бәсеңсімейді. Ендігі өте маңызды астрологиялық оқиға 2029 жылы орын алуы мүмкін. 2004-2014 жылдар аралығы елдің еуропалық бағыт ұстануы жолында арпалыспен өтсе, Ресейден іргесін аулақ салу секілді бүгінгі көріністер 2029 жылы тағы қайталанып, бұл жолы Украина Батыс елдерінен бөлек өмір сүру кезеңіне көшеді. Алайда Украинаның біресе Еуропаға, біресе орыстарға қарай жақындауынан Ресей экономикалық жағынан қатты зардап шегеді».



Әрине, жұлдызшы болжамының анық-қанықтығы – уақыттың еншісіндегі нәрсе. Бірақ Левиннің мына бір пікірі көңілге қонарлықтай. «Украина қазіргі Еуропаның заңдылықты қаншалықты қадірлейтінін де, шығыстың дәстүрлі құндылықтарын қаншалықты бағалайтынын да түсіне бермейді. Ақырында Украина үшін Еуропа басқа және бөгде құндылықтарға ие ел болып қала береді».

Көріпкелдердің қайсысы болса да, Украинадағы тұрақсыздық сырын мына бір жайтпен түсіндіреді. Өйткені ел Ресей мен Еуропаның табалдырығында тұр. Ал табалдырықта тұру қиын. Сондықтан мұнда әркез саяси дағдарыстар орын алып тұрады. Ұлы шаман қауымдастығының арнайы өкілі Андрей Дондуков «Еуропа бұл – су әлемі, Ресей – континенттің орталығы, жер билігі болып саналады. Демек, жер мен су билігі күштерінің арасында үнемі текетірес болып тұрады. Ал табалдырықта тұрған Украинаға өте қауіпті. Әлемдік күштердің текетіресі табалдырықта болады. Табалдырық – күштердің қақтығысы. Демек, Украина – текетірес жиі орын алатын жер» дегенді айтады. Қазір Ресейге қосылған Қырымда тыныштық болғанымен, ол ұзаққа созылмауы мүмкін. Шаман көріпкелдің ойынша, болашақта Қырым қақтығыс пен қантөгіс жиі орын алатын аймаққа айналады. Мүмкін, рас та шығар. Өз сөзінде президент Петр Порошенко ұлықтау салтанаты кезінде «Қырым Украинаның жері және Украинанікі болып қала береді» деп мәлімдеме жасағаны белгілі. Өйткені Қырым жартылай түбегі стратегиялық маңызды нысан, ол жерге кім билік жасайды, соның күші артады.

Украинаның болашағына қатысты болжам жасағандардың ішінде қазақстандық көріпкел Вера Лион да жүр. Ол бүгін евромайдан арқылы билікке келіп отырған шенеуніктердің болашағы жарқын емес екенін меңзейді. Олардың билікке ұзақ тұруы мүмкін емес. Мысалы, Киевтің мэрі болып отырған Кличко мен «Батьковщина»



партиясының лидері Тимошенко оқыстан қайтыс болуы мүмкін немесе екеуі де саясаттан біржола алыстап кетеді деген болжам айтады.

«Битва экстрасенсов» шоуына қатысушы белсенді блогер Фатима Хадуеваның болжамынша, «АҚШ пен Еуроодақтың арасындағы мәміле қазіргі кезде Украинаны қорғау емес, Ресейдің күшін әлсірету тұрғысынан болып отыр. Ақиқатында, Украинаның ешкімге керегі жоқ. Оларға керегі – Ресей. Бірақ украин дағдарысы әзір аяқталмайды. Бірнеше жылдарға созылуы мүмкін». Бірақ кейбір көріпкелдердің жорамалы жақсылықпен аяқталатынын да жасыруға болмайды. «2016 жыл Украина үшін өте бетбұрыс кезеңі болады» дейді олар. Ресми билікке дарынды, талантты жас келеді де, елді тұтастай өз маңайына топтастырады. Сөйтіп, Украинаның сенімді одақтасы Еуроодақ та, АҚШ-та емес, Ресей болып шығады. Көріпкелдер сонымен қатар «президенттік билік мерзімінің аяғына дейін Петр Порошенко орынтағында отыра алмайды. Ол бүкіл бизнесін сатып, АҚШ-қа қарай жылыстауы мүмкін» деген болжам айтады. Қысқасы, 2015 жылдың аяғы мен 2016 жыл Украина үшін ұлы бетбұрыс жылының басы болады.

...Мүмкін, тұрақсыздық пен соғыстан шаршаған елге еуропалық бағыттағы емес, жан-жақты қарым-қатынасты ойлайтын дұрыс басшы керек шығар.

20 тамыз 2014 жыл





ІЗ-ТҮЗСІЗ КЕТТІ АДАМДАР...

Адам өмірге келген соң, мағыналы ғұмыр сүргенге не жетсін? Бірақ бәрі біз ойлағандай бола бере ме? Өмірде әртүрлі жағдайлар болады. Біріне түсіністікпен қарайсың, ал екінші бір оқиғаны ұғыну мүлде қиын.

Бірақ ұшты-күйлі жоқ болып кеткен адамдардың қатары әлемде көбейіп барады. Неге?

Алайда кейінгі кезде психологтар мына бір жайтты жиі айта бастады: Адамның мінезі күрделеніп барады. Мұның себебі неде, қатыгез қоғамнан ба, қоршаған ортадан ба? Қалай айтқанда да, әлемдік деректер кісі шошынарлық жағдайға жетті. Жыл сайын Ресейде 120 мың адам із-түзсіз кетеді. Қайда жоғалады? Белгісіз. Ең бір алаңдатарлығы, жыл сайын осы дерек 15 пайызға артып барады. Жоғалған адамдардың 80 пайызы ғана уақыт өтіп барып табылады. Неге? Олардың із-түзсіз кетуіне не себеп? Хабарсыз кеткен азаматтардың басым бөлігі соғыс болып жатқан аумақтардан үдере көшеді. Сосын байланыс үзіледі. Уақыт өте келе олар да табылар. Бірақ соғыс ошағы отбасының бірлігін ойран етеді. Ағайын-туысқаннан айырылады. Әркім бас сауғалап, жан-жаққа қашады. Бір ғана мысал, 1980-2007 жылдар аралығында Иракта 1 миллионға жуық адам хабарсыз кетті. Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасында Югославияда тұрған 17 мың адам бір-бірінен хабарсыз қалды. Жарайды, бұл түсінікті, соғыс болған аймақтан бас амандығын ойлап, қашқандардың жайы. Ал тыныш, мамыражай жатқан мемлекеттерде де осындай оқиғалар кездеседі. Мәселен, Германияда жыл сайын 900 сәби із-түзсіз кетеді. Сонда адамдардың жоғалуы неге тоқтамай отыр? Мұны мамандар бірнеше себептермен байланыстырады: бұл лаңкестер мен арнайы қызмет орындарының



ісі болуы мүмкін, жыл сайын құл саудасы өрістеп барады, ішкілік ішіп, қаңғыбастыққа салынатындар көбейді. Адам ағзасын сату да үлкен табыс көзіне айналып барады, екі аяқты пенделердің түсініксіз ағымға, сектаға кіруі жиілеп кетті. Сонымен қатар бөгде планеталықтардың Жерге ұшып келіп, оқыста адамдарды ұрлап әкетуінде қаншалықты ақиқат бар? Қалай айтқанда да, адамдардың жоғалуы қазір әлемде қалыпты және алаңдатарлық құбылысқа айналып барады. Бірақ нақты бір дәлел жоқ, болжамдар әртүрлі.

Ал Калифорния университетінің профессоры Джейн Линд адамдардың хабарсыз кетуін мына бір себептерден іздейді: Жер қабатында «қара жыралар» көп немесе оны «қара тесік» деп те атайды. Абайсыз келе жатқан адамдарды осы «қара жыра» жұтып қояды. Джейн Линдтің есептеуінше, бүгінде әлемде осындай ондаған «Қара жыра» бар. Бірнеше адамдарды ғана емес, он мыңдаған тұрғыны бар қаланың өзін жоқ етіп жіберетін мұндай зындан туралы әңгіме естіген адамға қорқынышты және аңыз болып жетуі де мүмкін. Дегенмен, ағылшынның тағы бір парапсихологы Дан Форсайт деревняның шетіндегі үйге кірген пенденің хабарсыз кететіндігі туралы көп жазған адам. Парапсихологтың ойынша, адам «Қара жыра» арқылы бөгде өркениетке қадам басады. Бірақ басқа баламалы өркениет пен бөгде әлемнің мәдениетін көріп келген еш тірі пенде жоқ. Бәрі бізге аңыз болып жеткен.

1915 жылдың тамыз айында түріктер мен ағылшындардың ұрысы кезінде Норфолковск полкінің бүтіндей бір батальоны Сульва жазығында қалың тұманға тап болады. Біршама уақыт өткен соң, тұман көкке көтеріледі де, батальон жоқ болып кетеді. Біраз уақыт өткен соң екі жақ тұтқындар алмасады, алайда тұтас бір батальонның сарбаздары олардың ішінде жоқ болып шығады. Сонда британ армиясының тұтас бір батальоны қайда жоғалды? Ешкім білмейді.



1937 жылы 3 мың сарбазы бар Қытай дивизиясы таң қылаң бере хабарсыз кетті. Нанкин қаласын қорғап тұрған қытайлар жапондардың шабуылға шығуға дайындалып жатқанын байқаған. Таңертең сарбаздарын көріп қайтпақ болған дивизия командирі қорғаныстың алдыңғы шебінде адам қалмағанын көрген. Үш мың сарбаз бір түнде қайда кетті, Қытай үкіметі соғыс біткен соң, бұл оқиғаны зерттеп көрмек болған, бірақ еш дерек таппады.

1923 жылы Бразилиядағы Хоер-Верде поселкесінің 600 тұрғыны тапа тал түсте хабарсыз кеткен. Канаданың Анжикуни көлінің маңайында өмір сүрген мыңдаған эскимостар да бір түнде жоғалып, қарасын батырды. Олармен қатынас жасайтын қарсы жағалауда тұратын адамдар эскимостардың лашығында қару-жарақтары мен тамақтары қалғанын, ал иттері аштан өлгенін айтады. Мейлі, бұл өткен ғасырдың басында, әлі өркениет дами қоймаған уақытта болды делік. Ал 2001 жылы Конгода орын алған оқиғаны қалай түсіндіруге болады? Гуманитарлық көмекпен келген БҰҰ мамандары алыс деревнядан тілдесер бір адам таппаған, тіпті малы мен иттері жоқ елдің тұрғындары ізім-ғайым қайда жоғалды? Мұны да ешкім де айтып бере алмайды.

Мүмкін, шындығында да, бізбен қатар өмір сүріп жатқан басқа параллель, балама әлем бар шығар. Егер ол рас болса, оның кірер есігі қайда? Ғалымдар «магниттік дауылдың жиі болуы бекер емес, бұл өзге әлемнің бізге көрсеткен мінезі» деген сыр айтады. «Осы дауылдың ішінде есік бар» деген долбар келтіреді. Күмәнді пікір десек те, көптеген мамандар Жер шарында бөгде әлемге кірер тоннельдердің барын жоққа шығармайды. Соның бірі ретінде Египет пирамидаларын мысалға келтіреді. Өйткені Египет пирамидалары сырын ішке бүккен қалпы тыныш жатыр. Мүмкін, оның астында өзге әлемге енер есік бар шығар, бірақ мұның бәрі болжам ғана.

Орыс криптозологтары, әсіресе, Новгород ормандарында



белгісіз алып адамның жүргені туралы алыпқашпа әңгіменің шындыққа жанасатынын айтады. Олар бір жолы оның ізіне түскенмен, қас пен көздің арасында кездескен «алыптан» айырылып қалады. Ол үлкен ағаштың тасасына тығылды да, жоқ болып кеткен. Демек, бұдан кейін криптозологтар алып «қар адамы» өздерінің есігі арқылы бөгде өркениетке еніп кетті» деп жорамал жасады. Үстін түк басқан адамдар түн жамылып келіп, орман маңындағы ауылдардың малын ұрлап алып кеткен. Олардың ізіне түскенмен, ілесу мүмкін емес.

Қалай айтқанда да, адамдардың жоғалуы тылсым бір күштің барын ескертіп отырғандай. Кейбір ғалымдар өзге өркениеттің адамдары немесе бөгде-планеталықтар андасанда бізді келіп барлап кетеді. Олар бізден жоғары деңгейде дамып кеткен, андасанда бізге келіп, сынақ жасап кетуі бекер емес. Адамдардың ұрлануының да астарында осындай әрекет жатыр. Ғалымдардың бұл топшылауы шындыққа қаншалықты жақын, ол жағы белгісіз. Бірақ жыл сайын әлемде 2 миллионға жуық адам жоғалатыны – өте алаңдатарлық жағдай. АҚШ-та да бұл мәселе күрделі күйінде қалып отыр. Ресми деректерге сенсек, АҚШ-та жыл сайын 1 миллионға жуық адам хабар-ошарсыз кетеді. Соңғы 27 жылда бұл дерек, тіпті ұлғайып барады. Сарапшылардың зерттеуіне қарағанда, АҚШ-та хабарсыз кеткен адамдардың 65 пайызы бір аптадан кейін немесе он күннен соң табылып жатады. Мұның себебе неде? Өйткені олар ата-анасына, туысқандарына айтпай, іссапарға немесе демалуға шығып кетеді. Екінші типтегілердің үлесі 20 пайыз шамасында, оларды он күн немесе бір ай бойы іздеуге тура келеді. Бұл топтағыларды үш категорияға бөліп қарауға болады. 1. Өткен өміріне ырза болмай, ешкімге айтпастан, басқа өңірге қоныс аударып кететіндер.

2. Отбасылық зорлық-зомбылықтан шаршап, үйден қашатындар, оларды негізінен, 9-17 жастағы балалар құрай-



ды. 3. Жүйке ауруына шалдыққандар мен есте сақтау қабілетін жоғалтқандар. Ақиқатында, АҚШ-та жоғалып кететін адамдардың 15 пайызы ешқашан табылмайды, олар шамамен 100 мың шамасында. Хабарсыз кеткен бұл адамдардың өмірі ата-анасына да, туысқандары мен достарына да, арнайы қызмет орындарына да белгісіз, жұмбақ күйінде қалады.

2013 жылы АҚШ-та интернет арқылы педофилдермен танысып, үйден қашып кеткен 3 мың оқиға орын алған. Расында, «интернет деген итің» бүлдүршіндердің санасын бүлдүріп тұр. Америка ғана емес, Австралияда да адамның жоғалуы күрделі мәселеге айналып барады. Әрбір 15 минут сайын мұнда бір адам жоғалады, бірақ хабарсыз кеткендердің 99,5 пайызы қайтадан табылады. Дегенмен, өткен жылы із-түзсіз кеткен 1600 адам туралы әлі еш дерек жоқ.

Ал Қазақстанда із-түзсіз кеткен адамдардың дерегі бар ма? Бұл туралы статистика не дейді? Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті соңғы 4 жыл ішінде аталған санаттағы сот қараған істердің саны 21%-ға, яғни 979-дан 1186 іске дейін өскенін хабарлайды. Із-түзсіз жоғалып кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдар туралы қанағаттандырылған өтініштер саны да 570-тен 877-ке жоғарылаған. Прокурорлық мониторинг барысында сот із-түзсіз жоғалып кеткен деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған, ал іс-жүзінде тірі және өмір сүріп жатқан 112 азаматтың барын анықтаған. Із-түзсіз жоғалып кеткен деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдар бұл уақытта нотариалдық іс-әрекеттер жасап, автокөлік құралдарын тіркеген, әкімшілік жауапкершілікке тартылған, түрлі қызметтерді алу үшін халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгінген, олардың еңбекақыларынан міндетті зейнетақылық жарналар ұсталған. Мәселен, Астана қаласы Алматы аудандық сотының шешімімен бұрынғы



жұбайының өтініші бойынша 2013 жылы азамат Ж. із-түзсіз жоғалып кетті деп танылған, ал сегіз жылдан кейін қайтыс болды деп жарияланған. Алайда тексеріс барысында осы жылдар бойы ол адам өзінің туған жері Солтүстік Қазақстан облысында өмір сүріп келген, ал қазіргі уақытта ауыл мектептерінің бірінде директор қызметін атқарып жүр. Сондай-ақ оны қайтыс болды деп жариялағаннан кейін ол екі мәрте әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны белгілі болды. Мұндай оқиғалар өте көп. Жамбыл облысында із-түзсіз жоқ болып кетті деп танылған 27 адамның 8-і жол жүру билеттерін алған. Бұл нені білдіреді? Адамдардың жауапкершілігінің жоқтығын көрсетеді. Әйтпесе, тиісті орындардың мәліметтер базасы немесе басқа іздеу жолдары арқылы адамды табуға болады ғой.

Бірақ адамның мінезі күрделеніп бара жатқаны рас, әсіресе, жасөспірім балаларды өтпелі кезеңде абайлаған абзал. Мұндай кезеңде олар ашуға ерік бергіш келеді. Отбасындағы және айналасындағы болып жатқан оқиғаларды ақылмен емес, көңіл күйдің өлшемімен шешуге тырысады. Сондықтан кез келген нәрсеге ақылмен, абыроймен қараған абзал-ау.

3 қазан 2014 жыл





ТЕҢІЗ ҮСТІНДЕГІ ТАУҚЫМЕТ

Теңіз тұңғыық. Сыры да мәлімсіз. Бағдар алып шыққан адам бағытынан да жаңылуы мүмкін. Қара су кейде түбіне адамды жұтып, қара жамылдырып жатады. Бірақ көрер жарығы барлар бар тауқыметті арқалап, бәрібір жағалауға шығады. Мысал көп.

Деректерге назар аударар болсақ, қазіргі уақытта жылына мындаған адам мұхит бетінде әртүрлі жағдайға душар болуда. Аяқасты жоқ болып кеткендер бар. Тіпті теңіз бетінде құтқару қызметіне қажетті құрал-жабдықтардың барлығын алып шыққанның өзінде аман қалатындар аз. Десек те, көрер жарығы барлар көп.

Қытай теңізшісі Линь Пэн мінген кеме 1942 жылы Атлант мұхитына шыққан. Айдында жүзіп келе жатқанда, оларға АҚШ-тың суасты сүңгуір қайығы келіп соқтығысқан. Бірақ дабыл қағылған сәтте, жарылыстың болатынын сезіп, Линь Пэн кемеден секіріп үлгерген. Ауыр соққыдан кеме су түбіне кетіп, құтқару жабдығын алып үлгермегендер келмесе кетті. Ал Линь Пэн су бетінде қалқып жүрген кемеден қалған құтқару құралын мойнына іліп, аман қалды. Бірақ мұхитта 133 күнін өткізеді. Барлық қоры таусылғанда, су бетінде балық аулап күн көреді. Жаңбырдың суын талғажау етеді. Қолындағы фонариктің сымдарынан имек жасап, балық ұстайды. Шабак жейді. Көрер жарығы таусылмаған екен. Есі кіресілі-шығасылы болып су бетінде қалқып келе жатқанда, Бразилиядан балық аулауға шыққан үш балықшы жолығады. Сөйтіп, аман қалады. 133 күнде 10 келі салмақ жоғалтқан ол теңізші болғандықтан аман қалады.

Ал Ален Бомбар 1952 жылы теңізге өз еркімен шыққан адам. Ол адамның қабілеті мен мүмкіндігі қаншалықты



төзімді, соны сынағысы келген. Саяхатшы жігіт Канар аралынан Барбадосқа дейін кішкентай қайықпен шыққан. 65 күннің ішінде тиісті жеріне аман-есен жеткен. Бірақ жорық аяқталған соң, денсаулығын құртып алған. 65 күннің ішінде 25 келі салмақ жоғалтқан.

Мұндай жағдайлар көп. Т-36 баржасының бір топ әскери қызметшілері 1960 жылдың 17 қаңтарында теңізге шыққан. Аяқ-астынан құйын дауыл көтеріліп, теңізшілердің кемесі аударылып қалады. Сарбаздар хабарсыз кетеді. Оларды «өлдіге» деп санап, іздестіру жұмысы да доғарылады. Бірақ...

Олар аман қалды. Жаңбырдың суын ішіп, аш қалған соң балық, өздерінің керзі етігіне дейін жеп күн кешеді. Кейбіреулерінің есі ауыса бастаған шақта, АҚШ-тың әскери ұшқышы теңіз бетінде қалқып келе жатқан бір шоғырды көріп, хабар береді. Олар Сан-Францискоға жеткізіледі. Дәрігерлер енді олар бір күн кешіккенде, барлығының жан тапсыратынын айтқан.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды ғана өледі» деген рас екен. Бұл тәмсілді Мэрилин мен Морис Бэйлидің өмірінен байқауға болады. Олар яхтасына мініп, теңізге шығады, бірақ дауыл тұрған сәтте оларды кит аударып тастайды. Алайда өздерінің үрленген қайығына мініп, сапарды одан ары жалғастырады. Азық-түлік таусылған соң, шикі балықты жеп күн көреді. Олардың жанынан алып 7 кеме де жүзіп өтеді. Көрмейді. Тек екі күннен соң Оңтүстік Кореяның балықшылары жолығып, аман алып қалады. Өз уақытында келген көмектен кейін теңізшілер бар тауқыметтен осылай құтылады.

Ал америкалық қыз Тами Олдхэм Эшкрафтың тағдыры тіпті қызық. Ол жігіті екеуі 1983 жылы қайықпен Сан Диегоға қарай жүзеді. Теңіз бетінде дауыл тұрып, қайықтары аударылады. Жігітінен қас-қағым сәтте айырылып қалған қыз құтқару киімін киіп үлгереді. Есін жинап, өзінің қайығына қайта мінген қыз еш саспастан 1500 миль жүзеді.



Түнде жұлдыздарға қарап қайықпен жүзген қыз бір күні Гавай аралына келіп тоқтап, өз өмірін аман сақтап қалады. Тамағын үнемдеп жеп, бар тауқыметті көреді. Ақырында бірнеше жыл өткен соң, ол «Мұңға толы теңіз үстіндегі аспан» атты кітап жазады.

Стивен Каллахэннің де өмірі қызықты. Ол 1982 жылы Атлант мұхитында 76 күн жүзеді, оның яхтасы бір аралдың маңында аударылып, суға кетеді. Өзі аралға аман жетіп, сал жасап, мұхит бетіне қайта шығады. Қолындағы картасы мен «Теңіз бетінде қалай тірі қалу керек?» деген кітапшасын тастамаған ол небір қиындықты көреді. Акуламен алысады, күнге қатты күйген оның денесі ауырсына бастайды. Салмағын жоғалтқан Стивен 75 күн өткенде Кариб теңізіндегі бір аралға келіп тоқтайды. Келер күні ол балықшыларға жолығып, аман қалады. Кейін кітап жазады, оның тағдыры туралы «Пидің өмірі» атты кино түсіріледі.

Ал теңіз бетіндегі ең ауыр тауқыметті көргендер – мексикалық үш теңізші Хесус Эдуардо Виванд, Сальвадор Ордонез және Лусио Рендон. Акула аулауға шыққан олар жағалаудан ұзап кетеді. Ұйытқып соққан теңіз бетіндегі дауыл олардың кішкентай қайығын кері бұруға мұрша бермейді. Азық-түлік төрт күннен кейін таусылады. Жаңбырдың суын ішеді. Қайығын жел қуып кеткен үшеу 9 айдан кейін тайвандық балықшыларға кезігеді. Олар ең ұзақ мерзім теңіз бетінде болған азаматтар ретінде «Гиннестің рекордтар кітабына» енеді.

Әрине, кез келген адам тосын жағдайды басынан өткізбей-ақ қойсын. «Ерлік жасаймын» деп теңізге шығудың да қажеті шамалы. Ақиқаты, адамның ағзасы қиын, апатты, күрделі жағдайларға қаншалықты шыдас бере алады? Түйін осы ғана.

7 қараша 2014 жыл



ӘЛЕМНІҢ АШЫЛМАҒАН ҚҰПИЯЛАРЫ

Төрткүл дүние тылсымын бүгінге дейін бүгіп жатыр. Оны жоққа шығара алмаймыз. Сан ғасыр өтсе де, түйткілі көп жұмбақ жетерлік. Дүниеде ақылы асқан нәрсе – адамзат қана.

Бірақ ең өркениетті делінген, ХХІ ғасырдың ақыл-дана-гөйлерінің өзі ғасыр қойнауында жатқан құпияны әлі күнге дейін аша алмай әлек. Ол не сонда?!

1902 жылдың 29 желтоқсанынан 30-на қараған түні сағат 1-ден 5 минут өткен сәтте Париж көшелерінде жүріп тұрған сағаттардың барлығы бірер минутқа жетер-жетпес сәтте тоқтап қалды. Не әсер етті? Мұның себебі неде? Бірер минуттан кейін қайтадан сыртылдап жүре бастаған сағаттың жүрісінде беймәлім не сыр жатыр? «Париждік тоқтау» деген атпен тарихқа еніп кеткен бұл тосын оқиғаның астарында не бар? Әлде, бірер секундтық жер сілкінісі болды ма? Бұл сұрақ ақылдылар мен тақырбастардың миын әлі күнге дейін жегідей жеп келеді. Бір қызығы, сағаттың тілі бірер минут тоқтаған сәтте адамдардың басы айналып, жүрегі айни бастаған. Париждің «Білім хабаршысы» басылымы есінен танып, құлап түсіп, артынан өз-өзіне келген адамдар туралы да жазған. Сонда сағаттың тілін тоқтатып, адамның ағзасына әсер еткен не нәрсе? Өкінішке қарай, бүгінгі күнге дейін осынау белгісіз құбылыстың құпиясы ашылмай келеді. Бұл жағдай әлемнің басқа бірде-бір елінде қайталанған емес. Оның үстіне серіппелі тетігі (пружинасы) бар сағаттарға бұл жайт әсер етпеген, тек тербелмелі сағаттар ғана тоқтап қалған. Бұған Жердің қандайда бір тартылыс күші ықпал етті ме? Белгісіз. Ғалымдардың айтуына қарағанда, қандайда бір геофизикалық феноменнің болғаны ақиқат. Тағы бір шындығы, мұның сырын осылай білмеген күйі өтуіміз де мүмкін.



Әлемде сырын бүгіп келген оқиғаның бірі – Тунгус метеоритінің құлауы. Бұл 1908 жылдың 30 маусымында жергілікті уақыт бойынша, таңғы 7:15-те Шығыс Сібірдегі Тунгус өзенінің аумағында орын алды. Бұл жұмбақты саяхатшылар ғана емес, ғалымдардың өзі қанша зерттесе де, шеше алмады. Бірақ жорамалдаушылар өте көп. Дегенмен, осы өлкеде болған аса үлкен жарылыстан айналасы 100 шақырым төңіректегі деревнялардың үйлері құлап, шатырлары ұшып, терезелері сынып кеткен. Бұл жарылысты ғарыштан аса үлкен жылдамдықпен құлаған Тунгус метеориті деп болжайды. Жарылыстың дүмпуі мыңдаған шақырымға, тіпті Иркутск, Петерборға дейін жеткен. Бірнеше күн бойы Сібір аспаны айдай жарық болып, көше шамдарын жағудың қажеті болмаған. Нысанның құлаған тұсы белгілі болғанымен, қиян түкпірдегі жер болғандықтан, оны зерттеудің сәті 1927 жылдары ғана мүмкін болды. Зерттеушілердің айтуынша, жарылыс болған жердің төңірегіндегі жуан дінді ағаштар айнала жапырыла құлап, 15-30 шақырымдағы ағаштың күйгені анықталған. Бірақ аса күшті жарылыстың орнынан не үңірейген шұңқыр немесе аспан денесінің сынығы табылмаған. Сонда ол жерге не құлаған, метеорит пе, жоқ әлде басқа нәрсе ме? Метеориттердің құлауы тарихта жиі кездеседі. Тіпті өткен жылы Челябинск маңына құлаған метеориттің сынықтары да табылды. Ал Тунгус метеориті туралы дерек жоқ. Бір бөлшек те табылмаған. Құлдилап келіп, жерге сіңіп кетті ме? Бірақ ізі жоқ. Сонда бұл не? Ғалымдарды бұл мәселе әлі күнге дейін таңғалдырып келеді. Жұмбақ нәрсе ашылмаған күйі қалатын да шығар. Тарихқа көз жүгіртсең, ғасыр қалтарысында қалған құпия оқиғалар өте көп. Соның бірі 1911 жылы 14 маусым күні Италияда орын алған. Римнің теміржол вокзалынан «Санетти» фирмасы жабдықтаған пойыз жолға шығады. Оның вагондарында 106 жолаушы бар, саяхаттауды мақсат еткендер Италияның бай-манаптары пойыз тоннельге жақындаған сәтте



айран-асыр қалады. Тоннельдің кіреберісі тұманданып кетеді де, ары қарай ештеңе көрінбейді. Ұзындығы бір шақырымға созылған тоннельге пойыз кірген сәтте, адамдар есінен адаса бастаған, тек екі жолаушы ғана шошынып, дереу жерге секіріп үлгерген. Ал пойыз ары қарай жүріп кеткен. Бірақ тоннельдің екінші жағынан пойыз шықпаған. Сонда 106 жолаушы мінген пойыз қайда кетті? Ізім-ғайым жоқ боп кеткен жолаушылар пойызының дерегі қанша іздесе де табылған жоқ. Жер жұтты ма? Жоқ, көктегі кеңістікке кетті ме? Бір дерегі болмаған пойызды ақыры итальяндықтар іздестіруді қойды. Ал тірі қалған екі адам ауруға шалдықты. Есі кіресілі-шығасылы жағдайда жеткен екі жолаушы тергеушілер мен оқиғаны зерттеушілерге ештеңе айтып бере алмаған. Мұрынға бір улы сұйықтықтың иісі келгенін ғана айтып берген. Тек олар пойыз жүрісін сәл баяулатқан сәтте секіріп үлгерген. Бары осы. Кейіннен тоннельді қанша тексерсе де, ізім-қайым дерек болмаған. Ақыры ештеңе таппаған соң Италия билігі тоннельдің екі жағын таспен қоршап, бітеп тастады. Одан кейін ол жерден еш пойыз өткен жоқ. Италия билігі рұқсат етпеген жұмбақ тоннельге кейінгі соғыс кезінде әуеден тасталынған бомба түсіп, қызмет етуін мүлде тоқтатты. Ал аман қалған әлгі екі адам кейін өз-өздеріне келгенімен, толыққанды ештеңе айтып бере алмаған. Сөйтіп, «өлім тоннелінің» жұмбақ сыры тағы да ашылмаған күйі қалды.

Ғалымдар 1924 жылы Оңтүстік Африканың солтүстік батысындағы Таунга поселкесінің маңынан адамның таңғаларлық бас сүйегінің қаңқасын тапты. Бірақ «Таунга баласының бас сүйегі» деген атпен қалған бұл зерттеу ғалымдардың арасында үлкен дау туғызды. Бұл шын мәнінде, адам ба? Зерттей келе мамандар осыдан 2,5 миллион жыл бұрынғы баланың бас сүйегі екенін анықтады. Бір топ ғалым бұл маймылдың бас сүйегі деген болжам жасады. Екіншілері аталған бас сүйек адам типтес тіршілік



иелері (гуманоид) деп долбар айтты. Үшінші топтағы ғалымдар бұл бөгде планеталықтардан жерде қалған белгі деп топшалады. Бірақ баланың бас сүйегі неге жерде көмулі қалған және толық сақталынған. Бөгде планеталықтардың баласы неге жерде қалған? Сауал көп, бірақ нақты жауап жоқ. Тек анықталғаны, бас сүйекте жарақаттың ізі бар. Шүйде тұсында соққының ізі қалған. «Ұшқыш табақшаға» балаларын мінгізіп келген бейтаныс жандар жерге қонар тұста қатты соққы алды ма екен?! Міне, ғалымдар қанша зерттесе де, бүгінгі күнге дейін «Таунга баласы бас сүйегінің» құпиясын аша алмай келеді.

Жалпы, тарих тылсымын әлі бүгіп жатыр. Кешегі дерек бүгінге аңыз болып жетуі мүмкін. Тіпті болған оқиғаның өзі де елес болып көрінеді кейде. Мәселен, 1933 жылы Шотландияның Лох-Несс көлінде адамдар алып құбыжықты көрген. Бір ғана емес, алып денесімен анда-санда көрініп қоятын бұл белгісіз мақұлықтың не екенін әлі күнге дейін ешкім ажырата алмай әлек. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, бұл құбыжық су бетіне осы уақытқа дейін 400 рет шыққан. Лох-Несс шындығында, Шотландиядағы «құбыжықтар көлі» ретінде белгілі. Алғаш рет алып жануар біздің эрамызға дейінгі 565 жылы байқалған көрінеді. Бұл туралы ағылшын жазушысы VII ғасырда жазған кітабында-ақ айтып кеткен көрінеді. Жалпы, жиі қайталанып отыратын бұл оқиға соңғы рет сол 1966 жылдың соңында байқалған. Өйткені терең көлді жағалай көлік жолы түскеннен кейін алып құбыжық су бетіне шығуын сиреткен. Белгісіз жануарды зерттеген ғалым Алекс Кэмпбель «оның мойны жылқынікіне ұқсайды, бірақ жылан секілді ұзын, шамамен 6 метрдей болады» деп суреттеген. Алып құбыжықтың суретін алғаш рет 1933 жылы Хью Грэм түсірген көрінеді. Ол «Су бетінің үлкен бөлігі қозғала бастаған сәтте мен дереу фотоаспабымды дайындап үлгердім. Ол денесін су бетінен шамалы көтеріп тұрды. Құйрық жағы су астында болды» деп жазып



естелік қалдырған. Бірақ кейін оның түсірген суретін теріске шығарған пікірлер көп болды. Олар «фотограф тарихта қалу үшін мұның бәрін қолдан жасады» деп айып та тақты. Бірақ мамандар белгісіз хайуанның шынайы суретін осы саланы зерттеуші хирург Роберт Уилсон 1934 жылы түсірді дегенді айтады. Оның суреті де Хью Грэм шығарған фотомен ұқсас.

Негізі, Лох-Несс көлін зерттеу 1960 жылдардан бастап қарқын алғанын айта кету керек. Осы жылы ғалым Тим Динсдэйл BBC тобымен бірге көл астында алты айлық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бірақ ол өкінішке қарай, қолға ілігерлік ештеңе таппады. Тек су астында алып құбыжықтың өмір сүргенін дәлелдеп берді. Мұның өзі үлкен оқиға еді. Осы туындылары үшін әлемнің әртүрлі ұйымдарынан үлкен марапат алды.

Бірақ Лох-Несс көлін зерттеу жұмыстары тоқтатылған жоқ. Мамандардың пікірі де бір арнаға тоғыспады. Анығы – алып құбыжықтың бары рас. Алайда зерттеушілер оның ұзындығы мен көлемін және сыртқы пішінін шамалас етіп айтады. Белгілісі кейбір сәттерде судың беті толқынданып тұрады. Астында алып бір дене суға жүзіп келе жатқандай әсер қалдырады. 1972 жылы су астын зерттеу жөніндегі АҚШ академиясының ғалымдары бейнекамера арқылы осы уақытқа дейін көптің көңілін күпті етіп жүрген құбыжықты тағы барлауға шықты. Олар бейнекамера арқылы судың жоғары-төмен, көтерілген толқындалған бейнесін ғана көрген. Бірақ белгісіз хайуанның дерегі бір рет болса да көзге ілінбеді.

Ал шын мәнінде, Лох-Несс көлінде алып құбыжық бар ма? Ал адамдардың айтып жүргені не? Алып дененің бары рас болса, ол туралы дерек неге аз? Ақиқаты адамдардың оны көргені рас. Бірақ көлден көл-көсір дерек іздеушілердің шоғыры азаймай тұр. Ғалымдардың айтуына қарағанда, бүгінгі күнге дейін мыңнан аса оқиғалардың құпиясы ашылмай тұр.

Әлемде сырын ішіне бүккен жайттар көп. Бұл сонын



бірсыпырасы ғана. Бізге белгілісі, уақыт өте келе ақиқаттың өзі кейінге аңыз боп жетеді. Сондықтан деректің дер шағында, өз уақытында ашылғаны жақсы...

26 қараша 2014 жыл





Ел мен жер



КИКАБИДЗЕМЕН ӨТКЕН КӨҢІЛДІ КЕШ

БТА банктің демеушілігінің арқасында Кавказ сапарына барып қайтқан «Мұстафа Шоқай жолымен» арнайы экспедициясы Тбилисиде грузин өнерінің алыбы Вахтанг Кикабидземен кездесті. Экспедиция жетекшісі, бастаған делегацияны Захария Палиашвили атындағы опера театрының директоры Давид Сакварелидзе қабылдап, «Фазтон» мейрамханасына кешкі асқа шақырды. Грузиннің жеті дауыспен айтылатын «Сулико» хорын тыңдап отырып, қазақтармен арнайы жүздеуге келген Вахтанг Кикабидземен қатар отырдық. Өзілқалжыңымыз жарасты. Жетпістен асқан сақалды шал анекдот айтудың шебері екен және күлдіріп отырып салмақты ой айта-тыны бізді таңғалдырды. Сондықтан Кикабидзенің байсалды байламдарын сол қалпында ықшамдап беруге тырыстық.

– Мен Қазақстанда жиі боламын. Қазақтар мейірімді ұлт. Маған қазақтың мейрамханада көңілді отырып, жарасымды әңгіме айтуы ұнайды. Ал Ресейде болса, отырған орындығынды сындырып, отырысыңның быт-шытын шығарып кетеді. Орыстар қалай арақ ішуді білмейді ғой...

Нұрсұлтан Назарбаев – менің досым. Жиі кездесіп тұрамыз. Астанадағы бір концертте екеуіміз қатар отырдық. Біз кезде ұлттық шапан киген қазақтың бір жігіті сахнаға шықты да, күмбірлетіп күй тарта жөнелді. Әуенде мұң әрі асаулық бар. Мен Нұрсұлтан Әбішұлына еңкейдім де:

– Нұреке, мына жігіт не ойнап жатыр? – деп сұрадым.

Ол маған қарады да:

– Бұл қазақтың күңіренген, бірақ ешкімге бас иеген тарихы, – деді.

Мен артық сұрақ қойғанымды ұқтым.



Адам дүние есігін ашқанда өмірге уақытша келгенін түсінбеуі мүмкін. Бірақ тарихқа із тастап ағатын адамдар бар. Олар аз. Сендер іздеп жүрген Мұстафа Шоқай да соның бірі. Ондай тұлғалар ғасырда бір-ақ рет туылатын шығар. Бірақ олардың дүниеге келуін де сарғайып күту керек.

Төбемізде бақылап тұрған құдіретті күш бар. Бәріміздің Құдайымыз бір. Естіп тұр ғой, жылы тост айтсаң, оған да жақсы, бізге де жақсы. Бәріміздің денсаулығымыз үшін ішейік.

Грузиндер сыйлы қонақтарды жақсы күтіп, құрметпен шығарып сала алады. Қазақтар да солай.

Геннадий Хазанов мені Мәскеуге, өзінің есеп беру кешіне шақырды. Залдағы алдыңғы орындардың бірінде отырдым. Бір кезде кавказдық акцентпен ол бір интермедияны айта бастады. Жұртқа Хазановтың салған кавказдық акценті ұнаған шығар, көрермендер күліп жатты. Мен түк түсінген жоқпын. Негізі, өзің білмейтін халықтың әдеті мен акцентін күлкіге айналдырудың қажеті жоқ. Мен мысалы, Мұстафа Шоқайдың даусын білмеймін және сала да алмаймын. Ал Хазанов шамасына қарамай грузиндік акцентпен сөйлегісі келеді. Кавказдық акцент – басқаға бұйырмаған несібе.

Грузиндер дастарқан басында әйелдер үшін ішкісі келеді де тұрады.



Мен қонақ сыйлағанды ұнатамын. Бірақ ішіп-жеуді жақсы көретіндер бар. Ондайлар қонаққа келгіш. Өздері шақырмайды, келе береді. Менің орыс достарым сондай. Бір жолы Мәскеу мейрамханасына оларды тағы дастарқанға шақырдым. Келді. Сосын қыза бастағанда «осы сендер менің есебімнен іше бергенді қашан қоясыңдар» деп әзіл айттым.

...Бір кезде қарасам, қасымда екі-ақ еврей қалыпты.

Әлемдік кино өнерінің ең басты төрт жүлдесін жеңіп алдым. Мен өте талантты адаммын.

Тарих бағасын береді. Қазақтардың Н.Назарбаевты көкке көтеретін кезі бүгін және ол уақыт әлі де алда.

Менен оппозицияның бір журналисі келіп «Сіз президент Саакашвили туралы не ойлайсыз?» деп сұрады. Жағымды нәрсе айттым. Бірақ мұндай пікір оларды қызықтырмайды. Менің ойымша, ақылды адам – ең үлкен адам. Егер сайлаудағы бәсекеде елімді басқаратын ақылсыз адамды таңдасам – бұл менің сорым. Онда өз сорыңды көшеге шығарып, митинг жасаудың қажеті жоқ. Егер қарсыласыңның әрекеті дұрыс болмаса, айт, келіссөз столына отыр, келісімге кел.

Ал Нұрсұлтан Назарбаев өте ақылды адам, біздің бұрынғы президент Шевернадзе де сондай. Тамызда соғыс басталғанда, Саакашвили елді бірлікке шақырды. Сол күні кеште Эдуард Шевернадзе маған телефон соқты:

– Сен не істеп жатырсың?

– Армияға барайын деп жатырмын, – дедім әзілдеп.

Ол үнсіз қалды да:

– Негізі, бұлай болмауы керек еді, – деді.



Кішкентай Грузияның жүрегі үлкен.

Осы тосты Н.Назарбаевтың денсаулығы үшін көтеремін...
Медведев үшін емес.

Мен грузин мәдениетінің алыбының бірі Вахтанг Кикабидземен кездескен дастарқан басындағы тосын сәтті пайдаланып, қайта-қайта фотоаппаратымды жарқылдата түсіре берсем керек. Ол бір сәт маған бұрылып қарады да:

– Сенің газетіңе жақсы сурет керек пе? – деді

– Иә.

– Онда түсір, тезірек.

Вахтанг Кикабидзе шегіп отырған темекісін қолына алды да, құлағына апарып қыстыра қойды.

Мен әбжілдік танытып түсіріп үлгердім.

Грузиядағы болған он күн қызу өтті. Маған грузин халқының қазаққа ұқсайтын қонақжай ақжарылқап мінезі ұнады. Кетер кезде арамыздағы Өскенбай ақсақал Вахтанг Кикабидзеге қазақтың тақиясын сыйға тартты.

– Біздің үйде қазақ бұрышы бар. Үйге келген грузиндер столда отырып, тамаққа тойып алады да, қазақ бұрышына барып, сіздер сияқты жамбастап жатып шай ішуді үйреніп алды» деді Кикабидзе күліп.

Сосын «грузиннің бойында қыпшақтың да қаны бар ғой» деп қосып қойды.

*Алматы – Тбилиси – Кутаиси –
Батуми – Тбилиси – Алматы*



АДАМЗАТҚА ОЙ САЛҒАН АНТАЛЬЯ

Қалың қараңғылықты қақ жарған алып ұшақ бізді қанатына қондырып алып, Анадолы еліне қарай бет бұрды. Ыстамбұлдағы Ататүрік әуежайына келіп қонғанымызда Түркияда таң енді атып келе жатты. Ал бұл уақытта біздің елде түскі уақыт болып қалған.

Ататүрік әуежайы бірнеше шақырым жерді алып жатқанын аңғардық. Бір таңғаларлық нәрсе мұнда әрбір минут сайын әуежайға бір ұшақ қонып, екіншісі ұшып кетіп жатады. Алып әуежайды көргенде Ыстамбұлдағы тіршіліктің қандай екенін айқын аңғаруға болады. Біздің республикамыздағы бар халықтың саны 17 миллионның төңірегінде болса, бір Ыстамбұлдың өзінде 17 миллионның шамасында халық тұрады. Құмырсқаның илеуіндей құжынаған тірліктің аяғы көрінбейді, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан көліктердің қозғалысы мен адамдың жүрісі тіршіліктің қайнап тұрғанын аңғартады. Расында, жеріміз кеңбайтақ, ал ұлтымыздың саны аз. Халқыңның көп болғаны да жақсы ғой.

...Біздің барар жеріміз – Анталья. Алматыдан бес сағат әуеде қалықтаған біздің ұшуымыз тағы бір сағатқа созылды. Дегенмен аспанға көтерілуіміз оңайға соқпады. Антальяға апаратын ұшақ бір жүріп, бір тоқтап, ақырын жүріске енді. Іш пысайын деді. Алматы әуежайында ұшақ оталса, ұзамай аспанға ұшып кетуге үйренген біз бұл әрекеттің сырын кейін ұғынғандай болдық. Ұшақтың терезесінен амал жоқ, жан-жаққа көз саламыз. Әр ғимаратта желбіреген түрік туы. Шырайлы көне шаһардың әр жерінен мешіт мұнаралары алыстан көз тартады. Ақырындап митың жүріске енген ұшақты бұрылғанда байқадық: біздің алдымызда кезегін күтіп он шақты ұшақ тұр екен. Бірер



сағаттан бері ұша алмай бір жүріп, бір тоқтап тұрғанымыздың себебі осы екен. Ойпырым-ай, мұндай да болады екен ғой: біз ұшақ кептелісінде тұрмыз. Таңғалдық. Бұл біз үшін тосын көрініс. Алматыдағы көлік кептелісіне көз үйренген біз «ұшақтың кептелісі болады» дегенді естімеппіз. Бірақ көз көрді. Ақыры ішті пыстырып, біздің ұшақ та аспанға көтерілді. Мәрмәр теңізінің үстінде қалықтап ұштық. Керемет сурет әрі қорқынышты. Ұшақ теңіз үстінде бұрылғанда, бойынды үрей билеп алады екен. Ақыры оған да бойымыз үйренді.

Торрос тауы мен Қара теңіздің ортасында жатқан Антальяға да табанымыз тиді. Алатаудың басында жатқан ақ қарға көзіміз әбден үйренген бізге Торрос тауы жалаңаш жатқандай болып елестеді. Шыршасы мен қарағайы сыңсып тұрса да. Ал Ақ теңіз ақ көбігін шашып, суға түсу маусымының әлі де аяқталмағанын білдіріп жатыр.

Антальяда 2 миллион халық тұрады. Дегенмен мұнда біздегідей кептеліс жоқ. Сымдай тартылған көшелерінен ескі-құсқы, өкпесін сүйреткен көлік көрмейсің. Бәрі дерлік – зауыттан жаңа шыққан темір тұлпарлар.

Антальяға жеткенімізде әлі 80 шақырым жол жүретініміз белгілі болды. Тоқтар жеріміз Текирова жағажайы екен. Тау жағалап келеміз. Жолды таудың жақпарларын құлатып салғаны бірден білінеді. Өйткені төбеден қой тастар төніп тұр. Ал тауды тесіп тоннель салғанын көргенімізде, Алматы метросы еске бірден оралды. Жиырма жылдан бері метроның бірінші кезеңін зорға бітірдік. Ал түрік ағайындар...

Жолдың жағасында өсіп тұрған апельсин, мандарин, бананды қызықтап отырып Текироваға да жеттік. Әлемдік брендке айналған Rixos қонақүйіне келіп тоқтадық. Теңізі тулап, балығы шулап, экзотикалық ағаштары самсап тұрған бұл аймақ – жердегі жұмақтың көлеңкесі. Жылына үш рет өнім беретін аймақтың күні жылы. Адамдары да. Біздегідей



қатаң қабақты емес, барлығына да жымыып, күліп жауап береді. Неткен инабаттылық, біздің қызмет етушілер осыны үйренсе екен дейсің. Жалпы, жылы сөз жан семіртеді ғой...

Жалпы, туризмнен орасан зор табыс тауып отырған түріктерге Алла тағала бақ берген десе де болады. Сол бақ табыс беріп отыр. Әлемде барын ұқсата алмай отырғандар көп. Бірақ бауырлас түрік ағайындар туризмді дамытты. Жаз болса, әлем ағылады Түркияға қарай... тағамдары қандай, дүниенің тәттісі тұр. Барлығын иіп әкеп, түріктің ұлттық асы етіп қойған. Сүйсінесің.

Антальяға да жеттік. ЕҚЫҰ-ның саммитіне ресми Астана қызу дайындалып жатқан тұста Түркияның Анталья қаласында Қазақстан тағы бір төрағалықты табыстады. Курортты қаланың Rixos қонақ үйінде «Диалог Еуразия» платформасының «Отбасы және әлем» тақырыбына арналған ірі халықаралық конференциясы және аталған ұйымның тоғызыншы кеңейтілген мәжілісі болып өтті. Қазақстандық делегацияны «Диалог Еуразия» платформасының Қазақстандағы бас үйлестірушісі Салих Акчай мырза бастап барды.

Антальядағы халықаралық конференцияға әлемнің 50-ден астам мемлекетінен 700-ден астам зиялы қауым өкілдері жиналды. Соңғы екі жылда «Диалог Еуразия» ұйымына төрағалық еткен Қазақстан бұл саладағы жұмысты жандандырды десе де артық емес. Конференцияның ашылу салтанатында Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, сенатор, «Диалог Еуразия» платформасының төрағасы Нұрлан Оразалин құттықтау сөз сөйлеп, ұйымның жұмысына сәттілік тіледі.

– Жер планетасы үшін қазір ізгілікті ойлайтын тың идеялар қажет. Қазақтың ұлы ақыны Абай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» XIX ғасырда-ақ айтқан. Абайдың ұлы мұраты мен ізгілік идеясы бүгінге дейін қалыпты өмір сүріп келеді. Қазақта «Отан отбасынан басталады» деген сөз бар.



Қазір әлемде 7 миллиардқа жуық халық өмір сүріп келеді. Олар – жер дейтін алып отбасының мүшелері. Ал отбасының тағдыры әрбір адамзатты алаңдатуға тиіс. Сондықтан мұндай диалог бізге керек. Ал «Диалог Еуразия» кез келген ел үшін есігі ашық. Ол шекараны білмейді, – деді Нұрлан Оразалин.

Харун ТОКАК,

«Диалог Еуразия» платформасының тең төрағасы:

– Осыдан он екі жыл бұрын біз жиналғанда, бар жоғы 40-қа жуық қана адам едік. Сол кезде бір-бірімізге күдікпен қарадық. Ал бүгін жүрегімізге сенім ұялады. Байланыс пен ынтымақ, достығымыз ұлғайды. Демек, бүкіл проблеманың түйіні ортақ диалогта жатқанын өмірдің өзі көрсетіп берді. Осыдан 12 жыл бұрын айтылған қырғыз халқының талантты ұлы Шыңғыс Айтматовтың «Диалог Еуразия» – Еуразия зиялы қауымының төлқұжаты» деген пікірі бүгін біздің қанатты сөзімізге айналды. Мұның астарында ақиқат пен ізгілік нұры жатыр. «ДА» платформасы бүгінде маған тынымсыз қимыл-қозғалыс пен уақытты көрсетіп тұрған ұйқыашар сағат іспетті әсер қалдырады. Демек, дүниеге қауіп-қатер төнген сәтте біз «Диалог Еуразия» арқылы оянуымыз қажет.

Анар РЗА,

«Диалог Еуразия» платформасының құрметті төрағасы:

– Түркияда Еуропа мен Азияны жалғайтын екі көпір бар болса, оның үшіншісі – «Диалог Еуразия» платформасы. Әлемде әртүрлі жағдайлар болып жатыр. Лаңкестік, соғыс, ел мен ел арасындағы қырғи-қабақ соғыс әлі толастаған жоқ. Оны шешудің жолы бар ма? Бар! Ол – диалог!



Ростислав РЫБАКОВ,

«Диалог Еуразия» платформасының құрметті төрағасы:

– Мен Антальяға бет алсам, жұрт «демалуға барасың ба?» деп жиі сұрақ қояды. Менің оларға айтар жауабым біреу: Антальяға жұмыс істеуге бара жатырмын. Шын мәнінде, мен мұнда жұмыс істеуге келемін. Екі күннен бергі алқалы жиында шын мәнінде, әлемді алаңдатып отырған мәселелер айтылды. Бізге «Диалог Еуразия» ауадай қажет.

Нина УСТАНИНА,

Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты:

– Бүгінгі халықаралық конференцияның «Отбасы» тақырыбына айналуы дұрыс деп ойлаймын. Бүгінгі таңда демографиялық жағдай өте өзекті. Ресей халқының саны – 142 миллион. Бірақ соңғы жеті жылдың ішінде ел халқы 1 миллион адамға азайды. Әсіресе, Ресейде жалғызбасты аналардың күрт көбеюі алаңдатарлық жағдайға айналды. Біздің елімізде қазір жастар арасында азаматтық неке ұғымы сәнге айналып барады. Билікті отбасындағы рухани құндылықтар институтының төмендеуі алаңдатып отыр. Мәліметтерге сенсек, үйленгеннен кейінгі 5-7 жылда жас отбасының ажырасуы жиілеп барады. Ресейде жұмыссыздықтың көбеюі мен ішімдікке құмарлықтың салдарынан отбасылардың ғұмыры ұзаққа бармайды. Сондықтан бүгінгі конференция отбасы мәселелеріндегі түйткілдерді терең талқыға салды.

Ғарифолла ЕСІМ,

Сенатор, «Диалог Еуразия» платформасының Қазақстандағы Ұлттық комитетінің төрағасы:

– 1961 жылы Юрий Гагарин жердің тартылыс күшін жеңіп, кеңістікке шықты. Бұл үлкен жеңіс. Сонда бұлғардың ақыны Қайсын Күлиевтің былай дегені бар: «Ғарышға ұшу –



бұл техникалық мәселе. Бұл адамның қолынан келетін іс. Ал ең қиыны, жаныңда отырған адамға «ұшып жетудің» мүмкін еместігі». Бұл жерде Күлиев адамзаттың бір-бірін түсінуден қалып бара жатқанын айтып отыр. Қасында жүрген жолдасыңның жанын түсінбей жатсаң, ал халықтар қалай бір-бірімен ұғысады? Елдер бір-біріне қалай «ұшып жетеді?».

XX ғасыр адамзат баласына алапат ауырлық әкелді. Қырғи-қабақ соғыс басталды. Демек, ел мен халық Күлиев айтқандай, бір-біріне «ұшып жетпей» жатыр. Ал «ДА» платформасы осы түсіністік жағын бірінші орынға қояды. Адамдар түсінісу үшін алдымен кездесуі, сөйлесуі керек. Тілдескеннен кейін ғана адамдар арасындағы түсініспеушілік жойылады.

Ал бүгінгі жиынға 50-ден астам елден өкілдер келді. Тақырып та өзекті, отбасына арналды. Отбасы тауқыметі – бүкіл әлемге ортақ проблема. Әйел адамдардың бұзылуы, ерлердің ортақ құндылық ретінде отбасылық қызметті атқара алмауы, шынында түйткілге айналды. Қазақта «жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» деген сөз бар. Осы тұрғыдан алғанда «ДА» платформасының үш күндік жиыны өте сәтті болды деп айта аламын.

Жалпы, халықтың өткен тарихында көптеген соғыс орын алды. Соған лайықты етіп жазылған оқулықтарда да бұрмалаушылықтар бар. Қазіргі кезде осыны қалай жасау керек? Бұрынғы тарихты ескі көзқараспен бағалай берсек, жас ұрпақ қалай тәрбиеленеді? Қырғи-қабақ қатынаспен жүре беруді доғару қажет. Жаңа ғасырда тарихқа жаңа сана керек. Эмоциялық көзқарастарды тоқтатып, жаңа ұғым тудырудың қажеттілігі күн тәртібінде тұр. Адамдардың түсіністік дәуірі орнап, өркениеттер диалогы орын алса деймін. Ойлану керек. Бұрынғы кикілжіңдерді қайта-қайта қозғай берсек, одан ұтарымыз не?

Біз Наполеонды, Македонскийді, Цезарьды, Сталинді, Гитлер секілді жауыздарды насихаттаймыз. Олар миллион-



даған адамдарды қырды. Мен жауыздарға ескерткіш қоюға қарсы адаммын. Ал өмірде насихаттайтын адамдар бар. Олар, Аристотель, Авиценна, Сократ, Фараби, Абай мен Пушкин, Лермонтов, тағы басқалар. Менің ойымша, адамзатқа құндылық әкелетін тұлғаларды ғана насихаттауымыз қажет. Рас, зұлымдық вирусы бар. Ал зұлымдықтың ең апогейі – Шыңғыс хан. Тарихта болған жауыздарды насихаттау меніңше, зұлымдықты өсіру болып табылады. Ал Фараби мен Абайды, Аристотельді насихаттасақ, бұл – ізгілікті өсіру. Демек, алдымызда дилемма тұр. Қайсысы дұрыс? Тарихта көпе-көрнеу халықты жазықсыз қырғандар мен өркениет қаланы тып-типыл еткендерді неге жарнамалауымыз керек? Сталиннің санамыздан күні бүгінге дейін өшпей жатқанында да осындай кілтипан тұр.

Өркениеттің үрдісі және дерті бар. Мысалы, бір жынысты неке – өркениеттің дерті. Бұл жерде адам құқы деген нәрсе санаға қайшы. Ендеше, әлемнен ағылып келіп жатқан кез келген тасқын ақпаратты қабылдай беруге болмайды. Тамақты талғап жегенің тәрізді, өркениеттің де құндылықтарын ғана алу керек. Ақпараттың бәрін білім мен тәрбие арқылы қабылдаған жөн деп ойлаймын.

Абай айтқан: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...». Бұл қиын және үлкен мақсат. Бірақ оны қалай орындау керек? Оның міндеттері бар. Соның бір міндеті осы – «Диалог Еуразия» платформасындағы сұхбаттасу болып отыр. Платформа жұмысының нәтижелі болуы жиынға қатысқан адамдардың білім, ой дәрежесіне байланысты. Ал платформаға келген қайраткерлердің ой деңгейі өте жоғары. Мұнда жиналғандар әр елдің қаймақтары десе де болады.

Адамзат баласына төнген қауіпті қалай сейілтуге болады? Осы жиында бір кісі «бәрі де зиялы қауымға байланысты» деп өнегелі сөз айтты. Рас, зиялы қауым елді бұзады да, елді түзейді де. Жиында біз мынаны айттық: «біреудің пікірі бізге ұнамас, бірақ айтсын?». Ұнамайтын



пікірді де тыңдаудың мәдениетін қалыптастыру керек. Демек, ол пікірдің де өмір сүруге құқы бар. Бұл – жаңа мәдениеттің қалыптасуы. Ал бұл жұмысты біз Қазақстанда кеңейтіп, жандандырып келе жатырмыз деп ойлаймын.

Конференцияда әлемнің әр елінен келген қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен жазушылар мінберден отбасы құндылықтарына арнаған көкейкесті ойларын ортаға салды. Қалай айтқанда да, ортақ проблема бар: отбасылық институттың құндылығы төмендеп барады, бірақ әр елде әртүрлі. Жиында оны шешудің жолдары баяндамашылардың негізгі әңгіме тақырыбына айналды. Әрине, оның бәрін тізу міндет емес шығар. Әйтсе де, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық психология кафедрасының доценті Майра Қабақованың жасаған баяндамасы тыңдаушылардың зор қызығушылығын туғызды. Бала тәрбиелеудегі қазақ отбасының ерекшеліктері, бесікке салу, жеті атаға дейін қыз алыспау, ұлттық салт пен сана төңірегіндегі ойларына еуропалықтар таңданыспен қарағанын да айта кету ләзім.

Конференцияның екінші күнгі қорытынды жиынынан соң, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, акын-драматург Нұрлан Оразалиннің «Қоздағы шок» (Yanık Yürek) кітабының түрікше аудармасының тұсаукесер рәсімі болды.

ТҮЙІН

Конференцияға Қазақстаннан ғалым-әдебиетшілер, филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы, Дандай Ысқақ, Құныпия Алпысбай, акын-жазушылар Қуандық Түменбай, Жұматай Шаштайұлы, Жанарбек Әшімжан, Шәміл Әбілтай және тағы басқа қайраткерлер қатысты. Халықты бір-бірімен жақындастыратын, отбасы мен рухани құндылықтарды сөз еткен «Диалог Еуразия» платформасының кезекті кеңейтілген жиыны осылай табысты аяқталды. Бұл өнегелі жиын, ой салған басқосу



болды. Қазақстанның соңғы екі жылдағы төрағалық жұмысына жоғары баға берілді. Төрағалықты Украина қолына алды. Дауыс берудің нәтижесінде, «ДА» платформасының төрағасы болып, украиналық академик Владимир Сергейчук сайланды.

...Антальяның Текирова жағажайындағы Rixos қонақ үйінде төрт күнге созылған конференцияда бейбіт өмір сүрудегі отбасылық және адамзаттық құндылықтар сөз етілді. Бейбітшілік шағын отбасынан басталады. «Отбасындағы сыйластық әлемдік татулыққа үндесіп, үйлесім тауып жатса, одан артық құндылық жоқ» десті жиынға қатысушылар. Расында да солай, ынтымақтың бәрі адамның бір-бірін сыйлауынан басталады емес пе? Бұл жағынан келгенде, біздің түрік ағайындардан үйренереміз көп екен. Жымиып күліп, іші-бауырына кіріп, түріктік тұрқын танытып тұратын олардың жылы кейпі үлкен сауда алаңында, супермаркеттерде, дүкенге енген сәтіңізде анық байқалады. «Хош келдіңіз» деп құрақ ұшып, «шай ішесіз бе, кофе ішесіз бе?» деп тауарыңызға дейін тандап беріп, алмайтындай ыңғай танытсаңыз, артыңыздан қалмай, тіпті өзіңізді састырып жібереді. Алматының «Барахолкасында» жүрсеңіз, «мен сізге айттым ғой, алмаймын» деп қолыңызды бір сілтеп, сатушыға ашулануыңыз бек мүмкін. Ал түрік нарығында олай жасай алмайсыз. Сізге тауарын алдырады. Тіпті бағасын 50 пайызға түсіріп, орап, беріп жібереді. Бізбен ілесіп барған әкім-шенділер қатарынан екі-үш қара тон, қыстық ішік алғанда, оларға емес, сатушыларына таңғалдық. Бастапқыда «1000 доллар делінген» тондар акырында 400 долларға сатылды. «Түріктік нарық» деген осы. Сырттан барғандарға аңысын аңдып, жоғары бағаны айтады, ал алуға ыңғай білдірмесе, өзінің бастапқы бағасынан сәл ғана көтеріп, сатып жібереді. Әсіресе, олар Қазақстаннан келген кейбір даңғойлардың мырзалық жүрісін мықтап жаттап алған. Базар адамның қас-қабағына, әрекетіне, тауарды алу-



алмауына қарай әрекет етеді. Мұны түріктер мықтап үйренген. Оның үстіне кейінгі кезде Ыстамбұл мен Анкара базарына әсіресе, бұрынғы Кеңес Одағынан адамдар көп баратынын да біліп алған. Үлкен сауда үйлерінде орыс тілін жетік меңгеріп алған сатушылар алдыңды кес-кестейді. Тіпті акцентсіз сөйлейді. Алмасыңа қоймайды. Пейіліне, жылы қабағына риза боласың.

Қысқасы, базары назар аудартады. Туризм мен тауарынан орасан зор пайда табады. Жымыып тұрып, жылы көңілмен шығарып салады. Жиыны да бөлек. Жинақы, жоғары дәрежеде өтеді. Антальядағы басқосу да адамзатқа ой салды. Отбасының ұлы құндылықтары туралы терең сөз тербеген жиын болды.

...Осындайда түріктердің күнде қызуы басылмай жататын аласапыран тірлігі асыға қоймайтын жүрістегі қазаққа жұқса дейсің.

*Алматы – Ыстамбұл – Анталья –
Ыстамбұл – Алматы.*





Берік БЕЙСЕНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағы Баубек Бұлқышев
атындағы сыйлықтың иегері,
Қазақстанның Мәдениет қайраткері:

ЖУРНАЛИСТИКАДА МЕН ҚАЛАМ ТАРТПАҒАН САЛА ЖОҚ

– Екі мәрте Президенттің алғысхатын алған, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Журналистер одағының мүшесі, Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері, «Айқын» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Берік БЕЙСЕНҰЛЫНЫҢ балалық шағы, өскен ортасы мен журналистикаға құмарлығы неден басталды?

– Мен Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Төменарық елді мекенінде дүниеге келдім. Туған жерім болғандықтан да емес шығар, мен өскен ауылдың табиғаты бөлек еді. Толқып, бір сарынмен ағып жататын Сыр өзенінің жағасында өстім. Балық ауладық. Атқа міндік, өріске сиыр айдадық, қозы-лақ бақтық. Сыр өзенінен бастау алатын «Сунақ ата» мен «Қамысқақ» каналының арасындағы біздің ауыл шын мәнінде, жанға да, малға да жайлы еді. Таңертең қара нанға сары майды жағып алып, ойнақтаған қозылақтың соңынан кететін біз өрісте жүріп, бозторғайдың құйқылжыған дауысын, бауыры ала, құйрығы айыр қарлығаштың шырылы мен сұлулығын көріп, сезініп өстік. Сырдың аптабы түс әлетіне таман адамды қуыра бастайтын сәттен бірер сағат бұрын қозы-лақты үйге қарай айдап артынан жүгіретінбіз. Үйдің алдындағы күні-түні тоқтаусыз ағып жататын арыққа қозы-лақ лап қойғанда, балалық па, біз де жата қап су ішкенді қызық көретінбіз. Малы көп



болғандықтан ба, «бай ауыл» деп атайтын біздің көшеде тек бір рудың ағайындары тұрғандықтан ба, татулығы жарасқан, ынтымағы берік еді. Бірақ қазір ол ауыл жоқ. 2004 жылдың суықтау көктемінде Сыр өзені аяқ астынан асау мінезін танытып, бір мезгілде қоңырқай тіршілігімен тыныш жатқан елді мекенді тып-типыл етті. Жұрт аман. Халық үдере көшті, малын сонау Шиелі ауданы арқылы Қаратауға қарай айдаған азаматтар дәулетін осылай аман сақтап қалды. Бір жазда-ақ ауылдың кіре беріс шетінде жаңадан ақ шаңқан үйлер қайтадан бой түзеді.

Бірақ «Қос каналдың» арасындағы ауылда өткен балалық бал дәурен сағынышым жүректе қалды. Мен осы жерде жүріп өлең жаздым. Алғашқы мақалам шықты. 9-сыныпта оқып жүрген кезімде «Ленин – ғасырлардың үні» атты өлеңім облыстық «Ленин жолы» (қазіргі облыстық «Сыр бойы») газетінде жарияланғанда, бақыттан басым бір-ақ айналған. Енді ше... газетке бірінші рет жібергеннен-ақ жарқ етіп шыға келсе... Содан «ақын бала» атандым. Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы» газетінде мақалаларым жиі жарық көре бастады. Бірақ бір қызығы, аудандық, облыстық басылымдардан фамилиям түспеген мен республикалық газеттерге Алматыға келген соң барып қана жаза бастадым. Қарапайымдылық па, ұяндық па, оны білмедім. 9-сыныпта оқып жүргенде:

«Бұйығы өмір. Жан-жағым.

Көрерміз енді қалғанын.

Тірлікте керек асаулық,

Журналист болу – арманым!» деп жазыппын.

...Сол арманның жемісін жеп жүрміз қазір! КазГУ-дың филология факультетіне бес рет емтихан тапсырып, «енді құласаң, оқуға жібермеймін» деген әкемнің бір ауыз сөзінен кейін намысты қайрап, «болмаса, журналистиканы көрейін» деген жылы Алла жолымды оңдап, оқуға түсіп кеттім.

...Тағы бір қызықты оқиға есіме түседі. 9-сыныпта оқып



жүргенде туған жердің түлегі, біздің мектепте оқыған Кеңес Одағының Батыры Романовтың туған күніне өлең шығару керек болды. «Төменарық» топырағынан соғысқа аттанған Романов ерлігімен көзге түсіп, майдан даласында мерт болады. Ерлігі үшін оған «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Батыр атындағы білім ордасында оқыған мен өленде оны Құлагерге мінгізіп, жауға шапқызғанмын ғой. Майдан даласында өзі де, «Құлагері» де ажал құшады. Ер-теңіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әбдікамал Дүйсебаев ағай кабинетіне шақырып алып, мақтасын кеп. «Бірақ Романовты «Құлагерге» мінгізгенің қисынсыз сияқты?» деді сосын жымыып.

*Қуат ап, сүйікті елден,
Жарқырап биіктерден
Алдыңда құба белің,
Астыңда оза шапқан
Ақанның Құлагері.*

*Санамнан көшпес мәңгі
Бауырым, батырсың да!
Толғайын өшпес әнді
Толғанып тұр ақының
Аңыз боп жатырсың ба,
Соғыстың сұрапылы!*

Өткен жылдарыма, өшпеген жырларыма көз салсам, журналистикаға басы бүтін бұрылып кетіп, «ақындығыма обал жасадым-ау» деген де анда-санда ой келеді. Бірақ жақсы өленді жаным жақсы көреді. Шаршасам, қолыма өлең кітабын аламын.

...6-сыныпта оқып жүргенімде құрдасым Болат Қорғанбеков (қазір Түркістанда, Халықаралық қазақ-түрік университетінде қызмет істейді, доцент, ғалым) класқа бір



өлең жазып әкеліпті. Ұмытпасам, аты – «Қоңыр тай-ау» деймін. Оқып көрдім. Содан «мен неге жазып көрмеймін?» деген ой келді. Нашар оқитын екі баланы бір-бірімен айтыстырып, өлең жаздым. Оқып бердім. Төбелесіп қала жаздадық. Ренжіді. Содан кейін дұрыс өлең жазуға көштім. Сол сыныптасым Болат Қорғанбеков екеуіміз ақындардың аудандық, облыстық «Жігер» фестиваліне дейін бірге қатыстық. Бірақ Қызылордада өткен байқауда республикалық «Жігер» фестиваліне жолдама ала алмай қалдық. Болат екеуіміз өлең жазсақ болды, бір-бірімізге көрсетуге асық едік. Бірақ екеуіміз де нағыз ақын бола алмадық. Ол – ғалым, мен – журналистпін қазір...

– Қазір қазақ журналистикасының қарымын қалай бағалайсыз? Біздегі бас редакторлар мектебінен не үйренуге болады?

– Өмір алға жылжыған сайын кез келген нәрсе дамиды, журналистика да солай. Мысалы, өткен ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі кезеңдегі БАҚ-тың деңгейін де, әлеуетін де салыстыруға келмейді. Өсу жоғары. Техникалық безендіру жағынан да, жаңалықты беру тұрғысынан да айырмашылық аспан мен жердей. Солай болады да. Жаһанның тез жылжыған көшіне мықты журналистері бар, жылдам, салмақты стратегиялық шешім қабылдай алатын менеджерлері мен қор-қаржысы бар, нарыққа икемді БАҚ қана ілесе алады. Өйткені медианарықта бәсекелестер көбейді, қазақ басылымдарының саны да жылдан жылға артты. Бұған қуану керек. Соңғы бес жылда тұтас елге тарайтын республикалық мәртебесі бар қазақтілді басылымдар мен сайттардың саны артты. Мұны билік те түсіне бастағаны қуантады. Өйткені мемлекеттік тілге сұраныс барған сайын артып келеді. Бұл – қажеттілік. Бірақ...

Сол қажеттілікті біз бүгінгі күнде қаншалықты өтеп отырмыз? Бұл енді аздаған түйткілі бар мәселе. Нарыққа дендеп енгенімізге 20 жылдан аса уақыт өтсе де, қазақ



журналистикасында оңалмай тұрған бір олқылық бар. Мұның бәрі біздің менталитеттегі тойшылдығымыздан бастау алып жатса керек. Атасы мен әкесі 60-қа немесе 70-ке толған, туысқаны елуге келген ұрпақ немесе мерейтойын атап өткелі жатқан жазушы-ақын, зиялы қауым әлі күнге дейін басылымға өзі туралы көлдей мақала шыққанын жаны қалайды. Елге сіңген еңбегі бар шығар. Бірақ газетке – обал! Нарықтың қатал заңымен санасқысы келмейді. Одан да сол «көлдей мақаланың», өздерін-өздері мақтайтын мақаланың орнына ұлттың мүддесіне қатысты, халықтың тауқыметін қозғаған, өзекті жаратын материал шыққаны артық, маған. Бірақ...

Біз осыдан арыла алмай келеміз. Орыс газеттері мұндай мерейтойлық мақалаларды баспайды. Нарық заңдылығына сәйкес, төлемақысын сұрайды. Дұрыс-ақ шығар. Менталитетіміз ерекшелеу болса да, біз де соған үйренуіміз керек қой. Дегенмен, біздің өзгешелігіміз де, артықшылығымыз да сол, зиялы қауымға, ұлтқа қатысты мәселе қазақ журналистерінің санасында адами тұрғыда мықтап мәңгілікке орнаған. Үлкенді сыйлаған адамдық қалпымызбен әрқашан алда жүреміз.

Сенсация қуған бүгінгі заманда орыс тіліндегі кейбір басылымдарға қарағанда қазақтілді басылымдар салқынқанды, салмақты, классикалық бағытты ұстанған. Бұл да дұрыс шығар. Бір-ақ мысал келтірейін. Бұрын қызмет істеген бір министр кезінде жемқорлыққа қатысты істі болғанда қазақтілді басылымдардың біразы бұл тақырыптан қалыс қалды. Ол ұзамай ақталып шықты. Негізі, адамды қаралау оңай, ақтап алу қиын. Қазақ газетінде жұмыс істеп жүріп адами қасиетіміз әрдайым алдымызда жүреді деп отырғаным да содан.

Бізде мықты бас редакторлар мектебі бар. «Шерханның шекпенінен шықтық» деп сыр айтатын қалам ұстағандардың өзі қазір елуден асып, алпысты алқымдап қалды.



Сейдахмет Бердіқұловтың шеберлік мектебі шексіз болды. Екеуінің мықтылығын жыр етіп айтады, журналистер. Біз де көзін көріп, аздап тәлімін алып үлгердік.

Журналистикадағы бас редакторлар мектебі – кішілік пен кісіліктің, шынайы кәсіби шеберлік, адамгершілік пен азаматтық көзқарастың астасқан жері. Үйренетін нәрсе көп, үйренер буын болса.

Жаңа келген жас журналистке газеттегі бас редакторлардың шеберлік туралы дәріс оқуы міндетті емес. Өйткені талант тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

Біз жасырақ кезімізде Нұртөре Жүсіптің мектебінен көп үйрендік. Сосын қалғанын өмір үйретті. Тоқсаныншы жылдардың ортасында Н.Жүсіп басқарған «Жас Алаш» қазақ журналистикасының санасына серпіліс әкелді. Нұртөренің «Жас Алаштағы» «Қазақстан қан түкіріп тұр» деген тақырыбын басылымды бауырына басқан жұрт әлі күнге жыр етіп айтады. «Айқынға» Бас редактор болып келгенде 86 жылғы желтоқсан оқиғасы өткен Алматының Республика алаңында құрылыс басталғанда «Қара жер қақ айырылды» деп денеңді дір еткізіп қойған тақырыбының да жөні бөлек.

Осы уақытқа дейінгі жиырма бес жылдан астам журналистикалық өмірімде төрт Бас редактордың орынбасары болып қызмет істепмін. Әрқайсысынан үйрендім. Әсіресе, менің өмірімде Бас редактор ретінде Нұртөре Жүсіп пен Бауыржан Омаровтың орны айрықша. Журналистикада осы азаматтармен жолымның түйіскеніне бек разымын, Аллаға мың қайта шүкіршілік етемін. Үйренетін адамың болса, үйрене білген дұрыс. Еңбектен, үйренуден қашпау керек. Ешкім Бас редактор болып тумайды. Ақиқатын айтайын, жақсы нәрсені жанымдағы отырған жастардан да үйренемін.

Бірақ қазақ журналистикасында тумасынан Бас редактор болған тұлғалар жетерлік. Олардың әрқайсысының өз мектебі бар.



...Мәселе – жас буынның қалай үйренуінде.

– Ал әркезде Бас редакторлар Серғазы Мұхтарбеков, Қазыбек Иса, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіптің орынбасары болған Берік Бейсенұлы қазақ журналистикасына қандай ерекшелік әкелді?

– Осы уақытқа дейін мен қалам тартпаған сала жоқ. Ең алдымен «Жас Алашта» мықты макетші әрі кәсіби журналист Сапарбай Парманқұлдан тәлім алдым, секретариатта жұмыс істедім. Газеттің барлық сатысынан, барлық бөлімінен өттім. Ақпарат жазуды үйрендім. «Жас Алашта» жүріп екі жыл спорт бөлімін басқардым, әдебиет бөлімінде де істедім. Сосын 7-8 жыл экономиканы жазуға мамандандым. Одан кейінгі уақыт саяси мәселелерді жазуға итермеледі. Бірақ 1998 жылы Қазақстандағы Бірыңғай зейнетақы реформасының быт-шыты шығып, әр сала жекеменшік зейнетақы қорларын құра бастағанда жарық көрген сараптамалық мақалам әлі күнге дейін есімнен кетпейді. «Белгілі бесеудің көшірме реформасы» халыққа не береді?» деген тақырыппен «Жас Алашта» жарияланған мақалам 15 жылдан кейін де өзінің шынайылығын дәлелдеп берді. Зейнетақы реформасын Чилиден көшіріп, Қазақстанға әкелген Павлов, Коржова, Марченко, Сембаевтардың сол көшірме реформасының қазір күл-талқаны шыққан жоқ па? Президент Жарлығымен енді жекелеген қорлар қайтадан бұрынғы Бірыңғай зейнетақы жүйесіне көшті. Демек, менің 17 жыл бұрын жазған мақаламның мәні бүгін де өзекті боп тұр. «Жыл құсындай жаңалық әкелдім» деу асылық болар. Бірақ кезінде шамам келгенше басқа әріптестерімнен гөрі саяси тақырыптарға жазуға тереңірек бардым деп толыққанды айта аламын.

– Қазақ журналистикасында қай сала жеткілікті деңгейде жазылмай жатыр деп ойлайсыз?

– Жеткілікті деңгейде жазылмай жатқан сала бар деу артық. Тек еститін құлақ болуы керек. Кез келген тақырып



журналистің біліктілігі мен білімдігі, алғырлығы және әбжілдігіне қатысты. Мазмұнды, өткір мақала жазу журналистке байланысты. Түкке тұрмайтын мақаланың тақырыбын ойнатып беру де – жаңалық. Газет тілімен айтқанда, ойды отыз жолмен де берудің мүмкіндігі мол. Қазір жаңалықты беру формасы да өзгерген. Газеттің меншік формасына қарай мақаланы мың құбылтуға болады. Өз мүддене орайластырып та, мемлекет мақсатына ыңғайлап та беру қиын болмай қалды. Мәселе сенің мақаланың түпкі мақсаты – нені көздейтінінде. Мәселені қандай деңгейде көтергенінде. Бірақ қазақ журналистерін ортақтастырып тұрған бір нәрсе бар: Ол ұлттық мүдде, тіл, тарих пен танымға келгенде ұлт журналистері – тату. Керегі де осы. Өйткені мемлекет – біреу, қазактікі.

– Қазір телебағдарламаларды көбінесе әншілер жүргізіп жатады. Көңіліңіз тола ма? Кәсіби тұрғыда көзқарасыңыз?

– «Шымшық сойса да, қасапшының сойғаны» дұрыс. Әрине, соңғы 2-3 жылда телеарналар арасында бәсекелестік артты. Бұған қуану керек. Бәсекелестік бар жерде бағдарламалар да қызықтырақ бола түседі. Мәселе – формалық ізденістерде, оны көрерменге немесе оқырманға дұрыс жалықтырмайтындай етіп бере білуде. Ресейде ондаған жылдан аса уақыт өтсе де, көрерменін жалықтырмай келе жатқан бағдарламалар бар. Мысалы, Малышеваның «Денсаулық», Тимур Кизяковтың «Пока все дома» немесе Якубовичтің «Поле чудес», Вальдес Пельштиң «Угадай мелодию», Иван Урганттың «СМАК», Андрей Малаховтың «Пусть говорят», Владимир Познердің «Познер» бағдарламаларын халық әлі сүйіп көреді. Мұның себебі неде? Тұжырым жасап көрдік пе? Ал біздің тележурналистердің немесе жүргізуші әншілердің авторлық хабарлары бір маусымнан аспайды. Міне, осының өзі-ақ көрерменнің талғамын алдын ала зерттеп алмай тұрып түсіруді бастап



жіберетін қазақстандық тележурналистердің кәсіби деңгейін көрсетеді емес пе? Сондықтан ұсынар бағдарламаның ең алдымен халыққа ұзақ мерзімге қажеттілігін ойлау керек. Мәселен, биыл екінші маусымға қарай аяқ басқан Бейсенбек Құранбектің «Айтуға оңай...» бағдарламасының алғашқысында да, бүгінгісінде де жаңалық бар ма? Бар. Демек, бағдарлама басталғанда көрермен оның жалғасы ұзақ жылдарға жетелейтінін алдын ала сезіне алуы тиіс.

– Зайыбыңыздың мамандығы қандай? Отбасыңызда өзіңіздің журналистік жолыңызды қуған балаларыңыз бар ма?

– Әйелімнің мамандығы – педагог. Екі ұлымыз бар. Жарым Ағима Әбілқызы Маханбетова «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы АҚ филиалы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын Республикалық институтында аға оқытушы, тренер болып қызмет істейді, педагогика ғылымдарының кандидаты. Балаларымның сүйікті анасы. Отбасының мықтылығы көп жағдайда әйелге байланысты ғой. Жан-жарым жауапкершілігі жоғары журналистік жұмысты алаңсыз істеуіме мол мүмкіндік жасап отыр. Әйтпесе, журналистің жұмысы жеңіл емес қой. Үлкен ұлым Данияр Оңтүстік Кореядағы Каннам университетін бітірді. Сонымен қатар Тұрар Рысқұлов атындағы экономикалық университетінің халықаралық бағдарламалар факультетін қызыл дипломмен аяқтады. Қазір Оңтүстік Кореядағы Соганг университетінде қаржы сарапшысы мамандығы бойынша, магистратурада оқуын жалғастырып жатыр. Қазақ, орыс, ағылшын және кәріс тілдерін жетік біледі. Екінші ұлым Мадияр Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің (нархоз) халықаралық бағдарламалар факультетіне қаржыгер мамандығына оқуға түсті, оқу жүйесінің барлығы да ағылшын тілінде жүреді. Балаларымның болашағынан үлкен үміт күтемін. Бірақ мен



екеуінің де журналистік жолды таңдамағанын қалар едім. Өйткені журналистің жұмысы ауыр, күндіз-түні тыным жоқ десе де болады. Бірақ олар ұлттың сөзін сөйлейді, халық пен биліктің арасындағы – алтын көпір.

– Қазір қандай кітап оқып жүрсіз?

– Қали Сәрсенбайдың «Тұлға-тағдыр» атты кітабы маған терең ой салды. Кезінде бір замандасымыздың «Қалиды қайталап оқу керек» деп пікір жазғаны бар еді. Қазір «Тұлға-тағдырды» тағы оқып жатырмын. Полковник, әріптесіміз Бекен Нұрахметовтың «Менің тағдырымдағы адамдар» кітабы да шынайы, қызықты деректерімен есте қалды. Есей Жеңісұлының «Мынау ғазиз дүние» шығармасы да терең туынды, жүректі толқытады. Расында, жақсы кітап жан азығы емес пе?

– Алдағы жоспарыңыз?

– 2006 жылы «20 жыл айтылмаған ақиқат» атты дерекнамалық кітабым жарық көрді. Міне, содан бері 9 жылдан аса уақыт өтті. Енді танымдық мақалаларымды жинақтап, «Қалам мен ғалам» атты дүниемді жарыққа шығармақ ойым бар.

– «Дәстүр» журналының ұжымы сізді осынау мерейтойыңызбен құттықтайды. Сізге шығармашылық табыс, бақыт, зор денсаулық тілейді.

– Рақмет!



МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Пікір мен пайым

15 жылда әлемдік геосаясат қалай өзгеруі мүмкін?	4
ТМД-ға арналған түйткілді бап	7
Ақ кебін. Ақ боз ат. Ақ арба.	12
Ұтысын ұмытатындар да бар	17
XXI ғасыр – әйелдер ғасыры ма?.....	21
Ергежейлілер мекені қай жерде?	25
Түйткілі көп телесюжет кімге керек?	32
Тіл мен тірлік	37
Алдамшы жолмен ақша табатын алаяқтар	39
Барлық елдердің қарақшылары, бірігіңдер!	44
Ғасыр қылмыскерлері	49
Япончик – орыс мафиясының атасы	54
Хакерден келген қатер	60
Тұңғыс орманындағы тосын құбылыс	66
Су астында қалған сүңгуір қайықтар	71

Әлем парламентіндегі төбелестер	77
Жаңа жылда жаңалық бар ма?	81
Кедей барын жейді, бай нәрін жейді	85
Балаңыз тым томпақ емес пе?	87

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Аңыз бен ақиқат

Қазақстанның жеті кереметі	92
Колчактың қазынасы қазақ жерінде жатыр ма?	98
Түнгі ұйқыңыз тыныш па?	103
Солақайлар	108
Атақтылар да ақымақтық жасайды	113
Теңіз бетіндегі тосын апат	118
Табиғат жаратқан таңғажайып адамдар	123
Берлин қабырғасы қалай құлады?	132
Арктика үшін айқас	137
Алпауыт елдің ақымақ заңдары	142

жер бетінде алып адамдар өмір сүрген бе?	146
Ұлылар туралы ұмытылмайтын әңгіме	151
Қағазға қатысты қызықтар	156
Жерасты патшалығы болған ба?	161
Тірлігі түсініксіз тұлғалар	166
Біртүрлі үйлер.....	171
КСРО көсемдері қанша жалақы алды?	175
Ең ақылды адамдар	179
Ғарыш апаты	185
Біз білмейтін «Ұлы жеңіс»	191
100 сағатқа созылған «футбол соғысы»	196
Құс қанатындағы қауіп	203
Асылтұқымды арғымақтар	209
Ең ұзақ телесериалдар	215
Мысықта да мысық бар.....	221
Жаһанды жайлаған жеті қатер	228
Әлемдегі ең кішкентай елдер	233
Футболдағы расизм. Ол не?	238
Ұшты-күйлі жоғалған ұшақтар	243
Періште жебеген пенделер	253
Әлем саясатына әсері зор апат	258
Мидың қанша пайызы жұмыс істейді?	264
Алтын көрсе.....	267

Жұмбағы көп жаратылыс	271
Көріпкел көзімен: Украинаны не күтіп тұр?	275
Із-түзсіз кетті адамдар....	280
Теңіз үстіндегі тауқымет	286
Әлемнің ашылмаған құпиялары	289

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Ел мен жер

Кикабидземен өткен көңілді кеш	296
Адамзатқа ой салған Анталья	300
Журналистикада мен қалам тартпаған сала жоқ	310

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК БАСЫЛЫМ

**БЕРІК БЕЙСЕНҰЛЫ
ҚАЛАМ МЕН ҒАЛАМ**

Жауапты редакторы – Э. Бөкенбаева
Редакторы – Ағима Маханбетова
Дизайнер – Асқар Алтайұлы
Компьютерде беттеген – Мадияр Берікұлы
Корректоры – Майра Жанысбаева

ИБ № 42

Басуға 15.04.2016 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108/32
Офсеттік басылым, қағазы офсеттік. Әріп түрі Times New Roman.
Көлемі 17 шартты баспа табақ. Таралымы 2000+100 дана.
Тапсырыс № 713.

«BAViS systems» ЖШС
Алматы қ., Мұхамеджанов к-сі, 9

ISBN 978-601-7459-33-8



Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ
1963 жылы
Қызылорда облысы
Жаңақорған ауданы
«Төменарық»
селосында
дүниеге келген.
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
журналистика
факультетіне
1986 жылы түсіп,
1991 жылы бітірген.



1991-2001 жылдары «Жас Алаш» газетінде экономика,
саясат, ақпарат, спорт бөлімдерін басқарды.
2001-2003 жылдары «Қазақстан» газеті
бас редакторының орынбасары.
2003-2004 жылдары «Жас қазақ үні» газеті
бас редакторының орынбасары.
2004-2007 жылдары «Айқын» газеті Саясат бөлімінің редакторы.
2007 жылдан «Айқын» газеті Бас редакторының орынбасары.
2009 жылдан бастап «Айқын» газеті
Бас редакторының бірінші орынбасары.

Ол – Қазақстанның Мәдениет қайраткері.
Қазақстан Журналистер Одағы Баубек Бұлқышев атындағы
сыйлығының лауреаты атанған.

ТМД Парламентаралық ассамблеясының «Баспа және ақпаратты
дамытуға сіңірген еңбегі үшін» Құрмет белгісімен, ҚР Инвестиция
және даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» медалімен,
«Қазақ хандығы – 550» мерейтойлық медалімен марапатталған.
Берік БЕЙСЕНҰЛЫ «20 жыл айтылмаған ақиқат»,
«Қалам мен ғалам» атты кітаптардың авторы.